

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҮШТІЛДІ БІЛІМ  
САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО РЕЗУЛЬТАТАМ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ОБЛАСТИ  
ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

Нұр-Сұлтан  
2019

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 26.11. №10 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол №10 от 26. 11.2019 года)

Қазақстан Республикасындағы үштілді білім саласындағы ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 152 б.

Методические рекомендации по результатам научных исследований в области трехязычного образования в Республике Казахстан. Методические рекомендации. – г. Нұр-Сұлтан: НАО имени И.Алтынсарина, 2019. – 152 с.

Қазақстандағы үш тілде білім беру саласында арнайы ғылыми зерттелген еңбектер мен олардың нәтижелеріне аналитикалық шолу жасалып, әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Бұл әдістемелік ұсынымдар мұғалімдерге, оқу орындарының басшыларына, әдіскерлерге, Білім басқармаларының басшылары мен қызметкерлеріне және арнайы осы саланы зерттеуші жас ғалымдарға арналған.

Методические рекомендации представляют собой аналитический обзор научно-исследовательских работ, практических предложений и методических ориентиров, в первую очередь, для учителей Казахстана.

Методические рекомендации предназначены для всех, кто погружен в проблемы трехязычного образования и ведут поиск различных подходов качественного обучения в условиях би- и полилингвального Казахстана, а также для учителей, руководителей учебных заведений, методистов, руководителей и сотрудников Управлений образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2019.  
© Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2019.

## КІРІСПЕ

XX ғасырдың аяғы және XXI ғасырдың басында әлемдегі қоғамдық жүйенің шоғырлануы мен жаһандану үдерісінде білім беру парадигмасы үлкен жаңашыл өзгерістерге аяқ басқаны белгілі. Ал бұл өзгерістер мынадай сипаттарға ие болады: коммуникативтік–тілді оқытуда жалпы мақсатқа жету нәтижелері, сөйлеу әрекеті түрлерінде ауызша және жазбаша түрде ойын жеткізе білуі; мәдениетаралық - халықаралық өзара экономикалық, саясат, бизнес саласы және білім кеңістігінде елдердің өзара тығыз байланыс құрып, білім беруді орнату және жас ұрпақтың тілдік тұлғасын қалыптастыру арқылы «мәдениет-таным» сұхбатына жету талабын күшейту.

Көптілді қоғамда мұғалім мен оқушының өзара іс-әрекеті және бірлігі арқылы тілдерді меңгеріп, түрлі құзіреттерді қалыптастыру міндеттерін шешу барысында жоғарыда аталған жағдайларды негізге алуы тиіс.

Үштұғырлы тіл мәселесі қазіргі заманғы қажеттіліктен туындап отыр. Себебі біздің еліміздің азаматтары бәсекеге қабілетті тілдік тұлға бейнесінде үш тілде еркін сөйлеп және сауатты жаза білетін, өз елінде де, шетелдерде де өзара қарым-қатынасқа түсе алатындай білім алуы тиіс.

Үш тілде білім беру – жай ғана тұжырымдама немесе тіл саясатының жаңа үлгісі емес, ол өмірлік қажеттіліктен туған игілікті іс. Оған себеп: бүкіл әлем елдері қарыштап даму үстінде елдің өркендеп өсуіне ізгі ықпалын тигізетінін ескере отырып, жастарымыздың кем дегенде үш тілді меңгерген маман ретінде заман талабына сай тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосуы керек.

Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы, сондықтан ана тіліміз біздің өмір сүріп отырған қоғамымыздың тұтас бір бөлігі. Бүгінде елімізде тіл мәселесіне өте көп көңіл бөлінуде, себебі Елбасы өзінің жыл сайынғы халыққа Жолдауларында үштұғырлы тіл мәселесіне қатысты идеяны кезең-кезеңмен іске асыру қажеттігін айтып келеді.

Қазақ халқы үшін XX ғасырдағы, яғни кеңес дәуіріндегі орыс тілі – сол уақыттың талабына сай қажеттілікке ие болса, ал XXI ғасырдың талабы – ағылшын тілін меңгеру. Біздің ойымызша, адамдар көп тіл білсе, білім өрісі кеңейіп, өркениетті ел қатарына ену мүмкіндігіне ие болады.

Елбасы осы аса маңызды мәселе жөнінде 2012 жылғы Жолдауында «қазақ тілін жаңа сипатта жаңарту, орыс тілін сақтап қалу және ағылшын тілінің жаңа әдістемесінің қажеттілігі» туралы айтқан болатын [1].

Бүгінде қазақ тілі барлық мектептерде оқытылып жатыр. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, сондықтан барлық қазақстандықтар үшін ортақ тіл. Қазіргі уақытта елімізде 130 астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүруде.

Қазақ тілі – қазақ ұлтының ана тілі. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылуы елімізде тіршілік етіл жатқан көпұлтты және көптілді ұлыстардың ұлтаралық бірлігі, достығы мен ынтымағын дамытудың бірегей жолы болып табылады.

Олай болса, мемлекеттік тілді оқытып және оны меңгертудің басты ұстанымы - тіл үйренушінің тілдік тұлғасын қалыптастыру заман талабы және

қажеттілік.

Ал тілдік тұлғаға жету деңгейін қалыптастыру міндетін қазақ тілін екінші тіл (шет тілі) ретінде оқытудың негізгі ұстанымдары лингвистикалық, лингводидактакалық, психолінгвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Бұлардың теориялық және әдістемелік жағынан кешенді зерттеулерге негізделуі тілді қабылдау мен осы арқылы тілдерді оқытудың және меңгертудің нақтылы нәтижелеріне қол жеткізіледі.

Қазақ тілі – түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Еліміздің соңғы статистикалық мәліметі бойынша қазақ халқының саны -12505251.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан бері қазақ тілі қанатын кең жая бастады, себебі ана тіліміз мемлекеттік тіл мәртебесін алып және ел азаматтарының осы тілді меңгеру қажеттігі күн тәртібіне қойылды. Сонымен бірге еліміздің экономикалық, геосаяси және технологиялық даму жолында мемлекеттік тілдің ауқымы кеңейді.

Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен ақпарат алу мақсатында қазақ тілін шетелдік азаматтар шет тілі ретінде үйренуге тұңғыш рет бет бұрды.

XX ғасырдың 90-ыншы жылдарынан бастап мемлекеттік тілдің дамуы және әлемдегі бәсекелестікке қабілетті болуы үшін ресми мекемелер түрлі құжаттар қабылдады:

1. Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы - 1997, шілде - 11, №151.

2. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығы, // Ана тілі. – 2001, ақпан – 22.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасы Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы 29.01.2011, №110.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы жарияланып, онда үнемі тіл мәселесіне қатысты нақты ұсыныстары мен жобалар көрініс тапты. Сонымен бірге Мәдениет және спорт министрлігінің жанынан Тіл комитеті құрылып, оның негізгі қызметі қазақ тілін оқыту және меңгертуге қатысты ұйымдастырылды.

Бұл мекеме заманауи бағытта жазылған ғылыми еңбектер мен бірге жаңа технологияларға негізделген оқу-кешендерінің жарық көруіне белсенді түрде ат салысуда.

Осы мәселеге қатысты «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жетісу» және т.б. газеттері мен ғылыми-әдістемелік журналдарда тілге арналған мақалалар жарық көрді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында көрсетілгендей орыс тілі ресми тіл ретінде кең қолданысқа ие болып отыр. Оны оқыту ЖОО мен мектептерде қазақ тілімен қатар қолдануда. Елімізде орыс тіліндегі ғылыми-зерттеулер мен оқулықтар жыл сайын баспа беттерінде жарық көруде.

Бүгінде Қазақстанның көптеген мектептері мен жоғары оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар барынша кең қолданысқа ие. Осыған орай Қазақстанда көптеген елдермен өзара мәмлелерлік қарым-қатынас

құру арқылы шетел азаматтарының қазақ тілінен білім алуына толық мүмкіндік берілуде.

Қазақ тілін оқытуға, қазақ халқының бай мәдениетін танып-білуге, оның ұлттық тілін меңгеруге деген қызығушылығы - тіліміздің толыққанды қызмет етеріне ықпал етері даусыз.

Соңғы 20 жылдың көлемінде қазақ тілінің мәртебесін көтеру, дамыту бағытында көптеген заңнамалық-құқықтық құжаттар дайындалды. Бұл құжаттарда қоғамдағы тіл проблемаларын шешу жөнінде кезек күттірмейтін шараларды айқындау, жүзеге асыру мәселелері қарастырылған.

«Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» – тіл үйрену үлгілерін жаңалаудың, үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін оқытудың, стандарт-технологиясы негізінде жаңа әдістемелер әзірлеуге ерекше көңіл бөлінген. Бұдан мемлекеттік тілге қажеттіліктің артуы, оның қоғамдық қызмет аясының кеңеюі, тілді оқыту мен үйретудің әдістемесін жақсарту ісі жолға қойылады деп күтілуде.

Қазақстанның көпұлтты халқының бір-бірімен тату-тәтті, ынтымақта өмір сүруі – еліміздің негізгі нысанасы. Бүгінгі күні елімізде тұратын барлық ұлттар мен ұлыстар екі тілде сөйлейді. Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі. Ол халықтарды жақындастырып, көршілерімізбен ынтымақтастықта өмір сүруге дәнекер болуда.

«Үштұғырлы тіл» идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілі.

Бұл әлемдік білім кеңестігіне еркін кіріп, ғаламдық ақпаратты, жаңа өнімді технологияларды меңгеруге бастау болатын тіл.

Қазақстан Республикасының алыс-жақын елдермен саяси-экономикалық және мәдени қатынастарын қалыптастырып, Интернет жүйесін жетілдіруге ықпал етеді. Тіл тек қана қарым-қатынас құру құралы ғана емес, ол ел мен елдің мәдениетін, тарихы мен рухани байлығын тануда үлкен рөл атқарады.

Ағылшын тілі – халықаралық тіл. Бүгінгі күні ағылшын тілі АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия сияқты дамыған елдердің ресми тілі.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізгі бағыты жан-жақты дамыған, білімді, бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеп, білімге құштар мамандарды дайындау. Бұл - әлемнің барлық елінде кәсіпкерлікпен айналысудың, іскерлік, мәмлелерлік қарым-қатынас құрудың бірден бір жолы.

Бірнеше тілді меңгеру алдымен өз ана тілінен бастау алуы тиіс. Ана тілін толық игерген тұлғаға басқа тілдерді үйренуіне қиындық туғызбауы керек. Олай болса тілдердің үштұғырлығы – заман талабы.

Бірінші тіл (Т1) - қазақ тілі (орыс тілі және басқа да өзге ұлттардың тілі). Екінші тіл (Т2) термині орыс немесе қазақ тілдеріне қатысты тіл ретінде, үшінші тіл (Т3) ағылшын тіліне қатысты қолданылады.

Елімізде үш тілде білім беру жүйесінде негізінде кез келген қазақстандық азаматтардың екінші (Т2) және үшінші (Т3) шет тілдерін меңгеруіне басымдық берілуде, яғни еліміздегі тіл саясаты бір мезгілде үш тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуіне ерекше мән беріп отыр. Бұл ауқымы мол мәселе жөнінде жағымды да, жағымсыз да пікірлер баршылық.

Мұны баспасөз беттерінен, ұлттық каналдардың жаңалықтарынан, ресми

мінберлерден саясаткерлер мен сарапшылар тарапынан айтылған пікірлерден естудеміз. Соның ішінде ағылшын тілі қазіргі жаһандық үдеріске енуге, ғылым мен техника жетістіктерін, жаңа технологияны тиімді пайдалануға апаратын жол дейтін пікір басым түсуде. Ағылшын тілі – әлем халықтарымен тікелей байланысқа шығуға, қарым-қатынас құруға мүмкіндік берері даусыз.

Қазақстанда көптілділік тақырыбына алғаш рет көлемді еңбек жазған профессор Б.Х. Хасанов болатын. Оның пайымдауынша, біздің қоғамдағы барлық этнос өкілдері өз мәдениеті мен тілін дамытудың ұлттық жоспарын жасай отырып, мемлекеттік тіл қазақ тілін меңгеруі тиіс, ағылшын тілін білу бүгінгі күннің өзекті мәселесі [2].

Бүгінгі таңда елімізде қостілділік пен үштілді тұлғаны қалыптастыруға орай қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқытуға ерекше мән беріліп отыр.

Бұл бағытта Білім және ғылым министрлігі бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруда. Осыларды орындау барысында жоғарыда аталған тілдерді меңгерудің теориялық және практикалық, ғылыми-әдістемелік тәжірибелерін жинақтаудың мәні зор.

Қазақстанның тіл саясатын әлеуметтік лингвистика мен саясаттану тұрғысынан кеңінен түсіндіру – алда тұрған міндет. Сонымен бірге үштілді білім беру жүйесі әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық және когнитивті лингвистика ғылымдарының базалық негіздеріне сүйенуі керек.

Осы ретте ғалым Б.Хасановтың мына бір сөзін келтіруге болады «Әлеуметтік, психолінгвистикалық тұғырға қонған жоспарлы оқу ғана ХХІ ғасыр талабына сай болмақ» [3,15].

Ғалымның пікірінше көптілділік және қостілділікті орнықтыру, екі не үш тілде сөйлейтін тілдік тұлғаны қалыптастыру тіл және тұлға, тіл және қоғам, тіл және әлеуметтік орта дейтін ұғымдарға жинақтала отырып, лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, когнитивтік, психолінгвистикалық тұрғыдан қарастырылуы қажет. Бұл отандық және әлемдік деңгейде тіл үйретуге қатысты теориялық еңбектерге, озық тәжірибелерге сүйенеді.

Лингвист ғалым Э.Д. Сүлейменова «Жер шарының 70%-ға жуық тұрғыны қандай да бір дәрежеде қос-/көптілді деп есептеледі және бұл цифр бір елде әртүрлі ұлт өкілдері тұратын жерлерде жоғары көрсеткішке жетеді», сондай-ақ «Қазақстанның қос – /көптілділігі – толығымен айқын және нақты факті. Ол қалай Қазақстан тілдерінің референтті этникалық топтарының, демографиялық пәрменділігіне және олардың қоныстану сипатына, ел көптілділігіндегі қатысу дәрежесіне, этникалық, қазақ және орыс тілдерін меңгеру дәрежесіне, тілдік жылжудың бар/жоқтығына, сонымен қатар мәртебелік және корпустық жоспарлаудың табыстылығына, қазақстандықтардың мемлекеттік тілдің таралуы мен меңгерілуін жоспарлануына байланысты болмақ» деген ойын қолдауға болады [4, 36].

Үш тілде білім беру әлемдік кеңістікте адамзат жиып-терген білім мен ақпаратқа қол жеткізуге бірден бір ықпалы болатыны даусыз.

Мұндай үрдіске қосылудың негізгі айқын жолы – тілді оқыту және меңгерту.

Жоғарыда аталған еңбектерге талдау жасалып, әлемдегі елдердің екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілді оқытудағы озық өрнектерінің тәжірибесі сипатталып, әлеуметтік лингвистика ғылымдарының жетістіктеріне сүйенген ой-пікірлері назарға алынды.

Тілді сапалы оқыту үшін әртүрлі салаларда ғылым мен техника мамандары қолданатын терминдердің оқу сөздіктерін ана тілінде және ағылшын тілінде жасау керектігі күн тәртібіне қойылып отыр.

Үш тілде білім беру мәселесіне қатысты басқа елдердің тәжірибесі жан-жақты ескерілді. Оларда қазіргі заман талабына орай оңтайлы шешім қабылданып, тілді оқыту үдерісіне енгізілген. Біз көптеген елдердің моделіне назар аударып, ғылыми еңбектерді негізге алып, талдаулар жасадық.

Әр ұлттың ана тілі – басқа тілдерді меңгеру үшін негіз болатын алтын көпір. Қазақ тілі - ұлттық әдеби тіл деңгейінде дамыған, жетілген, әлемдік тілдерден еш қалыспайтын, бай, қазыналы тіл.

«Үштілділік» деген ұғым – тілдік тұлғаның бірнеше тілді еркін меңгеруі, сол мемлекетте тұратын тұрғылықты халықтың қоғамдағы қарым-қатынасқа түсу үдерісінде белгілі бір жағдаятқа байланысты үш тілді ұтымды және жеке-жеке қолдана білу мүмкіндігі.

Тәуелсіз Қазақстан жаһандану заманында көптеген дамыған елдермен өзара тығыз қарым-қатынас құруда. Бүгінгі заманғы жастар үш тілді қатар меңгерсе және сол арқылы бәсекеге қабілетті болса, онда коммуникацияға түсе алады.

Лингвисттер мен әдіскерлер мемлекеттік тіліміз қазақ тілінде сөйлеуге ағылшын тілінің ешқандай қауіп төндірмейтіндігін дәлелдейді. Осыған орай еліміздің жоғары оқу орындарында арнайы үштілділікке мамандандыруда нақты тұғырнамаларын тыңғылықты жасауды ұсынады. Атап айтқанда бұл ұстаным Б. Х.Хасанов, Э.Д. Сүлейенова, Н.Ж. Шәймерденова, Р.Абақова, Ф.Ш. Оразбаева, З. Күзекова, З. Ш. Ерназарова, Қ. Қадашева және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде нақты дәйектелген.

Отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және әдістемелік еңбектеріне талдама жасау барысында қостілділікке қатысты негізгі бағыт-бағдарды былайша сипатталды:

1. Ғылыми-теориялық және әдістемелік еңбектерге талдама жасалды.
2. Үш тілде білім беру туралы әдіскер ғалымдардың еңбектері талданып, ондағы ғылыми жетістіктер мен алынған нәтижелер жөніндегі практикалық ой-тұжырымдар жинақталды: тілдерді деңгейлік оқыту, оның ұстанымдары, оқытудың өнімді инновациялық әдістері және жаңа бағытта оқулық жазудың өрнектері ұсынылды.
3. Қос-/көптілділікке байланысты негізгі терминдердің лұғаты (глоссарий) жинақталып берілді.
4. Мұғалімнің оқу үдерісіндегі оқушының тілді білу деңгейін анықтау үшін қолданылатын диагностикалық тест өрнектері және оның жеке лингводидактикалық бағдарламасының үлгісі ұсынылды.

# 1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 1.1 Үш тілде білім беру туралы нормативтік-құқықтық құжаттар

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында «Үштұғырлы тіл саясаты» мәдени жобасының маңызын және үш тілді білудің ел келешегі үшін аса қажеттілік екендігін атай отырып, әр жылдардағы халыққа Жолдауларында осы ойды дамыту жөнінде мына міндеттерді жүзеге асыру үнемі айтылып келеді:

- **2006 жылы** Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті үш тілді білудің ел болашағы үшін маңыздылығын атап өткен.

- **2007 жылы** «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Елбасы Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңмен жүзеге асыру және мектептерге шетелдік ағылшын тілі мұғалімдерін тарту жөнінде ұсыныс берілген.

- **2008 жылғы** Жолдауда Үкіметке «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру, оны оқытуда ең үздік инновациялық әдістеме, аудио-бейнематериалдарды әзірлеу жөнінде айтылған.

- **2012 жылғы** Жолдауда қазақ тілін жаңа сипатта жаңарту, орыс тілін сақтап қалу және ағылшын тілін оқытудың жаңа әдістемесін жасау туралы ұсыныс жасалған.

- **2013 жылғы** Жолдауда алдағы уақыттарда мемлекеттік тілді дамыту жөнінде түрлі шараларды жүзеге асыру, қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін белсенді меңгеру үшін жағдай жасалып, үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек екендігін тапсырған.

- **2014 жылғы** Жолдауда мектеп түлектерінің қазақ халқының ана тілі – қазақ тілін, орыс және ағылшын тілін білу керектігін атап көрсеткен.

- **2017 жылғы** Жолдауда Үкіметке үштілді оқуға кезең-кезеңмен өту мәселесі бойынша тиісті ұсыныстар әзірлеуді тапсырған. Сондай-ақ 2019 жылдан бастап 10-11 сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқыту мәселесі жөнінде айтылған.

- **2018 жылғы** Жолдауда «Педагог мәртебесі» туралы заңды әзірлеуді қарастыру жөнінде тапсырма берген.

- **2019 жылғы** Жолдауда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «бала алдымен қазақ және орыс тілдерін меңгеріп алуы керек. Содан кейін ғана ағылшынша үйренсе болады» деген пікірі бар.

Қазақстан Президенті «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деген халыққа Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» деген сөзі ана тіліміздің тұғырының берік болуының бастауы деп түсінуге болады [5].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев



мұғалімдердің тамыз конференциясында «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола беретіндігін және ағылшын тілін оқытуды 2-інші және 5-інші сыныптан бастау керек» екенін айтқан.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған жылдардан бастап әлемдік өркениет көшіне ілесу, олармен жақынырақ мәмлегерлік қарым-қатынас құру және ықпалдасудағы даму жолдарын айқындады. Осыған орай еліміздегі білім беру жүйесінің негізгі даму бағыттары да әлемдік білім беру кеңестігіне енуіне, оқу үдерісін модернизациялауға бет бұрғызып отыр. Сондай-ақ жас мемлекетіміздің білім беру жүйесін барынша жақсарту, жас ұрпақтың ертеңін, болашағын ойлауға, басқа дамыған елдермен тығыз қарым-қатынасқа еркін түсе алатындай жағдайға жету жолы – көптілді тұлғаны даярлаумен байланысты екені айқын. Ал бұл тұрғыда оқушылардың ана тілінен алынатын білімі терең функционалды сауаттылыққа жеткізетіндей, соның негізінде екінші (Т2) және үшінші (Т3) шет тілдерді сапалы игеруге, сондай-ақ тілді оқытатын мұғалімдердің біліктілігін арттыруға, яғни бірнеше тілді меңгерген мамандарды дайындауға мүмкіндік тұғызу қажет.

Елбасының 2001 жылғы 7 ақпанында № 550 Жарлығымен бекіткен «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес 2010 жылы Абылайхан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ұжымы «Қазақстан Республикасында шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасын» әзірленген.

Тұжырымдамада еліміздегі тіл саясатының негізгі талаптарына орай «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын жүзеге асырудың теориялық және технологиялық жағынан қамтамасыз етуге байланысты үш тілді оқытудың ұлттық деңгейлік өрнегін жасау, көптілді білім берудің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жүзеге асырудың себеп-салдары қарастырылған. Сондай-ақ бұл құжатта біріншіден, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуы; екіншіден, орыс тілін ұлтаралық тіл ретінде сақтау; үшіншіден, жаһандық экономикалы табысты интеграциялау тілі тұрғысында ағылшын тілін үйрену мақсатындағы практикалық тұрғыда шешу жолдары белгіленген.

Тұжырымдамада «үштілділік» ұғымына теориялық тұрғыда түсініктеме берілген. Тілдердің әлемдік тәжірибедегі қолданысын ескере отырып, білім беру жүйесін ұйымдастыру мен құрылымдық интеграциялауға, білім беру процесін басқарудың озық технологияларын игеруге, оның икемділігін әртараптандыруға және өзгеруге бейімделуіне мүмкіндік беретін жалпыға бірдей стандарттарды енгізуді көздейтін нормативтік-құқықтық база елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының шарттары мен даму қарқыны екендігін сипаттаған.

Бұл құжат – әмбебап, заманауи, нормативті-құқықтық базаның өзектілігін және білім беру процесін басқарудың озық технологияларын игеру болып түсіндіріледі.

Тұжырымдамадағы қойылған негізгі мақсат – біртұтас ғылыми-теориялық тұғырнама негізінде барлық үштұғырлы тілдерде тілдік білім беруді әмбебаптандыруды және отандық, қазіргі заманғы халықаралық білім беру

үлгілерін үйлестіруді қамтамасыз ету жөнінде үш тілде білім беруге қатысты теориялық идеяны жүзеге асыру жөніндегі ойды айқындайды.

Аталған құжатта елімізде көптілді тұлғаны қалыптастыруға қатысты міндеттерді шешу жолдары былайша қарастырылған:

- көптілділік жағдайында көптілді тұлғаның қалыптасуы мен дамуы ерекшеліктерін анықтау;
- көптілді білім берудің заман талабына сәйкес келетін әдістемесін айқындау;
- тілдік құзіреттерді қалыптастыру, үштұғырлықты бақылау мен бағалау тетіктерін енгізу;
- үштілділікті меңгерудің білім беру модельдерінің мақсаттарына сәйкес келетін инновациялық және технологияларды қолдану.

Сонымен бірге тұжырымдамада тілдердің даралығын саралаудың негізінде ана тілі және екінші тіл, шет тілін игерудің негізгі ерекшеліктерін анықтау бағыттары көрсетілген. Олар:

- 1) әлеуметтік -мәдени орта;
- 2) тілдік және мәдени негіз;
- 3) тілдік сана формасы;
- 4) білім беру нәтижесіне қол жеткізудегі қалыптастыру нысаны.

Құжатта осы бағыттарға қатысты ғалымдар тілдік және шет тілдерін оқыту заңдылықтарына сәйкес, біріншіден, егер ана тілі бастапқы әлеуметтік-мәдени орта, бастапқы лингвистикалық және мәдени негіз, тілдік сананың бастапқы формасы сияқты шарттарға сәйкес келсе; екіншіден, екінші тіл екінші деңгейге, яғни екінші әлеуметтік-мәдени ортаның, екінші деңгейлі лингвистикалық және мәдени негіздердің, тілдік сананың екінші формасының болуы бағытталса, үшіншіден, шет тілін меңгеруге келгенде, онда басқа ел мәдениетінің осы тілдің мәдени және лингвистикалық негізіне қарамай, әлеуметтік мәдени орта жоқ жерде жүзеге асырылады деп ғылыми тұрғыда түсіндірген.

Тұжырымдамада көптілділік жағдайындағы көптілді тұлғаны қалыптастыру заңдылықтары төменде берілген кестеде айқындалған.

Пәндер аймағы	Тілдік білім беру			Шетел тілінен (иноязычное)
	Қазақ тілі туған тіл	Орыс тілі - туған тіл	Қазақ, орыс тілдері екінші тіл	
Тілдердің шартты құрамы	Қазақ тілі туған тіл	Орыс тілі - туған тіл	Қазақ, орыс тілдері екінші тіл	Шет тілі
Әлеуметтік – мәдени орта	Бірінші әлеуметтік–мәдени орта	Бірінші әлеуметтік – мәдени орта	Екінші әлеуметтік – мәдени орта	Тілдік орта жоқ
Лингво-мәдени негізі	Бірінші негіз	Бірінші негіз	Екінші негіз	Тілдік мәдени негіз жоқ
Тілдік сана формасы	Бірінші тілдік сана	Бірінші тілдік	Екінші тілдік сана	Тілдік мәдениетаралық

		сана		сана
Құзіреттілікті қалыптастыру нысаны	Лингво-кәсіби-коммуникативтік құзірет	Лингво-кәсіби коммуникативтікқұзірет	Лингво-коммуникативтік құзірет	Мәдениетаралық коммуникация субъектісі
Білім беру нәтижесі	Бірінші тілдік тұлға	Бірінші тілдік тұлға	Екінші тілдік тұлға	Мәдениетаралық коммуникация субъектісі

Сондай-ақ құжатта тілдік білім беруді ұйымдастыру мен оның деңгейлік меңгеру өрнегі ұсынылған. Бұл «Шетел тілін меңгертудің жалпы еуропалық тілдік құзіреттілігі» деп аталады (онда тілдерді оқытудың 6 деңгейі мен бағалау формасының негіздері сипатталған).

Авторлар осы деңгейлерді ұлттық білім беру жүйесіне үйлесімді етіл енгізуді ұсынған.

Тұжырымдама мазмұны былайша өрнектелген:

- қазақ және орыс тілдері ана тілі ретінде А1 деңгейден С2 деңгейіне дейінгі аралық;

- қазақ және орыс тілдерін екінші тіл ретінде оқытатын орта мектептің төменгі сыныптарында В2 деңгейіне дейін жеткізу, ал ЖОО-да С2 деңгейіне дейін меңгерілуі тиіс;

- кәсіптік білім беру В2 деңгейінен бастау керектігі жөнінде.

Сонымен бірге деңгейлік білім беру жүйесі кестесінің өрнегі былайша түзілген:

А1 – мектепке дейінгі білім беру.

А2 – В1 – төменгі бастауыш (1 – 4 сынып).

В2 – негізгі білім (5 – 10 сынып).

С1 – С2 – (орта техникалық кәсіби білім мен жоғарғы кәсіби білім).

Тұжырымдама құрылымына талдама жасай отырып, үш тілде білім беруді жүзеге асыру, ондағы ұсынымдарды ұтымды және тиімді пайдалану арқылы үштілді білім беру жүйесінің қазақстандық моделін құрып, көптілді маман даярлаудың сапасы жоғары деңгейіне қол жеткізуді іске асыру мәселесін жуық арада реттелуі керектігі ұғынылады.

Сонымен бірге үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған **Жол картасы** әзірленген. Бұл құжат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылы 9 желтоқсан айында бірлескен отырысында бекітілген. Онда бәсекеге қабілетті тілдік тұлғаны қалыптастыру және адам капиталын дамытуды жалпы білім беру салаларында үш тілді оқытып және меңгертуді қамтамасыз ету іс-шараларын кезең-кезеңмен жүзеге асырудың негізгі бағыттары сипатталған.

Аталған *Жол картасында* 7 негізгі стратегиялық бағыттар қарастырылған. Олар:

1. Нормативті құқықтық базаны жетілдіру тармағында үш тілді оқытудың бірыңғай тіл стандартын әзірлеу, тіл пәндерінің оқу бағдармаларына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу, CEFR – тіл оқытудың халықаралық стандарты негізінде деңгейлеп оқытудың бағдарламасын әзірлеу, екінші оқу тілі ретінде орыс тілін деңгейлік оқытудың моделі және іс-шаралар жөніндегі жоспарлары белгіленген.

2. Ғылыми-зерттеу қызметі тармағында үш тілде білім беру зерттеулерін жүргізу, гранттық қаржыландыруға қатысты ғылыми-зерттеу жобаларының жыл сайынғы конкурсын өткізу, үш тілде білім беру практикасын жақсарту үшін зерттеулер нәтижелерін енгізудің мониторингін жүргізу және т.б. жоспарларды іске асыру көрсетілген.

3. Әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тармағында мектепке дейінгі балалар үшін жаратылыстану пәндерін және ағылшын тілін біріктіріп оқытудың оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, сөздіктер дайындау, мектептер мен ЖОО-ы үшін үш тілді оқыту бағдарламасы мен оқулықтар дайындау және т.б. жауапты істер жоспарланған.

4. Үш тілде білім беруді тарату бойынша іс-шаралар тармағында «Болашақ» бағдарламасымен маманданған түлектердің білім беру саласында сабақ беруін міндеттеу, оқыту қазақ немесе орыс тілінде емес орта білім беру ұйымдарында қазақ тілінде, орыс тілінде және ағылшын тілінде үйірме ұйымдастыру бағыттары белгіленген.

5. Кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру тармағында білім беру ұйымдарын педагог кадрлармен қамтамасыз ету, үш тілде білім беретін мамандарды даярлау, біліктілікті арттыру жұмыстарын қолға алу, онлайн курстарын ұйымдастыру, түрлі жобаларды іске асыру сипатталған.

6. Институционалдық қолдау тармағында үш тілде білім беру орталығын ашу, оның ережесі мен бағдарламасын әзірлеу, жазғы тіл мектебін ұйымдастыру сияқты жұмыстар түрі көрсетілген.

7. Ақпараттық сүйемелдеу тармағында үш тілде оқытатын медиалық өнімдерді жасау, үш тілде білім беру жүйесінің жай-күйін аталған мәселелер бойынша баяндама жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарланған.

Жол картасында көптілді білім беруді жүзеге асыруда халықаралық тәжірибелерге сүйену, оны зерттеуді жоспарлау, ағылшын тілін тілдік пән ретінде оқыту, ЖОО-да көптілді маман-педагогтарды даярлау мәселелері жоспарланып, оны орындау мерзімі нақты көрсетілген. Сонымен бірге биология, химия физика және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытуды жоспарлап, пән мұғалімдеріне ағылшын тілін үйрену курстарын ұйымдастыру және 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасында білім беру ұйымдарында кезең-кезеңмен іс-шараларды орындау міндеттері жоспарланып, көптілді білім беру мақсатында орындалуға тиіс тармақтарында басты стратегиялық бағыттар көрсетілген.

Тағы бір ресми құжат Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде «Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді дамытудың тұжырымдамасы» дайындалған [6].

Қарастырылып отырған тұжырымдамада:

- көптілді білім берудің бағыт-бағдары көрсетілген;
- үш тілде білім беруді енгізудің нормативтік-құқықтық, ғылыми-

әдістемелік бағыты ретінде және оны жүзеге асырудың негіздері белгіленген орындау кезеңдері қарастырылған;

- қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тиімді меңгеруге арналған академиялық база құрылып, мұғалімдердің тілдік дайындығын жетілдіру мәселесі айтылған;

- отандық және шетелдік ғалымдардың тәжірибелеріне сүйене отырып қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тиімді оқыту, көптілді тұлғаны қалыптастырудың ғылыми негіздерін енгізу мәселесі айқындалған.

Осы аталған тұжырымдаманың белгіленген барлық бағыттары бойынша көптілдік білім жүйесі кезең-кезеңімен іске асырылуда. Осы мақсатта Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы үш тілді оқытудың бірыңғай тілдік стандартын дайындаған.

Тілдік стандарт – барлық типтік мектептерде білім алушыларға мақсатты пән ретінде үш тілді оқыту мен меңгертудің (қазақ тілі Т2, орыс тілі Т2 және ағылшын тілі Т3) негізгі қағидалары мен әдістерін, оқу материалдарын сөйлеу әрекеті түрлерінде коммуникативтік дағдыны қалыптастыру бағыт-бағдарын қамтыған құжат.

Үштұғырлы тіл мәдени жобасы бағытында Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ (2008) мен ҚазХжӘТУ (2010) тұжырымдамалары мен Жол картасының аясында үш тілді оқытудың талаптарына сәйкес жобалар, іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізілген (тақырып жетекшісі п.ғ.д. Кабдолова К.Л., Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2009-2011 жж.), «Көптілді білімді орта және жоғары мектеп жүйесінде ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету» (тақырып жетекшісі п.ғ.д. Булатбаева К.Н., Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2012- 2014 жж.).

Осы зерттеу еңбектерінде көптілді білім берудің сабақтастығының дидактикалық негіздері, мектеп және ЖОО-да деңгейлік оқыту жобасы, шет тілдерді оқытудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету тұғыры, мектептерде тілдік пәндерді және тілдік емес пәндерді оқытудың коммуникативтік әдістері анықталған. Сонымен бірге қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілді деңгейлік оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар сипатталған.

Құжатта қазақ тілді емес мектептерде жаңартылған білім беру мақсатына орай қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқытудың (А1 – А2, В1 – В2, С1) лингводидактикалық және әдістемелік қағидаларын ескеріп, білім алушылардың қатысымдық талаптарына сәйкес білімін нақтылайтын және әр деңгейде меңгерілетін білігі мен дағдысын қалыптастыру мүмкіндігін айқындайтын құжаттарға сүйене отырып, тілді деңгейлік оқытуға қатысты нақты ұсыныстар берілген. Сондай-ақ жаңартылған білім мазмұнындағы қазақ тілін екінші тіл ретінде (Т2) оқыту және игеру деңгейінің мазмұны бойынша білім алушыларға қойылатын талаптар, деңгейлік оқыту процесін ұйымдастыру ұстанымдары және стратегиялары көрсетілген.

## 1.2 «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын жүзеге асыру: ғылыми зерттеулер, әдістемелік еңбектер нәтижелер мен тәжірибелер

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық және практикалық негіздері белгілі лингвистердің, әдістемеші ғалымдардың (А. Байтұрсынов, Т.Шонанов, Ш.Х.Сарыбаев, С.Жиенбаев және т.б.) еңбектерінен басталады.

XX ғасырдың орта тұсында бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. Ғалымдар орта білім беру жүйесіне арналған оқулықтар мен әдістемелік құралдар және ғылыми мақалалар жазды (С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, И.Ұйықбаев, Ы.Маманов, Р.Сыздықова, Р.Әміров, Н.Оралбаева, Ж.Адамбаева, Б.Құлмағамбетова және т.б.).

Олар өз жұмыстарында орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту мәселелеріне ерекше назар аударған. Сондай-ақ отандық әдіскер-ғалымдар ғылыми әдістемелік еңбектерінде қазақ тілін екінші тіл ретінде және шет тілі ретінде оқытудың әдістемесін ұсынып, осы негізде оқу-кешендерін жазды. Атап айтқанда: Ф.Ш.Оразбаева, Ш.Бектуров, Ә.Жүнісбеков, К.Сариева, Ш.Құрманбайұлы, Н.Құрманова, З.Ерназарова, З.Күзекова және т.б.

Отандық ғалымдар қазақ тілін екінші тіл ретінде мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытуға арналған көпдеңгейлік (А1 - С1) оқу кешендерін жазып және зерттеу еңбектерін жариялады. Бұл еңбектер тіл үйренушілердің мүмкіндіктерін ашуға, қабілет белсенділігін арттыруға, қызығушылығын оятуға және тілді деңгейлік игеруге бағытталған оқытудың интеллектуалды-эмоционалдық, лингводидактикалық, әлеуметтік лингвистикалық және когнитивтік-коммуникативтік негіздеріне сүйенген жаңа әдістемелік еңбектер болып табылады.

Әлеуметтік лингвистика және психолонгвистика – тілдерді оқыту әдістемесімен тығыз байланыстағы ғылым. Әлеуметтік лингвистика – тұлғалардың әлеуметтік тарихы (әлеуметтік жағдайдағы тарих, қоғамдағы түрлі оқиғалар жайы т.б.) мен сөйлеушінің білімі, тіл мазмұны, тәрбие, қатысымдық актіге қатысушылардың өзара қарым-қатынасқа түсудегі әлеуметтік жағдайларын зерттеумен айналысытын ғылым. Сондай-ақ бұл ғылым арнайы тілдердің табиғатын (тілді білу деңгейлерін) сонымен бірге басқа ғылымдармен байланысын да зерттейді (психология, әдістеме т.б.).

Қоғамдағы тілдік жағдай, үштұғырлы тіл жөнінде және басқа да көптеген мәселеге қатысты қазақстандық ғалымдардың (Ө. Айтбаев, Б.Х. Хасанов, Э.Д. Сүлейменова) мақалаларынан байқауға болады.

Қазақстандағы көптілділікке қатысты профессор Э.Д. Сүлейменова ғылыми ойын былайша сипаттайды:

- көптілділікке төмендегідей белгілер жиынтығы тән: көптілділік бұқаралық ретінде анықталады, себебі елтұрғындарының басым көпшілігі жоғары дәрежелі қазақ және орыс тілдерінің күзіретіне ие;

- көптілділік гетерогенді ретінде сипатталады, себебі оның құрылуына әртүрлі семья мен типологиялық класс тілдері жатады;

- көптілділікке елдің тілдік жағдаятында болып жатқан белсенді жаңаша үдерістердің әсерінен қалыптасқан күрделі диффузиялық сипатқа тән;

- көптілділік тілдік жоспарлаудың әсерімен ауысатын тілдік құзіреттің жылжымалылығымен сипатталады;

- көптілділік жайлы жаппай көзқарасқа мынадай жасырын екі жақты тәуелділік әсер етеді: қоғамның көптілділігі міндетті түрде оның көптілділігін және керісінше қоғамның көптілділігі, оның көпэтникалылығын болжайды.

Ғалымның соңғы пайымдауынан еліміздегі этнос өкілдерінің тілдері ел көптілділігіне тікелей қатыса алады деген көзқарасын байқауға болады.

Егер ғалымның пікіріне сүйенсек, ол еліміздегі 130-дан астам ұлт өкілдерінің тілдік қатысымдық күш-қуаты бірдей, жүйелі еместігін алға тарта отырып, көптілділік үдеріске жедел қатысушылар сапына және коммуникативтік құзірет мүмкіндігіне ие бола алатын тілдер қазақ және орыс тілдері екендігіне нақты дәлелдер келтіреді [7, 61].

Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Хасановтың «Қазақстан Республикасында үштілділікті дамыту жобасы: оны іске асыру тетіктері» (1995-2005 жж.) атты ғылыми еңбегінде еліміздегі үштілділікті қалыптастыру және оны дамытудың басты стратегиялық жолдарын ұсынған [3, 4].

Біз осы ғылыми еңбекті ішкі мазмұнына орай бірнеше блоктарға (топтамаға) бөліп қарастырып, талдама жасадық.

### ***1-талдама***

Ғалым еліміздегі қостілділік пен үштілділікке қатысты ғылыми анықтамалар бере отырып (билинг, полиязычия), еңбектің бірінші бөлімінде қостілділік пен үштілділіктің орыс тілі базасында жүзеге асырылып жатқандығын, нәтижесінде орыс тілінің біртілділікке ие болғандығы туралы ой туындайтынын және орыстардың біртілді коммуникацияда сөйлейтінін айта келіп, үштілділік Қазақстандағы полиэтникалық тұрғындар үшін тілдік минимум екенін және ең бастысы, бұл қостілділік пен үштілділікті тілдік тұлғаның ана тілі базасында дамыту қажеттігін айтады. Сондай-ақ ғалым бұл ойын былайша дәлелдейді: «біртілділік – біржақты процеске ие болады, себебі қарым-қатынасқа түсуші жұпты оңашалайды, бөлектейді, сондықтан қостілділік пен үштілділік әрбір тұлғаның жалпы білім жүйесінде игіліктерге жеткізу жолы және тіл ортақтығына, қоғамдастыққа айналдыруы тиіс» [3, 5].

Сонымен бірге ғалым осы еңбегінде тілдерге қатысты тағы да бір ойын былайша сипаттайды: «қазақ-орыс тілінің аспектілерін қарағанда, олардың ахуалы бір деңгейде емес екенін, орыс тілінің үстемдігінің басымдығын, ал ағылшын тілін меңгеруге деген қажеттілік туындаған жағдайда, орыс тілі мен ағылшын тілін бірдей сатыға қоюға болмайтынын, онсыз да орыс тілін қазақ халқы жақсы игергенін, ендігі кезекте үшінші тіл (Т3) ағылшын тілін оқыту әдістемесін жетілдіріп, көп сағат бөлінуі қажет» [3, 7].

Сондай-ақ ол қазақ тілінің үштілділігі ана тілі – орыс және ағылшын тілдерінен, ал орыс тілінің үштілділігі орыс, қазақ және ағылшын тілінен құрылады деген пікірін де келтірген. Бұл пікірді өрнек түрінде түсіндірсек, ол қазақ тілі (Т1) – орыс тілі (Т2 - Т3) ағылшын тілі, ал орыс тілі (Т1) – қазақ тілі (Т2) – ағылшын тілі (Т3) көрініс табады.

Кейбір отандық ғалымдар мен жеке тұлғалардың ағылшын тілін оқыта бастаса, онда қазақ тілінің болашағы күңгірт, себебі үстем тіл (ағылшын тілі) қазақтың ана тілін шеттетеді деген қайшылықты пікірлеріне жауап ретінде елімізде ағылшын тілінде сөйлейтін ағылшындардың өмір сүрмейтінін, олардың елі бізден алыс құрылықта екендігін және АҚШ экономикасының күш-қуатының қаншалықты әсері болса да, тілдердің ассимиляциялануына мүмкіндік жоқ еместігін ескертеді.

Сондай-ақ Б. Хасанов көптілділік сыңарлары (қазақ, орыс және ағылшын тілдері) төл ана тілінің дамуына және берік сақталуына әсері болуы қажет, олай болмаған жағдайда, тіл экологиясына қарсы және ұнамсыз құбылыс екендігін, сондай-ақ әлеуметтік маңызын жоғалтатынына назар аудару керектігін айтқан.

## ***2-талдама***

Осы бөлімде ғалым көтеріп отырған маңызды мәселелерге қатысты атқарылуға тиіс мынадай іс-шараларды айқындайды:

1) Қазақстан Республикасында үштілділікті дамыту жобасы (1995-2005 жж.) жасалып, еліміздегі тілдерді реформалаудың жаңа кезеңдерін ұсынып, үштілділікті жүзеге асыру туралы негізгі міндеттерді шешу;

2) ТМД елдерінде баламасы жоқ «Туған тілдер институтын» ашып, онда біртүлді мамандарды ғана даярлап қоймай, керісінше үштілді аудармашылар мен кәсіби мамандарды оқытып, мектептер мен ЖОО-ы үшін кәсіби іс-әрекетке әзірлік бар, түлектерді шығаруға бағыттау керектігі жөнінде;

Сонымен бірге болашақта осы институтта оқып, білім алатын жастарға арнайы билингвалдық және үшлингвалды тілдік тұлғаға бейімделген оқу кешендерін әзірлеу жөнінде де оң пікірлер айтылған. Ол арнайы Қазақстан халықтары тілдерінің ғылыми зертханасын ашу міндеті де шешімін табуға тиіс мәселе екенін де негіздейді [3, 9].

## ***3-талдама***

«Туған тіл базасында үштілділікті қалыптастыру» тақырыбына байланысты ғалымның төменде берілген ойларын құптауға болады:

1) қазақ тілі қазақ ұлтынан басқалар үшін үштілділіктің екінші және қазақтар үшін үштілділіктің негізгі құрамдас бөлігіретінде;

2) орыс тілі орыс ұлтынан басқалар үшін үштілділікті негізгі құрамдас бөлігі болуы тиіс (бұл тіл бірінші немесе екінші тіл болуы мүмкін емес), ал орыс тілі орыс ұлтының үштілділікті қалыптастырудағы бірінші құрамдас бөлігі болатынын;

3) ағылшын тілі – үштілділіктің көмекші құрамдас бөлігі екендігі және бұл мақсатта қазақ елінің тарихы, мәдениеті, өнері, салт-дәстүрін таныстыру үшін мына сипаттағы дәрістерді жүргізуді: дәріс оқу, ағылшын тілділерге арналған оқулық әзірлеу, қазақстандықтарға ағылшын тілінен ресми-іскери тілін оқыту, лингвоелтанымдық оқу сөздігін құрастыру және т.б.

Ғалым Қазақстанда үш тілді білім беру жүйесін іске асыру, сапалық дамуын қамтамасыз ететін бірқатар іс-шараларын ұсынған.

Академик Ө. Айтбайұлы «Рухани жаңғыру тілден басталады» деген



мақаласында «үш тілде білім беру жайы Елбасының «үштұғырлы тіл» идеясынан бастау алады, сөз жоқ, бұл бастаманы орнымен, ел мүддесі тұрғысынан іске асырса, мемлекетіміздің дамуы үшін әсері мол болмақ» дейді.

Ол «Австралиядағы аборигендер, жаңа Зеландиядағы маорилер, Америкадағы үнділер, Латын Америкадағы ацтек – майялар, Африкадағы Нигерия, Камерун, Мозомбик тайпалары – барлығы өз ана тілдерін ұмытып, ежелгі қожайындарының тілінде сөйлеп жүргендігін айта отырып, болашақта елдің барлығы қазақ тіліне икемделіп, қазақтармен қатар, өзге ұлт өкілдері балаларын жаппай қазақ балабақшалары мен мектептеріне берсе деген өзіндік ұстанымын білдіреді [8].

Ғалымның бұл ой-пікірі алдағы уақытта ғылыми еңбектер мен оқулық жазу мәселесінде ескерілуі тиіс.

Профессор С.Құнанбаева «Қазіргі шеттілдік білім беру: әдіснамасы және теориясы» атты оқулығында когнитивті-лингвомәдениеттанудың әдіснамалық негіздерін ғылыми тұрғыда сипаттаған.

С.С.Құнанбаева аталған еңбегінде шет тілін (екінші және үшінші тіл ретінде) оқыту әдістемесінде мәдениетаралық коммуникация, әлеуметтану, лингвомәдениеттаным, когнитивтік, қарым-қатынас құру психологиясы, психолингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, тіларалық прогматика сияқты әдістемділік ұстанымдарды ескере отырып, тіл үйренушіні тілдік тұлға бейнесінде қалыптастыру идеясын ұсынады [9].

Осы өзекті мәселе жөнінде пікір айтқан орыс ғалымы Е.И. Пассов «Тіл мен мәдениетті бірлікте үйрету тілдік тұлғаның екі мәдениеттің ұқсас тұстарын салыстыруға, және сол мәдениет арқылы тәрбиеленуіне жол ашады» десе [10, 560], ал академик А.Н.Шукин «басқа тілді білу туған тілінің құрылымын жақсы, терең түсінуге көмектеседі» деп тұжырымдайды [11, 366]. Бұл тұжырымдар С.Құнанбаеваның ойымен сабақтасып жатыр.

Бұл идея қазіргі заманғы көптілділікті орнықтыру үшін өте маңызды.

Оқулық ЖОО-да оқитын болашақ тіл мамандарына арналған. Ғалым оқулықтың теориялық бөлімінде шеттілдік білім беруді заманауи модернизациялау идеясына сәйкес талдама жасайды.

Оқулықтың практикалық бөлімінде шетелдік білім беру жүйесі арқылы мәдениетаралық қатысымға түсуге бейімдеуге арналған кешенді жаттығулар қамтылған. Ғалым бұл еңбегінде ғасырлар бойы шет тілін үйрету нысаны – «шеттілі» болып келгендігін, бірақ бұл үрдіс «өзге тіл+өзге мәдениет – тұлға» өрнегіндегі мәдениеттанудың арнайы тұғыры болмағандығын және шеттілдік білім беру сипатында ілгерілемегенін тілге тиек етеді.

Зерттеу еңбектерінде тілдерді оқытудың теориялық және әдістемелік тұғырын белгілеп, үш тілді білім берудің базалық негізі болғанын, көптілді тілдік тұлғаны қалыптастырудағы жетекші ықпалының орын алғанын анықтайды.

Ғалым Ж.Қ. Ибраева өзінің еңбегінде психолингвистика ғылымдарының негіздері жөнінде ғылыми ой-толғамдарын, тілдік тұлғаның тілдік, танымдық ерекшеліктерін тіл прагматикасы тұрғысынан қарастырған.

Автор тілдік тұлғаны психолінгвистика нысаны ретінде, тұлға аралық қарым-қатыстың психолінгвистикалық ерекшеліктерін, сөйлеу әрекетіндегі ақпаратты жеткізу амалдарын, сондай-ақ тіл мен ауызша сөйлеудің, тіл мен ұлттық өзіндік сананың өзара қатынасы жөніндегі ерекшеліктерін де сипаттайды [12, 126].


Үш тілде білім беру әлемдік кеңістікте адамзат жиып-терген білім мен ақпаратқа қол жеткізуге бірден бір ықпалы болатыны даусыз, ал мұндай үрдіске қосылудың негізгі айқын жолы – ағылшын тілін оқыту және меңгерту. Осындай өзекті мәселеге қатысты профессор Р.А. Авакова «Қазақ тілінің халықаралық мәртебесі» деген мақаласында мемлекеттік тіл көпұлтты Қазақстанның көптілді кеңестігінде басты орынға ие болып отырғанын айта келіп, «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын іске асырудың тиімді де сапалы арналарын анықтау негіздерін жасау керектігі жайында ой бөліседі.

Отандық ғалымдардың көпшілігі қазақ тілін өзге тілді дәрісханаларда оқытып, оны үйрететін мұғалімдердің кәсіби дайындығы болғанын, сонымен бірге тілімізді сапалы меңгерту бағытында тілді оқыту әдістемесіне қатысты монографиялар мен әдістемелік құралдардан хабардар болуын және оны базалық негізге алуын ескертеді. Себебі бүгінге дейін қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту мәселесінде әлі де болса қоғам тарапынан сыни пікірлер баршылық.

2009 жылы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде орындалып, педагогикалық ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін «Теоретико – методологические основы полиязычного образования» тақырыбындағы жазылған Б.А. Жетписбаеваның диссертациясы авторефератында көптілді білім беру мәселесіне қатысты теориялық және практикалық жағынан айқындалған негізгі ғылыми ұсыныстары жұмыстың 4 бөлімінде қарастырылған [13, 46].

Бұл бөлімдерде Қазақстандағы көптілді білім берудің өзектілігі, оны шешу жолдары, бүгінгі күні белсенді қолданыстағы «көптілді тұлға», (бірнеше тілді белсенді қолдануы) мақсатты түрде көптілді білім беру, соның ішінде этнолінгводидактиканың мән-маңызы туралы айта келіп, оның көптілді білім беру идеясы жүзеге асырылуының әдіснамалық және практикалық қырын ашқан. Сондай-ақ ғылыми жұмыста мектептерде көптілді білім беру жүйесі жалпы құрылымының сызбасы берілген.

## Білім беру жүйесіндегі тілдер



Осы сызбада көптілді білім берудің бірлігі ретінде негізгі оқу пәндері көрсетілген: ана тілі, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тілі, және ағылшын тілі – шет тілі (ретінде әлемдегі экономикаға шығу тілі).

Мұнда көптілді білім берудің процесуалды аспектілік бірлігі қарастырылған. Көптілді білім беру тілі ретінде алдымен қазақ тілінде оқытылатын «Қазақстан тарихы», «Қазақстан географиясы», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндерін, орыс тілінде «Орыс тілі» және «Орыс әдебиетін» оқыту шет тілінде ағылшын тілі, жекелей пәндер математика және жаратылыстану циклдарын оқыту көрсетілген.

Осы өзекті мәселеге қатысты Д.Нығметұлының философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясында еліміздегі тіл саясатының орны мен маңызы және көптілді білім беру мен этникалық топтардың тілдік дамуы туралы ғылыми ойларын ұсынды [14].

Зерттеуші өзінің диссертациялық жұмысында ел аумағында өмір сүріп жатқан көптеген этнос өкілдері тіл саясатының негізгі бағыттары қатарында ұлттық тілдерін (өз ана тілін) сақтап қалу мен оны үнемі дамыту үшін мүмкіндік жасауын негіздейді, сондай-ақ мемлекеттік тіл – қазақ тілінің Қазақстанда өмір сүріп жатқан ұлт өкілдері үшін ортақ тіл екендігін және осы тілдің коммуникативтік қызметін кеңейтуге қатысты нақты ғылыми дәлелдерін келтіреді. Орыс тілінің де ғылыми өрісін және қызметін сақтау керектігіне назар аударды.

Сонымен бірге автор өзінің зерттеу жұмысында ағылшын тілін Қазақстандағы әлемдік қауымдастықтағы басымдыққа ие тіл ретінде коммуникативтік сұранысқа негіздей отырып, заманауи ғылым мен техниканың тілі тұрғысында әлемдік тілді меңгерудегі саясатты қолдайтындығын, сондай-ақ ел аумағындағы орыс тілінің ресми қолдану аясын кеңейту жөнінде өзіндік пікірін білдіреді.

Автордың Қазақстанда тіл саясатының қазіргі заманғы тәжірибесінде көптілділіктің аса қажетті екенін, барлық этникалық топтардың тілдері мен мәдениетінің өркендеуіне жайлы жағдайлар жасалып отырғаны жөніндегі ғылыми көзқарасын байқауға болады.

Диссертант үш тілде білім беру – қоғамда саяси тұрақтылықты нығайтуға ықпал ететін, олардың мүдделерін қорғауға, басқа ұлттардың мәдениеті мен салт-дәстүрін үйрену арқылы көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың алғышарты болатынына ғылыми болжам жасайды.

Еліміз өзінің тәуелсіздігін алған жылдары қазақ тілін өзге тілді дәрісханаларда оқытудың теориясын және әдістемесінің негізін жасауды ғалымдарға міндеттеген болатын.

Осы бағытта алғаш рет профессор Ф.Оразбаева қазақ тіліндегі тілдік қатынас (коммуникация) мәселесін теориялық-әдістемелік жағынан зерттеді.

Еңбекте тілдік қатынастың адамның ойлау, сөйлеу, түсіну, пікірлесу әрекеттерінде орындалуына тікелей қатысты екенін айта келіп, қазақ тілінде қатысым әдісі, оның негізгі ұстанымдары мен ерекшелігін және анықтамасын сипаттайды. Ол сөйлесім әрекетінің оқу үдерісіндегі тілді үйрету кезеңдерінде меңгерудің маңызды орын алатынын, сонымен бірге оның терминдік ұғымын

ұсынды. Сондай-ақ ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың жолдарын көрсетеді [15, 7].

Зерттеу еңбегінде қазақ тіл біліміндегі тілдік қатынас мәселесінің нақты ғылыми – теориясының негізін сипаттауы, оның негізгі белгілері мен өлшемдерін және қоғамдағы қызметінің маңызы баяндалады. Сонымен бірге сөйлеу әрекетінің теориялық негізі де ғылыми тұрғыда қарастырылып, жіктеледі. Сөйлеу әрекеті түрлері мен қатысым әдісіне қатысты терминдер ұсынылған.

Қоғам дамуының қазіргі жағдайындағы қазақ тілін оқыту әдістемесінде ғылымның көптеген мәселелері бар. Қазақ тілі әдістемесі ғылымы ХХ ғасырдың 20-жылдарынан басталатындығы белгілі.

Ғалым, профессор Қ.Қадашеваның қазақ тілін ана тілі және екінші тіл ретінде оқытудың теориясы мен әдістемесін сипаттайтын монографиясында тілдердің айырым белгілерін, тілді оқытудың қазіргі заманғы әдістемесіне қатысты ғылыми ойларын талданған [16, 408].

Қазіргі әдістеме ғылымының аспектілік, ғылыми-практикалық тұрғысынан қарағанда, алғашқы кезеңдегі әдістеменің теориясы мен бағыттарының бірқатар айырмашылықтары бар.

Ол нақтылап айтсақ, қазіргі жағдайда қазақ тілін оқыту мәселесін мынадай үш бағытта қарастырады:

- қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту;
- қазақ тілін туыс тіл ретінде немесе түркі тілдерінде сөйлейтіндерге оқыту;
- қазақ тілін өзге тіл ретінде оқыту: қазақ тілін шет тілі, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту.

Ғалым еңбегінде үш тармақтың әрқайсысының бір-бірінен өзгеше де, бір-біріне ұқсас сипаттамалары да бар екендігін дәлелдейді. Осыған байланысты осы тармақтардың әрқайсысына қысқаша сипаттама береді.

Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту мен екінші тіл ретінде оқытудың арақатынасында үлкен айырмашылық бар екенін айта келіп, екінші тіл ретінде оқытудың ерекшелігі – тіл үйренушіге білім берумен бірге сөйлеу әрекеті түрлерінің негізінде (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым) дағдысы мен біліктілікті қалыптастыру міндетін қарастырған.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілін ана тілінде сөйлемейтін, бірақ түсінетін қазақтар үшін, шетелдіктер үшін және еліміздегі әртүрлі ұлт өкілдеріне оқытудағы практикалық пәннің негізгі тармақтарын, қазақ тілін оқыту әдістемесін саралай келіп, ғылыми ойын былайша түсіндіреді:

- өз елінде мемлекеттік тіл ретінде оқытылатын практикалық пән;
- басқа шетелде оқытылатын практикалық пән (Мысалы, Польша, АҚШ);
- туыс тіл немесе түркі тілдерінде сөйлейтіндерге оқытылатын практикалық пән;
- қатысымға түсу үшін қажетті практикалық пән ( $A_1$  деңгейінен  $C_1$  деңгейіне дейін берілетін білім);
- арнайы мақсатпен оқытылатын практикалық пән. Мамандығына бейімдеп оқыту, яғни кәсіби құзірет міндеттері орындалады.

Сондай-ақ әдіскер ғалым ана тіліне қатысты ойын «ана тілі - жеке адамның дүниеге келген күннен бастап айналасындағы адамдар тобының тіліне еліктеп, қалыптасатын тіл; жеке адамның биологиялық ерекшелігіне, географиялық ортаға қарым-қатысына байланысты қалыптасатын, жеке адамның өзінің психологиялық қабылдауы негізгі тіл деп мойындататын тіл» деген пікірін айтады.

Ол ана тілі және шет тілі деген ұғым-түсініктер **бірінші тіл (Т1), екінші тіл (Т2), басым тіл** деген ұғымдармен тығыз байланысты. Көпұлтты Қазақстан жағдайында бұл мәселелер түбегейлі зерттелуі қажет, «екінші тіл» деген ұғым «ана тілі емес» (неродной язык) деген ұғымға да қатысты өз ойын білдіреді.

Ана тілі ретінде оқытудың әдістемесі қалыптасқан, бай практикалық тәжірибе жинақталған, қазіргі қоғам талабына орай ана тілінде оқытылған мамандар да жетілдірілген (Республиканың барлық гуманитарлық жоғары оқу орындарында қазақ филологиясы факультеттері бар) және ана тілін оқытуда тілдік орта қалыптасқан деген пікірі де дәлелдеуді қажет етпейді.

Ана тілі деген ұғымға синонимдес ретінде шет тілі (народный язык; иностранный язык) деген ұғым қолданылады. Шет тілі ана тілі сияқты шындық дүниені танудың құралы болып табылады. Шет тілді білу деген сөз – өзінің ойын екінші тілде ұғыну және жеткізу. Шет тілін білу дәрежесі бірдей емес, ол:

- а) жетік меңгеру;
- ә) түсінісе алу;
- б) сөздік арқылы түсінісу;
- в) сөздік арқылы аудару;
- г) әртүрлі деңгейлерге – төмен, орташа және жоғары дәрежедегі деңгейлерге бөлінеді.

Тілді ана тілі ретінде және шет тілі ретінде оқытуда мынадай түсініктер анықталады:

1. Оқу пәні (Бұған ана тіліде, шет тілі де жатады).
2. Білім алудың нысаны.

Ана тілі де, шет тілі де кең мағынада алғанда адамның жеке танымдық, зияткерлік және әлеуметтік қызметтерін қамтамасыз етеді. Ана тілі жеке адамның ойлау қызметімен тікелей байланысты, яғни ол шет тілін үйренуді өзінің мақсаты, оқып үйренудің құралы етеді.

Осы арада мынадай мәселелерге тоқталып өтуге тура келеді: бүгінде қостілділік мәселесінде оқытудың психологиялық проблемаларында ана тілі және шет тілі ұғымдары бірталай теориялық еңбектерде анықталған.

Бұл мәселелер – әлі де зерттеуді қажет ететін проблемалардың бірі, шын мәнінде «тілді қарым-қатынас құралы» деп танысақ, онда тілдің дербестік, зияткерлік, әлеуметтік сипаттамасына назар аудару қажет, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту– күрделі және жан-жақты мәселе.

Соңғы уақытта Қазақстанда қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту жүйесі қалыптасып келеді деп айтуға болады. Ол мынадай екі бағытта қалыптасқан:

- жоғары оқу орындарында арнайы сағат жүктемесін жоспарлы түрде оқыту (ЖОО-да шетелдік студенттерді қазақ тіліне оқытатын кафедралар бар. Оларға қатысты арнаулы бағдарламалар мен кешенді оқулықтар жазылған);

- қазақ тілін шет тіл ретінде оқытуды шет мемлекеттердің Қазақстанға экономикалық, мәдени және т.б. қызмет бабымен келген жеке азаматтарын немесе адамдар тобын жеке тіл үйретушінің өз бастамасымен оқытуы. Бұның сипаты – нақты бағдарлама, нақты оқулық, үйрету, оқыту процесін және оқытушының тілді меңгертуін үйренуші мен үйретушінің өзара келісіміне сәйкес шешіледі.

Тілді ана тілі ретінде оқыту мен тілді шет тілі ретінде оқытудың арасындағы негізгі айырмашылық көптеген ғалымдардың пікірінше, оқытудың психологиясына тікелей байланысты екендігі айтылып жүр.

Біріншіден, шет тілі ретінде үйренуде тіл үйренушінің мақсаты болады. Ол тілді өзінің еңбек үдерісіне пайдалану үшін үйренеді. Сондықтан тіл үйренуші тілді өз қажетіне қарай үйренеді. Осыған байланысты И.А. Зимняя орыс тілін шет тілі (инародный язык) ретінде оқытуда коммуникативтік тұрғыдан келу» дегенге айрықша назар аударады. Бұл бағыт бойынша оқыту ісі үйренушінің жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне – оның сұранысына, мотивациясына, қабілетіне, белсенділігіне және басқа да дербес психологиялық ерекшеліктеріне байланысты жүргізілуі керек. Ал ана тілі жалпы білім берудің негізгі құралы ретінде оқытылуы тиіс деген ғылыми болжамдарымен келісуге болады.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту мәселесінің өзектілігі күн сайын артуда.

Қазірге дейін тілді оқыту әдістемесінде «қазақ тілін өзге тілретінде оқыту», деген термин пайдаланып келеді. Өзге тілді дәрісханаға басқа ұлт өкілдері (орыстар, украиндер және т.б.) қазақ тілін білмейтін қазақ ұлты өкілдері, яғни негізінен орта білімді орыс тілінде алған адамдар тобы жатқызылады.

Бұл адамдар үшін қазақ тілі қандай тіл? Бұл мәселені айқындау үшін ана тілі (родной язык) және ана тілі емес тіл (неродной язык) деген ұғымдардан гөрі, ғалым **бірінші тіл, екінші тіл, басым тіл** түсініктері арқылы жіктеу дұрыс деп санайды.

Өзге тілді аудиторияларда оқитын орыс халқының өкілдері үшін орыс тілі – бірінші тіл, ана тілі (Т1); ал қазақ тілі – екінші тіл (Т2); өйткені қазақ тілі саяси-әлеуметтік шаралар арқылы бекітіліп отырған, қоғам мүшелерінің барлығы білуге тиіс – мемлекеттік тіл.

Қазақ тілін білмейтін қазақ ұлтының өкілдері үшін қазақ тілі – ана тілі, бірінші тіл (Т1); орыс тілі – басым тіл (доминирующий язык), өйткені олар күнделікті тұрмыста, еңбек үдерісінде адамдармен әлеуметтік қарым-қатынаста орыс тілін пайдаланады, қазақ тілінің ана тілі, бірінші тіл екендігін психологиялық тұрғыдан ғана түсінеді.

Осы соңғы топ, яғни орыс тілі басым тіл болып табылатын қазақ ұлтының өкілдері үшін қазақ тілі – екінші тіл.

Оған дәлеліміз, қазақ ұлтының өкілі қазақ тілінің ана тілі екендігін интуитивті түсінгенімен, психологиялық жағдаяттарда (мысалы, өзінің ойын эмоциялы түрде дәлелдеу қажет болған жағдайда, ойын қазақ тілінде жеткізе алмауына байланысты) орыс тілін пайдаланады. Яғни ол өзінің ең жоғары

психологиялық жай-күйін қазақ тілінде жеткізе алмайды.

Осы топ үшін қазіргі жағдайда қазақ тілі – екінші тіл сатысына көшеді. Өйткені қазақ тілі – осы топ өкілдері үшін де білуге міндетті мемлекеттік мәртебедегі тіл, яғни «екінші тіл ретінде оқыту» деген терминді ұсынған. Қалай болғанда да республикадағы өзге ұлт өкілдері үшін де, орыс тілі негізгі тіл болып, саналатын қазақ өкілдері үшін де мемлекеттік тіл – екінші тіл болып саналады.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту – өз алдында дербес мәселе. Орыс тілін оқыту әдістемесінде бұл сала 60-жылдардан бастап қарастылылған. Ал қазақ тілін оқыту әдістемесінде 90-жылдардың басына дейін Қазақстанда екінші тіл мәселесі болған жоқ. Қазіргі жағдайда тілдің мемлекеттік мәртебе алуы, мемлекеттік тілдің нормативтік-құқықтық базасының болуы, тілдің қоғамдық қызметі аясының кеңеюі, тілді үйренуге ынталы, әлеуметтік дәрежесі әртүрлі адамдардың кебеюі (мемлекеттік қызметшілер, бизнесмендер, саясаткерлер, шетелдіктер, студенттер және т.б.) қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуды өзекті етіл отыр.

Екінші тіл деген ұғымға көптеген еңбектерде мынадай анықтама беріледі: белгілі бір жеке тұлға тұрақты тұратын мемлекетте сол адамның өзінің негізгі ана тілінен басқа мемлекеттік мәртебедегі, қоғамдық-саяси салада коммуникативтік қарым-қатынас құралы ретінде жоғары қажеттілікке иемемлекетте ақпарат алу мен ақпарат берудің негізгі құралы болып табылатын тіл (мысалы, еуропа елдерінде).

Қазақстанда екінші тіл мәселесі әлі бар екендігі белгілі. Сондықтан екінші тіл ретінде оқыту мәселесі бүгінгі күні де өзекті болып отырғаны ғылыми-теориялық тұрғыда дәлелденіп келеді.

Соңғы 15-20 жылда қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың практикалық тәжірибесі жинақталып, теориялық еңбектер жарияланып, ғылыми диссертациялар қорғалды. Бұл еңбектерде қазақ тілін оқыту әдістемесі мәселелері, тілді меңгерту жөніндегі деңгейлік оқытудың параметрлері мен критерилері, техникалық құралдарды тиімді қолдану жағдайы, күзіреттілікті қалыптастыруға арналған ғылыми жұмыстар, ізденістер қорытындылары, нақты ұсыныстарды байқауға болады.

Солардың ішінде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту туралы ғылыми-әдістемелік еңбектер жазған әдіскер-ғалымдар Ф. Оразбаеваның «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі, Қазақ тілі ана тілі деңгейінде оқыту» (Ш. Бектуров, А. Бектурова), Н. Құрманова (ұжымдық жұмыс) «Мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқыту (ересектерге арналған) оқу-кешені, З. Ерназарова (авторлар ұжымы) «Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы», «Қазақ тілі» кешені (Тіл ұстарту. Анықтаған. Сұхбат. Бейнежазба. Үнжария. 5 кітап және 1 бейнежазба. Авторлар ұжымы Э.Д. Сүлейменова, Қ. Қадашева, Д. Ақанова) және т.б. ғылыми-әдістемелік еңбектерге қазақ тілін екінші тіл (Т2) ретінде оқыту теориясы мен практикалық мақсатқа сай ғылыми дәлелденген және қазіргі күні үлкен қолданысқа ие болған оқу-кешендері, оқу-құралдары, бағдарламалар мен оқу сөздіктері және ғылыми мақалалар жариялаған. Бұл еңбектердегі нақты әдістемелік бағыттарды, тілді деңгеймен оқыту жөніндегі



ұтымды ұсыныстарды, лингводидактикалық жағдаяттарды қамтуы жағынан маңыздылығын атап көрсетуге болады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары мен басқа да мекеме мамандарының бірлестікте жазған еңбегі 2016 жылы алғаш рет жарық көрген қомақты жұмыс.

«Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» ана тіліміздің оқу-әдістемелік жүйесін жақсартуға, сапасын арттыруға септігін тигізетін еңбек болып табылады. Бұл еңбек – тілімізді деңгейлеп оқытуға арналған оқу кешендерінде қамтылатын және базалық негізі болатын оқу материалдарын жүйелеуге, сондай-ақ тақырып мазмұнын ашатын қажетті лексикалық, грамматикалық минимумдарды тілді оқыту талабына сәйкес, іріктеуге үлкен пайдасын, септігін тигізетін басылым.

Осы ретте 7 миллионнан астам сөзқолданысы бар тілдік және мәтіндік база негізінде жасалған «Жиілік сөздігін» құрастырушылардың сөзімен айтсақ «...жиілік сөздігі – мемлекеттік тілді оқытуда, әсіресе оқу құралдарын, оқу сөздіктерін, тілдік, (лексика-грамматикалық) минимумдарды жасауда бірден-бір қажет құрал» деп ғылыми тұрғыда дәлелді айтылған ой-пікірмен тұтастай келісуге болады.

Жиілік сөздіктің ең алдымен қазақ тілін ана тілі, екінші тіл ретінде оқыту үшін аса сұранысқа ие екендігі белгілі. Оған себеп – сөздікте жиілігі мен таралымы жоғары белсенді (актив) сөздер қорының бірегей түзілуі.

Сонымен бірге аталған сөздіктің құрылымындағы қазақ тілінің ғылыми, көркем әдебиет, публицистикалық, ресми-іскери және сөйлеу стильдерін қамтыған бай сөздік қоры алдағы уақытта жаңа бағыттағы жазылатын деңгейлік оқу-кешендерін дайындауға және негізгі мәтіндік (тілдік) базадан алынған 36265 сөзден тұратын, сөздер мен лексикалар сұрыпталып алынатын лексикалық, грамматикалық минимумдарды жасауға бірден-бір теориялық және практикалық қырынан негіздеуге өте қажет еңбек болып саналады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Жиілік сөздіктің» аясында деңгейлік оқу-кешенін әзірлеу үшін (А<sub>1</sub>- С<sub>1</sub> деңгейлеріне дейін) жұмыс тобы құрылып, профессор Қ.Қадашеваның жетекшілігімен типтік оқу бағдарламаға сәйкес алғаш рет лексикалық және грамматикалық минимумдар іріктелген.

Арнайы іріктелген лексикалық-грамматикалық минимумдар қазақ тілді емес мектептерде жаңартылған білім беру мазмұны аясында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған құжат болып табылады. Бұл құжат аталған сөздіктің лингводидактикалық заңдылығын негізге ала отырып, сыныптар бойынша әр деңгейде (А<sub>1</sub>- С<sub>1</sub> деңгейлеріне дейін) меңгерілетін сөздер саны беріліп және мәтінді қамту пайызы көрсетілген, мақсаты: қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын мектеп оқушыларының күнделікті өзара қарым-қатынаста қолданатын базалық сөздік қорын қалыптастыру.

Сондай-ақ қазақ тілін оқытудың лексикалық-грамматикалық минимумын құрастырудың мынадай ерекшеліктері де сипатталған:

- 1) тілді игеру деңгейлері;

- 2) тілді оқыту мерзімі (ұзақ не қысқа уақыт);
- 3) жоспарланған сағат (неше сабақ және апталық сағат);
- 4) тілді оқыту мақсаты (не үшін? кімдерге?);
- 5) тілді меңгеру үшін қандай сөздік қоры болуы керек;
- 6) нәтижеге қалай қол жеткізеді.

Сонымен бірге бұл құжатта бейтарап сөздерді іріктеу әдістері (оның тақырып аясында қолданылуы), сыныптар аралығындағы лексикалық минимумдар саны, оны іріктеу жолдары мен сөйлеу әрекеті мен түрлеріне тікелей қатысты тілдік материалдар көлемі көрсетілген.

Бұл құжат қазақ тілді емес мектептерде ана тілімізді екінші тіл ретінде оқытуға арналған оқу-кешендерін әзірлеу үшін қазақстандық оқулық авторларының тірек материалдары болуы тиіс.

**«Жиілік сөздігі» базасында қазақтілді емес сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 1-11 сынып оқушыларына арналған лексикалық-грамматикалық минимумы жасалған.**

«Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» негізінде, «Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін оқыту бағдарламасында» көрсетілген тақырыптар аясында әр сынып бойынша лексикалық-грамматикалық минимумның құрылымы төмендегінше жүйеленген.

### **СЫНЫПТАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМДАР САНЫ**

<i>Меңгерілетін лексика</i>		<i>Сынып</i>	<i>Меңгерілген лексика</i>	<i>Деңгей</i>
Лексикалық минимумдар саны	256	11-сынып	2884	C1
	256	10-сынып		
	324	9-сынып	2372	B2
	324	8-сынып		
	324	7-сынып	1724	B1
	324	6-сынып		
	324	5-сынып	1076	A2
	256	4-сынып		
	188	3-сынып	496	A1
	188	2-сынып		
	120	1-сынып		

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша іріктелген лексикалық-грамматикалық минимумдар үлгілері (1-4 сынып)

1-сыныпқа арналған лексикалық-грамматикалық минимумдар өрнегі

Өзім туралы – 17 сөз					
№ р/н	№ Сөз саны	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолют ті жиілік	Грамматикалық минимум
1.	1	жоқ	мд	16115	<p><b>Өрнек:</b></p> <p><b>Бұл кім?</b> Бұл – оқушы. Бұл – Гүлім.</p> <p><b>Бұл не?</b> Бұл – ойыншық. ... – кім? ... – оқушы.</p> <p><b>Кімнің аты?</b> Менің атым. Сенің атың.</p> <p><b>Сенің атың кім?</b> Менің атым– ... . Менің жасым алтыда. Менің кітабым бар.</p> <p><b>Көптік мағына:</b> Кітаптар Қаламдар Кімдер?</p> <p><b>Шақтық мағына (осы іс-әрекет):</b> Мен отырмын. Сен отырсың.</p>
2.	2	бар	мд	13032	
3.	3	жас	зт	3142	
4.	4	ат	зт	7955	
5.	5	кім?	ес	6799	
6.	6	ойыншық	зт	238	
7.	7	бұл	ес	32850	
8.	8	мен	ес	12260	
9.	9	не?	ес	1482	
10.	10	неше?	ес	1766	
11.	11	жеті	ет	1832	
12.	12	оқушы	зт	7370	
13.	13	отыр	ет	22038	
14.	14	сен	ес	15345	
15.	15	ол	ес	62796	
16.	16	кітап	зт	4405	
17.	17	қалам	зт	3586	
Менің мектебім – 17 сөз					
18.	1	қыркүйек	ет	468	<p><b>Өрнек:</b></p> <p>Бұл кітап па? Иә, бұл – кітап.</p>
19.	2	жаз	ет	3676	
20.	3	ақ	сн	1201	
21.	4	қара	сн	4765	

22.	5	қызыл	сн	2112	<p><b>Қандай?</b>  <i>Қызыл қалам.</i>  <i>Қара қарындаш.</i>  <i>Ақ сөмке.</i></p> <p><b>Бұйыру мағынасы:</b>  <i>Сен сал.</i>  <i>Сен оқы.</i>  <i>Сен жаз.</i>  <i>Бүгін оқы.</i>  <i>Бүгін жаз.</i></p> <p><b>Нешінші?</b>  <i>Бірінші сынып</i>  <i>Бірінші сабақ</i>  <i>Бірінші қыркүйек</i>  <i>Бірінші күн...</i></p>
23.	6	мектеп	зт	7586	
24.	7	оқы	ет	11511	
25.	8	бүгін	үс	5350	
26.	9	күн	зт	18245	
27.	10	сал	ет	4983	
28.	11	бірінші	са	7289	
29.	12	сынып	зт	2380	
30.	13	бер	ет	40295	
31.	14	ал	ет	43359	
32.	15	тақта	зт	653	
33.	16	тыңда	ет	25	
34.	17	сабақ	зт	5562	
<b>Менің отбасым және достарым – 12 сөз</b>					
35.	1	аға	зт	3389	<p><b>Кімнің отбасы?</b>  <i>Менің отбасым.</i></p> <p><b>Кімнің досы?</b>  <i>Менің досым.</i>  <i>Сенің досың.</i></p> <p><b>Кімнінауласы?</b>  <i>Менің аулам.</i>  <i>Сенің аулаң.</i></p> <p><b>Сөйлем құрылымы:</b>  <i>Ағамды жақсы көремін.</i></p>
36.	2	ана	зт	4671	
37.	3	дос	зт	3312	
38.	4	әпке	зт	853	
39.	5	әже	зт	3091	
40.	6	іні	зт	800	
41.	7	қарындас	зт	527	
42.	8	әке	зт	5583	
43.	9	отбасы	зт	8643	
44.	10	ата	зт	2501	
45.	11	сіңлі	зт	205	
46.	12	жақсы/көр	ет	8118/1379 0	
<b>Қоршаған әлем – 14 сөз</b>					
47.	1	ағаш	зт	2439	<p><b>Өрнек:</b></p> <p><b>Сөйлем құрылымы:</b>  <i>Күн жылы.</i></p> <p><b>Бұл не?</b>  <i>Бұл – қоян.</i>  <i>Бұл – ағаш.</i>  <b>(Шақтық мағына)</b></p>
48.	2	аула	зт	281	
49.	3	бар	ет	16156	
50.	4	ойна	ет	2295	
51.	5	жүр	ет	16849	
52.	6	жылы	сн	5260	
53.	7	қар	зт	1528	
54.	8	қасқыр	зт	1065	
55.	9	үй	зт	11948	

56.	10	қоян	зт	923	<p><b>нақ осы іс-әрекет:</b>  Мен <i>жүрмін.</i>  Сен <i>жүрсің.</i>  Сіз <i>жүрсіз.</i>  Ол <i>жүр.</i></p> <p><b>Шақтық мағына (күнделікті іс-әрекет):</b>  Мен <i>ойнаймын.</i>  Менаулада <i>ойнаймын.</i>  Менкөшеде <i>ойнаймын.</i></p> <p><b>Шақтық мағына (өткен іс-әрекет):</b>  Мен <i>көрдім.</i>  Мен қасқырды <i>көрдім.</i>  Тауды <i>көрдім.</i></p>
57.	11	көр	ет	13790	
58.	12	суық	сн	769	
59.	13	тау	зт	4647	
60.	14	көше	зт	3965	
<b>Саяхат - 16 сөз</b>					
61.	1	әуежай	зт	213	<p><b>Дыбыстарды үйренейік!</b>  Ә, І, Ө, Қ, Ғ  көлік [көлүк]  әуежай, іні, көлік, қала, аға.</p> <p><b>Шақтық мағына (өткен іс-әрекет):</b>  Мен <i>демалдым.</i>  Сен <i>демалдың.</i>  Сіз <i>демалдыңыз.</i>  Ол <i>демалды.</i></p> <p><b>Неге?</b>  <i>Көлікке мінді.</i>  Ол <i>ұшаққа отырды.</i>  <i>Мәшинеге отырды.</i></p> <p><b>Немен?</b>  <i>Көлікпен бардым.</i>  <i>Ұшақпен бардым.</i></p> <p><b>Қайда?</b>  <i>Әуежайға бардым.</i>  <i>Саяхатқа шықтым.</i></p>
62.	2	ауыл	зт	6069	
63.	3	ұна	ет	1935	
64.	4	демал	ет	562	
65.	5	демалыс	зт	1349	
66.	6	ертең	үс	1228	
67.	7	жиырма	са	1024	
68.	8	жол	зт	11756	
69.	9	кеше	үс	733	
70.	10	көлік	зт	1415	
71.	11	саяхат	зт	404	
72.	12	қала	зт	10871	
73.	13	мін	ет	1354	
74.	14	шық	ет	12374	
75.	15	теп	ет	699	
76.	16	ұшақ	зт	450	
<b>Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті – 16 сөз</b>					

77.	1	айт	ет	23421	<b>Дыбыстарды үйренейік!</b> Ұ, Ү, Ң, һ үйрен [үйрөн] үйрен, менің, Гауһар  <b>Қалай?</b> Сен жылдам жүр.  <b>Бұйыру мағынасы:</b> Дұрыс айт. Жылдам жүр. Домбыра тарт.  <b>Шақтық мағына</b> <b>(күнделікті іс-әрекет):</b> Мен айтамын. Домбыра тартамын.
78.	2	біл	ет	165	
79.	3	домбыра	зт	810	
80.	4	дұрыс	сн	4443	
81.	5	ертегі	зт	1549	
82.	6	жатта	ет	557	
83.	7	жылдам	үс	654	
84.	8	шашу	зт	99	
85.	9	қызық	сн	379	
86.	10	мереке	зт	1432	
87.	11	жұмбақ	зт	1156	
88.	12	сәлемдес	ет	164	
89.	13	сіз	ес	6119	
90.	14	сыйла	ет	1170	
91.	15	тарт	ет	6839	
92.	16	тұр	ет	28643	
<b>Тағам мен сусын – 14 сөз</b>					
93.	1	сүт	зт	1218	<b>Шақтық мағына</b> <b>(өткен іс-әрекет):</b> Сіз сорпа <i>іштіңіз</i> . Ол алмұрт <i>жеді</i> .  <b>Шақтық мағына</b> <b>(күнделікті іс-әрекет):</b> Мен алмұрт <i>жеймін</i> . Сен ботқа <i>жейсің</i> . <b>Немен?</b> <i>Қасықпен жеймін.</i> Мен балмұздақты <i>қасықпен</i> <i>жеймін.</i> Сен сорпаны <i>қасықпен</i> іш.  <b>Бұйыру мағынасы:</b> Сүт <i>іш</i> . Тамақ <i>іш</i> . Балмұздақ <i>же</i> . Нан <i>же</i> .
94.	2	алмұрт	зт	108	
95.	3	нан	зт	697	
96.	4	ботқа	зт	85	
97.	5	же	ет	2063	
98.	6	іш	ет	2242	
99.	7	қасық	зт	165	
100.	8	қияр	зт	94	
101.	9	пісір	ет	576	
102.	10	сорпа	зт	190	
103.	11	тамақ	зт	2062	
104.	12	тәтті	сн	369	
105.	13	балмұздақ	зт	233	
106.	14	шырын	зт	260	
<b>Тәні саудың – жаны сау – 14 сөз</b>					

107.	1	мұрын	зт	528	<p><b>Меншіктік мағына:</b>  Менің қолым.  Менің оң қолым.  Сенің қолың.  Сенің сол қолың.</p> <p><b>Бұйыру мағынасы:</b>  Сен тазала.  Сен жу.</p> <p><b>Нені?</b>  Үйді тазала.  Қолыңды жу.  Тісіңді жу.  Мәлік қолын жуды.  Мәлік қолын, аяғын жуды.</p> <p><b>Шақтық мағына  (күнделікті іс-әрекет):</b>  Мен тазалаймын.  Сен тазалайсың.  Сіз жуасыз.  Ол жуады.</p>
108.	2	аяқ	зт	3242	
109.	3	бас	зт	10983	
110.	4	көз	зт	12837	
111.	5	тазала	ет	381	
112.	6	ауыз	зт	3734	
113.	7	жу	ет	676	
114.	8	құлақ	зт	2432	
115.	9	шаш	зт	825	
116.	10	қол	зт	11526	
117.	11	оң	сн	1240	
118.	12	сол	сн	215	
119.	13	су	зт	7800	
120.	14	тіс	зт	790	



2-сыныпқа арналған лексикалық-грамматикалық минимумдар өрнегі

№	№	Лексика (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
<b>Өзім туралы – 24 сөз</b>					
1.	1	ән	зт	3544	<b>Меншіктік мағына:</b> Менің бөлмем. Менің бөлмем жарық. Менің ісім Менің сүйікті ісім.  <b>Қандай?</b> Тәртілті бала. Таза бөлме.  <b>Шақтық мағына (күнделікті іс-әрекет):</b> Мен жинаймын. Сен билейсің. Сіз ән айтасыз. Ол көмектеседі.  <b>Бұйыру мағынасы:</b> Бөлмені жина.  <b>Шақтық мағына (күнделікті іс-әрекет):</b> Мен үйренемін. Мен тіл үйренемін.
2.	2	биле	ет	1032	
3.	3	бірге	үс	2618	
4.	4	бөлме	зт	937	
5.	5	жина	ет	2138	
6.	6	жүз	ет	737	
7.	7	көйлек	зт	576	
8.	8	ки	ет	1205	
9.	9	мынау	ес	760	
10.	10	кешке	үс	177	
11.	11	көмектес	ет	1162	
12.	12	тіл	зт	19604	
13.	13	жарық	зт	1313	
14.	14	пәтер	зт	376	
15.	15	сурет	зт	4079	
16.	16	сүйікті	сн	641	
17.	17	кел	ет	34526	
18.	18	тәртілті	сн	229	
19.	19	ту	ет	2966	
20.	20	үйрен	ет	2311	
21.	21	түс (мезгіл)	үс	397	
22.	22	шалбар	зт	212	
23.	23	жейде	зт	130	
24.	24	іс	зт	8726	
<b>Менің отбасым және достарым – 26 сөз</b>					
25.	1	адам	зт	25614	<b>Кім?</b> Анам шақырды.  <b>Нені?</b> Сыйлықты бердім.  <b>Сөйлем құрылымы:</b>
26.	2	емес	ет	18238	
27.	3	әдепті	сн	488	
28.	4	бауыр (омоним)	зт	1088	
29.	5	бой	зт	5218	
30.	6	дастарқан	зт	581	
31.	7	дәмді	сн	325	

32.	8	және	шл	39765	<p>Мөлдiртілек айтты.</p> <p><b>Қандай?</b> Ол – қамқор адам.</p> <p><b>Бұйыру мағынасы:</b> Жақсы бол. Жақсы адам бол. Қамқор бол.</p> <p><b>Қайда?</b> Дастарқанға кел.</p> <p><b>Кімге?</b> Шыңғысқа тілек айт.</p>	
33.	9	көп	сн	12872		
34.	10	жақсы	сн	8118		
35.	11	көрші	зт	1009		
36.	12	күл (у)	ет	2408		
37.	13	қамқор	зт	208		
38.	14	ең	үс	9017		
39.	15	қуан	ет	1286		
40.	16	қысқа	сн	961		
41.	17	немере	зт	561		
42.	18	бол	ет	108133		
43.	19	сыйлық	зт	1395		
44.	20	тату	сн	393		
45.	21	гүл	зт	2753		
46.	22	тілек	зт	942		
47.	23	ұзын	сн	878		
48.	24	үлкен	сн	7146		
49.	25	шақыр	ет	3229		
50.	26	қандай?	ес	21378		
<b>Менің мектебiм – 18 сөз</b>						
51.	1	апта	зт	939		<b>Қайда?</b>
52.	2	асхана	зт	394		Кітап үстелде жатыр.
53.	3	аш	ет	2918		
54.	4	біз	ес	21267		<b>Бұл не?</b>
55.	5	дайында	ет	1939		Бұл – асхана.
56.	6	жатыр	ет	5815		
57.	7	қой	ет	7522		<b>Сөйлем құрылымы:</b>
58.	8	дәптер	зт	2223		Біз оқушымыз.
59.	9	доп	зт	751		Олар оқушы.
60.	10	қайтала	ет	1588		
61.	11	сана	ет	980		<b>Нешінші?</b>
62.	12	сөйле	ет	5530		Екінші сынып.
63.	13	үзіліс	зт	163		Екінші сыныпта оқимыз.
64.	14	сұра	ет	5 187		
65.	15	орындық	зт	296		<b>Нені?</b>
66.	16	сыз	зт	291		Дәптерді аш.
67.	17	ұл	зт	1974		Орындықты ал.
68.	18	қыз	зт	2277		
						<b>Кімнен?</b>
						Айжаннан сұра.
						<b>Мезгілді білдіретін сөздер:</b>
						Күндесабаққа барамын.

					<b>Сөйлем құрылымы:</b> Бір аптада жеті күн бар.
<b>Менің туған елім – 20 сөз</b>					
69.	1	ауа	зт	2472	<b>Кімнің?</b> <i>Менің отаным.</i> <i>Менің елім.</i> <i>Менің туған елім.</i>  <b>Қандай?</b> <i>Тазаауа.</i> <i>Мөлдір бұлақ.</i> <i>Жасыл орман.</i>  <b>Шақтық мағына (өткен іс-әрекет):</b> <i>Орманға бардым.</i> <i>Жануарды көрдім.</i> <i>Тауға шықтым.</i> <i>Далада ойнадым.</i>  <b>Немі?</b> <i>Мен Отанымды жақсы көремін.</i>
70.	2	биік	сн	2211	
71.	3	бақша	зт	360	
72.	4	бұлақ	зт	837	
73.	5	дала	зт	3997	
74.	6	құс	зт	559	
75.	7	ел	зт	22098	
76.	8	елорда	зт	209	
77.	9	жануар	зт	1228	
78.	10	жер	зт	19611	
79.	11	кең	сн	1936	
80.	12	қай?	ес	3889	
81.	13	жасыл	сн	389	
82.	14	мөлдір	сн	176	
83.	15	орман	зт	2249	
84.	16	отан	зт	1878	
85.	17	сақта	ет	5789	
86.	18	әдемі	сн	1303	
87.	19	табиғат	зт	2 925	
88.	20	өсімдік	зт	1620	
<b>Тәні саудың-жаны сау – 30 сөз</b>					
89.	1	дәрумен	зт	84	<b>Меншіктік мағына:</b> <i>Дәрігердің кеңесі.</i> <i>Дәруменнің пайдасы.</i> <i>Дәруменнің денсаулыққа пайдасы.</i>  <b>Шақтық мағына (өткен іс-әрекет):</b> <i>Көзім ауырды.</i> <i>Құлағым ауырды.</i> <i>Дәрігер кеңес берді.</i>  <b>Немен?</b> <i>Тұмаумен ауырдым.</i> <i>Сабынмен жуындым.</i> <i>Аурумен күресу керек.</i>
90.	2	дәрігер	зт	768	
91.	3	дәріхана	зт	32	
92.	4	дене	зт	1734	
93.	5	денсаулық	зт	2 403	
94.	6	емде	ет	370	
95.	7	емхана	зт	146	
96.	8	жеңіл	сн	721	
97.	9	жөтел	зт	89	
98.	10	кеңес	зт	4388	
99.	11	жүгір	ет	1849	
100.	12	тон	зт	351	
101.	13	күт	ет	2 878	
102.	14	қайда?	ес	3480	
103.	15	етік	зт	412	
104.	16	жаттығу	зт	506	

105.	17	бал	зт	489	<b>Қайда?</b> Сен қайда болдың? Мен <i>емханада</i> болдым.  <b>Мезгілді білдіретін сөздер:</b> <i>Қазір</i> дәрігерге барамын.  <b>Не?</b> <i>Жаттығу</i> пайдалы. Үнемі <i>жаттығу</i> жасаймын.
106.	18	қысқы	сн	330	
107.	19	мықты	сн	23	
108.	20	керек	мд	14306	
109.	21	пайдалы	сн	974	
110.	22	сабын	зт	133	
111.	23	ауыр	ет	1441	
112.	24	жұқа	сн	153	
113.	25	қазір	үс	7047	
114.	26	тұмау	зт	37	
115.	27	қалың	сн	1351	
116.	28	көрсет	ет	11867	
117.	29	үнемі	үс	461	
118.	30	шынық	ет	77	

### Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті – 25сөз

119.	1	аспап	зт	476	<b>Өрнек:</b>  <b>Меншіктік мағына:</b> Біздің қонағымыз. Әжемнің бауырсағы.  <b>Қашан?</b> Сен қашан келдің? Ауылға қашан барамыз?  <b>Не (ні)?</b> <i>Асық (ты)</i> ойнаймын. <i>Өлең (ді)</i> жаттаймын.  <b>Қайдан?</b> <i>Қонақтан</i> келдім.  <b>Сөйлем құрылымы:</b> Ертегі өте қызық екен. Тақия өте әдемі.  <b>Шақтық мағына (осы іс-әрекет):</b> Атам төрде отыр. Үміт тақтада тұр.
120.	2	асық	зт	204	
121.	3	бауырсақ	зт	180	
122.	4	бәрі	ес	8 756	
123.	5	салқын	сн	352	
124.	6	жаңылтпаш	зт	259	
125.	7	қашан?	ес	1538	
126.	8	тақпақ	зт	207	
127.	9	бәйге	зт	367	
128.	10	аз	сн	2427	
129.	11	көже	зт	203	
130.	12	қонақ	зт	1 772	
131.	13	арқан	зт	322	
132.	14	кұрт	зт	174	
133.	15	күрес	ет	714	
134.	16	санамақ	зт	37	
135.	17	мақал	зт	454	
136.	18	мол	сн	1 508	
137.	19	өлең	зт	13532	
138.	20	өте	үс	5404	
139.	21	бата	зт	703	
140.	22	тақия	зт	90	
141.	23	төр	зт	675	
142.	24	әртүрлі	сн	3727	
143.	25	шапан	зт	238	

### Қоршаған орта – 24 сөз

144.	1	қарлығаш	зт	451	<b>Қайда?</b> <i>Орманда аңдар бар. Аспанда жұлдыздар бар.</i>
145.	2	аспан	зт	1 537	
146.	3	ауа райы	зт	34	
147.	4	бәйшешек	зт	76	
148.	5	ит	зт	1578	
149.	6	байқа	ет	3238	
150.	7	тоқта	ет	2008	
151.	8	жұлдыз	зт	1 028	
152.	9	жаз	зт	603	
153.	10	көбелек	зт	323	
154.	11	бағдаршам	зт	162	
155.	12	жаңбыр	зт	652	
156.	13	көктем	зт	1024	
157.	14	жау	ет	923	
158.	15	сары	сн	1132	
159.	16	құй	ет	762	
160.	17	аң	зт	918	
161.	18	торғай	зт	572	
162.	19	сындыр	ет	244	
163.	20	жапырақ	зт	827	
164.	21	қара	ет	11895	
165.	22	мысық	зт	1035	
166.	23	қыс	зт	611	
167.	24	күз	зт	1050	
<b>Саяхат – 21 сөз</b>					
168.	1	аялдама	зт	154	<b>Шактық мағына (өткен іс-әрекет):</b> <i>Біз шықтық. Олар шықты.</i>
169.	2	ерекше	үс	3361	
170.	3	жаяу	сн	427	
171.	4	жет	ет	8527	
172.	5	жолақы	зт	10	
173.	6	сапар	зт	413	
174.	7	зат	зт	1543	
175.	8	көне	сн	972	
176.	9	кеме	зт	875	
177.	10	қыдыр	ет	156	
178.	11	көл	зт	1505	
179.	12	теңге	зт	2283	
180.	13	саябақ	зт	307	
181.	14	шомыл	ет	160	
182.	15	серуен	зт	126	
183.	16	сияқты	шл	6 311	

**Көптік мағына:**  
*Құстар – біздің досымыз.  
Көбелектер әдемі.*

**Қашан?**  
*Көктемде күн жылы  
Жазда ауылға барасың ба?*

**Шақтық мағына  
(күнделікті іс-әрекет):**  
*Бәйшешек жинаймыз.*

**Не?**  
*Далада бәйшешек өседі.*

**Болымсыздық мағына:**  
*Қызыл бағдаршамға жүрме.  
Ағашты сындырма*

**Сұраулы сөйлем:**  
*Сендер саяхатқа шықтыңдар ма?  
Сендер саяхатқа немен бардыңдар?*

**Қалай?**  
*Саябаққа жаяу бардық.*

**Қанша?**  
*Саябақта көп кептер көрдім.*

184.	17	кептер	зт	74	
185.	18	төле	ет	1 382	
186.	19	жоғары	үс	5364	
187.	20	өйткені	шл	693	
188.	21	ұста	ет	3355	

**3-сыныпқа арналған лексикалық-грамматикалық минимумдар өрнегі**

<b>Жанды табиғат – 24 сөз</b>					
<b>№</b>	<b>№</b>	<b>Лексика (актив)</b>	<b>Т</b>	<b>Абсолютт і жиілік</b>	<b>Грамматикалық минимум</b>
1.	1	ара	т	6528	<b>Көмекші сөздер:</b> Түлкі: «Сәлем, Қасқыр!» – деді.
2.	2	құмырсқа	т	285	
3.	3	балық	т	1251	<b>Сөйлем құрылымы:</b> Ағаштың жапырағы жасыл.
4.	4	секір	т	929	
5.	5	түйе	т	1587	<b>Шақтық мағына (өткен іс-әрекет):</b> Күз келді. Көктем шықты.
6.	6	тауық	т	409	
7.	7	жәндік	т	264	<b>Шақтық мағына (күнделікті іс-әрекет):</b> Далада қызғалдақ өседі. Ағаш гүлдеді.
8.	8	қой	т	3976	
9.	9	үйрек	т	290	<b>Неге?</b> <i>Сиырға су бердік.</i>
10.	10	сиыр	т	864	
11.	11	көгершін	т	70	<b>Неде?</b> <i>Кемеді жолаушылар бар.</i>
12.	12	өс	т	4078	
13.	13	жылқы	т	1176	
14.	14	мекенде	т	145	
15.	15	құлын	т	339	
16.	16	қызғалдақ	т	95	
17.	17	төмен	үс	2483	

18.	18	бота	зт	209	
19.	19	қозы	зт	469	
20.	20	бұзау	зт	434	
21.	21	төл	зт	542	
22.	22	ұя	зт	695	
23.	23	ұш	ет	2019	
24.	24	лақ	зт	170	
<b>Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен – 26 сөз</b>					
25.	1	ақылды	сн	509	<p><b>Өрнек:</b></p> <p><b>Кімге?</b>  Мен – <i>маған</i>  Сен – <i>саған</i>  Ол <i>маған</i> кеңес берді.</p> <p><b>Болымсыздық мағына:</b>  Жалқау <i>болма</i>.  Сабакқа <i>кешікпе</i>.  Жаман сөз <i>айтпа</i>.  Қоқысты <i>тастама</i>.  Жалқау <i>болма</i>.</p> <p><b>Сөйлем құрылымы:</b>  Айжан – ұқыпты қыз.  Сен кімге ренжідің?  Мен ешкімге ренжімедім.</p> <p><b>Меншіктік мағына:</b>  <i>Өзім</i> жинаймын.  <i>Өзіме</i> керек.</p> <p><b>Қандай?</b>  Бұл сұрақ оңай.  Бұл жаттығу қиын.</p> <p><b>Модаль сөздер:</b>  – Бұл қызық мультфильм.  – <i>Рас</i> па?</p>
26.	2	апар	ет	1319	
27.	3	қауіп	зт	918	
28.	4	әрқашан	үс	552	
29.	5	таста	ет	279	
30.	6	бөліс	ет	552	
31.	7	ереже	зт	2596	
32.	8	ерке	сн	202	
33.	9	ешкім	ес	2378	
34.	10	жалқау	сн	144	
35.	11	жаман	сн	1459	
36.	12	тентек	сн	172	
37.	13	кешік	ет	503	
38.	14	көтер	ет	4913	
39.	15	қате	зт	515	
40.	16	мінез	зт	1059	
41.	17	қоқыс	зт	140	
42.	18	оңай	сн	1053	
43.	19	өз	ес	29594	
44.	20	ренжі	ет	452	
45.	21	қиын	сн	1702	
46.	22	сыпайы	сн	165	
47.	23	үлгілі	сн	191	
48.	24	ұқыпты	сн	271	
49.	25	шула	ет	244	
50.	26	рас	мд	1190	
<b>Уақыт – 18 сөз</b>					
51.	1	дейін	шл	12102	<p><b>Неше?</b>  Сағат <i>тоғыз</i>.  Сағат <i>он жарым</i>.</p>
52.	2	ерте	үс	1429	
53.	3	жарым	са	308	

54.	4	жиі	сн	1256	Сағат <i>он екі</i> . 8-ге 5 минут қалды 9-дан 10 минут кетті <b>Сөйлем құрылымы:</b> Түске <i>дейін</i> мектепке барамын. Түстен <i>кейін</i> үйірмеге барамын. <b>Қанша?</b> Жылдың <i>төрт</i> мезгілі бар. <b>Нешінші?</b> <i>Үшінші</i> сынып. <i>Алтыншы</i> қатар. <i>Екі мың он жетінші</i> жыл.	
55.	5	жыл	зт	30882		
56.	6	кейін	үс	2635		
57.	7	кет	ет	22105		
58.	8	күндіз	үс	450		
59.	9	қал	ет	16242		
60.	10	мезгіл	зт	939		
61.	11	мың	са	3667		
62.	12	сағат	зт	2331		
63.	13	таңертең	үс	686		
64.	14	тәулік	зт	369		
65.	15	кеш	зт	514		
66.	16	түн	зт	2109		
67.	17	уақыт	зт	6767		
68.	18	қолдан	ет	3403		
<b>Сәулет өнері – 20 сөз</b>						
69.	1	сәулет	зт	274		<b>Өрнек:</b>  <b>Көмекші сөздер:</b> Ғимараттың <i>ішінде</i> Мұнараның <i>жанында</i> Мектептің <i>алдында</i> Үйдің <i>артында</i>  <b>Неден?</b> Сарайды <i>кірпіштен</i> салады. Есікті <i>ағаштан</i> жасайды.  <b>Не қажет?</b> Құрылысқа <i>құм</i> қажет. Құрылысқа <i>шыны</i> қажет. Құрылысқа <i>кірпіш</i> қажет.  <b>Сөйлем құрылымы:</b> Күмбездің түсі <i>көк</i> . <b>Қандай?</b> <i>Сәнді</i> ғимарат.
70.	2	бәйтерек	зт	321		
71.	3	ғимарат	зт	1 935		
72.	4	қабат	зт	1132		
73.	5	ескі	сн	619		
74.	6	жаңа	сн	8617		
75.	7	киіз	зт	721		
76.	8	мұнара	зт	214		
77.	9	кір	ет	4762		
78.	10	қызғылт	сн	194		
79.	11	қабырға	зт	1048		
80.	12	құм	зт	586		
81.	13	құрылыс	зт	2868		
82.	14	сарай	зт	811		
83.	15	сырт	зт	1673		
84.	16	тас	зт	2367		
85.	17	темір	зт	2334		
86.	18	төбе	зт	1163		
87.	19	орналас	ет	1604		
88.	20	шыны	зт	279		



					<i>Биік мұнара.</i>
<b>Өнер – 30 сөз</b>					
89.	1	қу	сн	234	<b>Кім?</b> <i>Биіі билейді. Әниі сахнада ән айтады.</i>
90.	2	алтын	зт	2271	
91.	3	алқа	зт	140	
92.	4	бұйым	зт	811	<b>Не?</b> <i>Бұл – бұйым. Мынау – қобыз.</i>
93.	5	белгілі	сн	4524	
94.	6	би	зт	4084	
95.	7	бұрын	үс	3197	<b>Қандай?</b> <i>Зергерлік бұйымдар әдемі.</i>
96.	8	зергер	зт	175	
97.	9	іл	ет	1322	
98.	10	қимыл	зт	223	<b>Неден?</b> <i>Сырғаны күмістен жасайды.</i>
99.	11	кілем	зт	412	
100.	12	көрме	зт	1342	
101.	13	күй	зт	2126	<b>Нені?</b> <i>Кілемді тоқыды.</i>
102.	14	шебер	зт	756	
103.	15	күміс	зт	730	
104.	16	қобыз	зт	202	<b>Немен?</b> <i>Қобызбен күй тартады.</i>
105.	17	қолөнер	зт	298	
106.	18	қылқалам	зт	54	
107.	19	моншақ	зт	135	<b>Шақтық мағына (нақты осы іс-әрекет):</b> <i>Тоқып жатыр. Кілем тоқып жатыр. Әжем кілем тоқып жатыр.</i>
108.	20	ою	зт	1192	
109.	21	өнер	зт	4301	
110.	22	өрнек	зт	576	<b>Сөйлем құрылымы:</b> <i>Кілем әдемі. Өйткені оны әжем тоқыды.</i>
111.	23	сандық	зт	217	
112.	24	сахна	зт	853	
113.	25	баяу	зт	185	<b>Атақты тұлғалар – 26 сөз</b>
114.	26	сырға	зт	137	
115.	27	тері	зт	518	
116.	28	тоқы	ет	412	
117.	29	түсір	ет	2663	
118.	30	үн	зт	2109	
119.	1	ақын	зт	6361	<b>Кім?</b> <i>Жазушы кітап жазады. Аудармашы сөзді аударды.</i>
120.	2	аудар	ет	3174	
121.	3	әңгіме	зт	3876	
122.	4	балуан	зт	648	<b>Қандай?</b> <i>Абай – ұлы тұлға. Қ.Сәтбаев – білімді</i>
123.	5	батыр	зт	2600	
124.	6	білімді	сн	2081	
125.	7	ғалым	зт	6534	
126.	8	дара	сн	250	

127.	9	жұмыс	зт	13756	ғалым. Бекзат – әлемге <i>танымал</i> спортшы. <b>Шақтық мағына (күнделікті іс-әрекет):</b> Ұстаз балаларды <i>оқытады.</i> Жазушы кітап <i>жазады.</i> <b>Сөйлем құрылымы:</b> Жазушы үнемі жазады. Ғалым үнемі ойлайды. <b>Бұйыру сөздер:</b> Сен өлең <i>жатта.</i> Сен шығарманы <i>оқы.</i>
128.	10	жазушы	зт	2265	
129.	11	жеке	сн	7961	
130.	12	жаңалық	зт	1025	
131.	13	зертте	зт	9371	
132.	14	ірі	сн	2460	
133.	15	қарсы	үс	4597	
134.	16	өмір	зт	10465	
135.	17	танымал	сн	596	
136.	18	дарынды	сн	121	
137.	19	әлем	зт	3646	
138.	20	тұлға	зт	3543	
139.	21	тұңғыш	сн	1026	
140.	22	қалай	ес	5039	
141.	23	ұлы	сн	3695	
142.	24	ұстаз	зт	1833	
143.	25	бірақ	шл	14620	
144.	26	шығарма	зт	3478	
<b>Су – тіршілік көзі – 24 сөз</b>					
145.	1	өзен	зт	4644	<b>Қандай?</b> Өзеннің суы <i>тұщы.</i> Көлдің суы <i>салқын.</i> <b>Шақтық мағына (өткен іс-әрекет):</b> Біз <i>шөлдедік.</i> Олар <i>шөлдеді.</i> <b>Болымсыздық мағына:</b> Суды <i>төкпе.</i> Суды <i>үнемде.</i> <b>Сөздер тіркесі:</b> Терең көл. Әдемі жағажай. <b>Сөйлем құрылымы:</b> Судың дәмі жоқ. Судың иісі жоқ. <b>Қалау мәнді сөйлем:</b> Сусын ішкім келеді.
146.	2	айнала	зт	724	
147.	3	көлшік	зт	30	
148.	4	асты	зт	12	
149.	5	сусын	сн	219	
150.	6	әрине	мд	2393	
151.	7	бет	үс	6029	
152.	8	бу	зт	161	
153.	9	дәм	зт	472	
154.	10	жағажай	зт	18	
155.	11	иіс	зт	507	
156.	12	мұз	зт	612	
157.	13	қайна	ет	454	
158.	14	ақ	ет	256	
159.	15	үнемде	ет	212	
160.	16	лас	сн	101	
161.	17	құдық	зт	237	
162.	18	тамшы	зт	279	
163.	19	теңіз	зт	2242	
164.	20	терең	сн	1892	
165.	21	төк	ет	884	
166.	22	тұщы	сн	444	

167.	23	қат	ет	350	Сусын ішкім келмейді.
168.	24	шөлде	ет	115	
<b>Демалыс мәдениеті. Мерекелер – 20 сөз</b>					
169.	1	алаң	зт	1184	<b>Өрнек:</b>
170.	2	арала	ет	693	
171.	3	көңілді	сн	293	<b>Қимылдың бағыты:</b> Сен көрмеге бардың ба?
172.	4	өткіз	ет	4187	
173.	5	бірлік	зт	4009	<b>Шақтық мағына (өткен іс-әрекет):</b> Біз құттықтадық. Сендер құттықтадыңдар. Сіздер құттықтаңыздар. Олар құттықтады.
174.	6	бос	сн	969	
175.	7	думан	зт	137	
176.	8	күтім	ет	465	
177.	9	жеңіс	зт	1171	
178.	10	жоспар	зт	1273	
179.	11	көшет	зт	86	
180.	12	құттықта	ет	473	
181.	13	шеру	зт	144	
182.	14	қоштас	ет	138	
183.	15	мерекеле	ет	51	<b>Қайда?</b> Олар <i>саяжайда</i> демалды.
184.	16	мәлімет	зт	2266	
185.	17	саяжай	зт	88	<b>Сөйлем құрылымы:</b> Маған «Балапан» мультфильмі ұнайды.
186.	18	таныс	ет	1375	
187.	19	топ	зт	5941	
188.	20	шипажай	зт	40	
<b>Септеулік шылаулар:</b> Мерекеден <i>кейін</i> үйге барамын. Сабақтаң <i>соң</i> ойнаймын.					

**4-сыныпқа арналған лексикалық минимумдар өрнегі**

<b>Менің Отаным – Қазақстан – 32 сөз</b>					
№	№	Лексика (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
1.	1	аймақ	зт	2735	<b>Қандай?</b> Бағдаршамның түсі <i>қызыл, сары, жасыл</i> . Тудың түсі <i>көк</i> .
2.	2	аудан	зт	3405	
3.	3	ұлт	зт	6005	
4.	4	барыс	зт	2481	
5.	5	батыс	зт	2104	<b>Біріккен сөз (екі сөзден жасалады):</b> <i>Ел+таңба, қонақ+жай</i> .
6.	6	бейнеле	ет	451	
7.	7	елбасы	зт	1159	
8.	8	елтаңба	зт	119	

9.	9	еркін	сн	1250	<b>Неде?</b> <i>Елтаңбада шаңырақтың суреті бар.</i>	
10.	10	міне	ес	2849		
11.	11	көк	сн	1461		
12.	12	қыран	зт	421		
13.	13	мақтан	ет	440		
14.	14	мәңгі	үс	462		
15.	15	мемлекет	зт	8993		
16.	16	оңтүстік	зт	1026		
17.	17	жинал	зт	1266		
18.	18	орталық	зт	4772		
19.	19	орын	зт	1892		
20.	20	рәміз	зт	104		
21.	21	солтүстік	зт	1698		
22.	22	сүр	ет	1574		
23.	23	таны	ет	1908		
24.	24	анау	ес	577		
25.	25	тәуелсіз	сн	2232		
26.	26	күзет	ет	329		
27.	27	ту	зт	474		
28.	28	ұлан	зт	175		
29.	29	халық	зт	16505		
30.	30	шаңырақ	зт	561		
31.	31	шегара	зт	1098		
32.	32	шығыс	зт	1711		
<b>Адами құндылықтар – 36 сөз</b>						
33.	1	адал	сн	1566		<b>Өрнек:</b>  <b>Меншіктік мағына:</b> Біздің мақсатымыз. Сендердің мақсаттарың. Сіздердің мақсаттарыңыз. Олардың мақсаты.
34.	2	азамат	зт	3651		
35.	3	алғашқы	сн	1784		
36.	4	атамекен	зт	1119		
37.	5	сабырлы	сн	85		
38.	6	әдет	зт	722		
39.	7	баспана	зт	279		
40.	8	борыш	зт	376		
41.	9	достық	зт	893		
42.	10	ыстық	сн	805		
43.	11	жауапты	сн	660		
44.	12	жомарт	сн	523		
45.	13	еңбекқор	сн	96		
46.	14	шындық	зт	1516		
47.	15	көрікті	сн	192		
48.	16	қарапайым	сн	1433		

**Неде?**

*Елтаңбада шаңырақтың суреті бар.*

**Ілік септік + тәуелдік жалғауының III жағы:**  
Қазақстанның азаматы  
Қазақстанның теңгесі

**Қалай?**

Қазақ елі *бірлікте* өмір сүреді.

**Хабарлы сөйлем:**

Қазақстанның аумағы үлкен.

**Сұраулы сөйлем:**

Тудың түсі көк пе?

**Өрнек:**

**Меншіктік мағына:**

Біздің мақсатымыз.  
Сендердің мақсаттарың.  
Сіздердің мақсаттарыңыз.  
Олардың мақсаты.

**Қандай?**

*Қонақжай* халық.  
*Ақылды* бала.  
*Адал* дос.

**Хабарлы сөйлем:**

Менің туысқаным –  
қарапайым адам.  
Мен досымнан ұялдым.

49.	17	қарт	зт	748
50.	18	қасиет	зт	2981
51.	19	таныстыр	ет	1044
52.	20	осындай	сн	3292
53.	21	құрмет	зт	1260
54.	22	мақсат	зт	6876
55.	23	мейірімді	сн	226
56.	24	міндет	зт	3536
57.	25	ойымша	үс	69
58.	26	пікір	зт	3214
59.	27	рет	зт	5304
60.	28	себебі	шл	816
61.	29	орта	ес	5646
62.	30	сыйлы	сн	128
63.	31	шыдам	зт	109
64.	32	тірек	зт	663
65.	33	туысқан	зт	177
66.	34	уәде	зт	454
67.	35	ұмыт	ет	1607
68.	36	ұял	ет	521

**Кімді?**

Еңбекқорадамды  
құрметтеймін.

**Сөйлем құрылымы:**

Жақсы оқуым керек, себебі  
ол менің борышым.  
Менің ойымша, достар адал  
болуы керек.

**Мәдени мұра – 24 сөз**

69.	1	айтыс	зт	299
70.	2	баспа	зт	514
71.	3	саз	зт	489
72.	4	ғасыр	зт	4919
73.	5	қасы	ке	1502
74.	6	сәнді	зт	181
75.	7	жетіген	зт	49
76.	8	жыр	зт	1725
77.	9	мәдениет	зт	3782
78.	10	кесене	зт	173
79.	11	қолжазба	зт	273
80.	12	құмыра	зт	183
81.	13	қымбат	сн	886
82.	14	маңызды	сн	2925
83.	15	текемет	зт	63
84.	16	қоржын	зт	284
85.	17	мұра	зт	1338
86.	18	ескерткіш	зт	827
87.	19	таңғал	ет	366
88.	20	тап	ет	6204

**Нені?**

Кесенеден құмыраны көрдім.

**Неден?**

Құмыра *мыстан* жасалған.  
*Жырдан* үзінді жаттаймыз.

**Ілік септік + тәуелдік  
жалғауының III жағы:**

Абайдың қолжазбасы.  
Қазақтың мәдениеті.

**Шақтық мағына  
(өткен іс-әрекет):**

Біз мұнараға *бардық*.  
Сендер мұнараға *бардыңдар*.  
Сіздер мұнараға  
*бардыңыздар*.  
Олар мұнараға *барды*.

89.	21	тиын	зт	273		
90.	22	құжат	зт	4907		
91.	23	мыс	зт	551		
92.	24	туралы	шл	8011		
<b>Мамандықтар әлемі – 28 сөз</b>						
93.	1	аспаз	зт	123	<b>Жіктік жалғау:</b> Біз суретшіміз. Сендер тілшісіңдер. Сіздер сатушысыздар. Олар жүргізушілер.	
94.	2	осы	ес	25995		
95.	3	болашақ	зт	2438		
96.	4	даяшы	зт	40		
97.	5	диқан	зт	77		
98.	6	есепте	ет	1406		
99.	7	есепші	зт	14		
100.	8	жүргізуші	зт	643		
101.	9	қи	ет	253		
102.	10	құрылысшы	зт	123		
103.	11	қызмет	зт	11732	<b>Қосымшалар:</b> -шы, -ші суретші тілші аудармашы жазушы  <b>Қосымша:</b> - гер заңгер дәрігер қаржыгер  <b>Сөйлем құрылымы:</b> Аспаз ас әзірлейді. Сатушы киім сатады. Наубайшы нан пісіреді.	
104.	12	әнші	зт	755		
105.	13	ек	ет	471		
106.	14	мамандық	зт	1319		
107.	15	наубайшы	зт	7		
108.	16	сазгер	зт	144		
109.	17	сат	ет	6132		
110.	18	сатушы	зт	232		
111.	19	сәңгер	зт	9		
112.	20	таңда	ет	1803		
113.	21	тігуші	зт	5	<b>Шақтық мағына (келер шақ):</b> Мен заңгер <i>боламын</i> . Сен суретші <i>боласың</i> . Сіз мұғалім <i>боласыз</i> . Ол құрылысшы <i>болады</i> .	
114.	22	тік	ет	527		
115.	23	тілші	зт	160		
116.	24	түр	зт	9399		
117.	25	биші	зт	109		
118.	26	ұста	зт	282		
119.	27	ұшқыш	зт	215		
120.	28	шаштараз	зт	52		
<b>Табиғат құбылыстары – 40 сөз</b>						
121.	1	абайла	ет	144		<b>Шақтық мағына (өткен іс-әрекет):</b> Жел <i>соқты</i> . Жаңбыр <i>жауды</i> . Кемпірқосақ <i>шықты</i> .
122.	2	аққала	зт	120		
123.	3	гүлде	ет	95		
124.	4	ашық	сн	1889		
125.	5	аяз	зт	611		

126.	6	биыл	үс	655	<b>Жалғаулардың орын тәртібі:</b> <i>Түбір+көптік</i> <i>жалғау+тәуелдік</i> <i>жалғау</i> Табиғат <i>анат+тар+ы</i> .  <b>Шақтық мағына (келер шақ):</b> <i>Су ағады.</i> <i>Мүз ериді.</i>  <b>Болымсыз мағына:</b> <i>Мен қорықпаймын.</i> <i>Ол тоңбайды.</i>  <b>Мезгіл үстеу:</b> <i>Былыр қыс жылы болды.</i> <i>Биыл қыс жылы болады.</i>	
127.	7	боран	зт	419		
128.	8	ауыс	ет	770		
129.	9	бұлт	зт	481		
130.	10	бұршақ	зт	198		
131.	11	былтыр	үс	628		
132.	12	дауыл	зт	242		
133.	13	еру	ет	623		
134.	14	қаш	ет	1231		
135.	15	жаңбырлы	сн	26		
136.	16	жел	зт	820		
137.	17	кемпірқосақ	зт	98		
138.	18	күркіре	ет	252		
139.	19	қатты	сн	2995		
140.	20	қолайлы	сн	615		
141.	21	қолшатыр	зт	31		
142.	22	қорық	ет	604		
143.	23	құла	ет	211		
144.	24	құлақшын	зт	47		
145.	25	құрғақ	сн	243		
146.	26	құтқар	ет	610		
147.	27	қоңыр	сн	693		
148.	28	найзағай	зт	208		
149.	29	өрт	зт	448		
150.	30	сарғай	ет	107		
151.	31	сәуле	зт	657		
152.	32	тағы	шл	6215		
153.	33	жайсыз	сн	45		
154.	34	сөндір	ет	103		
155.	35	тайғақ	сн	63		
156.	36	қайта	үс	4920		
157.	37	тоң	ет	176		
158.	38	тұман	зт	22		
159.	39	шана	зт	177		
160.	40	шаңғы	зт	186		
<b>Қоршаған ортаны қорғау – 36 сөз</b>						
161.	1	азаю	ет	694		<b>Көптік мағына:</b> <i>Қазақстанда қорықтар бар.</i> <i>Орманда теректер,</i> <i>қайыңдар өседі.</i>
162.	2	киік	зт	284		
163.	3	артық	сн	1881		
164.	4	ая	ет	787		
165.	5	тамыр	зт	828		

166.	6	бұтақ	зт	536	<p><b>Қайда?</b> Гүлзарда қызғалдақ, раушан гүлдері өседі.</p> <p><b>Неге?</b> Ара гүлге қонды.</p> <p><b>Қандай?</b> Қызыл қалампыр. Ақ раушангүл. Сары жапырақ.</p> <p><b>Сөйлем құрылымы:</b> Сіздер гүл тересіздер. Олар құсқа дән береді.</p>
167.	7	гүлзар	зт	33	
168.	8	дән	зт	1739	
169.	9	емен	зт	138	
170.	10	жақ	ет	656	
171.	11	жойыл	ет	515	
172.	12	жылан	зт	717	
173.	13	ін	зт	319	
174.	14	бағала	ет	4586	
175.	15	көгал	зт	46	
176.	16	қайың	зт	188	
177.	17	жусан	зт	115	
178.	18	бозторғай	зт	62	
179.	19	қоректен	ет	194	
180.	20	қорық	зт	168	
181.	21	маса	зт	234	
182.	22	мұхит	зт	568	
183.	23	өрмекші	зт	114	
184.	24	немқұрайды	үс	46	
185.	25	раушангүл	зт	5	
186.	26	сексеуіл	зт	50	
187.	27	сирек	сн	470	
188.	28	тер	ет	156	
189.	29	терек	зт	235	
190.	30	тоғай	зт	326	
191.	31	марал	зт	30	
192.	32	түгін	зт	318	
193.	33	тышқан	зт	3	
194.	34	қорға	ет	3787	
195.	35	шөл	зт	409	
196.	36	аяла	ет	153	
<b>Ғарышқа саяхат – 31 сөз</b>					
197.	1	айлақ	зт	67	<p><b>Қосымша: -кер</b> Ол –ғарышкер.</p> <p><b>Немен?</b> Ол зымыранмен ұшты.</p> <p><b>Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі:</b> Бастауыш+баяндауыш.</p>
198.	2	арнайы	үс	2219	
199.	3	айнал	ет	6002	
200.	4	әуе	зт	426	
201.	5	жарқыра	ет	428	
202.	6	батыл	сн	477	
203.	7	ғаламшар	зт	306	
204.	8	ғарыш	зт	773	
205.	9	ғарышкер	зт	95	



206.	10	ғылым	зт	3739	Зымыран ұшты. Тікұшақ ұшты.  <b>Септеулік шылау:</b> Ғарышқа ұшқан <i>соң</i> , аспан құпияларын білдім.	
207.	11	дөңгелек	сн	518		
208.	12	тар	сн	441		
209.	13	жымыңда	ет	45		
210.	14	жоғал	ет	682		
211.	15	зымыран	зт	99		
212.	16	ізде	ет	2409		
213.	17	үркер	зт	50		
214.	18	кеңістік	зт	867		
215.	19	тозаң	зт	42		
216.	20	құпия	зт	888		
217.	21	марапат	зт	62		
218.	22	мәзір	зт	62		
219.	23	орал	ет	2160		
220.	24	ұқсас	сн	673		
221.	25	салмақ	зт	662		
222.	26	серік	зт	591		
223.	27	сынақ	зт	312		
224.	28	түзу	сн	319		
225.	29	алыс	сн	698		
226.	30	жақын	сн	2073		
227.	31	шақырым	зт	351		
<b>Болашаққа саяхат – 29 сөз</b>						
228.	1	ақпарат	зт	3514		<b>Сұраулы сөйлем:</b> Сенің арманың бар ма?  <b>Тұйық етістік (-у) + модаль сөз (қажет):</b> <i>Алға ұмтыл+у қажет.</i>  <b>Қалау, тілек мағына:</b> <i>ет.түбір+гі+м келеді</i> <i>Қазақ тілін меңгер+гі+м келеді.</i>  <b>Белгісіздік мағына:</b> <i>Бірнеше тілді меңгеру.</i>
229.	2	ақта	ет	504		
230.	3	алға	үс	2755		
231.	4	арман	зт	1520		
232.	5	атқар	ет	3368		
233.	6	әсіресе	үс	2002		
234.	7	бірнеше	ес	1953		
235.	8	даму	ет	6059		
236.	9	ақырын	үс	310		
237.	10	жақында	ет	1025		
238.	11	көпір	зт	292		
239.	12	заман	зт	3318		
240.	13	келесі	сн	844		
241.	14	күнтізбе	зт	122		
242.	15	озық	сн	396		
243.	16	өзге	сн	2802		
244.	17	қатыс	ет	8733		
245.	18	меңгер	ет	1400		

246.	19	ойлас	ет	127
247.	20	пән	зт	933
248.	21	сенім	зт	1275
249.	22	сұйық	сн	632
250.	23	шарша	ет	547
251.	24	үлгер	ет	594
252.	25	үміт	зт	1179
253.	26	кезінде	үс	3296
254.	27	шетел	зт	957
255.	28	шешім	зт	2315
256.	29	өзгер	ет	3481

Бұл лексикалық-грамматикалық минимумдар тізбесі ендігі жазылатын оқу-кешендерінің құрылымына, мектеп мұғалімдерінің дайындайтын оқу сөздігіне енгізілуі тиіс.

Кез келген ғылым мен практиканың сабақтастығы бір қалыпта қалмайтыны үнемі дамып отыратындығы белгілі жайт. Осы тұрғыдан алғанда соңғы уақытта қазақ тілін ана тілі ретінде, шет тілі ретінде, туыс тіл ретінде және екінші тіл ретінде оқытуға байланысты тілді оқыту әдістемесі ілгері дамыды, өсті, оны меңгерудің коммуникативті бағыттағы стратегиясы мен тактикасы анықтала түсті.

Мұндай жаңа ізденістер – мемлекеттік тілді оқытудағы бұрынғы дәстүрлі әдістемеден елеулі айырмашылығы бар, заманауи әдістемелерге толы екендігі байқалады.

Егер нақтырақ айтсақ, қазақ тілін екінші және шет тілі ретінде оқытудың жалпы әдістемесі, тілді үйренушінің танымдық белсенділігін арттыратын шешу жолдары, деңгейлік оқыту, тілді меңгертуге коммуникативтік және әлеуметтік мәдени міндеттерді практикалық мақсатта, тілді оқыту ұстанымдары мен амал-тәсілдері, бақылау формаларын ғылыми және әдістемелік жағынан көрсеткен деп айтуға болады.

Осы ретте отандық әдіскер ғалымдардың еңбектерінен ана тілімізді өзге тілді дәрісханаларда оқыту жағдайына қатысты жазылған ғылыми-әдістемелік еңбектердегі тілді оқыту сапасын арттыру мәселесіне байланысты нақты ұстанымдарынан өрнектер беруге болатындығы анықталды.

Бүгінгі заман сұранысына сәйкес теориялық еңбектер, оқулықтар, оқу құралдары, бағдарламалар мен сөздіктер және монографиялар жарық көрді. Соның ішінде ерекше атап өтетін деңгейлік оқытуға арналған оқу-кешендері қатарында «Қазақ тілі» оқу құралы. – Алматы: «Нұр-Принт-75» баспасы, 2007, оқу орыс тілінде жүретін жалпы білім беретін мектептің 5-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешені. – Астана: «Ел-Рун» баспасы, 2010; «Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге жеделдете деңгейлік оқыту» оқу-кешені. – Астана, 2007.

Бұл оқу-кешендерінің негізгі мазмұны және оқыту бағыты қазақ тілін деңгейлік (А<sub>1</sub>-В<sub>1</sub>) оқыту, осы деңгейлерге сәйкес іріктелген лексикалық-грамматикалық нысандарды меңгерту мақсаты көзделген.

Осы орайда ресми-іскери қазақ тілі оқулығын жазған авторлар ұжымының мол тәжірибесі мен жылдар бойғы еңбегінің жемісі екендігін атап өтуге болады [17, 408].

Оқулық - қазақ мемлекеттік құрылымдар мамандарының тілді білуі олардың кәсіби білімі, білігі мен дағдысын қалыптастыру талаптарына сай жазылған тілін ресми қарым-қатынас тілі ретінде үйренуіне үлес салмағы бар еңбек.

Атап айтатын тұсы, оқулықтың мазмұны мен ондағы оқу материалдарын деңгейлік оқыту әдісіне негізделгенін, әр деңгей үшін негізгі тақырыптар нақтыланып, әр деңгейге берілген лексикалық-грамматикалық, фонетикалық минимумдар келесі деңгейлерде қайталанып және күрделеніп отырады. Сондай-ақ бұл тақырыптар сөйлеу әрекетінің төрт түріне кешенді түрде өзара байланыстағы тапсырмаларды қамтып, ресми тілде ауызша және жазбаша сөйлеуін орнықтыру, коммуникативтік дағдысын қалыптастыруды жүзеге асыру мақсатында топтастырылған.

Оқулық құрылымына енген негізгі тақырыптар мен тапсырмалар мынадай жүйемен берілген: 1) тақырып бойынша оқу ақпараты лексикалық-грамматикалық, фонетикалық минимум көлемінде айқындалған; 2) мәтіннің негізінде жаңа сөздер мен оның тіркестерінің тіркесімділігі, синонимдік қатарлары және оларды меңгертуге қатысты жаттығулар көрсетілген; 3) тақырыптардың негізгі мазмұнының ашылуына негізделген сұхбаттар үлгілері топтастырылған; 4) әрбір мәтінге грамматикалық түсініктемелер беріліп, дағдыландыру тапсырмалары ұсынылған; 5) әр тақырып аясында ресми құжаттардың үлгілері, оның қысқаша сипаттамасы берілген.

Оқулықтың құндылығын сипаттай отырып, ондағы негізгі дидактикалық ұстанымға сүйенген «қарапайымнан күрделіге дейін», «тіл үйренушінің танымын белсендіру», «оқу материалдарының функционалдық қажеттілігі» сияқты негізгі бағдарды ерекше атауға болады. Оқулық - ресми - іскери қарым-қатынас тілін үйрету және меңгерту бағытындағы алғашқы және қолданысқа ие коммуникативтік типтегі еңбек.

Тағы да бір назар аударуға тиіс еңбек - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес бекітілген терминдер жинағы. Жинақ тіл мамандары мен терминология мәселелерін зерттеген ғалымдардың қомақты еңбегі «Бекітілген терминдер жинағы» деп аталады.

Бұл еңбек - еліміздің егемендігін алып, дербес мемлекет атанған кезінен бастап, қазақ тілінің терминдерін жасау, оны үйлестіру және бірізге түсіру мақсатында нақты сұранысқа ие болған көлемді жұмыс.

Жинақ құрылымын қамтитын терминдер мен атауларды тіл мамандары, осы мәселеге қатысты ізденіп жүрген жас ғалымдар, мектептерде оқу сөздіктерін жазатын практик мұғалімдер мен әдіскерлердің бүгінгі күні, алдағы

уақытта ғылыми мақсатта өте пайдалы еңбек деген қорытынды жасауға болады [18, 384].

Ерекше атап өтуге тұрарлық, аса қажетті еңбек профессор З.С. Күзекованың «Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы» деген оқу құралын қазақ тілін өзге тілді дәрісханаларда оқытуға байланысты деңгейлік оқулықтарды жазу процесінде пайдалануға болады. Себебі бұл еңбекте қазақ тілінің синтаксистік құрылымы функционалдық тұрғыда қарастырылады. Осы мәселеге қатысты ғалымның «Функционалды синтаксис негіздерін түсіну – қазақ тілін үйренушілерді коммуникативтік негізде оқытуға әкеледі, ал функционалды синтаксис негіздерін меңгеру және түсіну тілді оқытып үйретудің де жүйелілігін қалыптастырады» деген ойымен келісуге болады [19, 180].

Олай дейтініміз, тіл жүйесіндегі синтаксистік құрылымды тілді үйрету барысында жүйелі өрнекте ұсыну оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін қалыптастырады. Бұл мәселеде шетел ғалымдарының пікірі де осы айтылған ойға сәйкес келеді.

Сондай-ақ ғалым «Біз оқушыларға тіл жүйесінің әрбір деңгейін, қабатын (фонетикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, лексикалық және т.б.) бірізділікпен таныстырамыз, ал функционалды грамматиканы тілдік бірліктерді қатысым үшін таңдауда пайдаланамыз және функционалды синтаксис негіздерін түсіну – қазақ тілін үйренушілерді коммуникативтік негізде оқытуға әкеледі» деп ойын түйіндейді.

Аталған оқу құралынан өрнек беріп, мектеп мұғалімдерінің назарына ұсынуды жөн көрдік. Мысалы, жай сөйлем синтаксисіне қатысты бастауыш пен баяндауыштық екі құрамды сөйлемді түсіндіру өрнегі арқылы, яғни: атау септігінде тұрған бастауыш субъектінің нақты орындау іс-әрекетін (Балалар ойнайды), оның қалып-күйін (Әпкем ұйықтап жатыр) немесе сипатын білдіретін (Ол – ақылды, ол дәрігер болады) деген мағынада грамматикалық өрнек түрінде (ережені беру міндетті емес) үйрету өте маңызды және тиімді. Осы мақсатты орындау үшін сөйлемнің баяндауышы:

- субъектінің іс-әрекеті (Оқушы оқиды);
- субъектінің біліктілігін (Әкем-жұмысшы);
- субъектінің әрекеті кезеңін (Пікірталас жалғасады);
- модальдық қатысым (Менің оқығым келеді) және т.б үлгіде

берілген. Бұл еңбек қазақ тілін оқыту және меңгерту үдерісінде тиімді қолданылуы керек деген ойдамыз.

Республикалық орталық баспаларда жарық көрген мақалалардың көпшілігінде әлемдегі елдердің екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілді оқытудағы озық өрнектерді ұсыну, психология, элеуметтіклингвистика ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, тиянақты түрде талдау, нақты деректерден үлгі ұсыну жоқтың қасы, бірақ елімізде үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын тілдері) оқытуды құптайтындығын білдіреді.

Бұл мәселеге қатысты көптеген мақалалар мазмұндас және біртектес. Орал қаласы, № 47 орта білім беретін физика-математика пәні мұғалімі Г.Н. Қойшыбаева «Үштұғырлы тіл – бәсекеге қабілетті ұлт болудың игі

бастамасы» деген мақаласында көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілділікті қалыптастыру, ол үшін отандық ғылымдағы азды-көпті тәжірибені жинақтап, әлемдік деңгейдегі стандарттарды зерттеу және бәсекеге қабілетті ұрпақтың болашағы жайлы сөз қозғайды. Сондай-ақ барлық кезеңдерде де жана реформаны жүзеге асыру үлкен қиындықпен келетінін тілге тиек етеді.

Мақала авторы көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілділікті орнықтыру мәселесіне байланысты тілдерді меңгерудің отандық және әлемдік тәжірибелерін жинақтап, бәсекеге қабілетті ұрпақтың қалыптасу жайында сөз қозғайды.

Сондай-ақ ол тілді сапалы оқыту үшін әр түрлі салаларды қамтитын ғылым мен техника мамандары қолданатын терминдер сөздіктерін ана тілінде және ағылшын тілінде жасау керектігі жөнінде пікірін білдірген.

Қазақстандағы негізгі орталық басылымдарда «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасына қатысты оң пікірлерге де, кері пікірлерге де толы жарияланған мақалаларды кездестіруге және бұл мақалаларда ел тарихында болып жатқан жаңалықтар мен ресми құжаттардан хабардар екендіктерін байқауға болады. Онда ағылшын тілінің әлемдік кеңістіктегі өзіндік рөлін, оның еліміз үшін болашақтағы маңызы жөнінде, сондай-ақ халықаралық қатынас тілі болып отырған ағылшын тіліне деген қажеттіліктің туып отырғанын атап көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды – үштілді меңгеру заман талабына айналып отырған мүмкіндік екендігін, көптілділікке ұмтылу, елдің рухани құндылықтарын барша жұртқа насихаттап, төл мәдениетіміз бен тарихымызды әлемге танытып, жаһандық деңгейдегі даму үрдісі болып табылатынын тілге тиек еткен.

Сонымен бірге жеке тұлғалардың, қоғам қайраткерлері мен ресми мекемелердің атынан жарияланған мақалаларда бір бағыттағы оңды пікірлері де көрініс тапқан. Ондағы негізі ой - еліміздің мемлекеттік тілінің тұғырын бекемдеп, орыс тілінің дамуына қолдау білдіріп, алдағы кезеңдерде ағылшын тілін меңгеру мақсаты баяндалады.

«Үштұғырлы тіл» мәдени жобасы жарияланғаннан бері үштілділік тұлғаны қалыптастыру мәселесіне орай ана тіліміз бен мәдениетіміздің дамуына нұқсан келеді деген күмәнді пікірлер де аз емес және бұл ой негізсіз деуге де келмейді. Алайда басқа елдер тәжірибесіне сүйеніп, қазіргі заман талабына орай нақты шешім қабылдап, ол үшін көптеген елдердің моделіне назар аударып, ғылыми еңбектерді негізге алып, талдаулар жасауға болады.

Мысалы, француздар ХХІ ғасырдың оныншы жылдарына дейін ағылшын тілін еркін қолданысқа енгізуге қарсы болғанын түрлі ақпараттардан білеміз, ал 2013 жылы француз мектептерінде ағылшын тілі міндетті пән ретінде енгізіле бастаған. Мұндай мысалдар өте көп. Көптеген елдердің үшінші тілді, яғни ағылшын тілін оқу үдерісіне енгізудегі негізгі шешім, ол – ғылым мен техника, мәдениет жайлы ақпарат тасқынынан хабардар болу, әлемдегі бәсекеге қабілеттілік.

Ал әр ұлттың ана тілі – басқа тілдерге шығатын негізгі алтын көпір. Оған себеп: қазақ тілі ұлттық әдеби тіл деңгейінде дамыған, жетілген тіл ретінде әлемдік тілдерден еш қалыспайды, ол – бай тіл.

«Үштілділік» деген ұғым – тілдік тұлғаның бірнеше тілді еркін меңгеруі, сол мемлекетте тұратын тұрғылықты халықтың қоғамдағы қарым-қатынасқа түсе алатындай, белгілі бір жағдаятқа байланысты үш тілді ұтымды және жеке-жеке қолдана білу құбылысы.

Жаһандану заманында көптеген дамыған елдермен өзара қарым-қатынас құру үшін бүгінгі заманғы жастар үш тілді қатар меңгерсе, бәсекеге қабілетті болуымен бірге тілдік коммуникацияға түсе алатын, сол арқылы халықаралық қатынас тілі болып отырған ағылшын тілінде кез келген мәселені шеше алатынына көз жеткізуге болады.

### ***Түйін:***

Ғылым мен білім, тілдерді оқыту әдістемесі үнемі өзгерістер мен жаңалықтарға толы болатыны белгілі. ХХІ ғасырдың басынан бері жаңа технологияларға негізделген деңгейлік оқу-кешендері жарық көруде.

Ендігі талап – «Жиілік сөздік» құрылымында қарастырылған сөздік қордан оқытудың теориялық және әдістемелік ұстанымдарына сүйене отырып, жаңа бейтарап лексиканы тақырыппен байланыстыра іріктеп, жаңа бағыттағы оқулықтар мен оқу сөздіктерін жасау алдағы уақытта кезек күттірмейтін шаруа екендігін барлық оқу-кешендерін жазатын авторлар естен шығармауы керек.

## **1.3 Үш тілде білім беру – үш мәдениет тоғысы, үштілділингва және инновация**

Біздің әлем көптілді: адамдар бір-бірімен өзара қарым-қатынасқа түсу үшін бірнеше тілді меңгеріп, өзін-өзі әлеуметтік жағынан да, кәсіби жағынан да дамуға, саналы тұрғыда жетілуге қабілетті тұлға болып қалыптасуы мен танымы мол деңгейге жетудің биік талаптарына сай болуы тиіс. Осы ретте ресей ғалымдары «Бір мезгілде қанша тілді үйретуге болады?» деген сұраққа мынандай болжам айтады: мектептегі үйретілетін тіл ойын түрінде оқытылса, бұл – тиімді тәсіл, ал екі не үш тілді бір мезгілде оқытуға болады.

Қазақстандағы қостілділік пен көптілділік мәселесі кең ауқымда талқылануда. Осы өзекті мәселенің бас кейіпкері - бүгінгі оқушы, ертеңгі тілдік тұлға. Олай болса, олардың әлемдік кеңістікте өзін еркін сезініп, қоршаған ортада өзіндік салмағы бар екендігін, кез келген тілде қарым-қатынас құруға дайын екендігін психологиялық тұрғыда сезінуі қажет.

Ал ХХІ ғасырдың басынан бері елімізде оқушылардың мемлекеттік тұрғыда толық білім алуына, тілдерді үйренуіне мүмкіндік туып отырған тұста, отбасындағы ата-ананың да көмегі аса қажет. Оған себеп – бүгінге дейін отбасындағы көптілділік мәселесіне қатысты зерттеулердің, тәжірибе бөлісу ретінде жазылған еңбектердің аздығы байқалады.

Бұл тұрғыда біздің жас аналарымыз өз тәжірибесімен бөлісіп, сұранысқа ие кітаптар жазады деген үміт бар екендігін айта кетуді жөн көрдік.

«Балалық шақтағы көптілділік» атты монографияның авторы Е.Ю. Протасова мен Н.М. Родина Ресейде тілдерді үйрену жағдаятының үлкен

өзгерістерге ие екендігі, оны оқытып және меңгерту жауапкершілігінің алдымен мұғалімге, одан соң ғалымдар мен практиктердің оқу материалдарын, мәтіндерді дайындауы қажет екендігін сөз етеді. Олар осындай өзекті мәселелерді шешу жолдарын сипаттай келіп, осы еңбектерінде әртүрлі тілде сөйлейтін ата-аналардың баласының болашағын қамтамасыз ету үшін ана тілінің негізін қалап, қалған тілдерді толық меңгеріп шығуына көмектескенде ғана үлкен жетістіктерге жететіндігін ғылыми тұрғыда дәлелдеуге әрекет жасаған.

Осы тұста бізге ғалымдардың мына пікірі үлкен ой салады: «Тілдердің дамуын қолдамасақ, онда тіл өледі және жоғалтып алуға болады, олар жеткілікті түрде дамуы қажет» .

Елден кеткен эмигранттардың көпшілігі өзінің ана тілінде баласының еркін сөйлеуін, ұмытпауын отбасының негізгі ұстанымы тұрғысында қарайтынын және өзі тұрып жатқан елді де құрметтейтінін, сол тілде де еркін сөйлеуге ұмтылытынын тілге тиек етеді. Әсіресе, Қазақстандағы қазақ ұлтының ұл-қыздары мен ата-аналары осы өрнектен үлгі алуға тиіс деп санаймыз.

Монографиядағы ғылыми негізделген түйін: екінші тілге үйрету бала мен үлкендердің бірліктегі әрекетіне байланысты (бала – мұғалім – ата-ана) болмақ [20, 5].

Авторлар осы еңбекті жазу барысында өздерінің алдыға қойған негізгі мақсатын, яғни оқытудың түрлі амалдарын түсіндіруге, тұлғаны тәрбиелеу мен тілдерді оқыту үдерісінде тәрбиеші мен мұғалімнің және ата-ананың бірлігінде ғана жүзеге асатынын айта отырып, нәтижеге қол жеткізудің ұстанымдары мен әдістерін ұсынған.

Бұл кітапта отбасындағы көптілділік пен тәрбие мәселесі жан-жақты талқыланған. Педагог өзінің отбасындағы тілді үйренудегі кейбір қиыншылықтарын сипаттай отырып, балаларының екінші және үшінші тілдерді меңгерудегі жетістіктерін баяндайды.

Сонымен бірге автор аталмыш кітапта көптілділік тәрбие керектігі және қажет болса, көптілді балалардың ата-аналарының кеңесіне жүгінуін және осы бағыттағы бірқатар өзекті сұрақтардың жауабын табуға болатыны туралы өзіндік ой-пікірімен бөліседі.

Осы кітаптың авторы мынадай нақты ұсынысымен де бөліскен. Мысалы, түрлі мәселелерді шешу мақсатында ата-аналар кеңесін құрып немесе Интернет-форумдар өткізудің қажеттігін алға тартқаны өте ұтымды ой екеніне түбегейлі келісуге болады.

Сондай-ақ аналарды қызықтыратын негізгі әңгіме тақырыбынан (топиктер) бастау алып, ұжым болып өзекті мәселені талқылап, нәтижесін практикада қолдануға болатынын айтады.

Осындай өзекті мәселенің шешімін тапқан аналардың өздері «Қараңғыда жол табу» атты кітап жазып, онда көптілді отбасындағы тәжірибемен бөлісіп, жас ата-аналарға бағыт-бағдар алса деген үмітін де білдірді.

Ол: «Мұндай кітап ғылыми зерттеу мақсатында емес, керісінше ата-ананың есебі, тәжірибесі тұрғысында жазылуы тиіс» деген пікірде екендігін байқатады.

Шетелде тұратын әдебиетші ғалым өзінің ана тіліне (орыс тіліне) деген махаббатын, бүгінде өзі өмір сүріп жатқан қоғамдағы негізгі тіл неміс және ағылшын тілдерін үйренудегі қиындықтары мен жетістіктерін бөлісе отырып, мынадай ұсыныстарын айтады:

1. Біздің басты жетістігіміз – белсенді көптілділік.
2. Біздің балаларымыз ана тілімізде қарым-қатынас құруға ешқандай қарсылық білдірмейді.
3. Олар барлық үш тілді де түсінеді және осы тілдерде сөйлейді, ойын жеткізеді.
4. Жетістікке жетудің дұрыс жолы – қатемен жұмыс және оптимизм.

Автордың негізгі түйіні: баланың ата-анасының туған тілін дамытып, одан кейін басқа тілдерді меңгерту. «Егер екінші тілді білгің келсе, онда ана тіліңді оқы» деген қанатты сөздің астарын ашып, ана тілі басқа тілдерді оқып, меңгерудің бастауы екенін айтады [21, 173].

Тілді оқу және меңгерумен көптеген мәселе байланысты: әлеуметтік (өзара түсінушілік, ынтымақтастық т.б.), психологиялық (өзіне-өзі баға беру, өзіндік жетістік, жайлы жағдай т.б.) мәдени-антропологиялық (тұлғаның дара қабілеті, мәдени-тілдік, этникалық тұтастық, шығармашылықта) білім алу және т.б.

Қазіргі заманғы публицистикалық басылым беттерінен «билингвалды оқытуға» қатысты мақалаларды оқуға болады. Бұл мақалаларда тілді меңгеру жас ерекшелігіне байланысты екенінен және 5-8 жастағы бала екінші тілді жақсы меңгеретінінен ақпарат береді. Егер тілді екінші тіл шет тілі ретінде оқыту дұрыс ұйымдастырылса, 7-11 жастағы бала екінші тілді жақсы меңгереді, себебі оның психологиялық жағдайы өзгереді деген пікірді де қолдауға болады.

Ғалым Е.Ю. Протасованың көзқарасына сүйенсек, онда қазіргі заманғы публицистикада «билингвизм» сөзі Кеңес заманындағы «әлеуметтік билингвизм» деген сипаттамаға ауыспалы мәнде жиі қолданылатын «үйде басқаша сөйлейміз, жұмыста басқа тілде...» деген сөзі біз өмір сүріп отырған қоғамға да тиесілі сияқты.

Сонымен бірге ғалымның еңбегіндегі мына бір пікір адамдарға үлкен ой салуы тиіс: «Барлық адамдардың тілдерді үйренуі және оларды қолдануы түрлі қабілет белсенділігі мен оның игеруіне тікелей қатысты. Баланың 5-8 жаста (балалық шағында) екінші тілді меңгеру қабілеті сақталады, бірақ тілді меңгеруде тілдердің өзіндік ерекшелігін соңына дейін түсінбесе, күлкілі жағдайға душар етеді; ал 7-11 жастағы бала екінші тілді түрлі тәсілдер арқылы миын көбірек сіңіреді, тілдерді меңгеруде психологиялық негіз өзгереді. Егер оқыту дұрыс ұйымдастырылса, баланың екінші тілді жеткілікті меңгеруі мүмкін» [20, 5].

«Үш тілдік жүйе, үш мәдениет және өмір сүрудің үш түрлі стилі» деген ұғымға байланысты балаларына өзінің ана тілі мен шет тілдерін үйретіл, тәжірибесімен бөлісіп жүрген шетелдік мұғалім Елена Мадлен көптілділік жайлы ойын былайша түйіндейді: «Орыс тілі мен ағылшын тілін немесе орыс және неміс тілдерінің көптілділік баланысын құру өте күрделі екеніне күмән келтіруге болмас, алайда үш грамматикалық жүйенің принципті түрде



айырмашылығы бар деген болжам ғана».

Ал билингвал – тұлғаның екі тілді алма кезек қолдануға қабілеттілігі мен практикада жүзеге асыруы, ал көптілді тұлғаның коммуникативтік құзіреті мен сөйлеу білігінің жиынтығында бірнеше тілдік жүйеде қарым-қатынас құруына және қолдануына мүмкіндік береді [22, 7].

Ол бұл мәселені әлемдік стандарттарда адамдарға ойын жеткізе білу құралы және мәдениетаралық коммуникативті қарым-қатынасқа түсу білігі мен дағдыларының қалыптасуымен қарастырады. Ғалымдар осы тұрғыда, қостілділік пен көптілділікті зерттеу арқылы ғылыми және практикалық жағынан нақты дәлелдемелердің қажеттілігін алға тартады. Егер тұлға отбасында бір ғана тілде сөйлесе, ол алғашқы тілдік жүйе, яғни табиғи ана тілі деп саналады, бұл ғылымда монолингвалдық (біртілділік) деп аталады. Егер адам белгілі қарым-қатынас құралы ретінде екі тілді қолданса, онда екінші тіл өздігінен және белсенді түрде қолданылған жағдайда ол билингілерді қалыптастырады (қостілді адам).

Бір сөзбен айтқанда, **қостілділік** дегеніміз – екі тілді еркін меңгерген тұлға. Әлеуметтану ғылымында қостілділерді жас ерекшелігіне қарай мына топтарға бөледі: балалар – 7 жас, жасөспірімдер – 7-15 жас, жастар – 15-25 жас және орта жастағылар – 25-50 жас, ал үлкендер – 50 жастан жоғары.

**Қостілділік пен көптілділік** – тілдердің бір қоғамдағы, әдетте мемлекеттегі екі немесе көптілдің қызметі.

**Қостілді білім** – өзінің ұлттық тілі мен халықаралық, ұлтаралық деңгейдегі қарым-қатынас құрудың үйлесімді қызметі.

Бүгінде қостілділік пен көптілділік бірнеше тілде сөйлейтін қоғамдағы қажеттілік деуге болады. Кейде көптілділік терминін «үштілділингва» деуге де болады.

#### **Үштілділингва терминінің сипаты:**

- екі мәдениет тоғысындағы тілдің қолданысы;
- үштілділингва бағдарламасы аясында ана тілі екінші тіл ретінде оқу пәні болып саналады, осы пән арқылы басқа пәндер үшінші тілде ( $T_3$ ) оқытылады.

Бірінші тіл ( $T_1$ ), екінші тіл ( $T_2$ ) ↔ «ана тілі» (АТ) және шет тілі (ШТ).

Бұл ұғымдар тілдерді кезең-кезеңімен оқытып, бір-біріне қарама-қарсы қою ретімен үйретіледі ( $T_1$ - $T_2$ ). Тұрмыстық жағдайда қостілділік баланың ата-анасы қазақ тілінде де, орыс тілінде де баламен қарым-қатынас құрса, онда оның ана тілі ( $T_1$ ) бірінші тіл де, екінші тіл де ( $T_2$ ) болуы мүмкін.

Көптеген ұлт өкілдері тұратын елдерде (мысалы, Ресейде, Канадада, Швейцарияда, Қазақстанда және т.б.) екінші тіл ( $T_2$ ) тек қана оқу жағдайында айтылады.

Бүгінде ақпараттық заман ағысы мен жаһандану кезеңінде қостілділік пен үштілділингвалық білім беру аса қажет болып отыр. Ал қазіргі заманғы мұғалімнің алдында тұрған міндет – педагогикалық жаңашылдыққа ұмтылу: сыни ойлау, рөлдік ойындар, халықаралық интернет ресурстарды және т.б. пайдалана білу.

Екінші тіл және үшінші тіл халықтарды бірлікке, татулыққа және ұйымдастыруға шоғырландыра отырып, мәдениет көпірін салуға қызмет ететіні ғасырлар бойы дәлелденіп келеді.

Шет тілдерін қолдана білу бір жағынан елдегі саяси жағдайларға да байланысты. Біздің елдің жағдайында 130-дан астам ұлт өкілі өмір сүріп жатқан кезде және шетелге шекара айқара ашылған тұста шет тілін оқыту аса қажет.

**Үштілділік** оқу бағдарламасының негізгі сұлбасы мынадай : біріншіден, тілді үйренушілердің ұлттық, мәдени, діни және лингвистикалық бүтіндігін сақтау мақсатында бірінші тілді ( $T_1$ ), яғни қазақтардың ана тілін білім беру үдерісінде есепке алу қажет; екіншіден,  $T_2$  және  $T_3$  тілдерін оқыту мазмұны мен сапасы өте жоғары деңгейде үйретілуі тиіс.

Егер оқушы екінші ( $T_2$ )және үшінші ( $T_3$ ) тілдерді сапалы әрі жылдам меңгерсе, онда оқу пәндерін (мыс, физика, химия, биология т.б.) осы тілдерде оқытуға болады, сондай-ақ тілдерді ықпалдастыру арқылы бірнеше тілді қолдануға болады. Ол үшін мұғалім тілдерді жақсы меңгеріп, тілдік орта қалыптастырылуы керек.

Оқу бағдарламасы әлеуметтік жағдайға, тіл үйретуші мұғалімнің біліміне, ата-ананың түсінігіне, ең бастысы заманауи техникалық құралдарға (дыбыстық, дыбыстық-сәулелік техникалар) байланысты әзірленуі қажет.

Екінші және үшінші тілді меңгерту – ұлт тілі, яғни сол ұлттың ана тілін жоғары деңгейде меңгерту процесімен тығыз байланысты. Егер тілдер пәндік сабақтарда жиі қолданылса, практикаға енсе, онда бірінші тілді меңгеру сапасы артады.

Ең негізгі рөлді атқаратын орын – қоршаған орта болып саналады: мультимәдени ортада көптілді ақпаратты қабылдау тұлғаның қабілетін, белсенділігін тудырады, ол қостілді үйренуші ғана емес, сондай-ақ өзінің мультилингва тұлғасын қалыптастырады.

**Билинг** – білім алу саласындағы екінші тілді меңгеру, ал мультимәдениет – түрлі мәдени ортада өзінің мәдени сұраныстарын бірнеше мәдениет тоғысында қанағаттандыра алу қабілеті, яғни бірнеше тілді меңгеруге бағытталған білім.

**Билингвалды білім** – білім алу саласында екі тілді – ана тілін ( $T_1$ ) және екінші ( $T_2$ ) шетел тілін пайдалана білу.

**Билингвалды оқыту** – ана тілінен екінші тілге өтудегі аралық кезең.

Біздің елімізде қай тілді оқыту керек? Оны қалай таңдау керек? деген сұрақ өте өзекті болып отыр [23, 301].

Бұл мәселе жөнінде түрлі пікірлер бар. Біріншіден, балалық шақтан бастап үйренген тілді қайтадан оқыту міндетті емес, себебі ол тіл мектепте дамытылады және кеңейтіледі; екіншіден, кез келген тіл, яғни шет тілі білім алушының толық игерілген ана тілінің базасында ғана игеріледі.

Тілдерді бір мезгілде (үш тіл не одан да көп тіл) оқыту сәнге айналған, алайда осы тілдерді оқыту үшін «қанша уақыт еңбек ету қажет, сапасы қандай болады?» деген мәселені ойлау пайдалы болмақ. Балалардың көпшілігіне тән табиғи нәрсе - тілден тілге ауысу үрдісінде кездесетін қиыншылық, ол – психологиялық қиындық. Бұл қиыншылықтар отбасындағы реакцияға, тіл және

мәдениет тақырыбына қатысты қақтығыстардың, түсінбеушіліктің болуы мүмкіндігімен түсіндіріледі.

Егер адам өзінің туған тілін жақсы білсе, онда басқа тілдерді де жақсы меңгереді және оның тілдік тәжірибесі молаяды.

Тілді үйрену және меңгеру үрдісінде міндетті түрде басқа адамдармен қарым-қатынас құра білу, өзара бір-біріне түсіністікпен қарау, білімге ашықтық, шығармашылық, өзін-өзі дамыту және тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Егер баланың жас кезінен туған тілі мықты орнықпаса, онда нәтижесінде бала басқа тілдерді меңгере алмайды және өз ойын жеткізе де алмайды.

Мультимәдениет – көпмәдениеттілік құбылыс, баланы бір елдегі бірнеше елдің мәдениеті тоғысында тәрбиелеуде тәрбиешілер мен ата-ананың өзара ынтымақтастығын орнықтырғанда ғана пайдалы болады.

Екінші тіл ( $T_2$ ) мен үшінші тілді ( $T_3$ ) оқыту сабақтарының мазмұны қандай болуы керек? Тілді оқыту сабағы шет тілі ретінде оқытылады ма, әлде басқа пәндер осы шет тілінде оқыта ма? деген сұрақ төңірегінде екі мәселе қойылуы тиіс:

1) екінші тілді ( $T_2$ ) оқытудың негізгі бағыты ана тілін ( $T_1$ ) оқыту тактикасына сәйкес келуі;

2) екінші тілде тіл үйренушілерді ауызша сөйлеуге, оқуға және сауатты жазуға үйрету, сондай-ақ оқылым және айтылым әрекетінде сөйлеу жылдамдығын бақылау;

3) іріктелген оқу материалдары қысқа ақпараттық сөйлемдермен берілуін қадағалау, есте ұстау;

4) тіл үйрету сабақтарында міндетті түрде жаңа технологияларды тиімді пайдалану міндетті. Компьютерлік технология, деңгейлік технология, диалогтік технология, өнімді инновациялық технология (экскурсия, театр жобалау технологиялары және т.б.);

5) мұғалім билинг-оқытушы болуы керек: түрлі әдістерді қолдана білуі, бірнеше тілді меңгергені, оқу материалын түсінікті тілмен жеткізе білуі, оқушылармен ынтымақтастықта сабақты сұхбат түрінде жүргізуі және т.б.

XXI ғасырдың басы XX ғасырдың аяғында көптеген шетелде шыққан ғылыми еңбектерде, жекелеген ғалымдардың ғылыми жұмыстарында көптілділік мәселесі, білім беру, тілдерді оқыту жөніндегі зерттеулерде қостілділік және көптілділік жайында, сондай-ақ тілдік тұлғаны қалыптастыру туралы дәлелді (дәлелсіз) пікірлер мен ғылыми ұсыныстар пайда бола бастаған.

Алайда көптілділікті қалыптастыру және ана тілін ( $T_1$ ), екінші тілді ( $T_2$ ), үшінші тілді ( $T_3$ ) меңгерту, үйрету тұрғысындағы жарық көрген еңбектердің кемшілік тұстары мен ерекшелігін байқауға болады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасында бұл жаһандық мәселе тек қана XXI ғасырдың басында ғана сөз бола бастады. Осыған орай, жаңаша бағытта жазылған мақалалар мен ғылыми еңбектер, ресми тілді меңгертуге қатысты тұжырымдама мен арнайы стратегиялық құжат жазылды, көпшілік талқысына түсті.

Әсіресе соңғы жылдары көптілді білім беру өте жиі насихатталуда. Нақты айтсақ, үшінші тіл ( $T_3$ ) – ағылшын тілін меңгерту жағдайы: «үштіллингва» тұлғаны қалыптастыру, көптілділік процесін түсіну қабілеттілігімен оны практикада қолдану және мүмкіндік жасау.

Үшінші тілді, яғни шет тілін оқыту мәселесі түрлі зерттеулерде қарастырылып, жете талқыланғанымен әлі де шешілмеген мәселе өте көп. Шындығында «дұрыс па, дұрыс емес пе» деген пікірлер де баршылық.

Осыған орай екі және бірнеше тілде білім беріп, оны жүзеге асырып, дамытып жатқан шетелдердің озық тәжірибесін саралап, зерттей отырып, салыстырып, осы елдерден жеткен жеңістіктері мен кемшіл тұстарын әлеуметтік лингвистер, психолингвистер мен әдіскер-ғалымдардың ойлы, дәлелді пікірлерін талдап, өрнек беруге әрекет жасалды.

Бұл мәселе еуропалық комиссия құжатында тілдерді оқыту, көптілділік білім беру тұжырымдамасында баяндалған [24].

Сондай-ақ «Жалпы білім беру, аудиовизуалды құралдар мен мәдениет жөніндегі орындаушы агентсвоның» құжатында ана тілі, екінші ( $T_2$ ) және үшінші тілді ( $T_3$ ) оқытудың белсенді, өнімді инновациялық әдістерін ұсынған халықаралық сарапшылар мен әдіскер ғалымдардың ғылыми негізделген, дәлелденген ұсыныстары мен кеңестері дәйекті түрде сипатталған.

Осыған орай әлемдегі көптілді білім берудің ерекшеліктері және оқушылардың тілдік күзіреттіліктерін дамыту, екінші, үшінші тілдерді меңгерту сапасын арттыру мақсатында жазылған бірталай ғылыми әдістемелік және әлеуметтік лингвистер мен психолингвистердің еңбектері сарапталды.

Елімізде оқушылардың бірінші, яғни ана тілі ( $T_1$ ) – мемлекеттік тіл.

Екінші тіл ( $T_2$ ) – орыс тілі. Орыс тілі ( $T_2$ ) – елімізде кең қолданысқа ие тіл. Ал ағылшын тілі ( $T_3$ ) – халықаралық тіл.

Осы тілдерді оқыту, оқушыларды тілдік ортада тілдік тұлға тұрғысында қалыптастыру мақсатында көптілді білім беру жүйесін салыстыру сипаты былайша өрнектеледі: қостілді (билингвілер) мен көптілді (мультилингвалар) тұлғаны қалыптастыру жүйесі бар бірнеше елдің тәжірибесі зерттеліп және талданды.

***1-кесте. Әлемдегі көптілді білім беру, қостілділік пен көптілділік жайындағы өрнектер.***

<b><i>Мемлекеттер</i></b>	<b><i>Тілдерді оқыту және қолданыс аясы <math>T_1, T_2, T_3</math>.</i></b>	<b><i>Тілдерді оқыту</i></b>	<b><i>Жетістіктер мен кемшіліктер</i></b>
Дания	$T_1$	6 жас	$A_1-A_2$ екінші тілді оқыту аяқталады.
Эстония, Швеция,	$T_2$	9 жас	$A_1-A_2$

Финляндия			
Бельгия, Франция, Литва, Австрия, Хорватия және Кипр	T <sub>1</sub> -T <sub>2</sub> -тілді терең білу міндетті емес, тек қана кәсіби пәндерден білім алады.	7 жас	Ауызша сөйлеу білігі тыңдалым-айтылым әрекетінде қалыптасуы (алғашқы екі тоқсан), А <sub>1</sub> , А <sub>2</sub> ал соңғы тоқсандарда сөйлеу әрекетінің төрт түріне де ерекше көңіл бөлінеді. (В <sub>1</sub> , В <sub>2</sub> деңгейлері)
Германия, Англия	Бірінші және екінші тіл үйрету T <sub>1</sub> - T <sub>2</sub>	6-7 жас	А <sub>1</sub> - В <sub>2</sub>
Италия, Индия	T <sub>1</sub> -ағылшын тілі-мақсатты тіл		А <sub>1</sub> -С <sub>2</sub>
Түркия	T <sub>2</sub> -ағылшын тілі	4-сынып	А <sub>1</sub> -В <sub>2</sub>
Латвия	T <sub>1</sub> -ағылшын тілі T <sub>2</sub> -неміс, орыс тілдері ТЗ-араб, швед, қытай тілдері	1-сынып  6-сынып  10-сынып	А <sub>1</sub> -В <sub>2</sub>
Қытай	T <sub>1</sub> -ағылшын тілі – міндетті пән	1-сынып	А <sub>1</sub> - В <sub>1</sub>
Жапония	T <sub>2</sub> - ағылшын тілі	4-5 -сынып	А <sub>1</sub> - В <sub>1</sub>
Ресей	T <sub>1</sub> -ағылшын тілі T <sub>2</sub> -неміс, француз, қытай тілдері	5-сынып  6-7 -сынып	А <sub>1</sub> -В <sub>2</sub>  А <sub>1</sub> -В <sub>2</sub>
Грузия	T <sub>1</sub> -ағылшын тілі	1-сынып 6-ыншы сыныпқа дейін міндетті пән	А <sub>1</sub> -А <sub>2</sub>
	T <sub>2</sub> -неміс және орыс тілдері (таңдау тілі ретінде)	6-сыныптан 11-інші сыныпқа дейін (Ойын түрінде)	А <sub>1</sub> -В <sub>2</sub>

		оқып үйренеді, мысалы бейсбол ойынын ойнау арқылы)	
Ұлыбритания	T <sub>2</sub> - T <sub>3</sub>	6-сыныптан бастап оқытылады	A <sub>1</sub> -B <sub>2</sub>
Украина	T <sub>2</sub> - T <sub>3</sub>	5-сыныптан	A <sub>1</sub> -B <sub>2</sub>

### ***Көптілді білім берудегі табысқа ие болған мемлекеттердің силлабустарына талдама***

2002 жылы Барселонда Еуропалық Кеңестің шешімі бойынша осы кеңеске енетін елдердің өкілдерін шақырылып, қостіліділікті қалыптастыру, ана тілінен басқа екінші (T<sub>2</sub>) және үшінші (T<sub>3</sub>) тілді оқыту мәселесін күн тәртібіне қойып, тез арада оны жүзеге асыру жөнінде сөз қозғалған, отырыста көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеруді бастауыш сыныптардан бастау керектігі айтылған.

2005 жылы Еуропалық Кеңес оқушыларды 6 жастан бастап ана тілін және екінші тілді үйрету процесін бастаған. Ал үшінші тілді (T<sub>3</sub>) оқыту кейінірек бастауды ұйғару міндеттелген.

2014 жылдап бастап еуропаның көптеген елдеріне адамдардың 84%-ы екінші тілді жедел үйрене бастаған.

Еуропа елдерінде шет тілін оқытуды баланың 6 не 7 жастан асқан кезінде бастайды. 2014 жылы 19 елде, яғни Италияда, Хорватияда, Испанияда, Францияда, Кипрде, Люксембургте, Польшада, Мальтада, Югославияда (Македония), Норвегияда және т.б. ағылшын тілі жедел оқытыла бастаған. Бұл жерде айта кететін бір жайт, әуелі бір шет тілін енгізіп, содан соң басқа да шет тілдерін оқыту жайында қарар қабылданғанын (10 жыл бұрын), бірақ оның оқу үлгерімінің өте төмендеп кетуіне әсері болған.

Айталық, француздар ХХІ ғасырдың оныншы жылдарына дейін ағылшын тілін еркін қолданысқа енгізуге қарсы болғанын ақпараттардан білеміз, ал 2013 жылы француз мектептерінде ағылшын тілі міндетті пән ретінде енгізіле бастаған. Мұндай мысалдар өте көп. Бастамашы елдердің үшінші тілді, яғни ағылшын тілін оқу үдерісіне енгізудегі негізгі шешімі, ол – ғылым мен техника, мәдениет жайлы ақпарат тасқынынан хабардар болу, әлемдегі бәсекеге қабілеттілік.

Бүгінгі күні Еуропаның 11 елінің 90%-ы, яғни төменгі сынып оқушылары екі шет тілін үйрену үстінде. Бұл елдер: Эстония, Греция, Италия, Люксембург, Польша, Мальта, Румыния, Финляндия, Лихтенштейн, Македония (Югославия).

Бельгия, Ирландия мен Венгрияда ана тілі және екінші шет тілі ғана оқытылады. Болгария мен Австрияда жоғарғы сыныпта екінші тілді меңгереді.

Кейбір елдерде екі тілді бір мезгілде оқыту міндетті емес, ол сол ел тұрғындарының құқығында. Мысалы, Бельгия, Норвегия, Швецияда екі шет тілін үйрену міндетті емес. Жалпы еуропа елдерінде ағылшын тілін оқыту кең қолданысқа ие болуда, ол екінші тіл және міндетті пән ретінде оқытылады.

Еуропада француз, неміс, испан тілдері өте сұранысқа ие тіл, бұл тілді және тағы басқа тілдерді оқыту керектігін мектеп және ата-аналар шешеді. Сондай-ақ мультилингвалды елдер қатарындағы Бельгия, Люксембургта француз немесе неміс тілін міндетті пән ретінде оқытылады.

Соңғы он жылда көптілділік білім алу, бірнеше тілді меңгеруге қызығушылық артуда, осыған орай еуропа елдерінде бір бағытты ұстаным аясында тілдерді оқыту мәселесі Еуропалық Кеңес, яғни еуропа елдері азаматтарының бірнеше тілді меңгеру (үштілді) мәселесі өте шұғыл түрде қолға алынған. Олардың ана тілі ( $T_1$ ) және екі тіл – қауымдастық тілі (сообщества), еуропалықтардың бірегей ұстанымы.

Кейінгі ресми құжаттарында бір тілдің жоғары халықаралық мәртебесі бар тіл ретінде (ағылшын тілі міндетті емес), мүмкін көршілес елдің тілін оқыту міндеті жөнінде сипатталған дәйектемелерде кездеседі. Мысалы, Алманияда француз тілі немесе итальян тілі. Бұл идея саяси-қоғамдық деңгейде шешімін тапқан. Осы елде тұратын тұрғылықты тұрғындар мен ата-аналар басқа да еуропа тілдерін меңгеруге міндетті.

Құжатта екінші тілді ( $T_2$ ) оқыту және меңгертудің 4 негізгі бағыты бар. Олар:

1. Құрылымдық – лингвистикалық: тілдің құрылымын игеру және контрастивті лингвистика (салыстыру) ұғымына негізделген.

2. Когнитивті: екінші тілді оқыту теориясына негізделіп, яғни оқушының өзіндік меңгеру стратегияларына бағыт алумен түсіндіріледі. Оқыту стратегиясына ерекше көңіл бөлінеді. Екінші тіл мазмұны тұжырымдар мен сөйлеу техникасына сәйкестікте құрылады. Когнитивті мақсат - тілін үйренетін халықтың мәдениетін танудағы экстроллингвистикалық білім беру.

3. Аффективті – жеке түсіну: оқушының аффективті сезімге ыңғайлылығын және эмоциясын қалыптастыру бейімділігін тілді меңгеруге бұру; бұл жағдай мұғалім мен оқушының ынтымағын құруға және тілді үйретуге қызығушылығын оятады.

4. Функционалды-коммуникативтік-бұл екінші тілді қарым-қатынас құру мақсатында меңгерту теориясына негізделіп және коммуникативтік күзіретті қалыптастыру нәтижесіне жету мақсатында пайдалы болады, түрлі жағдаяттарда тілдік және әлеуметтік-мәдени білім беру арқылы сөйлеу білігін қалыптастыру тиіс.

Еуропалық Кеңестің көптілділікті, бәсекеге қабілетті үштіллингва тұлғасын қалыптастыруға сәйкес Тұжырымдама қабылданған. Тұжырымдама құрылымы 5 бөлімнен тұрады. Олар:

- 1) контекст (мазмұны);
- 2) ұйымдастыру;
- 3) қатысу;
- 4) оқу үдерісі;

5) мұғалім әрекеті.

### **Бірінші бөлім**

#### **Контекст**

Еуропа елдерінде тілді оқыту жүйесі өте күрделі, себебі бұл елдер тұрғындары әртүрлі тілдерде сөйлейді. Еуропадағы көптілділікті түрлі тараптан қарастыруға болады. Ресми түрде еуропа елдерінде қабылданған мемлекеттік тіл мен ұлтаралық тілдердің қызметіне ерекше көңіл бөлінеді. Бұл еңбекте еуропада тұратын елдерде, мысалы, Бельгияда неміс, дат және француз тілдері, Люксембургта неміс, француз және люксембург тілдері, Чехияда неміс, итальян, француз бен румын тілдері ресми тіл, Финляндияда швед пен фин тілі және т.б. тілдер жөнінде нақты дәлелдермен талдамалар жасалған.

Тіл сипаты көптеген еуропа елдерінде өте күрделі процесс және ел тұрғындарының бірнеше тілде сөйлейтінін ескере отырып, құжатта көптілділіктің ресми тізімі берілген. Еуропаның ерекшелігі – мультилингвалдылық, сондықтан балалардың кем дегенде екі тілді жас кезінен үйренуі жөніндегі маңыздылығы айтылған.

### **Екінші бөлім**

#### **Ұйымдастыру**

Еуропа елдерінде бірінші шет тілі 6 жастан оқытылады. Бұл елде мектеп оқушылары 6 жасқа дейін ана тілінде сөйлейді. Еуропаның көптеген елдерінде міндетті түрде екінші тілдің (Т<sub>2</sub>) оқытылуы жөнінде және Бельгияда (негізінен неміс тілінде сөйлейтін ел) балабақшада 3 жыл француз тілін үйрету мәселесі қарастырылған.

Ал Ұлыбританияда 11 жасқа дейін шет тілі (екінші және үшінші тіл) үйретілмейді, яғни төменгі бастауыш мектепте басқа тілдер оқытылмайды.

Швеция, Эстония және Финляндияда бірінші шет тілі, егер терминмен айтсақ, (біздіңше екінші тіл) оны қай сыныптан бастап оқыту мәселесіне қатысты ата-ана және мекеме ресми өкілдерінің келісімін алу міндетті пән қатарында оқыту еркіндігі бар. Бұл елдерде 9 жастан екінші тіл (Т<sub>2</sub>) оқытылады, ал Шведцияда 7-10 жастан бастап екінші тіл (Т<sub>2</sub>) үйретіле бастайды. Шотландия, Ирландия, Ұлыбританияда екінші тілді оқыту міндетті емес.

Еуропаның көптеген елдерінде 2021 жылы 5-6 жастан бастап «бірінші шет тілін» оқыту саясаты жүзеге асыру мәселесі күн тәртібіне қойылған. Ал 2015 жылдан бері Кипрде балаға 3 жастан бастап балабақшада бірінші шет тілін оқытуды бастаған.

### ***Еуропа елдерінде тілдерді оқыту сызбасы***

<b><i>Бірінші шет тілі міндетті тіл</i></b>	<b><i>Баланың жасы (бірінші шет тілі)</i></b>	<b><i>Сағаты</i></b>	<b><i>Екінші шет тілі</i></b>
Елдер: 1. Кипр және Бельгия	5 жас	61	-



3. Португалия мен 4. Мальта	5 жас	118	-
3. Испания, Хорватия, Литва және Ұлыбритания	7 жас		-
4. Люксембург			5 жастан екінші тілді оқиды
5. Чехия, Испания, Румыния	8 жас	86	10 жастан бастап екінші тіл оқиды
6. Ұлыбритания	11 жас		
7. Финляндия			11-15 жас
8. Нидерландия	6-8 жас		8-10 жас
9. Эстония, Швеция			
10. Дания, Германия	6 жас	20	9-жас

Бұл елдердің көпшілігінде екінші шет тілін төменгі сыныптарды аяқтаған соң ғана міндетті түрде оқи бастауы тиіс және Люксембург пен Испания және т.б. елдерде үш не төрт шет тілін міндетті тіл ретінде оқытуды бастау керектігі айтылған. Үштілділингва Мальта, Чехия, Испания және Литвада тілдік тұлға, яғни көптілді болып қалыптасады.

### **Үшінші бөлім**

#### **Қатысу**

Еуропа елдерінде екінші тілді жоғары сыныптарда оқыту мәселесі жолға қойылған. Бүгінде жоғары сыныптарда оқушылардың 60%-ы екінші тілді үйренеді және тіл сабақтарына қатысады. Бұл кезеңдегі тілді оқыту (екінші тілді) және меңгерту деңгейі өте жылдам (интенсивті түрде), оның сапалы оқытылуы қадағаланады және бақыланады.

Еуропа елдерінде негізінен бірінші шет тілі ретінде ағылшын тілін үйренеді, одан кейін кезең-кезеңмен испан, француз және неміс тілдерін екінші шет тілі ретінде меңгереді.

### **Төртінші бөлім**

#### **Оқу үдерісіндегі тілді оқыту және меңгерудің орны**

Еуропаның көп елдерінде төменгі сыныптарда оқу сағаты (1 жылда 30-60 сағатпен), ал Германия мен Румынияда 1 жыл көлемінде 20 сағатпен, Мальтада 118 сағатпен, Чехияда 86 сағатпен оқытылуы міндеттелген.

Еуропалық Кеңестің Тұжырымдамасында мынандай ұсыным бар:

Бір оқу жылында оқытылатын шет тілі міндетті пән ретінде оқытылуы тиіс, келесі сыныптарда (сағат саны) өсіп отырады.

<i><b>Елдер</b></i>	<i><b>Баланың жасы және сыныбы</b></i>	<i><b>Сағаты</b></i>
Бельгия	5 жас	61 сағат

	7 жас	121 сағат
Германия	1 сынып	15 сағат
Дания	1 сынып	30 сағат

Бірінші және үшінші шет тілін оқыту, тілді меңгерту кезеңдерінде міндетті түрде оқытудың дағдылары қалыптасуы қажет. Ол дағдылар: оқылым → айтылым → жазылым → тыңдалым. Тұжырымдама мазмұнына сәйкес стандарттар мен бағдарлама әзірленген. Бұл бағдарламада сөйлеу әрекетінің төрт түріне көңіл бөлу және коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру маңыздылығы көрсетілген.

Бельгия, Франция, Литва, Австрия, Хорватия және Кипр елдерінің оқу үдерісінде, яғни төменгі сыныптарда бірнеше шет тілін оқытудың төрт дағдысын орнықтыру міндетін қадағалау жүктелген. Онда ауызша қарым-қатынасқа түсу дағдысы мен білігі алдымен айтылым – тыңдалым әрекетінде қалыптастырылса (алғашқы тоқсандарда), ал соңғы тоқсандарда сөйлеу әрекетінің төрт түріне де ерекше көңіл бөлініп, оқулықта барлық оқу материалдары осы төрт дағдыны орнықтыру мақсатында түрлі жаттығулар мен ойын түрлерінде қамтылуы тиіс екендігіне басымдылық берілген.

Мектеп оқушылары мектепті аяқтағанда шет тілін (екінші шет тілін) еркін меңгеріп, ауызша және жазбаша сөйлеуге қалыптасады.

**Өрнек:**  $A_1-A_2$  (тыңдалым+айтылым) →  $B_1-B_2$  →  $C_1-C_2$  (төрт дағдыны меңгереді: тыңдалым → айтылым → оқылым → жазылым).

Ескертетін тұсы: оқушы бірінші шет тілін сапалы және нәтижелі түрде меңгеруі тиіс, ал екінші шет тілін терең білу міндетті емес, тек қана кәсіби пәндерден білім алу қажет (егер екінші және үшінші тіл бір мезгілде оқытылса). Мысалы,  $B_1-B_2-C_1$  деңгейлеріне тән. Тек қана Данияда екінші шет тілін оқыту  $A_1-A_2$  деңгейінде аяқталады.

***Еуропа елдерінде бірінші, екінші шет тілдерін деңгейлік оқыту кестесі***

$A_1-A_2$ сыныптар	$B_1-B_2$ сыныптар
Бұл деңгейлер төменгі сыныптарда 5-інші сыныпқа дейін меңгеріледі.	Көптеген елдерде 5-інші сыныптан 8-інші сыныпқа дейін $B_1$ деңгейін біліп шығады. Ал $B_2$ деңгейін жоғары сыныпта аяқтайды.

Осы деңгейлерді меңгеріп, 9-10 сыныптарды аяқтаған соң, Ұлттық тест орталығына емтихан тапсырады. Мысалы, Франция мен Чехияда және т.б. елдерде  $A_1$ - $A_2$  деңгейлері анықталады.

### **Бағалау көрсеткіші:**

Барлық елдерде тілді меңгеру деңгейлері  $A_1$ - $A_2$  міндетті болып саналады. Арнайы сертификат беріледі. Испанияда  $C_1$ -деңгейінің меңгерілуі 10-ыншы сыныптан соң емтихан негізінде анықталады. Францияда 3 рет тестік емтихандардан өтеді: бірінші шет тілі (ағылшын тілі  $B_1$ - $B_2$  деңгейлері бойынша), екінші шет тілі  $A_2$  деңгейінде, ал үшінші шет тілі (тағы да бір шет тілі)  $A_1$  деңгейлерін меңгеру бағаланады. Бұл елдерде эмигранттардың балалары екі жыл бірінші шет тілін үйренеді.

**Бағдарлама** (тілдерді оқыту бағдарламасы ISCED) – халықаралық білім беру классификациясының стандарты. Білім беру классификациясы: топтау, бөлу, жіктеу.

Еуропа елдерінде 2011-2014 жылдан бері осы бағдарлама қолданысқа ие. Бағдарламаның негізі 1997 жылғы ISCED деңгейлік оқыту бағдарламасының қысқаша мазмұны ЮНЕСКО құжатынан алынған.

**ISCED деңгейлік оқыту бағдарламасының қысқаша мазмұны бойынша 3 жастағы балалар үшін көпір  $\rightarrow$  0 деңгей (ең төменгі деңгей  $A_1$ ) балабақша+отбасы бірлігі.  $A_1$  ең төменгі «0» деңгейді аяқтаған оқушы тілді оқуды 1 сыныпта жалғастырады.**

**ISCED – 1** бағдарламасында төменгі сыныптарда білім беруді белсендіру, фундаменталды дағдыларын қалыптастыру *оқылым және жазылым* әрекеті сызбасында және математика пәнін меңгеру көрсетілген. Бұл деңгейде ана тілінде базалық білім алады және бір шет тілінде білімін дамытады. Бағдарламада қарастырылған оқу материалдары 5 жастан 10 жасқа дейін тілді оқытуға байланысты жіктелген.

**ISCED – 2** бағдарламасы мазмұны: бастауыш орта білім. Бұл құжат тілді оқыту төменгі сыныпта алған білімді жалғастыру мақсатында құрылған. Бағдарламада бірнеше пәнді оқытумен қатар шет тілін оқытуға қатысты ұстанымдар, әдістер қамтылған.

Аталған бағдарламада 11 жастан 12 жасқа дейінгі білім алу жас ерекшелігі көрсетілген (Еуропа елдеріндегі оқыту осы бағдарламаны түрлі бағытта жүргізеді).

**ISCED – 3** бағдарлама мазмұны: орта білімді толықтыру деңгейлерін қамтиды. Бұл ЖОО-на дайындық бағдарламасы ретінде қарастырылған. Бағдарлама құрылымы арнайы мамандық пәндерімен байланысты түзілген. Тілді оқыту 15-16 жастан басталады және 2 не 3 жыл оқытылады.

**ISCED – 4** бағдарламасы орта білім беру аяқталған соң ЖОО-да толық дайындықтан өтуі және оқушының тілдік дағдысын дамыту жолдарын қамтиды.

**ISCED – 5** қысқа мерзімдік бағдарлама. Бұл бағдарлама мазмұны кәсіби білім беру және кәсіпін қалыптастыру. Оны практикаға негіздеу (ЖОО-ға

дейін), яғни В<sub>1</sub>-С<sub>1</sub> деңгейлерінде білім беру ұстанымдары мен әдістеріне құрылған.

**ISCED – 6** бағдарламасы ЖОО-да С<sub>1</sub>-С<sub>2</sub> деңгейлерін меңгеруге байланысты жасалған.

### **Бесінші бөлім**

#### **Мұғалімдердің біліктілігі**

Орта білім беру мекемесінде пән мұғалімі ғана сабақ беруі керек және мамандық бойынша дипломы мен тілді білу көрсеткіші болуы тиіс. Ал ең төменгі сыныпта жай тілдік білімі жоқ мұғалім болуы мүмкін: Сербия, Норвегия, Исландия елдерінде білімін машықтандырады, іске асырады.

Көп елдерде арнайы дипломы бар мұғалім сабақ береді. Бірнеше елдерде мұғалімдерді шет тілінен және биология т.б. пәндерінен білім алу деңгейін жетілдіреді және оқытады. Төменгі сыныптарда шет тілін оқытатын мұғалім екі не басқа да тілдерді білуі керек.

Мұғалімдер қосымша білімін жетілдіру даярлығынан өтеді. Тілдерді оқытатын мұғалімдер университеттерде екі кезеңмен: бакалавриат және магистратурада дайындықтан өтіл, диплом алады. Бакалавриат және магистратурада оқып, білім алатын болашақ тіл мамандары тілді оқыту, көптілділік білім берудің теориясы мен әдістемесінен дәріс тыңдайды, толық білім алады (2-4 кредит көлемінде) және практикалық тәжірибеден өтеді.

Еуропада түрлі елдерден келген мектеп оқушылары мен студенттерге өз еркімен тілді үйрену құқығы берілген.

Еуропалық Кеңес аясында «Erasmus» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламаға қатысушылар қостілділер (билингтер) және үшлингвалдық білім алады. Бағдарламаны түзудің мақсаты – орта мектепте үштілділікті қалыптастыру.

Әрбір тілде тек қана коммуникативтік тілдік қабілеттің ерекше дамуымен бірге (BIGS – *basik interpersonal communicative skills*) тақырып мазмұнынан көп ақпарат алу, нақты жағдаятты білігін қалыптастыру міндеті қойылады, сондай-ақ танымдық тұрғыда (CALP – *cognitive akademik Language proficieoncy*) тілді ойлаудың құралы ретінде пайдалана білу, ол үшін сөздік қоры мол болуы, синтаксисті меңгеруі және баламалы мәтін құра білу білігін қалыптастыру қажет [25, 95].

#### **Түйін:**

Біздің елде қостілділік пен көптілділік мәселесі әлі толық зерттелмеген және тәжірибеден өткізілмеген. Елімізде көптеген ұлт өкілдері өз балаларымен тек қана өз ана тілінде еркін және терең қарым-қатынас құруда.

Англияда тұратын ғалым, профессор Колин Бейкер (Colin Baker қостілділік және білім беру жөнінде көптеген кітаптар авторы) ата-аналарға мынадай кеңес береді: көшеде, дүкенде, алаңдарға барғанда өзінің туған тілінде сөйлеуді ұмытпауын, оның себебі баланың әкесі мен анасының ана тілі «үлкен сұранысқа ие емес» деп санауы мүмкін екендігін үнемі еске салады [26]. Бұл өте ақылды ой.

Сонымен бірге баланың денсаулығы мен физиологиялық дамуы, психикасына назар аудару қажет. Қоғамдық ортада баламен тек қана ана тілінде әңгімелескен жөн. Ана тілі арқылы ғана тұлғаның тілдік іргетасы қаланады. Тілді барынша құрметтеп, өз ана тілінде сөйлескенде ғана дамиды.

Қазақстан Республикасында «Үштұғырлы тіл» мәдени жобаны іске асыру үшін әлемдегі көптілді білім беруді жүзеге асырып жатқан елдердің мол тәжірибесін алуға болады. Мысалы, Франция, Ұлыбритания, Нидерландия, Латвия, Финляндия, Швейцария және тағы басқа еуропа елдеріндегі қостілділік пен көптілділікті қалыптастыруға байланысты зерттелген еңбектерден модель алу қажет. Аталған елдер көптеген қиындықтарға кездесе отырып, елдегі жағдайларға, тілді үйрету тәжірибелеріне сүйене отырып, ең дұрыс үлгіні қалыптастыра алған.

Үш тілде білім беру бірінші кезекте туған тіл, яғни ана тілінде түбегейлі орныққан жағдайда ғана, екінші және үшінші тіл енгізілуі керек.

Еуропаның көптеген елдерінде адамдар бірнеше тілде сөйлейді. Еуропалық көзқарас тұрғысында бір шет тілін жете меңгеріп, оны практикада қолдану басымдылығына мән беріледі.

Еуропалық Кеңестің көптілділікті орнықтыруға қатысты бағдарламалары негізінен социолінгвистика және психолінгвистика ғылымдарының қиылысында тілдерді оқыту, меңгерту және тілдік дағдыларын дамыту жолдарына ерекше мән беруді қарастырады.

Бұл елдерде ағылшын тілін оқыту және оны меңгерту тек қана коммуникативтік күзиретті дамытуға бағытталған. Англия мен Германия мектептерінде бір мезгілде (6-7 жас) екі тіл үйренеді. Англияның білім беру министрлігінің шешімімен оқушыларға 7 жастан латын немесе қытай тілін оқытуға арналаған оқу бағдарламасы әзірленген.

Бағдарламада балаларға аталған тілдерде өлең, поэзияны және функционалды грамматиканы оқыту жолдары ұсынылған. Бұл бағдарлама жөніндегі түсініктеме «The Guardian» журналының 2012 жылғы 10 мамырында, Англияда жарияланған мақалада айтылған.

Сондай-ақ «QUARTZ» журналында Ren Research Center орталығының қызметкері Gobiel Fisher қостілді білім беру туралы мақаласында еуропа азаматтарының 90%-ы ағылшын тілін екінші тіл ретінде меңгеретінін, ал АҚШ-та екінші тілді үйрету мәселесін қарастырылмағаны жөнінде, негізгі халықтың 15%-ы ғана екінші тілді білетіндігі жайлы баяндайды [27].

Еуропадағы «Пью» орталығының зерттеулеріне сүйенсек, онда мектеп оқушылары 6 жастан бастап ағылшын тілін оқи бастайды. Бастауыш сыныптарда испан, неміс және француз тілдері оқытылады.

Еуропаның 20 елінде ағылшын тілін 6 жастан оқыту талабы қойылған. Мысалы, Италияда екі тіл (италия тілі, ағылшын тілдері), Францияда ағылшын және француз тілдері, Норвегияда екі тіл аз ғана сағатпен оқытылады.

## **Индия**

Индияда ағылшын тілі қарым-қатынас құру тілі болып саналады, ел тұрғындары балалардың келешегі үшін екі тілді меңгеруді дұрыс деп есептейді.

Индияның 1960 жылы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ресми тілі ретінде ағылшын тілін қабылдап, ол екінші тіл қызметін атқаруда.

Бұл елде мұғалім сабақта бір мезгілде екі тілді оқытып, оқушылармен ағылшын және осы елдің ұлттық тілі хинди тілінде қарым-қатынас орнықтырады, оның біреуі – ана тілі, екіншісі – ағылшын тілі (мақсатты тіл ретінде).

Екі тілді оқыту әдістемесі сапалық және сандық жағынан жоғары деңгейде оқытуға бағытталған. (Qabiel Fisher «Quartz» Ren Research Center 2015.).

### *Елдегі ағылшын тілін оқыту әдістемесі өрнегі*

<i>Амалдар мен тәсілдер</i>	<i>Теория</i>
Оқушы белсенділігін арттыратын түрлі амал-тәсілдер, үйрету жолдары	Тіл табиғаты және оны оқыту: құрылымдық, функционалдық интерактив. Нысаны: оқыту және мазмұнын ұйымдастыру.
Негізгі әдіс	Дизайнерлік әдіс: силлабустың рөлі
Оқыту техникасы	Өзара тығыз байланыстағы қарым-қатынас құру: оқушы, мұғалім және оқу материалдары.

#### **Өрнек:**

#### *Жалпы тіл үйрету картасы*

<b>Мазмұны</b>		
<b>Оқыту</b>	<b>Әдіс</b>	<b>Техника</b>
Тіл теориясы және практика	Интерактив және дизайнерлік әдіс	Нақты іс-әрекет

#### **Түркия**

Түркияда шет тілі негізінен 4-інші сыныптан бастап оқытылады. Ал ақылы мектептерде неміс, испан, француз тілі де үшінші тіл ТЗ ретінде 4-інші сыныптан бастап меңгертіледі [28].

Түрік елінде білім беру саласында кәсіби білікті маман әзірлеу үшін ана тілімен бірге бір шет тілін оқыту міндеттелген. Экономикалық жағдайға байланысты көптеген мектептерде екі шет тілі оқытылады. Жоғарғы сынып оқушыларының білімін тексеру үшін анкета жүргізілген, онда «екінші тілді оқу

дұрыс, үшінші тіл қиын тіл» деген пікірлер бар, алайда Түркияда шет тілін оқыту саясаты әлі де әлсіз.

Оқушылардың 73%-ы грамматиканы көп берілетінін айтады, оқушылардың 53%-ы топта көп адам отыратынын айтқан, ал 60%-ы практика аз екендігін алға тартады.

Анкетаның нәтижесіне қарағанда оқушылардың 63%-ы ЖОО-н түскенде шет тілінен емтихан тапсырмайтындығы жөнінде айтқан. 2014 жылы елде шет тілін оқыту туралы заң қабылданған. Шет тілін оқытатын мұғалімдерді дайындау мәселесі көтерілген [29].

Бүгінде Төмер орталығы жұмыс істейді, шет тілін үйренгісі келетін тіл үйренушілер өз қалауы бойынша тілді таңдап оқиды.

### **Ресей**

Ресейде ағылшын тілі бірінші шет тілі ретінде 4-інші сыныптан бастап оқытылады. 2015 жылы Ресейде екінші шет тілін оқыту мәселесі күн тәртібіне қойылып, қытай тілін (екінші тіл) үйренуді 5-інші сыныптан бастауды ұсынған, осы мәселеге орай педгогтарды дайындау жөнінде де әңгіме қозғалған, алайда екінші шет тілін оқытуды тікелей ата-ана келісіміне орай шешу мәселесі де айтылған.

Ресейде 2018 жылы мектептерге Оқу-ағарту министрлігі екінші шет тілін оқыту бұйрығын жіберген. Онда ендігі 5-інші сынып оқушыларының міндетті түрде осы оқу жылында (2019-2020 жж.) екінші шет тіл оқу үдерісіне енгізу мәселесі айтылған [30].

Бұйрық негізінде кез келген мектеп екінші тілде қанша сағатпен оқытуды, сондай-ақ пән мазмұнын анықтауды, оқу әдістемелік жағынан қамтамасыз ету (оқулық, сөздік және т.б.), білім беру технологиясы, әдіс-тәсілдерді қолдана білуді еркін таңдай алатынын ескерткен. Құжатта екінші шет тілін оқыту міндетті түрде оқу жоспарына енгізілуі тиіс екендігі айтылған.

Ресей мектептерінің көпшілігінде ағылшын тілі бірінші шет тілі Т1 ретінде оқытылу басты межеде болып келді және белгілі бір уақыттарда неміс тілін ығыстырды, бүгінгі күнге дейін осы позицияда тұр.

Сонымен бірге Ресейдегі жалпыбілім беретін мектептерде оқушылар басқа да тілдерді үйренеді: француз, қытай, испан және неміс тілдерін екінші тіл ретінде оқиды. Ал мектеп әкімшілігі осы тілдердің біреуін екінші тіл Т2 ретінде таңдайды және оқытады. Алайда бұл мектептерде кәсіби мамандар аз [31].

Ресей аймағында бірінші шет тілі 1 сыныпта оқытылмайды, тек қана екінші сыныпта оқу кестесіне енгізіледі, сондай-ақ екінші шет тілін оқыту мәселесінде шешім қабылдаған мектептер (бұйрық бойынша) екінші шет тілін 5 сыныптан енгізген. Бұл пәнді 5 сынып оқушылары жаңа стандартта көрсетілген тілдер арқылы оқиды (неміс, француз т.б. тілдер), сонымен бірге екінші шет тілін 6-7 сыныптарда оқыта бастаса, онда тілді меңгеруді мектеп бітіргенге дейін толық аяқтай алмайды. Осыған байланысты екінші шет тілі аптасына 1 сағат өткізіледі. Алайда екінші шет тілін үйренуде көп қиыншылықтар бар, біріншіден, мектепте оқу жүктемесі өте күрделі; екіншіден, маман мәселесі

шешілмеген, еңбекақысы өте аз; үшіншіден, оқушының бос уақыты болмайды, бұл психикаға әсер етуі мүмкін деген пікір бар.

Ресей логопедтері баланың сөйлеу аппараты тек қана 5 жаста толық пісіп жетіледі деген. Балалар 4 жасқа келгенде артикуляция мәселесі шығады, дұрыс сауатты айта алмауы мүмкін, ал 5 жастағы бала барлық дыбысты дұрыс айта алады.

### **Латвия**

Латвияда бірінші шет тілін оқыту 1-інші сыныптан, ал екінші шет тілін 4-інші сыныптан бастап оқыту деген пікірлер бар. Бірақ оқушылар бірінші шет тілін 6-ыншы сыныптан бастап оқиды, олардың 85%-ы неміс тілін үйренеді. 1 сыныпта ағылшын тілі оқытылады, ал екінші шет тілі 10-ыншы сыныпта тереңдетіліп оқытылады: орыс, қытай, араб, француз, швед тілдері.

Бұл елде әрбір үшінші оқушы орыс тілін, әрбір оныншы оқушы неміс тілін үйренеді. Тереңдетіліп оқытылатын мектептерде екінші тіл 10-ыншы сыныптан бастап оқу үдерісіне енгізіледі және емтихан тапсырады.

*Кесте.*

**1 сынып** – ағылшын тілі (бірінші тіл);

**6 сынып** – неміс, француз, орыс тілдері (екінші тіл);

**10 сынып** – араб, қытай тілдері (үшінші тіл).

Латвияда лингвистикалық тіл орталықтары жұмыс істейді. Мұнда тілдер оқытылады және емтихан қабылданады. Елдегі тілдерді оқыту қостілділік пен көптілділікті қалыптастыру, меңгертуге қатысты құжаттар Еуропалық Кеңес Тұжырымдамасына сәйкес әзірленген [32].

Азия құрлығындағы және Еуропа елдеріндегі тілдердің қолданыс аясы мен көптілділік жағдайы туралы деректерге сүйенсек:

### **Қытай**

Осы елдегі өзге тілдердің оқытылу жайынан мәлімет алуға болады.

- Қытайда ағылшын тілі тек қана жоғары оқу орнына түсу үшін оқытылады.

- Ағылшын тілі міндетті пән болып саналады.

- Қытайда арнайы ұйымдастырылған сауалнама сұрақтарына қатысты оқушылардың ата-аналарының 70%-ы балаларының болашақта мамандық алу үшін оқу орындарына түсуге ниетті екендігін білдірген, себебі бұл елде орта мектепті бітіргеннен кейін оқуға түсуге ағылшын тілінде емтихан тапсырады.

- 458 ата-ана (барлық өңірлерде тұратын) сауалнама сұрақтарына 90%-ы қытай мәдениетін білу маңызды деп санаса, ал балалары ағылшын тілін үйренгісі келетінін таңдаған.

- Жалпы халықтың 86%-ы балаларының балабақшадан бастап ағылшын тілін үйренудің қажеттігін айтқан.

- Қытайда төменгі бастауыш сыныпты аяқтаған соң, келесі орта білім алу үшін міндетті түрде ағылшын тілінен тест тапсырады, көпшілігі тілді осы



мәселеге қатысты оқиды, ал халықтың 55%-ы ағылшын тілін оқуды қажет емес деп ұғынады.

Қытайда 2020 жылдан бастап көптілді білім берудің жаңа реформасын жасауға әзірлік бастауды жөн санайды. Оның негізгі бағыты ағылшын тілінің төменгі сыныптарда сағатын қысқарту және оқуға түсу үшін тапсырылатын емтихан балын төмендетіл, тек қана практикада қолдана білу мақсатында оқыту қажеттігіне қатысты нақты шешімдер шығару. Сондай-ақ ана тілін сақтау мақсаты көзделген, себебі халықтың көпшілігі басқа тілдің үстемдікке ие болатынына сенімділікпен қарайды [33].

### **Жапония**

Жапонияда ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқыту бірнеше жыл бұрын басталған үрдіс. Тілді оқыту 5-інші сыныптан оқу кестесіне енгізіліп, мектепті аяқтағанға дейін жалғасады.

2013 жылы Жапон үкіметі ағылшын тілін 3-інші сыныптан бастап оқытуды міндеттеген және оны меңгерту мақсаты мынадай негізі тармақтардан тұрады:

1. Оқушыларды ағылшын тілінде сөйлейтін елдерге жіберіп, практика алуға икемдейді.

2. Ағылшын тілі сабағына тілді тұтынушыларды тарту мәселесін ойластырылған, олар ассистент қызметінде жұмыс істейді (оқу материалдарын әзірлеу, ағылшын тілі клубын ашу, сабақтан тыс түрлі іс-шараларды өткізу үшін).

3. Тілді үйретуші мұғалімдердің білімін жетілдіру үшін Ұлыбританиядан мамандарды шақырады. Онлайн арқылы оқытуды жетілдіреді. Әлемде қостілділік білім беру жүйесінде үштік қатарына Дания, Швеция, Нидерландия енсе (Солтүстік Еуропа елдері), Азия елдерінің ішінде Сингапур 6-ыншы орынды, Малайзия 12-інші орынды, Филипендер 13-інші орынды, Индия 22-інші, Оңтүстік Корея 9-ыншы орынды иеленеді. Ал Жапония Ресей мен Уругвай арасындағы орында [34].

Мақала авторлары Жапонияда екінші шет тілін оқыту жүйесінде қиыншылықтар бар екендігін нақты көрсетеді. Мысалы, бұл елде жоғары сыныптарда міндетті пән ретінде оқылып жатқанмен де, елде тілді күнделікті өмірде қолдану аз. Оның себебін сабақта грамматиканы түсіндіру, академиялық тұрғыда оқыту басым болғандықтан, ауызша сөйлеуге үйретпегендіктен деп түсіндіреді. Мектептерде ағылшын тілін оқытатын мұғалімдердің 70%-ы TOEFL-ды өте төменгі деңгейде білетіндіктен сабақты сапалы өткізе алмайтыны жөнінде айтылған.

Жапониядағы ағылшын тілін оқыту төменде берілген сызбада көрсетілген:

1. 4-5 сыныптарда аптасына 4 сабақ 50 минуттан өткізіледі, ал жылына 350 сағат белгіленген.

2. Жоғары сыныптарда аптасына 5 сабақ 50 минуттан өткізіліп, бір жылда 437 сағат орындалады.

Жапония мектептерінде А<sub>2</sub> базалық деңгей материалдарын 780 сағатта меңгереді. Үкіметтің шешіміне сәйкес 2020 жылы барлық мектеп түлектері ағылшын тілін Еуропа жүйесіне сәйкес В<sub>1</sub> деңгейінде тілді меңгеру міндеттелген.

Ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқыту сыныптарында тілді меңгерту сапасын арттыру үшін сабақта глянсті түрлі-түсті арнайы дәптер (жапон тілінде нұсқаулық бар) пайдалану және жоғары сыныптардан компакт диск (оқулыққа қосымша), теледидар, ноутбук, рөлдік ойындар түріндегі материалдар мен мұғалім ресурстарын әзірлейді [35].

### **Грузия**

Грузин елінде мемлекеттік мектептерде және грузин тілі емес (аз ұлттар тілі) бірінші және екінші тілдерді оқыту мәселесі жолға қойылған.

Бұл мектептерде бірінші өзге тіл – ағылшын тілі 1-інші сыныптан 6-сыныпқа аптасына 2 не 3 сағаттан оқытылып, АҚШ-да негізі қаланған Грузияның «бейсболды» мектептерде (7-11 сынып) екі сағатпен оқытылады.

Ал екінші өзге тілдер (орыс, неміс т.б.) тек қана 6-ыншы сыныптан бастап оқытылады (бұл оқушы мен ата-ана және ұжымның шешімімен таңдалатын пәндер).

Сонымен бірге 12 сыныпта (Аббат мектебінің) екінші тіл оқытылмайды, бірінші өзге тіл – ағылшын тілі оқытылады.

Сондай-ақ грузин тілді емес мектептерде екінші тіл 0-2, яғни сағатпен 5-інші сыныптан бастап оқытылады.

### ***Ұлттық оқу жоспары:***

#### ***Грузин тілді мектептер сағаттарды бөлудің негізгі ұстанымдары***

Сыныптар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	Аббат мектебі
	Міндетті тіл						Жансыз тіл					
Міндетті оқытылатын тілдер												
1.Бірінші өзге тіл (инородный язык)	2	2	3	3	3	3	3	3	2	2	2	2
2.Екінші енжар тіл (инернациональнй язык)				2	2	2	2	2	2	2	2	
Аз ұлттар тілі (язык)												

национальных меньшинств)												
Бірінші өзге тіл ағылшын тілі	2	2	3	3	3	3	3	2	2	2	2	
Екінші өзге тіл (орыс, неміс және т.б. тілдер)							0-2	0-2	0-2	0-2	0-2	

**Ескерту:**

Бірінші өзге тіл (инородный язык) – ағылшын тілі.

1. Екінші енжар тіл –орыс, неміс т.б. тілдер.

2. Абббат мектеп-монастырь мектебі (сарай мектебі).

3. Бейсбол мектеп - base - база, ball – доп (ағылшынша) базалық доп мектебі.

Бейсбол –командалық ойын. Ойынға екі командаға бөлініп және тоғыз ойыншы қатысуы керек. *Ойын тәртібі:* шабуылшылар (оқушылар) + төреші (мұғалім) + қорғаныс (оқушылар).

**Түйін:**

Қазақстан ХХІ ғасырда үлкен белестерге жету жолында адымдап келе жатқаны белгілі. Сол үлкен белестердің бірі-дамыған елдермен қарым-қатынасымызды нығайту болса, онда бізге тілдік коммуникация қажет. Ол үшін елімізде көптілді тілдік тұлғаны қалыптастыру міндеті шешілуі тиіс. Міне, осы мақсатқа жету жолында отандық және шетел ғалымдарының еңбектеріне аз-кем талдама жасай отырып, көптеген жоғары деңгейге жеткен елдердің бірнеше тілдерді оқыту және меңгертуге қатысты теориялық, практикалық бағыттағы ресми құжаттары мен сол елдердің ғалымдары мен әдіскерлерінің еңбектерінен өрнектер алынды.

Мұндай өрнектер еліміздегі мектептерде ағылшын тілін, орыс және басқа да тілдерді оқытуға қатысты аса маңызды екені, үлгі екені ескерілуі керек.

## **2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҮШТІЛДІ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

Тілдерді (Т2-Т3) оқыту және меңгерту қос-/көптілді тұлғаны қалыптастыру мақсатына байланысты лингвистер, психолингвистер, социоллингвистер, әдіскерлер және логопедтер оқушының қабілетін, физиологиясын, жас ерекшелігін, сөйлеу аппаратын (артикуляция мәселесі) зерттеп, өзарабірлікте тығыз жұмыс істеуі міндетті.

Тілдерді оқыту әдістемесі бұл міндеттерді шешу мақсатына әлеуметтік лингвистика және психолонгвистика ғылымдарымен тығыз байланысты.

Әлеуметтік лингвистика – тұлғалардың әлеуметтік тарихы (әлеуметтік жағдайдағы тарих, қоғамдағы түрлі оқиғалар жайы т.б.) мен сөйлеушінің білімі, тіл мазмұны, тәрбие, қатысымдық актіге қатысушылардың өзара қарым-қатынасқа түсудегі әлеуметтік жағдайларын зерттеумен айналысытын ғылым. Сондай-ақ бұл ғылым арнайы тілдердің табиғатын (тілді білу деңгейлерін) сонымен бірге басқа ғылымдармен байланысын да зерттейді (психология, әдістеме т.б.).

Ал мұғалім бұл айтылған ойды толық жүзеге асыру мақсатында оқыту ұстанымдарына сүйенуі қажет:

- 1) оқыту мазмұны, әдістері мен амал-тәсілдеріне сүйену;
- 2) оқудағы қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мұғалім мен оқушы арасындағы өзара сыйластық, татулық, бірлік және жайлы жағдай туғызу амалдары;
- 3) тілді оқыту үдерісінде қойылған мақсат-міндеттерді шешу жолдары: мазмұн, әдіс, амал-тәсіл, оқыту түрлері, құзіреттілікті қалыптастыру және заманауи технологиялар, техникалық құралдар мен сөйлеу әрекеті түрлерін кешенді қолдана білу;
- 4) тілдік (ауызша және жазбаша сөйлеуге үйрету), әлеуметтік-мәдени міндеттерді практикалық мақсатта жүзеге асыру;
- 5) жалпы кәсіби міндеттерді (болашақ мамандығына қажетті білігін қалыптастыру) практикалық мақсатта шешу жолдарын іздестіру;
- 6) мәдениетаралық коммуникацияны (тұлғалардың түрлі мәдениет пен тілдеріне құрметпен қарау) орнату.

Екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдерді оқыту үдерісінде көптілдік тұлғаның мәдениетаралық қатысымын, мәдениеттаным сұхбатын қалыптастыру әдістері қазіргі заманғы білім беру кеңестігінде тілдерді оқыту және меңгерту қағидасына сәйкес педагогтардың жаңа ізденістерін қажет етіл отыр.

Жоғарыда мұғалім орындауы тиіс тілді меңгерту стратегиялары мен әдістерінен шығатын түйін: мұғалімнің әлеуметтік мәдени құзіреті, әртүрлі ұлт мәдениетінен біліктілік даралық (жекелік) құзіреті (ақпаратты білуі және өзін-өзі бағалауы), оқыту үдерісіндегі тілдік-лингвистикалық құзірет ( өз ана тілінен білімі жоғары болуы), мәдениетаралық-қатысымдық құзірет/фондық лексиканы білетін және тәрбиелеуге қажетті білім мен әлеуетті құзіреттілігі болуына әсер ететін кәсіби-қатысымдық құзіреттілікке ие мамандықты табысты игеру.

- Көптілді білім берудің толық моделі жасалуы тиіс.
- «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» қазақ тілінің (екінші тіл ретінде) оқу-әдістемелік базасы ретінде қабылданып, оның негізінде жасалған лексикалық-грамматикалық минимумдар тілді оқыту үдерісінде негізге алынуы қажет.
- Типтік және оқу бағдарламаларының құрылымына сәйкес мұғалімдердің өзінің жеке лингводидактикалық бағдарламасын әзірлеуі керек.
- Қазақ мектептерінде ағылшын тілін 5-інші сыныптарда оқыту мәселесін қарастыру: 1) қазақ тілінің (ана тілі) төменгі сыныптарда іргетасы қалануы тиіс; 2) қазақ тілі жалғалмалы тіл екендігі; 3) баланың физиологиялық қалыптасуы мен жас ерекшелігі; 4) өзінің ана тілінің негізінің қалануы (басқа тілдерді меңгеру кезеңінде өз тілімен салыстыру және қабылдауы ескеріледі); 5) елдегі ақуал (ауыл-қала айырмашылығы); 6) ұлттық тілді ғылым тілінен алшақтатпай жас буынға ана тілінде білім алуына мүмкіндік беру; 7) халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастыру; 8) жаңа латын әліпбиінің енгізілу мәселесі де ескерілуі міндетті.
- Тілдерді екінші және шет тілі ретінде оқытудың халықаралық моделіне сүйену және еліміздегі қостілдікке қатысты ғылыми негізделген еңбектерді пайдалана білу.
- Екінші (Т2) және үшінші тілді (Т3) меңгерту бағытында тура, оқылым, қоғамдық (қауымдастық) дизайнерлік-тыныш жол әдістерін тиімді пайдалана білу.
- Мұғалімдер (пән мұғалімі+жаратылыстану пәндерінің мұғалімдері) өздерінің оқытатын пәні бойынша терминдер мен түсіндірме оқу сөздігін дайындауын міндеттеу.
- Мұғалім өзінің сыныбындағы оқушылардың қай деңгейді меңгергенін диагностикалық тест арқылы анықтауын міндеттеу.
- Арнайы дипломы бар мұғалім сабақ беруі тиіс.
- Төменгі сыныптарда шет тілін оқытатын екі не басқа да тілдерді білуі керек.
- Болашақ тіл мамандары тілді оқыту және көптілділік білім берудің арнайы теориясы мен әдістемесінен толық білім алу керек (2-4 кредит).
- Пәнді жақсы игерген кәсіби маман болуы, инновациялық оқыту технологияларын білуі (дәстүрлі оқытуға баламалы білім беру, оқушыны тілді өздігінен меңгеруіне жаңа әдістердің қолданылуы).
- Тіл сабақтарында мұғалімнің оқушының әлеуметтік, психологиялық, мәдениет пен тілдік деңгейлердегі қалыптастыратын мәдениетаралық қатысымын, «мәдениеттаным сұхбатын» білігі мен дағдысын орнықтыру әдістерін тиімді қолдана білуі.
- Мұғалім әдебі (этикасы): оқушының жеке қабілеті мен тіл үйрену белсенділігін оның мүмкіндіктерін есепке ала отырып, оқыту үдерісіндегі мұғалімнің төзімділігі мен ақыл-ойы, көшбасшылығы (лидер) тілдік білімді «жеңілден күрделіге» ұстанымда көрінуі қажет.
- Оқушының алғашқы сабақтары тілді меңгеру көп деңгейлік білігі мен дағдысын анықтау (А<sub>1</sub>-В<sub>2</sub>-ге дейінгі); оқушының жеке/даралық қабілетін

анықтау; оқушымен бірлікте жұмыс орындаудың педагогикалық ұстанымдарын белгілеу.

➤ Тілдік деңгейдегі мәдениетаралық қатысымын қалыптастыру кезеңі: қатысымға түсу қажеттілігін қалыптастыру ретінде лексикалық қорын байыту және функционалды грамматика моделін ұсыну.

➤ Психологиялық деңгейдегі мәдениетаралық қатысымды, «мәдениеттаным – сұхбатын» қалыптастыру кезеңі: ес/жадында сақтау қабілетін белсендендіру.

➤ Жаңа өнімді инновациялық, педагогикалық технологиялардан хабардар болу, ғылыми-әдістемелік бағытта жазылған еңбектермен таныс болу және кәсіби-практикалық біліммен қаруланған педагогтік тұлға қалыптастыру қажет.

➤ Мұғалім өз тарапынан тілді үйрету деңгейлерінде бірнеше тапсырмалар жинақтарын (кейстер мен силлабустар әзірлеп), оқу сөздіктерін құрып және ойын, драматизация (қойылым) жобалар үлгілерін даярлауына міндетті.

➤ Мұғалім басқа ел және өз елінің мәдени, рухани өмірінен білімі болуы тиіс.

➤ Сабақтағы вокалын, дауыс ырғағын, тембрін, дикциясын ең жоғары сапалы деңгейде тәртілтеп, реттеуі қажет, себебі ол фонетиканы үйрету кезеңінде дұрыс дыбыстап, ән арқылы жеткізуге, сөздерді сол тілде табиғи, дәл нұсқасымен айтуға дағдылануы керек.

➤ Мұғалім мен оқушы арасындағы екінші тілді (Т2) меңгертудегі көңіл-күй, сананы ояту, еліктеу біліктілігі мен құзіреттілікті құрайтын амалдар: 1) оқушының психикасына жайлы әсер ету; 2) тілді меңгертудегі «Мен-эго – факторды оятушы аффективті тактика; Мен тұжырымдамасы – когнитивті өзі жөніндегі білім: өзіндік жекелік қабілеті, қызығушылығы жетістігі мен өзін-өзі бағалауы; 3) ерекше интерантивті технологияны тиімді қолдану.

➤ Билингтер мен мультилингва тұлғаны қалыптастыру және меңгерілуге тиіс тілдерді оқыту үдерісінде қолданылатын белсенді әдістерді қолдана білу шеберлігін дамыту:

- Тура әдіс/табиғи әдіс (балама әдіс)
- Оқылым әдісі
- Аудиолингвалды/ және аудиовизуалды әдістер
- Дизайнерлік-тыныш жол әдісі
- Қоғам тілі әдісі
- Коммуникативтік әдіс
- Суггестопедия әдіс

➤ Мұғалім – тілді меңгерудің көшбасшысы, оқушы – субъект (даралық тұлға), екінші жұпта субъекті және жолаушы (ізіне түсуші жолын жалғастырушы), ортақ іс – контент - білім мазмұны, яғни көшбасшы мен ізіне қоршаған табиғи ортада фондық білімнің негіздерін өзара бірлікте жүзеге асырушылар.

➤ Мұғалімнің педагогикалық қабілетінің гностикалық (танып-білу),

дидактикалық (білім бере білу, үйрету), коммуникациялық (қарым-қатынас, бірлік), конструктивтік (оқу-тәрбие жұмысын іріктеп ала білу), перцептивтік (баланың сезімін, ішкі жан жан дүниесін түсіне білу), суггестивтік (мұғалімнің эмоциясы, сөзі арқылы әсер ете білуі) және экспрессивтік (білімін көңіл-күймен әсерлі жеткізе білуі, артистизмі, дауыс ырғағы, тембрі, диапазоны және ым-ишара т.б.) болуы тиіс.

➤ Американың мінез-құлық, көңіл-күй, шабыт (бихевиоризм) теориясынан хабардар болу: сабақта ән, музыка аясында жағдаяттық, диалог және топиктерді гипнопедия, ритмопедия әдістері арқылы үйрету туралы.

Осы жоғарыда аталған өнімді инновациялық технологиялар негізінде оқулықтар мен оқу құралдары және оқу сөздіктері жазылуы тиіс.

Тілді оқыту әдістері әдістеме ғылымының ең маңызды категориялары болып саналады. Жалпы дидактикалық мағынада әдіс туралы ұғым өзінің негізгі тұғыры ретінде оқушы мен мұғалімнің өзара ынтымақтастығы, бірлігі арқылы білім беру, тілдік дағды мен білігін қалыптастыру, сондай-ақ тәрбиелеу мен тілін дамыту мақсатына жетудегі нәтижені айқындайды. Мұндай ұғымда оқыту әдістері жаңа технологияларға, инновацияға бағытталған көпқырлы болуы қажет. Ал мұғалім үшін ең қажетті құрал ретінде осы әдістерді ұтымды қолданып, оқушының білім алуына, дағдысы мен білігін қалыптастырудағы жаңаша бағыттағы белсенді әдістерді қолдануы маңызды. Мұндай белсенді әдістерді анықтау үшін оларды мына қырынан танып-талдау қажет:

1) әлемдік және отандық стандарттарда белгіленген түрлі әдістерді жүйелеу;

2) оқу-кешені құрамына енетін мәтінмен жұмыс және мұғалім кітабы, түрлі дизайнерлік көрнекіліктер арқылы оқушының сабақтағы өздігінен тілді үйренудегі іс-әрекетіне, орындауына ыңғайлы актив және пассив әдістер тірек болуы тиіс;

3) тілдерді елтанымдық, мәдениеттанымдық бағытта оқыту үшін өзіндік ерекшелігі бар аса қажетті әдістер анықталуы шарт.

Дидактикада тілді оқыту әдістері туралы мәселе ең күрделі әрі маңызды мәселелердің біріне жатады. Егер «метод» (әдіс) сөзінің түп-төркіндік мағынасына зер салсақ, бұл ұғым грекше «зерттеу, алға қойылған мақсатқа жету тәсілі, амалы, жолы» деген мәнде түсіндіріледі. Ал философиялық тұрғыдан алғанда «әдіс – мақсатқа жетудің амал-тәсілі, белгілі бір ізбен тәртіптелген іс-әрекет» деп анықталады.

Өнімді инновациялық технологиялар жүйесіне негізінен тілді оқытудағы өнімді іс-әрекет түрі жатады. Бұл біріншіден, тілді меңгеруді қамтамасыз ететін практикалық, репродуктивті, мәселелік, ізденімдік, көрнекілік, дедуктивтілік және индуктивті әдістер; екіншіден, оқу қызметін ынталандыратын және қызығушылығын арттыратын танымдық ойындар, мәселелік жағдаяттық тапсырмалар мен өнімді белсенді амал-тәсілдер, жобалық, мәселелік, қойылымдық, театрланған түрлері және т.б. әдістер; үшіншіден, оқушылардың ауызша және жазбаша тапсырмаларды орындауын, жеке, топтық, ұжымдық қарым-қатынас құруын бақылау, өз бетінше орындауын ұйымдастыратын әдістер.

Мұндай өнімді инновациялық технология түрлері тілді оқытуда мына бағыттағы мәртебеге ие:

1. Оның негізінде басымдылық идеясын айқындайтын (оқытудың мақсатын, жетістігін жалпы стратегиясы мен тактикасын) негізгі әдістер.

2. Интенсивті, құрамдас, сапалы-практикалық, психологиялық ойлау әрекетін қалыптастыратын тура әдіс (ауызша сөйлеуге үйрету) және т.б.

3. Коммуникативтік әдіс оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін жүзеге асыруын, сондай-ақ сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) арқылы қарым-қатынас құруға көмектеседі.

Бұл мақсат оқушының тіл нормаларына сәйкес сауатты жазуын қалыптастырумен бірге әңгімелесушіге сұрақ беріп, онымен келісетінін немесе келіспейтінін (өтініш жасау, баға беру және т.б.) білдіре алатын білігі мен дағдысын орнықтыруға көмек беретін қатысымдық әдіс арқылы айқындалады.

Жоғарыда аталған инновациялық әдістер қатарында  $T_1$ ,  $T_2$  және  $T_3$  тілдерді сапалы оқыту, жедел үйрету бағытында төмендегі әдістерді ұсынуға болады:

- **Тура әдіс** (табиғи, аудиовизуалды, аудиолингвалды);
- **Сапалы әдіс** (сапалы-практикалық, сапалы-салыстырмалы, бағдарламалық);
- **Интенсивті** (суггестопедия, белсенді, эмоционалды-мағыналық, ритмопедия, гипнопедия);
- **Құрамдас** (коммуникативті, белсенді, репродуктивті-креативті) әдістер.

Шетелдік әдіскер-ғалымдар мен лингвистер грамматикалық аудармаға қарама-қарсы немесе баламалы әдіс, тура, оқылым, аудиолингвалды, қоғам тілін үйрену, дизайнерлік тыныш жол, коммуникативтік және функционалды-концептуалды әдістерді ұсынып және осы әдістердің тиімділігін дәлелдеген.

Ал отандық әдіскер-ғалымдар білім беру жүйесінің көптеген тармақтарында бұрынғы дәстүрлі әдістемелерден елеулі айырмашылығы бар, жаңа ізденіске толы сапалы әдістерді ұсынуда.

Бұл – нақтырақ айтқанда, оқушының дербес танымдық белсенділігін арттыратын жоғары белсенділікті дамыту (интерактивті), өнімді инновациялық (драматизациялық, мәселелік, жобалық) әдістері.

Кез келген ғылым мен практиканың сабақтастығы бір дағдыда, бір қалыпта қалмайтындығы белгілі. Практика үнемі жетіліп, ұшталып отырады, ол ғылыми тұрғыдан белгілі бір тұжырымдарды қажет етеді. Осы тұрғыдан қарағанда, соңғы жылдары тілдерді (қазақ тілін, ана тілі және екінші тіл ретінде оқыту, орыс тілін екінші тіл және ағылшын тілін үшінші тіл ретінде оқыту) оқыту үдерісінде оқушының көптілі және көптілді тілдік тұлға тұрғысындағы мүмкіндіктерін ашуға, қызығушылығын арттыруға, белсенділігін дамытуға бағытталған психолингвистикалық, интеллектуалды-эмоционалдық, социолингвистикалық негіздеріне сүйенген жаңа әдістемелер қалыптаса бастады.

Бүгінде көптеген шетелдерде атап айтсақ, АҚШ-да, Ұлыбританияда, Швейцарияда, Мексикада, Ресейде, Түркияда тілдерді оқытудың жаңа



бағыттарын дамытатын, насихаттайтын, оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізумен айналысатын ірі орталықтар құрылған. Осы мәселелер төңірегінде теориялық және практикалық жағынан дәлелденген, тиімділігі артып отырған әдістерді шетел ғалымдары Г.А. Китайгородскаяның [36], Н.П. Федотованың [37], Т.М. Балыхинаның еңбектерінен көруге болады. Солардың бірі тура әдіс – грамматикалық аударма әдісіне қарама-қарсы бағытта дамытылған, жетілдірілген әдіс. Бұл әдісті алғаш ұсынғандар шетел ғалымдары болатын [22, 188].

Ғалым Т.М. Балыхина өзінің еңбегінде белинг балаларға оқылым түрін үйретудің ерекшелігіне қатысты ойын былайша түйіндейді: Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, орыс тілінде меңгерілген грамматикалық сауаттылық екінші тілді меңгеруді табысқа жеткізеді, оқылым түрінде ойлануға мүмкіндік береді. Егер бала 7-11 жасында өзінің ана тілінде оқып және жаза білсе, онда жаңа тілді еркін меңгереді.

Бұл әдіспен бірге оқу үдерісінде заманауи техникалық құралдарды ұтымды қолданып, тілді оқытудың сапасын арттыратын аудиолингвалды, аудиовизуалды ауызша сөйлеуге үйрету әдістері АҚШ-та, Франция мен Ұлыбританияда кең тараған. Шетелдің *Moromodols* сайтында әдіскер-ғалымы *Keper Mora* шет тілін және екінші ( $T_2$ ), үшінші ( $T_3$ ) тілдерді оқытудың әдістері мен негізгі ұстанымдарын, кең көлемде танылған оқу үдерісіндегі тиімді қолданылып жүрген амал-тәсілдерді сипаттаған. Тілдерді оқыту үдерісіндегі нәтижеге жеткізетін жолдары қарастырылып отырған әрбір әдіс теориялық жағынан қисынды мазмұндалып, белгілі бір мақсатқа жету жолындағы оқыту стратегиясы жиынтығы нақты көрсетілген.

Өзінің ана тілін толық игерген оқушы екінші ( $T_2$ ) және үшінші ( $T_3$ ) тілді меңгеру тура әдіс арқылы өз тіліне ұқсастықта табиғи тұрғыда дайындықсыз, машықтандырусыз үйренуге әрекет жасау арқылы меңгереді. Тура әдіс ұғымы – шет тілінде берілетін бейтарап сөзді, фразаларды және басқа да лексикалық, грамматикалық бірліктерді ана тілінде салыстыра отырып, яғни тіларалық формаларды түсінуге әрекет жасауы, сондай-ақ осы материалдарды ым-ишара, әрекет, жағдаяттық қарым-қатынас құру жолдарымен меңгеруі [38].

#### ***Тура әдісті қолдану тәртібі:***

1. Тілді үйрету тек қана оқушының ана тілінде жүргізіледі, грамматикалық - аударма әдісі мүлдем қолданылмайды.

2. Оқыту мақсаты – ауызша сөйлеуді қалыптастыру, сонымен бірге сөйлеу әрекеті түрлеріне мән беріледі.

3. Лексикалық минимум ауызша сөйлеуге берілетін оқу материалдары ұстанымына сәйкес іріктеледі. Оқыту бірлігі: сөз, фраза және сөйлем. Лексика түрлі көрнекіліктерді (заттық, сызба, бейне т.б.) мен сөздің синонимдік қатарларын, терминдерді, қиын сөздердің түсіндірмесін, абстрактылы сөздердің иллюстрациясы және сөздің ассоциациялық өрісі беріледі.

4. Грамматикаға үйрету: ауызша сөйлеудің сауаттылығына қарай бейімдеу үшін функционалды грамматика өрнегі арқылы түсіндіріледі және ереже берілмейді.

5. Фонетикалық дағды: әріптер мен дыбыстарды дұрыс айтуға (ән, музыка, жаңылтпаш, жұмбақтарды пайдалану) үйрету.

6. Тілдік материалдар «қарапайымнан күрделіге қарай» ұстанымы арқылы меңгеріледі.

7. Грамматиканы және фонетиканы үйретуде сауатты сөйлеу үшін имитативтік амал кең қолданылады. Мұғаліммен бірге әріптер мен дыбыстарды, фразаларды бірнеше рет қайталайды.

Бұл әдіс Еуропа елдерінде, Ресей тіл мектептерінде өте табысты қолданылуда.

**Аудиолингвалды** әдіс өзге тілді үйрету үдерісінде бихевиористік амал-тәсілге негізделген лингвисткаға бағытталған оқыту әдісі.

Бұл әдіске сәйкес оқу материалы өте аз мөлшерде беріледі (лексикалық, грамматикалық бірліктердің қиындығы ескеріледі), оқушы қайталайды, өзгертеді, қажетті сөзді орнына қояды, есіне сақтайды.

#### **Ұстанымдары:**

1. Дағдыны қалыптастыру: естігенін қайталау, үлгілерді жаттау, шағын диалогты меңгеру.

2. Ауызша сөйлеу – басты бағыт. Лексика контексте беріледі, оның мағынасы түсіндіріледі және мәдениеттанымдық тақырыптар аясында беріледі (тілді тұтынушының мәдениетін тану), сөйлем үлгілері таныстырылады. Грамматика мәтін мазмұнына қарай түсіндіріледі.

3. Көрнекіліктер кең қолданылады: динамикалық анимациялар, түрлі-түсті көрнекіліктер.

#### **Аудиовизуалды (құрылымдық-ғаламдық желілер) әдісі**

Ол - лингвистикалық және бихевиористік құрылым амалдарға негізделген әдіс. Оқытудың аудиовизуалды тәсілі (жолы) кең қолданылады (диафильмдер, кинофильмдерден үзінділер, қойылымдар т.б.) және техникалық құралдар (СД-дискі, радиохабарлар, телехабарлар, жаңалықтар мен бейнежазбалар т.б.) көмегі арқылы ауызша сөйлеуге үйрету – негізгі мақсат.

Ең маңыздысы оқу материалдарын ұсыну жолдары: дискіге жазылған мәтіндер, киноүзінділері тұтас ұсынылады, грамматика түсіндіріледі.

Аталған материалдарды аудиолингвалды мен аудиовизуалды әдістер негізінен бірнеше рет қайталау және есінде сақтау арқылы, жағдаяттық тапсырмаларды ауызша қарым-қатынас құруда тиімді қолдана алу коммуникативтік бағытқа сәйкес келеді.

#### **Аудиовизуалды әдісті қолдану тәртібі:**

1. Оқыту мақсат - ауызша сөйлеу білігін қалыптастыру. Айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылымға ерекше көңіл бөлінеді.

2. Ауызша сөйлеу: оқыту материалын іріктеуге ерекше мән беріледі: лексикалық, грамматикалық минимум функционалдық ұстанымға сай таңдалады.

3. Ана тілі оқу үдерісінде қолданылмайды, лексика аударылмайды.
4. Грамматика: функционалды грамматика ұстанымы маңызды.
5. Сөйлеу жағдаяттық тапсырмалар және диалог үлгілері бейнежазба және кинофильм көріністерінен алынады.

6. Техникалық құрал басты қолданысқа ие: көрнекіліктер мен түпнұсқалық материалдар оқушының қызығушылығын арттырады.

Сабақтағы амал-тәсілдер: көрсеткіш (материалды қабылдау); көріп-есту арқылы материалды игерту; бекіту (сөйлем үлгілерін белсендіру); дамыту (қабылданған білім аясында сөйлеу білігі мен дағдысын қалыптастыру).

Жалпы бұл әдістердің маңызы зор. Атап айтсақ: тура әдіс; оқылым әдісі; аудиолінгвалды және аудиовизуалды әдіс; қоғамдастық тілін үйрену әдісі; дизайнерлік-тыныш жол әдісі; коммуникативтік әдіс; функционалды-концептуалдық әдіс; табиғи әдіс.

**Тура әдіс**- алғаш рет грамматикалық әдіске қарама-қарсы әдіс түрінде өңделген, дамытылған әдіс.

Сабақта оқыту мақсатына сай қазіргі заманғы сөйлеу стиліне құрылған диалог тура әдісті қолдану арқылы жүзеге асады. Диалог құрылымына сәйкес түрлі сұрақтар мен жауаптардан құрылған жаттығуларға назар аударылуы тиіс.

Грамматика индуктивті түрде беріледі, ереже практикалық тұрғыда жалпылама түсіндіріледі. Кез келген тілді үйрету үдерісінде етістіктер мен зат есім категориялары басты орында және оқу материалы негізінде үйретіледі.

**Оқылым әдісі** - бұл әдіс практикалық қажеттілікке сай таңдалған және заманауи әдіс түрінде танылады [39, 224].

#### **Ұстанымдары:**

1. Оқуға берілетін мәтін оқушының қызығушылығы мен түсінуіне лайықталып іріктелуі тиіс.

2. Кітапты оқу – ол қарым-қатынас құру актісі, коммуникативтік акт, бұл әдіс дәстүрлі түрде триада үлгісінде жүзеге асуы тиіс: **автор – мәтін – оқырман**. Бұл ұстаным мәтіннің тілдік материалы арқылы баяндалатын автордың ойын түсінуге бағытталады.

3. Әдеби шығарманы оқу – бұл маңызды мәселе, коммуникативтік күрделі түрі, эстетикалық қарым-қатынас, триада үлгісі өзгереді: **автор – көркем бейне (мәтіндегі) – оқырман**. Оқырманның көркем шығарманы қабылдау процессіндегі нәтижесі осы триада өрнегінде көрініс табады.

4. Өзге тілде жазылған шығарманы оқу – бұл мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастырады. Бұл үлгі мына сызбада түсіндіріледі: **автор – көркем бейне (мәтін ішіндегі) – оқырман – инофан**.

Айтылуға тиіс бір мәселе – көркем шығарма мәтіні негізінен түпнұсқалық болғандықтан қиындық кездесуі мүмкін, бірақ өзге тілде жазылған көркем шығарма мәтіні лингводидактикалық мақсатқа сай ауызша сөйлеуге, оның мағынасын түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу коммуникациясына қатысушы үшін мәтін тілді жылдам үйренуге және өзара түсіністікке жету жолдарын іздеуге жол салады.

Ал оқырман осы мәтін арқылы өзіндік ресурсын (интеллектуалдылық, мәдениеттік, тілдік және т.б.) байытады.

Атақты ағылшын әдебиеттанушысы көркем шығарманы немесе кез келген мәтінді оқу кезеңіндегі оқылымға қатысты мынадай пікірін білдірген:

1. Оқылым – бір мезгілдегі еркін акті.
2. Оқылым – автор мен оқырманның өзара бірліктегі іс-әрекеті.
3. Оқылым – бұл монолог (оқырман сөзі) және диалог (кейіпкерлер сөзі).
4. Оқылым – шығармашылық еңбек.
5. Оқылым – бірнеше рет қайталау процесі.
6. Оқылым – белсенді іс-әрекет.

Екінші тіл ( $T_2$ ) үйрену үрдісінде сыныпта және сыныптан тыс кез келген мәтінді оқуға өте көп мән берілуі керек.

Оқылым кезеңінде дұрыс дыбыстау, оқу техникасына көп көңіл бөлінуі қажет. Пән бойынша оқылым үшін берілетін сөздер тізбесі (сөздік қор) үнемі бақылауға алынады, себебі, сөздік қоры кеңейеді, ол өте маңызды.

Оқылым әрекетінде аудармаға аздап көңіл бөлінеді (жазбаша берілген оқу материалын түсіну үшін).

### *Аудиолингвалды әдіс*

1942 жылы Bloomfield алғаш рет осы әдістің негізін салған, ал ғалым Lado 1970 жылға дейін аталған әдісті тілді оқыту және меңгертуде пайдаланып, бихевиористік (қоршаған ортадағы адамдардың өзара бірлігінде орындалатын ілгері басу әрекеті) әдісін тілді үйрету сабақтарында пайдалану жолдарын ұсынған.

*Аудиолингвалды әдіс*- АҚШ-та екінші ( $T_2$ ) және үшінші ( $T_3$ ) тілді оқыту үдерісінде соғыстан кейін басымдылыққа ие болған әдіс. XIX-XX ғасырларда американың психология ғылымында бағыт алған және оның негізінде адамның мінез-құлқын тану, сондай-ақ оның психикасына әсер ету арқылы «стимул-реакция» формуласында жаттықтыру түріндегі тапсырмаларды орындау (компьютермен үйрету арқылы есту және көру) механикалық түрде қайталауға арналған бағдарламалық оқыту түрі.

Аудиолингвалды әдістің негізін қалаған ғалымдардың ұстанымдары: біріншіден, басқа пәндерді оқыту ұстанымдары мен заңдылықтарын негіздей отырып, шет тілін үйретуді қолдану қажеттілігін; екіншіден, оқыту тәжірибенің нәтижесі екендігін және оқушылардың тәлім-тәрбиесінде білінеді; үшіншіден, өзге тілді үйрену - дағдыға, әдетке айналуы қажет.

Ең басты ұстаным – ауызша сөйлеуге үйрету. Ал грамматика маңызды емес, тек қана оқығанын түсіну үшін оқылым түрінде қажеттілікке ие болады.

Тілді оқытудың шағын бөліктері негізінен 3 бағытағы әдіснамалық тармақтар арқылы ұйымдастырылады:

- 1) материалды тыңдағанға дейін ешқандай түсіндіру процесі орындалмайды;
- 2) материал оқылымға берілмейді, тек қана тыңдап болған соң оқиды;

3) материалды оқып болған соң, жазылым түрі орындалады.

#### **Сабақтың барысы:**

1. Сабақтың негізгі құрылымы – диалог тыңдау, қайталау және оны есте сақтау. Сөздерді дұрыс дыбыстау, катені өз уақытында түзету.

2. Оқушының қызығушылығын тударатын мазмұндағы диалог мәтінін бейімдеу (адаптациялау).

3. Диалог мәтініндегі негізгі клишелер мен репликалар қайталау мен жаттығулар орындау үшін таңдалады. Осы репликаларды әуелі хормен, одан соң жеке-жеке қайталайды.

Сөздерді дұрыс дыбыстауға, олардың жасалымы (артикуляция) естілімі (акустика) және айтылымға көп көңіл бөлінеді.

Ана тіліндегі дыбысталу ұстанымына сәйкес тпасырмалар орындалады. Мұғалім өзінің ана тілін қолданады, ал оқушы тек сол тілде сөйлеуге үйренеді.

#### **Жаттығу түрлері:**

1. Тілді үйрету жылдамдықты қажет етеді, себебі материалдарды автоматтандыруды қамтамасыз ету мақсатында орындалады.

2. Түрлі жаттықтыру түрлері орындалады: қолдың қозғалысы, белгілеу, таңдау, хормен айту т.б.

3. Екпінге, интонацияға көңіл бөлінеді.

4. Қиын сөздердің түснiдiрмесi берiледi.

5. Тақтаға өрнектер жазылады, қарапайым грамматика түсіндіріледі.

6. Сөйлемді барынша кеңейтіл жазады.

#### ***Коммуникативтік әдіс***

1972 жылы АҚШ ғалымы Wilkins осы әдісті алғаш рет ұсынған. Осы жылы лингвист ғалымдар Widdowson, Brumfit, Johnson, Trin, Richterich, Choncerel аталған әдісті қолдай отырып, оны екінші (Т<sub>2</sub>) ретінде оқыту үдерісіне енгізген.

Коммуникативтік әдіске қатысты Wilkens (1976), ал Brumfit (1980), Pravnu (1983) жылдар әртүрлі силлабустар әзірлеген.

#### ***Силлабустардың құрылымы мына мазмұнда сипатталады:***

1. Құрылым және функция.

2. Функционалды спираль түрінде орындалады.

3. Функционалды грамматика.

4. Интерактив тапсырмалар.

5. Оқу материалдарының сөйлеу әрекеті ретінде берілуі ескеріледі.

#### ***Қоғамдық (қауымдастық) тілін үйрену әдісі***

Бұл әдісті 1979 жылы ғалым С.А. Curranom ұсынған. Оның негізі – тілін үйрететін елдің, сол елдегі қауымдастық пен қоғам тілінде сөйлеуге үйрену (себебі тұлға түрлі тілдік мәселелерге, жағдаяттарға кездесуі мүмкін. Осы проблеманы өзі шешетіндей білім алуы керек) [40].

Оқушы білім алушы емес, ол клиент (тапсырыс алушы, мекемеге келуші) тұлғасында қарастырылады. Клиент кеңес берушіге тәуелді, қате жіберсе, онда уақытында көмектеседі, аз ғана фразаны үйретеді, диалог құрады. Кеңес беруші мен клиент арасында жайлы қарым-қатынас орнайды. Сондай-ақ аталған әдістің басты ұстанымы – қоғам тілін сол ортада кез-келген сөйлермен (тілді тұтынушы) тілінде коммуникативтік қарым-қатынас құруға бейімделу, тілін үйрету (сол қоғам тілін, лексикасын үйрету) болып табылады.

### ***Дизайнерлік-тыныш жол әдісі***

*Дизайнерлік-тыныш жол әдісін* алғашқы рет 1972 жылы С. Gattegno кейін 1982 жылы ғалым Г.Лозанов ұсынған. Бұл әдіс – адамның ми қыртысының жұмыс істету әрекетіне құрылған. Аталған әдісті «дизайнерлік- тыныш жол» деп атауға да болады, себебі бұл әдістің негізінде түрлі-түсті бояу, сызба, музыка әуендері орын алады. Әдіс психология және психотерапия (өзін-өзі иландыру, зейнелі, жағымды мінез-құлық әрекеті) ұстанымдарына бағытталған, оны А<sub>1</sub>-А<sub>2</sub> деңгейлерінде өте тиімді қолдануға болады [41].

*Дизайнерлік-тыныш жол әдісін* қолдану тәсілдері:

1) үнемі қадағалап отыруға қажетті қарапайым лингвистикалық жағдаяттық тапсырмалар (түрлі-түсті бояулардың көмегімен орындалуы керек) ұсынады.

2) оқушының жауапкершілігі маңызды: жаңа сөздерді және дыбыстарды дұрыс айта білуге

3) ойын түріндегі ситуациялық тапсырмаларды орындауға;

4) оқушының іс-әрекетке түсу процесін, жаңа сөздерді дұрыс қабылдап, оны сауатты айта білуін қадағалайды. Әдіс А<sub>1</sub>-А<sub>2</sub> деңгейлерінде орындалуы тиіс.

Сондай-ақ оқушының белгілі бір музыка аясында өз еркімен берілген тапсырма бойынша креативті және жедел ойын жеткізе білуі де осы тәсілдің тиімділігімен байланысты.

### **Оқу материалдары:**

1. Түрлі-түсті қағаздар.
2. Диаграммалар (іріктелген лексика сызба түрінде беріледі).
3. СД-дискге жазылған материалдар.
4. Фильмдер, суреттер, жылтыр қағаздар, әңгімелер жинағы (кітаптар).

**Дизайнерлік - тыныш жол әдісі оқушының даралық, өзіндік қабілетін ашады:**

1. Тілді оқыту оқушының өзіндік іс-әрекетіне бағытталады, лексика, яғни жаңа сөздерді пайдаланып, түрлі заттық атауларды дұрыс айта білу білігін қалыптастыру қажет.

2. Түрлі-түсті бояулармен (бояудың астында жаңа лексика мен дыбыстар жасырын тұрады) безендірілген кестені пайдаланып, субъектінің өз әрекетімен үйрену жолдары қамтылады.

3. Бояулардың астында сөздер мен әрбір дыбыс тұрады, оқушы осы бояудың астындағы әріп пен сөзді үнемі айтып, жаттап үйренеді (әрбір дыбыс, әрбір сөз бір бояумен беріледі).

4. Мұғалім сөйлемейді, тек қана ым-ишара арқылы көрсетеді, қатесін түзетеді.

5. Оқушылар қате жіберген оқушының қатесін түзетіл, бір-бірін үйретеді.

**Суггестопедия** әдісінің негізін қалаған - психиатр-педагог Г. Лозанов. Суггестопедия – білімге әсерлі сендіру, ұйыту, иландыру, үйрету, бір сөзбен айтқанда «гипноз» жөніндегі ғылым. Тілді үйрету үдерісінде аталған әдіс оқушының жадында сақталған қорын (резерв) ашу, оның ойлауын және зияткерлік мүдделерін белсендіріп арттыру, әсерленуін оятудағы ерекшелігімен тиімді. *Суггестопедия* әдісі негізінде оқушының миындағы сақталған қорын белсендіре отырып, жадында ұзақ сақтау мүмкіндігіне әсер ететіндей оқу материалын іріктеу, оқу құралын ұсыну идеясы бар.

***Оқушының жадында сақталған қорын (резервін) ояту, белсендіру жолдары:***

1. Беделді мұғалім (маман): мұғалім тілді үйрету үдерісінде басты рөлде.

2. Инфактализация (баламалық) медицина ғылымымен байланысты термин: әдістеме ғылымында суггестопедия тәсілі арқылы әсер ету, топта жайлы жағдай туғызу, сабақта баланың түрлі қиындықтарды жеңуіне, белсенді болуына мүмкіндік тудыру, өзара сенімге ие болу, баланы тілді үйренуге әсерлендіру, ұйыту, ынталандыру, сондай-ақ рөлдік ойындар, музыка жайлы жағдай оқушының өзіне деген сенімін арттырады.

3. Қос жоспарлылық: балаға ым-ишараны мимиканы, интонацияны пайдалана білуін үйрету, себебі ол белгілі бір кезеңде әңгімелесушімен қарым-қатынас құра білуі қажет, осы тәсіл арқылы кедергілерден арылады. Қос жоспарлықтың бір сыңары жоғарыда айтылғандай оқушының өзі болса, екінші сыңары – мұғалім, ол – дирижер рөлінде. (оркестрді басқару тәсілі).

4. Интонация, екпін, әуез, тембр, ритм және концерттік сахна суггестопедия әдісіне орай, негізінен талап естілген немесе тыңдалған материалдың әуезіне, интонациясына қарай жоғары деңгейде талап қойылады. Мәтін (тыңдалатын) мұғалімнің ерекше диапазонмен, әуезді тембрімен арнайы таңдалған музыка аясында орындалады. Суггестопедия әдісінің аясында бірнеше әдістер пайда болды. Олар ***ритмопедия, гипнопедия және релаксопедия***. Бұл әдістердің негізгі ұстанымы: тілдік тұлғаның миындағы сақталған резервтік қорын белсендіру, басқаша айтсақ, білімді жадында ұзақ сақтауға, қызығушылығын арттыруға, әсерленуге жол салу.

## **Функционалды-концептуалды (тұжырымдамалық-ұғынықты) әдіс**

Аталған әдістің атасы М.Врумфит (1983). Функционалды-концептуалды әдіс коммуникативтік әдістің айдарында қарастырылады. Әдісті сабақта тиімді қолдану үшін арнайы бағдарлама жасалады [42].

*Негізгі үш факторды ұсынады:*

1. Функция – міндетті әрекет.
2. Қатысымдық-жағдаяттық(шағын мәтін: топик түрінде).
3. Талқыланатын тақырып.

**Қатысымдық-жағдаяттық тапсырмалардың өзіндік ерекшелігі, құрамы:**

- 1) сөйлесу актісіне қатысушы тұлға;
- 2) әңгіме қай жерде өтуі мүмкін;
- 3) сөйлеу актісіне берілетін уақыт;
- 4) талқыланатын тақырып және іс-әрекет.

**Экпонент** – бұл тақырыптан, міндетті әрекеттен, коммуникативтік жағдаяттан шығатын және пікірі мен ұсынысын айта білу және ойын бекіту.

**Код** – тілдік спикерлер қауымдастығының жалпы тілі (әдеби норма) сөйлеу актісі кезеңінде басқа бағытқа ауыстыру – сөйлеу актісі уақытында өзгеріске енгізу немесе басқа бағытқа бұру; тілді тұтынушы (сөйлермен) тұлғааралық қарым-қатынасты арнайы мақсатты түрде байланыстыру; тілді тұтынушының тіліндегі әдеби нормаға сай тіл байлағын нақты, тура жеткізе білуге бағыттау. Бұл әдіс А1-В2 деңгейлері үшін ұтымды қолданылуы тиіс.

**Функционалды тіл** – тілдің әлеуетін арнайы мақсатта қолдану. Магу Финоччиаро (1983) функционалды категорияны 5 түрлі тармақта қарастырады:

1. Даралық.
2. Тұлғаарлық.
3. Референт – төреші.
4. Нұсқау, бұйрық.
5. Бейнелі сөз.

**1. Даралық қарым-қатынас:** ойын, өзіндік идеясын түсіндіре білу, сезімін, әсерін айта білу: махаббат, сүйіспеншілік, қуаныш, қанағат, бақыт, қайғы-мұң, жан ауруы, әлеуметтік мәселелер, шаршау-жүдеу, мазасыздану, ұйқышылдық, аштық, жылылық және т.б.

**2. Тұлғааралық қарым-қатынас:** әлеуметтік қарым-қатынасқа қатысты көзқарас, ниет, ой, сезім амалдары:

- 1) адамдарды бір-бірімен таныстыру, табыстыру;
- 2) басқалармен теңдестіру;
- 3) басқаның табысына қуанышын білдіру;
- 4) басқа адамдардың жағдайын жасауға әрекет ету;
- 5) шақыру;
- 6) шақыруға қатысты сыпайы түрде жауап беру;



- 7) түрлі шаралар қолдану;
- 8) кездесуге шақыру;
- 9) келісу (келіспеу);
- 10) кешірім сұрау;
- 11) клиенттерді қабылдау;
- 12) ниетін білдіру;
- 13) мәселені ортақ шешу;
- 14) мақтау және т.б.

**3. Референт** – түсінік беретін төреші (тұлға) дәл сол уақытта немесе болашақта болатын іс-әрекет, оқиға жөнінде қоршаған орта туралы хабарлама жасау. Тіл жөнінде жеткізу, сөйлеу, яғни «*метолингвистикалық*» деп аталады. Ол оқушылардың кемшілігін, жақсы жағын, дарындылығын ашып беру, айқындау; біреу туралы сипаттама беру; тілдік элементтерді анықтау;  $T_1$  – ана тілі мен  $T_2$  тілдерінде алынған ақпаратты, басқаның жұмысын, істеген іс-әрекетін басқа сөзбен айтып беру; салыстыра білу; мүмкіндігін, іс-әрекетін, оқиға жөнінде сұрап білу, талқылау.

**4. Нұсқау беру және бұйыру** – басқаның іс-әрекетіне әсер ету; қабылдау немесе қарсылығын білдіру; баяндамашының сөзіне түзету енгізу; сұрау, баламалы пікір білдіру немесе оның сөзін қабылдамау; көзқарасын дәлелдеу; рұқсат беруін сұрау.

**5. Бейнелі сөз** – шығармашылық пен көркем сөзге талдау жасау.

- телехабарлар, әңгіме, өлең, музыка, қойылым, фильмдер жөнінде талқылау өткізу;

- басқа да көркем шығарма жөнінде ұсыныстар беру;
- әңгіме мен қойылым сценарийлерін жаздырып үйрету;
- диалог пен үзінділерді шығармашылық тұрғыдан біріктіре білу;
- мәселелердің шешімін табу.

Бұл әдіс B2- C1 деңгейлерінде қолданылады [43].

1967 жылы профессор С. J. Dodson Wales алғашқы рет билингвалды әдіс, яғни қостілділікті үйретудің әдіснамалық тұғырын жасаған. Бұл әдіс негізінен шет тілін оқытуға байланысты зерттелген, сондай-ақ ол екінші  $T_2$  және үшінші  $T_3$  тілдерін аудиовизуалды әдіспен оқытудың негізін салған.

Бұл әдістің негізгі ұстанымы оқушы мен мұғалімнің екі тілді бір мезгілде қолдану мүмкіндігіне бағытталған: біреуі мақсатты немесе міндетті тіл – ағылшын тілі, ал екінші тіл – ана тілі міндетті тілді жедел меңгеру.

Мысалы, мұғалім мәтінді ағылшын тілінде оқиды және оны трансформациялайды, яғни оқушының ана тіліне ауыстырып, өзгертіл түсіндіреді [44].

Профессор билингвалды әдісінің 3 негізгі кезеңдерін былайша сипаттайды:

1. Оқу материалдарының тұсаукесері (презентациясы).
2. Практика.
3. Өнім беру (продукция).

### ***Ұстанымдары:***

1. Өзге тілді (мыс, ағылшын тілінде т.б.) берілген сөздер мен сөйлемдерді оқушының ана тілінде түсіндіру.

2. Мұғалім сабақта жасанды жағдаяттық түсіндіруді пайдалануы қажет емес (мыс, сөздің мағынасын түсіндіру т.б.).

3. Қостілді билингвалды әдістер: тура және табиғи әдіс.

***Билингвалды әдістің*** артықшылығы: 1) бұл әдіс ауызша сөйлеу практикасына арналған және ойын ауызша, жазбаша жеткізе алу мүмкіндігін қалыптастыру; 2) сабақта ұлттық діл (менталитет), яғни мәдениеттегі ерекшеліктер ескеріледі; 3) оқушыға бір мезгілде екі тілді меңгеру тәсілдерін тиімді қолданады: мұғалім үнемі аз сөйлейді; 4) бұл әдіс мұғалімнің сабақты өткізуіне өте тиімді.

Билингвалды әдіс ұстанымдары: 1) аталған әдіс базасында жазылым ескерілмейді; 2) грамматиканы түсіндіру аздап ығыстырылады; 3) материалды түсіндіру кезінде мұғалім екі тілді – ана тілін және шет тілін жақсы меңгерген бе, немесе меңгермеген бе және оның оқу үдерісінде қиындық туғызуы мүмкін деген пікірмен келісуге болады.

### ***Табиғи әдіс***

Тілдерді оқыту үдерісінде табиғи әдіс- тура әдістің балама түрінде қолданылады, өзара синонимдес әдістер. Табиғи әдіс келесі сипаттамада түсіндіріледі:

1. Тілді оқыту оқушының ана тілінде берілген оқыту ұстанымына сүйенеді, яғни табиғи жолмен меңгертіледі.

2. Негізгі мақсат – ауызша сөйлеу білігін қалыптастыру; жазбаша сөйлеу аса маңызды емес.

3. Оқыту негізінен лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымды үйретуге бағытталады.

Табиғи әдісті алғаш рет ұсынған ғалымдар С. Крашен мен Т.Тэреллоль. Бұл әдіс 1980 жылы алғаш рет тура әдіс базасында қарастырылған. Ғалым С.Крашен екінші ( $T_2$ ) немесе үшінші ( $T_3$ ) тілдегі оқу материалын (сөйлемей тұрып) барынша дискіден тыңдайтын, тілдік ортаға толығымен енгізу «батыру» деген түсінік береді [45].

Коммуникативтік және табиғи әдіс теориялық және практикалық жағынан ұқсас әдістер.

### ***Екінші тілді ( $T_2$ ) оқытудағы табиғи әдістің орны:***

1) ана тілі арқылы білім алады;

2) ана тілінде берілген синтаксистік құрылым екінші  $T_2$  тілді үйрену үдерісінде де ретімен жағастырылады;

3) ана тілінен берілген білімге мониторинг жасайды, тексереді;

4) аффектілік сүзгі болжамы немесе ділдік «ментальдық» блогы: оқу материалды аффектілік сүзгіден ерекше іріктелген жағдайда және ел ділінің артықшылығы түсіндірілген уақытта білімді терең қабылдайды.

Олай болса, үштілде білім беру саласы қазіргі таңда Үндістан, АҚШ, Ресей, Түркия, Еуропа елдері сияқты жүздеген ұлт пен ұлыс өкілдері тіршілік етіп жатқан мемлекеттерде кең қанат жайғаны мәлім.

Шетелдік ғалымдардың теориялық және әдістемелік еңбектеріне талдама жасай келіп, оның нәтижелерін алдағы уақытта тілді оқытатын мұғалімдердің тілдерді оқыту сабақтарында үлгі ретінде қолдана білуіне толық негіз бар.

1954 жылы Еуропалық Кеңестің ұйғарымымен Еуропалық тілдік орталық ашылып, Страсбург қаласында орналасқан. Бүгінде Еуропалық Кеңеске 46 еуропалық мемлекет мүше, негізгі мақсат – заманауи тілдердің маңыздылығын, көптілділік қоғамға қажет екендігі, көптілді тілдік тұлғаны қалыптастыру базасын құру.

Еуропа елдерінде тілдерді оқыту Тұжырымдамасының негізгі тұғыры көптілділік білім беру.

Көптілділік туралы алғашқы рет Еуропалық Кеңес Тұжырымдамасында білім мен дағдыны қалыптастыру міндеті қабылданған және олар көптілді оқу бағдарламалары мен стандартын дайындаған.

Бұл Тұжырымдамада «тілді деңгейлік оқытудың маңыздылығы және тілдік қарым-қатынас жасау құзіреттілігі сипатталған, сондай-ақ тілді әртараптандыру мәселелерін және оқытудың көптілді мақсаттарын анықтау тұрғысынан біртүлді немесе бірнеше тілді үйренуге байланысты әдіснамалық тәсілдер жөнінде түрлі ұсыныстарды табу, көптілділік құзіретті дамыту перспективалар, білімді бағалаудың түрлі деңгейлік дискрипторлары пайдалану көрсетілген.

Құжатта жалпыеуропалық тілдік білім беру стандарттарының нұсқасы берілген. Осы құжатта басты мақсат – әртүрлі тілдер мен мәдениеттердің тоғысында еуропалықтар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, ынтымақтастықты нығайту мәселесі көрініс тапқан.

Сондай-ақ Тұжырымдамада аталған мемлекеттермен тығыз байланыс құру үшін, мәмлегерлік қарым-қатынасқа түсу үшін, жас ұрпақ бәсекеге қабілетті болуы керек, ол үшін үш немесе бірнеше тілде еркін сөйлейтін ұрпақты тәрбиелеу мақсатын айқындау жолдары қарастырылған. Соңғы жылдары жарияланған Еуропалық Кеңесінің көптілділікке қатысты ұсыныстары үлкен маңызға ие болып отыр. Бұл құжат біздің еліміздегі жаңадан бастау алған «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын жүзеге асыру мақсатында тиімді әдістеме жасау қажеттігі және коммуникативтік құзірет аясындағы «тілдердің үштұғырлығы» мен лингвомәдени, лингвистикалық және стратегиялық құзіреттерді қалыптастыру критерийлерін анықтау міндеті өзекті болып отыр. Осыған орай Еуропалық Кеңесі «шет тілдерін меңгерудің жалпыеуропалық құзіреттері: оқу, оқыту, бағалау» (Страсбург, 2011) теорияларын Қазақстандағы мектептер мен ЖОО-да тілді деңгейлік жүйеде оқыту теориялары негізделгенін айтуға болады (көптілділік ұғымы, деңгейлік оқыту және т.б.) [46, 9].

Біздің ұғымымызда мемлекеттік тіл – көпұлтты Қазақстан Республикасының көптілділігінің басты орнын иеленуге тиіс. Ал көптілді тілдік

тұлғаны қалыптастырудың іргетасы ана тілінен алынатын толыққанды, түбегейлі білімнен нәр алуы қажет.

Ал «көптілділік» термині жеке тұлғаның отбасылық тілі мен әлеуметтік ортаның тілі мәдениетаралық тілдер байланысында (қоғам, мектеп және т.б.) қалыптасуымен де түсіндіріледі.

Осы тұрғыдан қарағанда Еуропалық Кеңестің тілдік бағдарламалары мазмұны көптілділік құралдарын жасауға арналған, сондай-ақ еуропадағы тілдер мен әр алуан мәдениеттің жағдайында көптілділікті дамытуды қарастырған. Қазақстанда да тілдерді оқыту арқылы оқушының тілдік тұлғасын қалыптастырудың жолдарын қарастырып, оқу үдерісін жандандыру ретінде мектептерде тілді үйренуге арналған жалпыеуропалық анықтамалық жүйені жасау қажет.

Жалпы кез-келген тілді оқыту және меңгерту арқылы бірнеше тілді меңгерген оқушының әлемде өмір сүріп жатқан ұлттардың мәдениетінің (ұлттық, әлеуметтік т.б.) көріністеріне қол жеткізу құралы болып табылады.

Еуропалық Кеңесі Тұжырымдамасында қабылданған көптілді тілдік тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігіне сәйкес, ондағы негізгі қойылған мақсатқа жету жолдарын көрсеткен кейбір теориялық және әдістемелік ұсынымдар өрнегінен ұтымды ойлар алуға болады. Олар:

1. Оқу үдерісінде оқушының алған білімі негізінде жаһандық, тілдік құзіреттілік пен коммуникациялық дағдыларды қалыптастыратын инновациялық әдістерді енгізу.

2. Тілдік құзіреттілікті қалыптастыру жолдарын сипаттаған деңгейлік үйрену сатыларында оқу үлгерімін сапалы және алға жылжыту.

3. Коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру лингвистикалық, әдістемелік өлшемдерден басқа да әлеуметтік-мәдени, лингвистикалық-мәдени, аффектілік сезімді оятатын саналы түрде және эмоцияналды әрекет түрінде үйрену жолдарын (аспектілерін) ескеру қажет.

4. Тілді игерту арқылы көптілді тілдік тұлғаны қалыптастыру, лингводидактикалық қырын айқындау мақсатында:

- қажеттілікті анықтау (қай сыныптан бастау);
- қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешу;
- оқу материалдарын дұрыс таңдау және іріктеу;
- оқыту бағдарламаларын даярлау;
- оқытудың өнімді инновациялық әдістерін талдау;
- бағалау және бақылау формаларын енгізу.

Еуропалық тілдерді оқытудың билингвалды бағдарламалары ерекшеліктеріне және тілдерді оқытуға қатысты әдістемелік ұстанымдарға назар аудару қажет. Олар:

1. Тілді үйренушілердің ұлттық-мәдени, діни және лингвистикалық ұқсастықтары мен сәйкестіктерді құптай отырып, білім беру жүйесінде бірінші тіл ( $T_1$ ) міндетті түрде есепке алынуы және оны қорғауға кепілдік беру.

2. Екінші ( $T_2$ ) және үшінші ( $T_3$ ) тілдерді оқыту сапасы жоғары дәрежеде болуы керек, себебі мектеп түлектері осы тілдерде емтихан тапсыруы тиіс.

3. Тіл үйренуші екінші және үшінші тілдерді қаншалықты жеделдете меңгерсе, соншалықты оқу пәндерін осы тілдерде оқыту керек.

4. Бірде-бір тіл басқа тілдерді оқыту үдерісінде ерекшелікке ие емес.

5. Арнайы оқу бағдарламасымен жұмыс істейтін барлық мұғалім тілдерді өте жақсы білуі қажет, олар тілдік орта қалыптастыруы тиіс.

6. Билингвалды бағдарламаның мақсаты екі немесе үш тілде де білім алу. Егер пән сабақтарында тілдер тиімді қолданылса, онда сөздік қоры көбейеді және тілдерді меңгеру сапасы жоғарылайды.

7. Барлық тілдерді оқыту құқығы бірдей болып саналуы тиіс.

8. Оқушылар қоғамдағы бірнеше тілдердің өзара байланыстағы мәдениетімен таныс болуы керек.

Билингвалды іс-әрекетке, яғни қарым-қатынасқа түсу кезеңіндігі орындалатын өзіндік ерекше жағдай жөнінде ғалым А.Петрикова өз ойын былайша нақтылайды: «Дәл қазір қай тілде сөйлеп тұрғанына қарай екі түрлі мәдени жүйе координатын қолданады, болып жатқан оқиға және қоршаған ортаны түрліше бағалайды және оның ойында тек қана мәдени схемалар өмір сүреді, сонымен бірге олардың қолданылу аясы да реттеледі және әлеуметтік мазмұнда қандай мәдениетті қолданатынын тұлға өзі қабылдайды» [47, 376].

Билингвалды оқыту үдерісінде түрлі әдістер қолданылады:

1. Бірінші тіл ( $T_1$ ) және екінші тілдерді ( $T_2$ ) оқыту мен меңгерту үдерісінде әдістер жеке және алмастыра, кезектестіре қолданылады.

2. Бірінші ( $T_1$ ) тіл мен екінші ( $T_2$ ) тілдерде оқу материалдарын түрлі тіркесімдерде, яғни екі тілдік материал бірін-бірі толықтыра түсіндірілуі тиіс: бір тілде түсіндірілсе, екінші тілде ұғындырылып және айқындалады. Яғни сұрақ бірінші тілде берілсе, жауап екінші тілде беріліп, көптілде пікірталас тудыруға болады (бұл тіл арқылы басқа пәндерді оқытуда қолданылатын әдіс).

3. Оқушыларға тақырып бойынша термин сөздердердің тізімі ұсынылады, ол оқу материалын нақты және тиімді қабылдануына көмектеседі. Ал қалған материалдарды баяндау бірінші ( $T_1$ ) және екінші ( $T_2$ ) тілдерде қатарласа берілуі тиіс. Оқушы оқу материалын бекітуге арналған тапсырмаларды бірінші тілде ( $T_1$ ) орындайды. Тесттік тапсырмалар екінші тілде ( $T_2$ ) берілсе, онда оқушы меңгерілген лексиканы белсенді тұрғыда кеңейтіл және жадында сақтайды.

Көптілді білім берудің халықаралық тәжірибесіне және мерзімді шыққан зерттеу еңбектеріне сүйенсек, көптілді білім беру өрнектерінің *әлсіз* (weak) және *мықты* (strong) деп аталатын екі термин бар.

Негізінен бір тіл (мыс, ана тілі) ғана оқытылып, екінші шет тілі өте аз көлемде және аптасына бір не екі сабақ өтіледі де, оқушы біртінде тұлға немесе *әлсіз* (weak) тобында болып қалады, ал *мықты* (strong) бірнеше тілде тұлға сол тілдерді табысты меңгереді, олар екінші ( $T_2$ ) және үшінші ( $T_3$ ) тілдерін аптаның әр күні 50-60 минуттан оқиды.

### ***Мәселені шешу жолдары:***

Екінші тілді оқытатын мұғалімдерді арнайы дайындықтан өткізу қажет. Мұғалімге жағдай жасалуы тиіс: бірінші, шет тілін оқытатын мұғалімге екінші

шет тілін оқыту мақсатында білімін жетілдіру керек, себебі олар ЖОО-да екі шет тілін біліп шығады.

Балтық елдерінде орыс тілі екінші тіл ( $T_2$ ) ретінде оқытылады. Ал Украинада ағылшын тілі 1-інші сыныпта оқытылады, екінші шет тілі 5-інші сыныпта меңгертіледі (неміс, орыс, француз, испан, поляк тілдері т.б.).

Көптеген шетелдік ғалымдардың еңбектерінде тілдерді меңгерту, қостілділік жайындағы болжамдарына қарағанда ана тілінің ( $T_1$ ), екінші ( $T_2$ ) және үшінші ( $T_3$ ) тілдерді оқыту үдерісіндегі маңызын және сол арқылы басқа тілдерді меңгеруге үлкен әсері бар екендігімен сабақта грамматикалық-аударма әдісін көп қолданудың тиімсіздігін ерекше атап көрсеткен.

XX ғасырдың аяғына дейін көптеген шетелдерде екінші тілді меңгерту, қостілділікке қатысты екі жақты пікір айтылып келген. Кейбір еңбектерде екінші тілді ( $T_2$ ) меңгерту, қостілді тұлғаны қалыптастыру теориясы мен әдістемесі негізгі педагогикалық аядан шығарып, кең көлемде социолингвистикалық бағытпен байланыстыра қарастырылады.

Ал үшінші тілді ( $T_3$ ) оқытуға қатысты зерттеулерде қостілділіктің әсері үшінші тілді меңгерудің маңызы аспектісі екендігін көрсетеді.

Осы мәселеге қатысты ғалым Ringbom 1987 жылы жазған еңбегінде қостілділік пен біртілділік (мысалы, фин және швед тілі) жөнінде өзінің ойын былайша дәлелдейді: Финляндияда ағылшын тілі үшінші тіл ( $T_3$ ) ретінде оқытылғанда тек қана біртілділерге, яғни фин тілінде сөйлейтіндерге қарағанда екінші және үшінші тілді меңгергендердің анағұрлым озық екендігін ғылыми тұрғыда негіздеген.

Сол жылдары, яғни 1988 жылы АҚШ ғалымы Томас өзінің еңбегінде Ringbomның пікірімен келісе отырып, ағылшын және испан тілін меңгерген қостілділер француз тілін үшінші тіл ( $T_3$ ) ретінде үйрене бастаған уақытта біртілді құрбыларына қарағанда үшінші тілді ( $T_3$ ) жедел меңгергенін айтады.

Бұл пікірлерді Naor mann 1980 және Herdine және Jessner 2002 жылдары жазған өздерінің зерттеу еңбектерінде өз тәжірибелеріне сүйене отырып, тереңірек дәлелдейді.

Аталған еңбектерге тән негізгі ортақ нәрсе: оқушы ана тілін ( $T_1$ ) жеткілікті білсе де, үшінші тілді меңгере алмайды, ал үшінші тілді ( $T_3$ ) екінші тілді ( $T_2$ ) толық меңгергенде ғана жедел үйреніп, еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыра алады деген пікір.

Ана тілінің (бірінші тіл –  $T_1$ ) ретінде екінші тілді меңгеру үдерісіндегі сөйлеу әрекетінің оқылым түріндегі рөлі мен маңызын бірнеше шетел ғалымдары өздерінің мақалаларында ашып көрсеткен. Олардың пікіріне сүйенсек, оқушы бірінші тілдегі алған білімін және стратегияны екінші тілдегі мәтінді оқу кезеңінде автоматты түрде тасымалдайтынын, екінші тілді меңгеру үдерісінде оқылым түрінің маңызын ерекше көрсеткен. Оқушы ана тіліндегі тілдік құрылым туралы түсінігін екінші тілде үйренуде тығыз байланыстыра алатынын, сондай-ақ ана тілінің әліпби жүйесін, морфология мен синтаксистік құрылымын жақсы игерген оқушының екінші және үшінші тілдерді жедел, қиындықсыз меңгеретінін бірнеше өрнектер үлгісінде беріп, дәлелдеген.

Колумбия университеті жанындағы колледж магистрі Wang Lammy осы тілдерді меңгертуге қатысты ғылыми пікірін былайша түйіндейді: бірінші тілдегі (Т<sub>1</sub>) лексика екінші тілден алынатын сөздер арқылы сөздік қорын байытуға көмектесетінін және оны көптілділікті орнықтыратын норма деп есептейді. Ал үшінші тілді (Т<sub>3</sub>) меңгерудің қиындығын айта келіп, оны оқытудың тиімді жолы – психоллингвистика теориясына сүйену екендігін ескертеді.

Америка ғалымдары Audin Y. Durgunoglu, Barbara. J. Hansin Bhaft өздерінің осы мәселеге қатысты жазған мақалаларында ана тілі мен үйретілетін екінші тілдің бір-бірінен фонологиясы мен тілдік құрылымы жағынан үлкен айырмашылығы болса, тілді меңгеру қиындық туғызатынын, ал екі тіл де ұқсастық болса, онда үйрену жеңіл болатыны жөнінде өз ойларымен бөліседі [48].

Бүгінде көп тілді меңгерген халықаралық қарым-қатынаста «мәдениеттаным» сұхбатына еркін араласа алатын тілдерді жетік білетін тұлғаны қалыптастырудың теориясы мен әдістемесін зерттеу лингвист және әдістемеші ғалымдардың негізгі мақсат-міндеті болып отыр. Бұл мәселенің біршама әдіснамалық негізі анықталған: «тілдік тұлға» термині көп аспектілі ғылым салаларымен тығыз байланысты, атап айтқанда: психоллингвистика тарихи лингвистика, лингводидактикалық, коммуникативтік іс-қимыл, этнолингвистика, лингвокогнитивті және лингвориторикалық т.б.

Осы ғылымдар тоғысында тілдік тұлға жөнінде бірнеше ғылыми негіздемелер анықталған (билингвалды, диалектілі, тарихи, полилингвалды, монолингвалды, этникалық, кәсіби, материалдық элитарлы және т.б.).

Осылардың ішінде монолингвалды бір тілді тұлға және мультилингвалды немесе үшлингва тұлғаны қалыптастыру, даярлау, үш тілді оқыту және меңгерту біздің елімізде өзекті болып отырғаны мәселе екені даусыз.

### **Түйін:**

1. Ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі.
2. Қостілділік Қазақстан оқушылары үшін мультимәдениетаралық контексте ойын жеткізе білуі керек, себебі елімізде түрлі этнос өкілдері тұрады.
3. Қазақстан мектептерінде билингвалды әдістің қостілділік пен көптілділікті қалыптастыруда өте ыңғайлы әдіс екендігін атап өтуге болады.

Бұл бөлімде билингвалды әдіс жайында бірнеше шетел ғалымдарының баспа беттерінде жарық көрген мақалалары талданады. Солардың бірі – Америка ғалымы Smud-тің мақаласы. Мақала «қостілді сыныптағы үш әдіс» деп аталады. Қостілді сыныптағы үш әдіс ұстанымдары мен амал-тәсілдері:

1. Қамтамасыз ету тәсілі – оқушының ана тілін және оқытылатын екінші тілді бір мезгілде қолдануы.
2. Аралық, өту тәсілі – екі тілде (ана тілі+бір шет тілі) сабақ өтіледі, одан кейін екінші тілде түсіндіріледі, шет тіліндегі алынған сөздік қоры көбейгенде ана тілін қолданбайды.
3. Ауызша сөйлеуге арналған материалдар беріледі, оқылым дағдысын қалыптастырады [49].

Сондай-ақ 2018 жылы Англияда жарық көрген Enli Mon Thomastың «Билингвалды оқыту өрнектері» деп аталатын мақаласында қостілділікті қалыптастыру және екінші тілді оқыту коммуникациясы деген тақырыпқа төмендегі өзіндік стратегияларын атайды:

1. Екінші тілді оқыту үдерісінде ана тілін қолдану.
2. Түрлі оқыту стратегияларын тиімді пайдалана білу.
3. Мұғалімнің көмегі мен оқушының өзіндік іс-әрекетін жүзеге асыру.
4. Аударма әдісін қолданбау: тілді аудармасыз жылдам үйрету.
5. Оқушының сабақтағы «ойға бату» әрекеті арқылы тілді үйрену амалдарын қолдана білуі маңызды (суггестопедия әдісі).
6. Сабақта тура әдісті тиімді қолдана білу: нәтижесінде мультикүзирет қалыптастыру.
7. Монолингвалды тұлғандан мультилингвалды тілдік тұлғаға жетудің жолдарын ұсыну: екі тілді бір уақытта дамыту арқылы қостілді тұлғаның ана тілінен алған білімін салыстыруға (контрастивтілікке) ықпал ететіндей жаттығулар ұсыну.

Мақала авторы жоғарыда айтылған стратегиялардың тілдерді тез үйренуге, оқу материалдарын меңгеруге үлкен септігін тигізетінін дәлелдейді. Ол сондай-ақ мұғалімнің осындай тәсілдерді қолдана білсе, жаңашылдыққа қол жеткізе алатынын және оқушының металингвистикалық қабілетін орнықтыруға, басқа тілден берілген талдаулар оның лингвистикалық табыстарға жетуіне әсер ететінін ескертеді.

Бұл жұмыста жалпы тілдерді оқыту стратегиялары мен оқыту модельдеріне қатысты әр жылдары ғылыми еңбектерінде ғалымдар Стерн (1983 ж.), Венден (1983 ж.), Дансерен (1985 ж.), Рубин, Шамот (1985 ж.), Джонс (1990 ж.), Грекфли мен Харрис моделі және Ноэн (2000) бірқатар ортақ пікірлер бар: ол оқу үдерісіндегі мұғалім мен оқушының тілді меңгеру стратегияларының маңызы мен құндылығы туралы дәлелді пікірлері бар. Сондай-ақ 2000 жылы ғалым Сеноз тілді меңгертудің 4 үлгісін ұсынған:

1. Бірінші үлгі: Ана тілі ( $T_1$ ), екінші тіл ( $T_2$ ) және үшінші тілдерді ( $T_3$ ) бір мезгілде оқыту.
2. Екінші үлгі: бірізді, жүйелі түрде меңгерту  $\rightarrow T_1 \rightarrow T_2 \rightarrow T_3$ .
3. Үшінші үлгі: бірізгілікте жүйелі түрде меңгерту (ана тілін түбегейлі, толық меңгергеннен кейін екінші тіл ( $T_2$ ) және үшінші тілдерді ( $T_3$ ) оқыту.
4. Төртінші үлгі: бір мезгілде меңгерту: бірінші және екінші тілдерді толық меңгеріп алған соң ғана үшінші тілді ( $T_3$ ) оқыту [50].

*Билинг әдісі* – оқушының екі тілді қабылдауына бағытталған: мектеп және сынып. Бұл жағдай грамматикалық-аударма әдісін ығыстырып, тура және табиғи әдісті қолданғанда екі тілді де интеграциялы тұрғыда меңгереді. Бұл жол – тілдерді оқыту стратегиялары деген пікірде дәйектелген.

1. Қостілділікті орнықтыру стратегиясы: оқушы қай тілде ойын жеткізсе (екі тілдің біреуінде сөйлейді), бұл дұрыс бағыт.
2. Оқушы сабақта өзінің ана тіліне сүйенеді, екінші тілді кеңейтеді. Транстіл (трансызык) – тіл аралық кеңістіктен өтуге бейімделеді.



3. Мұғалім сабақта оқушының сөйлеу әрекетінің оқылым және жазылым түрлері арқылы дағдысын қалыптастырады. Оқушының ана тілін мақсатты түрде қолданып, кеңейтіл, екінші тілді меңгеруге жетелейді. Бала ана тілін жақсы білуі керек. Ал *тыңдалым* мен *айтылым* түрі екі тілді біршама меңгергенде өз нәтижесін береді, аударма тәсілі аздап қолданылады. Транстіл – оқушының ана тілі немесе екінші тілде ақпарат алуына тиімді. Егер сабақта ана тілін жетік білмесе, аз қолданса, онда екінші тілді үйрене алмайды. Ана тілі арқылы басқа тілдерді  $T_1$ - $T_2$ -ді интеграциялайды. Ана тілі мен екінші тілді үйрену жұптас жүргізілсе,  $T_1$ -де алынған ақпарат  $T_2$ -дегі білімді арттырады. Шетел ғалымдары «трансызык» оқушының 9 және 11 жаста екінші және үшінші тілді меңгеруіне өте тиімді болады деген болжамдарын айтады.

4. Басқа пәндер оқу жоспарына сәйкес ана тілінде оқытылып, бірақ күнделікті екінші тілде жаңа сөздерді қолданып, ауызша сөйлеуге үйрету керек. Ана тілінен алынған сөздік қор жаңа сөздер мен терминдерді тез үйренуге жол ашады.

5. Тілді тұтынушы немесе сөйлермен тілін, яғни қоғамдағы басым тіл арқылы екінші тіл үйретілуі тиіс. Сондай-ақ география, биология, химия пәндері екінші тілде оқытылуы мүмкін.

6. Еуропалық Кеңес (ЕК) тұжырымдамасында көрсетілгендей тілді шоғырландыра, біріктіре оқыту контенті (контентный языковой интегрирование обучение), ана тілінде берілген жазбаша және оқылым түріндегі оқу материалын жақсы меңгергенде ғана, басқа тілді тез үйренеді.

7. Пән және тіл баламасы болуы тиіс: мұғалім өз пәнінің маманы болуы қажет (мыс, биолог).

8. Сабақта іс-әрекетті дамыту, мазмұн және талдау тәсілдері орындалады.

9. Білімін байыту: басқа елдер мәдениетінен мол білім беру. Тапсырмалар жоба түрінде ұсынылады: *анықтама (1) → тапсырма (2) → нәтиже (3)*.

10. Тілді меңгеру үшін оқушының өзіндік стратегиясы орнығады: диаграмма, сызбалар көрнекілігін пайдаланып, тілді «қалай?» және «нені?» үйрететінін дәлелдеу.

11. Рубиннің жіктемесі бойынша тілді оқытуда интерактив → коммуникация → әлеуметтік стратегиялар тілді тез меңгеруіне ықпал етеді және үйренуіне әсері мол. Ал танымдық стратегияларын мына сызба негізінде түсінуге болады: нақтылау (тексеру) → болжау → өзін-өзі басқару. Ғалымның үшінші стратегиялық сызбасы: ана тілі базасы → сұрақтар → ауызша сөйлеуді орнықтыру → екінші тілді меңгеруде медиа тыңдау.

12. Ғалым Жанс тілдерді оқыту жүйесіндегі үш негізгі стратегияны ұсынған: метакогнитивтік стратегия (оқушы өзінің тілді меңгеруін жоспарлайды және ұйымдастырады, оқуды бақылайды), аффектілік стратегиясы (оқушылардың сенімділікке, сезімін және материалды саналы қабылдауына мүмкіндік беру) және әлеуметтік стратегия (көбінесе дискурстық жағдайды, яғни мәдени және этникалық ерекшелікке қарай қолдана білу).

### *Қостілділікті дамытудың амал-тәсілдері*

1. Мәтінді оқу түрі: бірнеше рет қайталап оқыту	Мұғалім қиын сөздерді түсіндіреді.
2. Түсіндіру	Оқушының сөзін қайталатып айтқызып, қатесін уақытында түзету.
3. Басқа баламалы жауабын таба білу	Баланың ойын, өзінің пікірін айтқызу.
4. Металингвистикалық кері байланыс (екінші тілде берілген материалдарды талдай біру)	Берілген тапсырманы талқылау, ақпарат алмасу.

Қостілділікті қалыптастыру бағытындағы шетелдің социолінгвист, әдіскер-ғалымдардың ұсынып отырған тілді оқыту әдістерінің негізінде ауызша сөйлеуге үйретудің басты жолдары: жаңа материалдарды диалог өрнегінде беру, сөздерді дұрыс дыбыстауға үйрету, жаттықтыру, сөйлеу әрекетінің төрт түріне тапсырмалар беру, сабақта кейбір тапсырмаларды ым-ишара түрінде түсіндіру тәсілдерін тиімді қолдана білумен бірге грамматикалық өрнектерді аз беру амалдары бар.

Бұл әдістердің ұтымды тұсы – мәдениетаралық байланыс құра білу, коммуникацияға шығу жолдары.

Ағылшын тілі ғасырлар бойы қалыптасқан түрлі ел мәдениетінің көрінісі екені дәлелденген құбылыс. Әлемдегі халықаралық тіл ретіндегі қолданысқа ие ағылшын тілі тұлғалардың ойлау жүйесі арқылы таным мен психологияның өзара байланысында көптеген елдердің мәдениеті өрнегінде тілді оқыту үлгілерін трансформациялауға алып келді [51].

Ғалым Fernando Cerezel Sierra (Испания, Universidad de Alkala) екінші (Т<sub>2</sub>) және үшінші (Т<sub>3</sub>) тілдерді түрлі зерттеулерге сүйене отырып, оқыту моделін табудың бірнеше жолдарын көрсеткен. Соның ішінде коммуникативтік және аудиовизуалды әдістері тілді жылдам, жедел үйренудегі амал-тәсілдерді ұсынады. Олар:

<b>Аудиовизуалды әдіс</b>	<b>Коммуникативтік әдіс</b>
<b>1.</b> Диалогты меңгеру	<b>1.</b> Мағына ең маңызды
<b>2.</b> Дыбыстармен жаңа лексиканы дұрыс айта білу	<b>2.</b> Диалог коммуникативтік қарым-қатынас құрумақсатында ұсынылады
<b>3.</b> Есту артикуляциясын дұрыс жолға қою	<b>3.</b> Базалық дағды қалыптастыру қажет
<b>4.</b> Тілді тұтынушының тілін	<b>4.</b> Сөздер мен дыбыстарды дұрыс

меңгеру қажеттігі	дыбыстауға үйрену
5. Ана тілін қолдану маңызды емес	5. Техникалық құралдарды қолдану қажет
6. Грамматикалық ереже берілмеуі тиіс	6. Коммуникация кеңейтіледі
7. Тілді аудармасыз меңгеру	7. Ана тілінде түсіндіру қажет
8. Сөйлеу әрекетінің оқылым және жазылым түрлеріне жұмыс істеу	8. Аударма аз қолданылады
9. Оқушының тілді меңгеруін белсендіру	9. Оқылым және жазылым түрі алғашқы сабақтарда қолданыла бастайды

Аталған екі әдіс те билингвалды оқыту үдерісінде маңызға ие. Ал  $T_1$ - $T_2$  тілдерді меңгерту үдерісінде бірінші ( $T_1$ ) және екінші ( $T_2$ ) тілдерін бір-бірімен өте тығыз байланыста қолдану қажеттілік, бұл әдістердің негізінде тілді саналы түрде меңгеруі мен үйренуі өте тиімді екені дәлелденген.

Екінші тілді оқытудың тиімді жолдарын ұсынған ғалымдар Gabriel Teyada, Molina, of Jaen, Spain University [52].

Олар билингвалды оқыту бағдарламасын ұсынған, оның құрылымында ана тілін меңгерудегі ұтымды қолданылатын әдістер көрсетілген. Бұлар - аудиолингвалды, аудиовизуалды және тура әдіс.

Сондай-ақ аталған құжатта қоғамның тілін білу, гуманистикалық-дизайнерлік және суггестопедия әдістерінің тиімді жолдарын да көрсетеді.

*Дизайнерлік әдіс* – басқаша айтқанда «жым-жырт, тыныштықтағы жол» деп те аталады, ал суггестопедия «есте сақтау, ойға бату» деген ұғымдарды білдіреді. Ғалымдар қоғамның тілін үйрену әдісі базасында  $T_1$ - $T_2$ - $T_3$  тілдердің оқытылуының маңызына ерекше көңіл бөлген, себебі бұл әдіс бағдарламадан тыс орындалады. (Мысалы үй тапсырмасын орындау үшін). Оқушы – сабақтағы іс-әрекеті арқылы талапқа сай өздігінен орындаушы рөліндегі кейіпкер. Мұғалім қоғамдағы болып жатқан түрлі жағдаятқа қатысты тақырып ұсынады және бақылайды. Мысалы, тақырып: «Тіл мәселесі». Бұл әдістің ерекшелігі:

1. Оқушының саналы, аффектілі сезімге бөленуі маңызды.
2. Дәстүрлі және инновациялық амал-тәсілдер бірлікте қолданылады.
3. Сабақта оқушы көп жұмыс істейді, ал мұғалім оның ойын, сөзін екінші тілге ( $T_2$ ) аударды. Оқушылар қайталайды, мұғалім түсіндіреді.
4. Топтық жұмыстың рөлі маңызды.
5. Оқушылар бір-бірімен еркін интерактивті қарым-қатынасқа түседі.

Сонымен бірге АҚШ-тың әдіскер-ғалымы Санчес Роджерс 1997 жылы оқушының «клиент» бейнесінде, ал мұғалімнің «консультант-кеңесші» рөліндегі өзара іс-қимылы арқылы тіл үйренудің амал-тәсілдерін ұсынған. Бұл – оқушылардың шынайы жағдаятта қарым-қатынас құра білуі, табиғи тіл (ана тілі) материалдары негізінде тіл үйрену арқылы сөйлеу әрекетінің төрт түрінде ауызша және жазбаша үйрету жолы. Ғалым ұсынған, қоғам тілін үйрету әдісінің негізгі ұстанымдары:

1. Бірінші амал: белгілі бір мәселені шешудегі оқушы мен мұғалім арасындағы өзара қарым-қатынас және тілді оқыту тәртібі.

2. Лексиканы меңгеру: лексиканы шағын көлемдегі фразаларда қолдана білу дағдысын қалыптастыру жаттығуларын ұсыну.

3. Нейролингвистикалық бағдар: мультиинтелегенттік, ақылдылық, естілік (мультиразум) қалыптастыру.

4. Сабақта оқушылардың оқу материалдарын бір-бірімен жарысқа түсуі мақсатында игеруі қажет емес, керісінше оқу материалдарын бірлікте, ынтымақтастықта меңгеруі тиіс.

5. Мазмұндық (контекстік) оқыту жолы: екінші тілден алынған білім базасында басқа пәндерді меңгерту.

Жаңа Зеландияның әдіскер-ғалымы оқушының ана тілінің екінші тілді оқытудағы рөліне тоқтала келіп, оның екінші шет тілін меңгеруі үшін ана тілін түбегейлі білуі маңызды екендігіне мән береді. Ол өзінің еңбегінде ана тілін ( $T_1$ ) және екінші тіл ( $T_2$ ) мен үшінші тілді ( $T_3$ ) оқытудың төрт тізбегін ұсынған [53].

Олар:

1) тілді мақсатты оқыту, яғни материалдарды түсіндіру және игерту сөйлеу әрекетін тыңдалым және оқылым түрінде жүргізілуі;

2) меңгерілген нәтиже ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде қолдана білуі мен тілді меңгерту – саналы түрде тілдің ерекшелігіне назар аударып, оны ұғып алу түрінде;

3) тіл материалдарын жылдам, тез қабылдап, жүзеге асыру.

4) оқу материалдары оқушыға таныс және өте шағын, қарапайым болуы керек.

Сонымен бірге, ғалым тілді оқыту үлгісін былайша түсіндіреді: ол сабақта сөйлеу әрекетінің *тыңдалым*, *оқылым*, *айтылым* және *жазылым* түрлеріне аса қатты көңіл бөлінуі қажет екендігін дәлелдейді. Аталған төрт тізбе немесе тармақтар екінші тілді меңгеруде де қолданылуы аса маңызды екенін айтады. Екінші тілден ( $T_2$ ) берілетін тапсырмалар сол тілде түсіндірілуі керектігін ескертеді (мысалы, кітаптың бетін аш, қара немесе тыныштал, сабыр сақта және т.б.). Лексикалар сол үйретілетін тілде беріледі, себебі іс-әрекет екінші тілде орындалады. Мұғалім сабаққа жоспарлы дайындықпен барып, арнайы әзірленуі керек: (Мысалы, тақырыпқа қатысты жаңа сөздер тізімі жасалады, жаттығу түрлерін іріктеу сияқты жұмыстар және т.б.).

Екінші тілді оқыту үрдісінде ана тіліндегі оқу материалдары екінші тілде көп түсіндірілуі қажеттігін және өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, оқушының ана тіліндегі білімін мақсатты түрде пайдаланып, өз тілінде тақырыпты жан-жақты талқылатып, екінші тілде ( $T_2$ ) жазбаша жұмыстарды орындаудың маңызын айтады. Оқушылар оқу үдерісінде белсенділік танытады, сөздік қоры көбейеді деп түсіндіреді.

Сондай-ақ ғалым ана тілінің ( $T_1$ ) екінші тілді ( $T_2$ ) меңгерту бағытындағы рөлін тілді жоғары деңгейде ұғыну үшін маңызды деп санайды.

Сабақта кез-келген тақырыпты ана тілінде ( $T_1$ ) талқылау кейбір қиындықтарды жеңуге көмегі мол екендігін сипаттайды. Мысалы сөздерді

қимыл-әрекет арқылы түсіндіріп, суреттер, диаграммалар, жарнамалар көрнекіліктері т.б. ана тілінде көрсетіл, екінші тілде ( $T_2$ )оның баламалы анықтамасын түсінуге әрекет жасауына бағыт беру жөнінде де өзінің ұсыныстарын айтқан. Ол үшін ана тілі ( $T_1$ ) мен екінші шет тіліндегі ( $T_2$ )оқу сөздіктері қажет болады. Екінші тілді 4-5 жыл оқып, оны меңгерген оқушы кәсіби пәндерді жақсы игереді деген ойын білдіреді.

Ана тілінде берілетін тапсырмалар оқушының сөздік қорын байытады, өз тілінде алынған ақпарат екінші тілді жылдам меңгеруіне көмектеседі. Сабақта ана тілі мен екінші тілді теңдестіре, «баланспен» оқыту өте тиімді екенін, мысалы газет материалдары, жаңалықтар топтамасы екі тілде бірдей ұқсас мазмұнда ұсынылса, оқушы екінші тілді жедел меңгеретінін нақты өрнектермен түсіндірген.Ғалым тіл сабақтарындағы кездесетін олқылықтарды жоюдың он амалын ұсынған:

1. Оқушының білігі мен дағдысын қалыптастыру мақсатында тапсырмалар мен материалдарды орындаудың белсенді әдістерін таңдай білу.

2. Оқушыларды оқу материалдарын орындауға әзірлеу, тілдік дағдыны қалыптастыру ұстанымына сүйену.

3. Қажетті деңгейлерге жету жетістігін орнықтыру үшін іріктелген тапсырмаларды кезең-кезеңмен ұсына білу.

4. Оқушыны тілді тұтынушының рөлінде (мысалы, сен ағылшынсың) енгізіп, жасанды қылық көрсетіл, өз әрекеті арқылы екінші тілде ауызша сөйлеуге мәжбүр ету.

5. Екінші тілді оқыту және меңгертудің мақсаты – оқушының рөлдік ойындар арқылы тілді игеруіне мүмкіндік жасау, сабақтағы интерактивті қарым-қатынас құруына назар аудару.

6. Сабақта өтілген жаңа сөздерді, фразаларды бірнеше рет қайталату.

7. Оқушыларға әрбір тапсырманы жүйелі түрде түсіндіріп, сыныпта екінші тілде ( $T_2$ )қарым-қатынас құруға бейімділігін, оның қажеттігін үнемі талқылап отыру.

8. Оқушылардан екінші тілді ( $T_2$ ) меңгерудегі қиындықтарды талқылай отырып, олардың ой-пікірін білу маңызды.

9. Оқушыларды мониторинг жүргізуге бағыттау: екінші тілде  $T_2$ тесттік тапсырмалар, анкеталар толтырту, білімдерін тексеріп, бақылап отыру. Ол үшін топтық жұмыс түрін ұйымдастырып, бір оқушыны екінші тілді ( $T_2$ )үйрететін басқарушы рөліне тағайындайды.

10. Мұғалім оқушылардан қай топта жұмыс істегісі келетінін сұрап, тапсырмаларды бірлікте, өзара ынтымақтастықта орындауларына мүмкіндік береді.

Ұсынылған он амалдың барлығы да аффективті, когнитивті, ресурстық амал-тәсілдерді қамтиды. Екінші және үшінші тілді оқыту және меңгерту үдерісінде бірінші тіл ( $T_1$ )ана тілінің маңызы зор. Бірінші тіл мен ( $T_1$ ) екінші тілді ( $T_2$ )теңдестіріп, баланста оқыту тілді жедел меңгертудің бірден бір жолы.

## Екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдерді оқыту әдістері мен оқыту амалдары

Тілдерді оқыту әдістері – тіл оқыту мен меңгеруді жүзеге асыратын мұғалім және оқушының өзара бірлігінде орындалатын тәсіл.

Ал әдістің құрамдас бір бөлігі – оқыту амалдары. Оқыту амалдары тіл сабақтарында оқушының білім алу, білігі мен дағдысы қалыптастырудағы нақты мұғалімнің іс-әрекеті.

Қазақ және орыс тілдерін екінші тіл (Т2), ағылшын тілін шет тілі немесе үшінші тіл (Т3) ретінде оқытуға тиімді әдістерді жүйелеу мына үлгіде беріледі:

1. Тура әдіс: табиғи, тура, аудиовизуалды, аудиолингвалды.
2. Саналы әдіс: Саналы – практикалық әдіс.
3. Интенсивті, белсенді әдістер: суггестопедия оқылым, қоғам тілін үйрету әдістері.
4. Коммуникативтік әдіс.
5. Дизайнерлік - тыныш жол әдісі.
6. Биллингвалды әдіс.
7. Функционалды-концептуалды әдіс.

Аталған әдістерге тән әдістемелік ұстанымдар: 1) оқытудың практикалығына бағытталуы; саналы қабылдау (тілдік білімнен ауызша сөйлеу білігіне дейінгі аралықта); 2) аудармасыз (жаңа сөздерді түрлі көрнекіліктер ым-ишара тәсілі қолдану арқылы және қиын сөздің түсіндірмесін қарапайым тілде жеткізе білуді үйрету); 3) уақыт өлшемі (жаңа сабақты түсіндіру сабақтың 10-15 %-ын қамтыса, қалған 80-85 %-ы ауызша сөйлеуге, практикалық бағытты қамтуы тиіс); 4) сөйлеу әрекетінің төрт түрін (төрт дағдыны), яғни *тыңдалым – айтылым – оқылым – жазылым* тізбегінде қолдана білу; 5) тілдік тұлғаның ана тілін есепке алу және кәсіби бағыт (жүйелі қабылдау); 6) осы теорияларды басшылыққа алып, көрнекілік ұстанымында оқыту және танымдық бағытта тілді меңгеруді белсендіретін аудиовизуалды және техникалық құралдарының көмегі арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Әдістер	Сипаты	Әдістемелік ұстанымдар мен оқыту кезеңдері	Әдістердің практикалық маңызы	Деңгейлер
Тура әдіс.	Бұл әдіс грамматикалық аударма әдісіне қарама-қарсы бағыттағы әдіс.	<b>Ұстанымы:</b> 1. Ауызша сөйлеуге үйрету. 2. Өзінің ана тілін терең меңгеру. <b>Кезеңдері:</b> <b>Түсіндіру:</b> 1. Лексика түрлі көрнекіліктер (сызба, заттық, бейне т.б.) арнайы түсіндіріледі. 2. Функционалды грамматика ауызша сөйлеудің сауаттылығы деңгейін көтеру	Тілді үйрету тек қана оқушының ана тілінде ғана жүргізіледі, аударма әдісі қолданылмайды. Функционалды грамматика өрнегі беріледі.	A1-B2

		<p>мақсатында түсіндіріледі.  <b>Фонетика:</b> әріптер мен дыбыстарды дұрыс айтуға (ән, музыка, жаңылтпаш арқылы) үйрету.  <b>Дамыту:</b> Имитативтік амал кең қолданылады.  <b>Бекіту:</b> Коммуникативтік жаттығулар орындалуы (фонетика, лексикалық және грамматикалық дағды қалыптасады). Мұғаліммен бірге әріптер мен дыбыстарды қайталайды.</p>		
Аудиолингвалды әдіс.	<p>XX ғасырдың ортасында алғаш рет АҚШ-тың лингвистикалық орталығында ұсынылған. Өте қысқа уақытта жеделдете оқыту мәселесі қойылған. Ықшамдалған лексикалық және грамматикалық материалдар техникалық құралдар көмегімен үйретіледі.</p>	<p><b>Ұстанымы:</b>  1. Ауызша сөйлеуге үйрету және ана тілі есепке алынады.  <b>Кезеңдер:</b>  <b>Түсіндіру:</b>  1. Материалдарды тыңдағанға дейін түсіндіру процесі орындалмайды.  2. СД-дискіден немесе теледидардан материалды тыңдайды (диалог).  3. Түсіндіреді және материалды тыңдап болған соң, мәтінді оқиды.  <b>Дамыту:</b> тілдік жаттығуларды орындайды, білігі қалыптасады.  <b>Бекіту:</b>  1) шығармашылық жұмыс орындайды: рөлдерге бөледі, жаттығуларды орындайды, клишілер мен репликаларды хормен әрі жеке-жеке қайталайды;  2) осы диалогты практикада қолданылады;  3) телеарнадан берілетін жаңалықтарды және мәтіндерді бірнеше рет тыңдайды.</p>	<p>Есту және көріп-байқау құралдары арқылы сөйлеуге үйрететін қатысымдық және белсенді әдістер. Оқытудағы практикалық бағытты ұстанған әдістер</p>	A1-A2
Аудиовизуалды әдіс	<p>XX ғасырдың ортасында алғаш рет Францияда</p>	<p><b>Ұстанымы:</b>  Гипермәтіндерді көріп – байқау арқылы қабылдау</p>	<p>Лексика аударылмайды, оқу материалдарын іріктеуге мән беріледі.</p>	

	ұсынылған заманауи технологиялық құралдардың көмегімен өте қысқа уақытта ықшамдалған оқу материалдарын (лексиканы, функционалды грамматиканы) меңгерту.	ұстанымына негізделген және ауызша сөйлеуге дағдыланады. <b>Кезеңдері:</b> <b>Түсіндіру:</b> 1) ұсыну (кинофильмдерден үзінді, диафильм қойылым көріністері т.б.); 2) материал мазмұнын түсіну міндетін орындауға арналған тапсырмаларды ұсыну. <b>Дамыту:</b> ауызша сөйлеу білігін қалыптастыру үшін сөйлеуге арналған тапсырмаларды орындайды. <b>Бекіту:</b> тыңдалған немесе көріп- байқаған мәтін мазмұнына қатысты тапсырмаларды түрлі жағдаятта орындайды әрі қайталайды.	Сөйлеу әрекетінің төрт түріне ерекше көңіл бөлінеді.
			Әдіс коммуникативтік бағытта қолданылады. Лексика аударылмайды.
Саналы-практикалық әдіс.  Саналық термині пәнді оқытудың жалпы дидактикалық ұстанымдарына сүйенеді, ал практикалық жағы тілді практикалық тұрғыдан меңгеруді анықтайды. Бұл әдіс тура және аудиолингвалды әдістермен ұқсастықта сипатталады.	Бұл әдіс алғаш рет ХХ ғасырдың 60-70 жылдары ұсынылған. Қарым-қатынасқа түсу мақсатында тілдік материалдарды саналы қабылдауы және практикада қолдана білуі арқылы ойын жеткізуге үйрету.	<b>Ұстанымы:</b> 1.Тіл – сөйлеу әрекеті түрлерінде ауызша сөйлеуге үйрену; 2.Ана тілінің ерекшелігі ескеріледі; 3. Әлеуметтік мәдени және кәсіби бағытта оқыту мен меңгерту жолдары; 4. Синтаксистік құрылым. <b>Кезеңдері:</b> <b>Түсіндіру:</b> 1) тақырып аясында мәтін беріледі: тыңдайды және оқиды; 2) Бұрынғы бар білімді еске түсіру, қайталау; 3) жаттығулар орындайды. 4) Тыңдайды – сөйлейді, оқиды – жазады, тізбектілігі негізгі бағыт. <b>Дамыту:</b> мәселелік – жағдаяттық тапсырмаларды орындау;	Сөйлеу әрекеті түрлерін кешенді қолдану әдістері.  Кәсіби лексиканы меңгерту амалдары мен тәсілдері.




		5) сөздіктермен жұмыс: терминдер және түсіндірме сөздігі. <b>Бекіту:</b> жаттығулар орындалады, ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту.		
Суггестопедия әдісі	Бұл әдісті 1960 жылы болгар ғалымы Г. Лазанов ұсынған. XX ғасырдың соңына қарай аталған әдістің жалғасы ретінде Г.М. Буденюк ритмопедия әдісін (ән, музыка ырғағында ерекше көңіл-күймен қабылдау), Э.М.Сикарский гипнопедия әдісі (уақытша ұйқыдағы адамды оқыту мен тәрбиелік ықпал ету) И.Ю.Шехтер эмоционалды-мағыналық әдістерді ұсынды. Білімге әсерлі сендіру, ұйыту, иландыру, жадында сақталған резервін ашу, ойлануын белсендіру ұстанымы негіз болады.	<b>Ұстанымы:</b> 1. Тілдік тұлғаның миындағы сақталған қорын және оның жадында ұзақ сақтауға, әсерлендіруге жол салу; 2. Өзара бірлікте рөлдік ойындар ұйымдастыру (СД-дискіден арнайы жазылған және сценариге құрылған оқу материалын ән, музыка аясында тыңдап, қайталау рөлдерді жаттау т.б.). <b>Кезеңдері</b> <b>Түсіндіру:</b> 1. Мұғалімнің ерекше диапазонымен, әуезді тембірімен мәтінді 4 не 5 рет тыңдайды. 2. Мұғалім мәтінді бір рет оқиды, ал оқушылар хормен қайталайды. <b>Дамыту:</b> 1. Әр оқушы жаңа материалды іштей қайталайды, тапсырмаларды орындайды.	Тілдерді оқыту үдерісінде мультисенсорлық әдістер негізінде практикада сөйлеу ырғағына сүйенеді. Ән ырғағына құрылған диалог, жаттығулар мәтіндер, оқыту бірлігі. Жеделдете оқыту әдістері. Гипноз-сананың уақытша күйі, яғни субъектінің қалыпты санасының ерекше өзгеруі, иландыру арқылы білімді шоғырландыру.	A2-B1
Суггестопедия әдісінің 4 фазасы бар: <b>1. Келісу</b> Рецептивті фаза: қойылымдағы кейіпкерлер сөзін, диалогты ән тыңдап отырып орындау <b>2. Келісу</b>		Ән, музыка аясында мәтінді оқиды. <b>Бекіту:</b> 1. Сөйлеу өрнегі бойынша қойылым сценариіне қатысты берілген жаттығуды орындайды. 2. Рөлдерде ойнайды, жаттығады.	Қысқа мерзімді сабақ өрнегі (1,5 ай). Арнайы қолданылатын тәсілдер арқылы диалог мәтінінде ауызша сөйлеуге дағдыланады. Арнайы бөлме жабдықталады: музыка аппараты, жартылай қараңғы бөлме, «гипноз» - әсерлену тәсілі.	

<p>Оқушылар көздерін жұмып, әнге балқып, әсерленіп, диалог репликаларын қайталайды</p> <p><b>3. Келісу</b> Белсендіру Диалог мәтінін ерекше эмоциямен оқиды.</p> <p><b>4. Келісу</b> Белсендіру Жаңа ақпаратты алады, коммуникативтік интенция түрлеріне пайдаланады.</p>				
<p><b>Қоғам тілін үйрету немесе қауымдастық әдісі.</b> Бұл терминді Дж. Локк енгізген.</p>	<p>Бұл әдісті 1976 жылы ғалым С.А. Сиггапот ұсынған. Өзара бірлестік, тұлғалық одақ, белгілі бір жағдайды екі не одан да көп психологиялық үдерістер (түйсіктер, қабылдаулар пікірлер). Шынайы, табиғи қоғам тілінде үйретеді.</p>	<p><b>Ұстанымы:</b> 1. Тілді үйренетін елдің қауымдастығы мен тілінде сөйлеу.</p> <p><b>Кезеңдері</b> <b>Түсіндіру:</b> 1. Кеңесші рөліндегі тұлға тапсырма береді. Тақырыбы: 1. Елдегі әлеуметтік жағдай. 2. Тапсырма беруші мекеме: әлеуметтік қорғау министрлігі. 3. Оқушы – клиент.</p> <p><b>Дамыту:</b> кеңесші және клиент арасындағы жайлы қарым-қатынас: диалог құру (білетін сөздік қорын пайдалану).</p> <p><b>Бекіту:</b> 1. Сынып оқушылары кеңесі және клиенттің диалогын тыңдап, жазып алып, өзара сұхбат құрады. Осы тақырып аясында үйренген жаңа лексиканы практикада қолданады.</p>	<p>Өнімді инновациялық технологиялар: экскурсия, қойылым, жоба, мәселелік.</p>	<p>A2-C1</p>
<p><b>Оқылым әдісі</b> Кез келген мәтінді (көркем</p>	<p>Бұл әдіс практикалық қажеттілікке сәйкес</p>	<p><b>Ұстанымы:</b> 1. Оқылым әдісінің негізгі ұстанымы - не үшін, неге</p>	<p>Психологиялық – педагогикалық амал-тәсілдер арқылы</p>	<p>A2-C1</p>

<p>шығарма, әңгіме, диалог мәтіні т.б.) оқып және оқылым дағдысын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрету мен тілін үйренетін елдің мәдениетімен танысу.</p>	<p>кез келген мәтінді (публицистикалық, көркем шығарма, өлең мәтіні т.б.) оқып коммуникативтік білігін қалыптастыру .</p>	<p>және қалай оқу. 2. Мәтін тілі үйренушінің танымы, қызығушылығына орай іріктеледі. 3. Дәстүрлі триада үлгісінде оқу, <b>автор – мәтін – оқырман.</b> 4. Әдеби шығарманы оқу ұстанымы: <b>автор – көркем бейне (мәтіндегі) – оқырман.</b> 5. Өзге тілде жазылған шығарма – мәдениет – аралық коммуникация ұстанымы: автор – <b>көркем–бейне – оқырман – инофон</b> <b>Кезеңдері</b> <b>Түсіндіру:</b> 1. Мәтінге дейінгі кезең: мәтін тақырыбына қатысты сөздер тізімін беру, сұрақтар. <b>2. Мәтін кезеңі :</b> 1) инофонға қиындық келтірмеу үшін арнайы CD-дискіге жазылатын мәтінді тыңдатпай, керісінше мұғалімнің оқуындағы мәтінді тыңдату; 2) мәтінге қатысты тірек сөздерді беру, тілдік мағынасын түсіндіру. <b>3.Мәтіннен кейінгі кезең:</b> дауыстап оқу, негізгі идеяны беретін ойды табуға берілетін тапсырмаларды орындау. <b>Дамыту:</b> Инофонмен жұмыс түрі: 1) Сұрақ: Автор қолданған сөйлемдегі лексиканың синонимін білесің бе? Басқаша қалай айтуға болады? Сіз не дейсіз? және Т.Б. 2) Жауаптарды тақтаға жазады (сөздердің синонимдік қатарларын түсіндіреді); 3) Мәтін тақырыбы жөніндегі ойланыңыздар;</p>	<p>лексикалық материалдар қабылдау және еркінен тыс жазында сақтау практикасын жүзеге асырады.</p> <p>Амал-тәсілдер: 1.Мәтінмен жұмыс түрі. 2. Ауызша сөйлеуге үйрену. 3. Жазуға дағдыландыру. 4. Сөздік қорды дамыту. 5. Өзіңді-өзің тексер, бақыла. 6. Қиын сөздердің түсіндірмесі мен синонимін беру.</p>
---	---	---	--

		<p>Бұл оқиға қай жерде қашан болған еді?</p> <p>4) Мына сөз тіркестеріне назар аударындар;</p> <p>5) Сөйлемдерді қайталап оқындар. <b>Бекіту:</b></p> <p>1. Мәтін бойынша пікірталас ұйымдастыру.</p> <p>2. Мәтіннің бастапқы сөйлемдерін оқытып, <b>автор – оқырман</b> диалогын құрғызу тапсырмасы орындалады.</p> <p><b>3. Жазылым тапсырмалары:</b> эссе жазу, бірнеше тапсырмалар беру, сұрақтарға жауап беру.</p>		
<p><b>Дизайнерлік-тыныш жол әдісі.</b></p> <p>Дизайнерлік әдістің негізі - түрлі көрнекіліктер.</p>	<p>Бұл әдісті 1972 жылы алғаш рет шетел ғалымы Gattegno ұсынған. Ол «дизайнерлік – тыныш жол» деп атаған. 1982 жылы болгар ғалымы Г. Лозановдизайнерлік әдіс деп ұсынған. Бұл әдіс тілдік тұлғаның ми қыртысының үнемі қозғалыста, әрекетте болуына және оның өзіндік іс-әрекетіне бағытталған.</p>	<p><b>Ұстанымдары:</b></p> <p>1. Психология және психотерапия ұстанымына бағытталған. Бұл бағыт адамның психологиялық іс-әрекеті тілді үйренуде ең оңтайлы, және қолайлы жағдайда үйлестіру мен оның жадында сақтауына әсер етеді (психологиялық әсерлі құралдармен (гипноз, өзін-өзі тануы, өзара сыйластық, жағымды қатынас құру) жанды емдеу арқылы даралық қабілетін ашу.</p> <p><b>Кезеңдері.</b></p> <p><b>Түсіндіру:</b> 1) мұғалім тақтаға түрлі-түсті реңтегі кестені сызады (не дайын баннер ілінеді) түрлі-түсті боялған төртбұрышты (□) сызықтың астында әріптер мен сөздер жасырын тұрады.</p>	<p>Тілді үйрену үдерісіндегі басты рөлде оқушы, ал мұғалім (маман) – қиындықтарды жөнуіне, белсеңді болуына мүмкін беруші тұлға.</p> <p>Сөйлеу көрнектіліктеріне жататын пікірталас ұйымдастыру, ойын түрлерін, түрлі сызбалар арқылы (коммуникативтік мақсатта), шешім қабылдау, эмоцияға берілу т.б. Сабақтағы аталған әдістің тірегі ретінде қолданылатын көрнекіліктер арқылы тілді оқыту және меңгерту жолдары анықталады.</p>	A2-B1
<p>Әдістемелік дизайн-сабақ тақырыбын, жаңа лексиканы меңгерудің тиімділін арттыру мақсатында, педагогикалық,</p>		<p><b>1. Ұстанымы:</b> Мұғалім жаңа сөздерді пайдаланып заттық кернекілік арқылы нақты атауларын айтқызып, дағдылануы үшін түрлі бояулардың артында жасырын тұрған сөздерді табуға қатысты тапсырмаларды түсіндіреді.</p>	<p>Өрнек</p> <p><input type="checkbox"/> сары</p> <p><input type="checkbox"/> жасыл</p> <p><input type="checkbox"/> күлгін</p> <p><input type="checkbox"/> сұр</p> <p><input type="checkbox"/> қызыл</p> <p><input type="checkbox"/> қоңыр</p> <p><input type="checkbox"/> көк</p>	

<p>психологиялық және әдістемелік білімдерге негізделген әдісті ұсыну.</p>		<p>Мұғалім алдын ала материалдарды дайындайды: түрлі-түсті диаграмалар кішкентай таяқшалар функционалды сөздіктерден алынған сөздер жазылған. Диктант CD-диск суреттер: мөлдір-ақ глянсты қағаздар және т.б.          Жағдаяттық тапсырмаларға сәйкес рөлдік ойындар дайындайды.  <b>Дамыту:</b>          1. Оқушылар бояулардың артында тұрған жасырын сөздер мен әріптерді дауыстап айтып, бояулардың түр-түсі арқылы есінде сақтау әрекетіне түседі.          2. Лирикалық ән аясында өздерінің іс-қимылы арқылы жадында сөздерді сақтауға әрекеттенеді. Бұл әдіс оқушының даралық қабілетін ашады.  <b>Бекіту:</b> 1. Мұғалім сөйлемейді, тек ым-ишара арқылы қатесін түзейді.          2. Оқушылар қате жіберген сөздер келесі оқушының сөздеріндегі қатесін түзетіл, бір-бірін үйретіл, сабақты бекітеді.</p>	<p>Осы бояулардың ортасында дыбыс, және сөздер жазылған.          Үш бояудың артына сөйлемдер жазылған.          Бұл әдістің негізгі кілті: сызба, бояу және музыка.</p>  <p>Бұл үш түске боялған торлардың астында <u>сөйлемдер</u> тұрады.</p> <p>Қызыл          Сары          Жасыл          Көк          Күлгін          Сұр          Қоңыр</p> <p>Бояулардың астына <u>дыбыс</u> және <u>сөз</u> жазылады</p> <p>Бұл <u>7 түстің</u> астында әріптер мен дыбыстар және сөздер тұрады.</p>	
<p><b>Табиғи әдіс</b> тура әдістің баламалы түрі, өзара ұқсас әдістер.</p>	<p>Бұл әдісті 1980 жылы алғаш рет ұсынған ғалымдар С.Крашек пен Т. Тэреллам.</p>	<p><b>Ұстанымдары:</b>          1. Тілді оқыту табиғи жолмен оқушының ана тіліндегі оқыту ұстанымын сүйенеді.          2. Ауызша сөйлеуге үйрету, жазбаша сөйлеу маңызды емес.          3. Ана тілінен алған біліміне мониторинг жасалады және анықталады,</p>	<p>Оқу материалдары CD-дискі арқылы тыңдалады.          Қазіргі заман техникалық құралдар қолданылады.</p>	<p>A2-C1</p>

		<p>салыстырады.</p> <p><b>Кезеңдері</b></p> <p><b>Түсіндіру:</b> 1. оқу материалдарын лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымды таныстыру. Материалдар CD-дискі арқылы тыңдалады.</p> <p><b>Дамыту:</b> Оқушының ана тілінде берілген білім базасы негізінде синтаксистік құрылымға қатысты жаттығуларды орындайды.</p> <p><b>Бекіту:</b></p> <p>1. Игерілген материалдарды белсендіреді (жаттығуларды орындайды). Игерілген материалдарға шолу жасалады және басқа тақырыптар үшін пайдаланады.</p>		
--	--	---	--	--

## 2.1 Әлеуметтік лингвистика саласындағы терминдер жүйесінің сөздігі (үш тілде білім беру лұғаты)

Дидактика мен әдістеменің даму бағытын айқындап отырған мәселе - тілді үйрету, оқыту және оны меңгерту.

Бүгінде әдістеме ғылымы тілді үйрету мақсатында тек қана оқулықтар мен оқу құралдарын жасау мәселесімен айналысып қоймай, сонымен бірге лексикалық және графикалық жанрдағы құралдарды даярлау, яғни оқу сөздіктерін дайындау мәселесін де көтеріп отыр.

Сөздіктер, олардың түрлері мен жасалу ұстанымдары лексикографияның зерттеу нысаны болып табылады.

Лексикография - жылдам дамып отыратын және жиі өзгерістер мен жанаша толықтыруларды қажет ететін тіл білімінің саласы. Лексикография термині қолданбалы тіл білімі саласы ретінде (сөздіктер құрастыру) және теориялық тіл білімінің саласы ретінде де екі түрлі мағынада қолданылады. Үлкен лингвистикалық сөздікте лексикографияға «сөздік түзудің теориясы және практикасымен айналысатын ғылым саласы» деген түсінік беріледі.

Лексикография ғылымының даму барысында оның бірнеше ғылым салаларының аражігінде түзілетін жаңа түрлері пайда болды. Солардың бірі - оқу лексикографиясы.

Бүгінгі күні тілді оқыту үдерісінде оқу лексикографиясы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерттеліп, өзіндік мақсаты мен міндеттері және нысаны белгіленіп, жеке лингвоәдістемелік пән ретінде түсіндіріле бастады. Көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың (Ш.Сарыбаев, М.Малбақов, Б.Қалиев, Ө.Айтбай, М.Джусупов, П.Н.Денисов, В.В.Дронов және т.б.) ғылыми іздену жұмыстарында «оқу лексикографиясы» тіркемесіндегі «лексикография» сөзінің мән-мағынасы, маңызы біршама айтылған, ғылыми негізделген. Олар өздерінің зерттеулерінде «сөздерге (мәтінге) қатысты тілді үйрету мақсатында сөздің түсіндірмесін беріп, оның этимологиясы мен ішкі мән-мағынасына көңіл аудару» қажеттігін алға тартады.

Оқу лексикографиясында оқу сөздігінің алатын орны ерекше. Оқу сөздігі - тілдік қатынас және тілдесім құралы ретінде зерттеу ісінде көлемі мен типі жағынан алуан түрлі болып келетін лексикографиялық туынды. Сөздіктің бұл түрінің басты ерекше белгісі - оның тілді үйретуіне бағдарлануы. Яғни, сөздік те оқырманды қатысымның нақты бір айқын түріне бағыттайды.

Тілді үйренуге сұраныс туып отырған заманауи кезеңдегі оқу лексикографиясының жандануы тілді тұтынушының өзіне, өзгелерге (шет ел азаматтары, жергілікті ұлт өкілдері) және туыс тілде сөйлейтіндерге арналған оқу сөздігін құрастыру мәселесіне тікелей әсер етіл отыр.

Қоғам дамуының қазіргі жағдайында қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты өзекті мәселелер де көп, орындалып жатқан жұмыстар да аз емес. Бүгінде қазақ тілін оқыту, үйрету мәселесі мынадай үш бағытта қалыптасып келеді:

- қазақ тілін ана тілінде оқыту;

- қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту; (түркі тілінде сөйлейтіндерге оқыту);
- қазақ тілін өзге тіл ретінде оқыту; (шет тіл ретінде және екінші тіл ретінде).

Бұл үш тармақтың әрқайсысының бір-бірінен өзгеше де, бір-біріне ұқсайтын ортақ сипаттамалары бар. Осыған қатысты арнаулы бағдарламалар мен кешенді оқулықтар да дайындалып, сапасы да жақсарып келеді. Алайда осындай оқу кешендерінің құрамында болуға тиіс оқу сөздігі жоқтың қасы. Сондықтан да оқу сөздігін жасау жеке мәселе болып отыр. Ал мұндай оқу сөздіктері тіл үйренушінің «сырлас досы» әрі «қарым-қатынасқа түсуге бейімдейтін білім қорын» анықтайтын құрал болуы тиіс. Сондықтан да осындай сұранысқа ие құрал - оқу сөздігі.

Оқу сөздіктерінің түрлері көп (ассоциативтік, лингвомәдениеттанымдық, лингвоелтанымдық, ортақ сөздер және т.б.), соның бірі - тілді үйренуге бағдарланған оқу сөздігі.

Ғалым Ж.Т. Байниязованың пікіріне сүйенсек «... сөздік атаулының, бір жағынан ғылыми өнім, екінші жағынан ақпарат көзі, үшінші жағынан тілді үйрететін дидактикалық туынды болып саналатыны белгілі. Тілдің табиғатын зерттейтін көпқырлы ғылым саласы ретінде лингвистиканың дидактикамен тоғысатын жерлері көп. Осы екі ғылым саласының аражігінде пайда болып жатқан ғылыми пәндер де жеткілікті» [54].

Лесикографтар мәтін материалдары мен көркем шығармалар және ғылыми еңбектердің ішінен арнайы іріктеліп алынған сөздердің лингвистикалық сипаттамасын бере отырып, оның сөйлеуге қажет, белсенді практикалық қолданысына назар аударады. Мұндай сөздіктердің мазмұнына, құрылымына енетін сөздікқор тілді үйрету мақсатына сәйкес (қазақ және үйретілетін екінші тілде) іріктеліп, оқулықтардағы тақырыптарға сәйкес лексикалық минимумдар жүйелі түрде түзіледі және олардың мағынасы түсіндіріледі.

Тілдердің табиғатын ашуда лексиканың маңыздылығы зор, себебі сөз ұлттық мәдениет семантикасының көрсеткіші, сақтаушысы және мұрағаты болып табылады. Ең маңызды тұсы - тіл үйренуші сөзді және сөздің мән-мағынасын түсіне білуі керек.

Тілді деңгейлеп үйретуге арналған оқу кешендерінің құрамына енетін оқу сөздігінің құрылымы арнайы іріктелген лексикалық және қатысымдық минимумдерден тұрады, олардың түсіндірмесі беріледі және оқу сөздігін құру ұстанымдары мен критерийлерін негізге алады. Осындай оқу сөздіктерін тілді үйрету мақсатына сәйкес іріктелген лексикалық минимумдерге сипаттама беру мен түсіндірудің теориялық және практикалық негіздемесі болатын лингвоәдістемелік құрал мақсатында қарастыру қажет.

Оқу құралын құрастыруда мынаған көңіл бөлген жөн.

- 1) тілдерді үйрету лексикографиясының теориясына сүйену;
- 2) оқулық кешенінің құрамдас бөлігі – оқу сөздіктерінде берілетін лексиканы тақырыптық лексикалық минимумдерге бөлу және іріктеу тілді



оқытудың әдістеме саласының теориясы мен қолданбалы аспектісінде қарастыру;

3) туыс тілдердегі ортақ сөздердің мән-мағынасын түсіндіру тілді оқыту әдістеме саласының теориясы мен қолданбалы аспектісінде қарастыру;

4) оқу құралы, яғни тілді үйретуге арналған оқу сөздігі негізгі оқулық пен кешен құрамына енетін оқылым, жазылым және тыңдалым құралдарымен ішкі мән-мазмұнына қарай қарастырылады [55].

Оқу құралына енетін тақырыптар (мәтіндер) үшін іріктелеген лексикалық минимумдер жиынтығы тіл үйренушілерді қатысымдыққа бағыттап, өзара қарым-қатынас құруына мүмкіндік береді. Ал қарым-қатынас - ақпарат алу процесі. Тілді үйрету мақсатында жазылған оқу кешендері арқылы білім алған тіл үйренуші өзінің дағдысы мен білігін өзара қарым-қатынас құруға, үйреніп отырған тілдің лексикасын терең және жан-жақты түсінуге бейімдейді.

Бұл туралы әдіскер ғалым В. В. Дронов оқу сөздігіне қатысты мынадай пікірін білдіреді: «...лингвомәдениеттану оқытушыға тіл мен мәдениет кеңістігін айқын көріп қана қоймай, сонымен қатар лингвомәдениеттану құралы мен ассоциативті (түсіндірме, лингвомәдениеттану) оқыту сөздіктерінің көмегімен оны басқалармен таныстыруға мүмкіндік береді» - дейді [56].

Оқу сөздіктерінде берілетін мәдениеттанымдық лексикаларды тіл үйренуші ұтымды пайдаланып, өзара «мәдениет-таным сұхбатын» құруға және сөздіктен алған білім мен білікті өзінің тілдік дағдысын дамытуда пайдалана алады. Яғни, оқу сөздігіне енген лексика тіл үйренушінің тілдік санасына көркем бейне орнықтырып, тілді үйретуде мотивация туғызады. Сол себепті оқу сөздігіне мәдениеттанымдық пен елтанымдық материалдардан құрастырылған оқу мәтіндерінің мазмұнын құрайтын лексикалық минимумдар енгізілуі керек.

Арнайы сөздік үшін жасалған лексикалық минимумдар, біріншіден, жоғарыда көрсетілген тақырыптар бойынша қатысымдық тұрғыда іріктеледі. Екінші, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени салаларға қатысты күзирет мазмұнын құрайды, лексикалық минимумдар қатысымдық күзирет қалыптастырады. Үшіншіден, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени аяларға байланысты өзара қарым-қатынасқа түсуге бағыт-бағдар беретін қарапайым, базалық және жоғарғы - негізгі деңгейлерді белсенді меңгеруге мүмкіндік береді.

Сөздік құрылымындағы лексикалық минимум қатысымға түсуге тән негізде ықшамдалған грамматикалық және лексикалық, фразеологиялық минимумдардан түзіледі. Лексикалық минимумдар тілді үйрету кезеңіндегі деңгейлік тапсырмаларды және міндетті түрде меңгерілуге тиісті сөздерден құралады. Сонымен бірге тіл үйренушінің лингвомәдениеттанымдық күзиретін қалыптастыратын елтанымдық және мәдениеттанымдық құндылықтарды орнықтыратын минимумдар де іріктеліп, лексикографиялық сипаттама беріледі. Осы минимумдік тізбелер тақырып мазмұнына сай фразеологиялық минимумдарды жасауға мүмкіндік береді.

Жиі қолданыстағы белсенді сөздерді (бұл жерде елтанымдық, мәдениеттанымдық аспекті бағытындағы тақырыптар мен күнделікті

тұрмыстық-әлеуметтік салалардағы жиі қолданылатын «жиілік сөздер» ескеріледі) жинақтау алғашқы қарапайым деңгейден базалық деңгейлерге қатысты 1300-1500 сөзді құрайды, ал мәдениеттанымдық аспекті бағытындағы оқу материалдары үшін 2500 бірліктен тұратын лексикалық қор жүзеге асырылады. Бұл жерде айта кететін жайт - тілдерді оқытуда тілді тұтынушының тілі мен қазақ тіліндегі терминдердің ескерілуі. Бұл мәселе лингвоәдістемелік сұраныстан шығып отыр, себебі терминдерден тұратын сөздік қорды қалыптастыру үшін, ең алдымен бұл лексикаларды лингвоелтанымдық, синоним (антоним), грамматикалық, түсіндірме сөздіктермен фразеологиялық сөздіктерден алып, сөзтізбе жасалады. Сонымен бірге бұл сөздікке екі тілдегі жартылай ортақ сөз, айтылуы бір, бірақ мағынасы өзгерген сөздер мен кірме сөздер іріктеледі.

Мұндай сөздікті жасауға негіз болатын оқу-әдістемелік ұстаным - тілді үйрету үдерісі «жылдам», «адым-адым», «қарыштап өсу» сөздерімен туыстас ұғым.

Сөздік ғылыми негізге сүйене отырып, қазақ тілінің лексикалық негізін қамтиды. Ал көзделетін мақсат тілді үйретуге арналған оқу кешенінің (стандарт бағдарлама, оқулық, оқу құралы, оқу сөздігі және т.б.) құрастыруда ең қажетті лексикалық, қатысымдық, грамматикалық минимум түріндегі материалдар жасау болмақ.

Тілді үйретуге арналған лексикалық минимумдар лексикалық бірліктерден (сөздер мен сөз тіркестері) құралады. Мұндай лексикалық бірліктер арнайы сұрыпталған мәтіндердің синтаксистік құрылымын құрайды. Олар:

- күнделікті тіршілік, дастарқан басындағы әдет, мерекелерге байланысы әдет-ғұрып;
- сөйлеу әдебі түрлері;
- рухани құндылық: өнер, дін, саясат, тарихи оқиғалар, әлеуметтік жағдайлар, ұрпақ, әулет жалғастығы, отбасылық және т.б.;
- модаль сөздер, сан есімдер мен етістіктер т.б.

Оқу кешеніне енетін оқу материалдарының ішінде лексикалық минимум тізбесін құруда оның қолданылу аясын (салалар бойынша, мысалы: тұрмыстық-әлеуметтік, отбасылық, әлеуметтік-мәдени т.б.), нысанын құрылымына байланысты іріктеу мәселесіне көңіл аудару аса қажет. Ол үшін сөздердің тіліміздегі қолданым жиілігі назарға алынуы тиіс.

Лексикалық минимумдар - оқу лексикографиясының бөлінбейтін бөлшегі. Сондықтан лексикалық минимумдарды іріктегенде мынандай критерийлерге сүйенеміз:

- сөздің мағынасының нақтылығы,
- сөздің тіркесімділігі,
- оның сөзжасам қабілеті мен жиілігі.

Оқу сөздігінің ішкі мазмұнын құрайтын екі тілдегі қалыптасқан терминдерді және олардың ұқсастығы мен айырмашылығын түсіндіретін анықтауыштық сипаттамалық түсініктемелер беру тіл үйренушілердің жылдам қарым-қатынасқа түсуін табысқа жеткізеді. Осындай оқу сөздіктерінің

ерекшеліктері және тіл үйренушінің ана тілінде алған білімі, дағдысы мен білігі тілде еркін меңгеруге игі әсер етеді.

Алайда тілді меңгеру кезеңінде кездескен қиындықтар да жоқ емес.

Сондықтан мұндай қиындықты жеңу үшін үйретілетін тілдердегі ортақ сөздерге түсініктеме беру аса қажет. Сондай-ақ сөздікте берілетін анықтамалық-сипаттамалық түсініктеме тілдік және лексикалық бірліктерді кең түрде нақты түсіндірумен анықталады. Осындай түсіндімелерімен берілетін анықтамалық:

- тіркесімдік ерекшелігі;
- мағыналық өзгерістер;
- этимологиялық қыры;
- тарихи тұрғыдан көне немесе жаңадан пайда болған кірме сөздер;
- мәдениеттанымдық құндылығы (антропонимдік, топонимдік және т.б.)

- кірме сөз төркіні;
- сөздердің ортақтылығы және т.б.

- Бұл ретте Э. Д. Сүлейменова (авторлар ұжымы) құрастырған «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігін» [57] және ғалым Ж. Т. Байниязованың ғылыми диссертациясын да атауға болады. Бұл зерттеулерде «тілүйренім», «тілүйренім лексикографиясы», «әлеуметтік лингвистика» саласының терминдер тізбесіне қатысты теориялық тұрғыдан маңыздылығы және тілдерді үйрету үдерісінде қолданылатын оқытудың әдіснамасы мен әдіснемесіне, әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық және педагогикалық талаптарды қанағаттандыратын сөзтізбе (терминдер) сипатталған.

Мұндай сөздіктер болашақта жасалатын оқу сөздігін құрудың өрнегі болуы тиіс. Сөздіктерде қамтылған терминдерді жалпытілдік, сондай-ақ лексикалық минимумдар құрастыруда қолдануға болады [58; 59].

**Аймақтық тіл** ағыл. *regional language* - аумақ жағынан шектеулі *Тіл*, ол *Ұлтаралық тіл* қызметін атқара алады; мыс., Канаданың француздар тұратын аймақтарындағы француз тілі (*Ресми тіл* болып табылады), Индонезиядағы яван тілі (қара. *Жергілікті тіл, Мемлекеттік тіл, Тіл мәртебесі, Тіл мәртебесін жоспарлау, Тіл саясаты, Халықаралық тіл*).

**Айтылым** ағыл. *talking* - *Сөйлеу іс - әрекетінің өнімді түрлерінің бірі*; айтылым және *Тыңдалым* арқылы ауызша вербалды қарым-қатынас жүзеге асырылады (қара. *Адресант, Адресат, Сөйлеу актісі, Сөйлеу іс-әрекеті, Сөйлеуші, Тыңдаушы*).

**Айырым** ағыл. *exclusion* – *Тіл идеологиясының бір түрі, миноритар Этникалық топтың Маргиналдануына бағытталған* (қара. *Вернакуландыру, Вестерндендіру, Маргиналдық, Миноритар тіл, Тіл саясаты, Тілдік жағдаят, Тілдік жоспарлау*).

**Ақпараттық тіл** - ақпараттық-ізвестіру жүйесінде қолданылатын Жасанды тіл; ақпараттық тіл құжаттың мазмұнын нақты жазып алуға мүмкіндік береді; ақпаратты іздеуді автоматтандыру, мәтінді өңдеу және қысқарту, машиналық аударма үшін пайдаланылады. Ақпараттық тілде көпмағыналылық,

синономия, омонимия және т.б. жоқ. Ақпараттық тілдің төмендегідей түрлері бар: біріншісі - ақпараттық-ізвестіру тілдері; бұл ақпаратты жазу, жинақтау, жүйелеу, талдау және беру үшін керек. Мыс., кітапхана ісіндегі Әмбебап ондық жіктеме (ӘОЖ) осыған жатады. Екіншісі - ақпараттық-логикалық тілдер; бұл формалды-логикалық байланыстар мен үлгілерді игеру арқылы білімді жеткізу үшін қолданылады;

**Ана тілі** ағыл. *mother tongue* - Ересектердің тіліне еліктей отырып, баланың сәби шақта саналы емес түрде меңгерген тілі; адамның есейген шағында пайдалану дағдылары сақталуы немесе жоғалуы мүмкін. Ана тілі Бірінші тіл, Екінші тіл, Басым тіл бола алады.

**Антитіл** (грек, *anti* қарама-қарсылықты білдіретін қосымша) ағыл. *anti-language* - Қосалқы мәдениеттің және қоғамның шеткері топтары тұтқындалғандар, қылмыстық банды топтары) екілдерінің сөйлеуінде белгілі бір жағдаятта қолданылатын *Тіл-жарыспалар*. Антитілдің тілдік ерекшеліктері: кері лексикалау – белгілі сөзге жаңа мағына беру; қатпарлы лексикалау көптеген сөздерді бір мағынада қолдану; сөзді фонетикалық тұрғыдан және баскалай да бұзып айту; сөйлеуде басқа тілге тән сөздердің барынша көп болуы (қара. *Акролект, Арго, Әлеуметтік топ, Базилект, Жаргон, Жастар тілі, Мезолект, Социолект*).

**Антропологиялық константа** (грек. *anthropos* адам + *logia* ілім және фр.*constante* - лат. *constans* тұрақты) – белгілі бір *Мәдениетті* бойына сіңірген адамға тән белгі (қасиет, сапа); бұл белгі биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, табиғи сипаттардан тәуелсіз (қара. *Антропологиялық лингвистика, Лингвистикалық антропология, Сөйлеу этнографиясы, Тілдік сәйкестілік, Этникалық сәйкестілік*).

**Аралас тіл** ағыл. *mixed, hibrid language* - байланыс тілі, «будан» тіл, *Креал тілдер*;

**Өткізінші тіл**, көптілді қоғамда пайда болатын және лексикалық құрамы, синтаксистік-морфологиялық жүйесі көптектілігі арқылы сипатталатын тіл; мыс., украиндық *Суржик*; белорусустық *Трасянка*; әралуан *Пиджисин* тілдер, креол тілдер және т.б. (қара. *Интерференция, Креолдану, Лексификатор, Тілдердің араласуы, Тілдердің топтасуы, Тілдік қатынас*).

**Ассоциативтенген тіл** (лат, *associare* қосу, біріктіру) - 1. Заңнамалық актілер арқылы айқындалатын, айрықша саяси-құқықтық мәртебесі бар тіл.

2. Ортақ, мақсатты белгілері арқылы біріктірілетін тілдердің қандай да бір тобына, яки тілдер ассоциациясына енетін тіл. Үндістанда ағылшын тілі 1965 ж. ассоциативтенген тіл мәртебесіне ие болды. (қара. *Жергілікті тіл, Жұмыс тіл, Конституциялық тіл, Мемлекеттік тіл, Негізгі тіл, Негізгі ұлт тілі, Ресми тіл, Тіл мәртебесі, Тілдік заңнама*).

**Әдеби тіл** ағыл. *standard (literary) language* - *Қалыптанған тіл; Стандарт тіл* ұғымымен бірдей; әлеуметтік салалардың басым көпшілігіндегі (ғылымда, *Мәдениетте*, дипломатияда, заң ісінде, іскери қарым-қатынаста, білім беруде, күнделікті қарым-қатынаста және т.б.) *Коммуникация* үшін жарамды тіл. Көркем әдебиет тілінен (бұнда қарапайым, диалект сөздер, жаргон сияқты *Тіл өмір сүру нысандарының* нормаланбаған кез келген элементтері

қолданыла алатындығы белгілі) айырмашылығы - әдеби тіл-катаң нормаланған, көпфункционалды, әлеуметтік тұрғыдан беделді.

**Әйел тілі** ағыл. woman language - әлеуметтік, діни, дүниетанымдық шектеулер мен тыйымдарды ұстанатын әйелдер пайдаланатын, сондай-ақ олар өзара тілдік қарым-қатынаста, ер адамдармен сөйлескен кезде қолданатын тіл.

Әйел тілінде эмоциялы-бағалауыш сөздер, әсіресе еркелету мағынасындағы сөздер, Эвфемизмдер көбірек болады. Мыс., жапон тілінде Ер адам тілі және әйел тілі арасында есімдіктерді, эмоциялы-экспрессиялы көмекші сөздерді, сыпайылық нысандарына катысты лексикалық шеюгеу бар. Қазақ тілінде әйелге тән өзіндік паралингвистикалық құралдар, сондай-ақ көбіне-көп әйелдер тілінде игерілетін одағай сөздер калыптасқан; яна үнділері ер адамдарының тілі хабарды жіберуші немесе қабылдап алушы ер адам болғанда жұмсалады, ал әйел тілі әйел адамдар өзара сөйлескенде ғана пайдаланылады (Э. Сепир). 90-ыншы жж. гендерлік зерттеулердің жаңа бағыты қалыптасып, дамыды. Жынысқа қатыстылығына қарай жеке адамның тілдік мінез-құлқында байқалатын мәдени, әлеуметтік және басқа да факторлар, ер адам мен әйел адамның қасиет-сапалары туралы стереотипті түсініктер талдануда. Қазіргі таңда «әйел тілі» ұғымы орнына «ер адам тілі және әйел тілі» пайдаланылады (қара. Гендер, Гендерлект, Гендер стереотиптері, Гендер лингвистикасы, Сексизм, Стереотип, Тілдегі гендерлік асимметрия, Табу).

**Әлем тілдері** ағыл. languages of the world - Жер бетінде өмір сүретін *Табиғи тілдер*, идиоэтноикалық тілдер, *Этностардың Ана тілдері*. Әлем тілдерінің саны шамамен екі жарым мыңнан жеті мыңға дейін: 2500 өміршең тілдер.

**Әлемдік тіл** ағыл. international, globallanguage - Біріккен Ұлттар Ұйымының Ресми тіл және Жұмыс тілі мәртебесіне ие тіл: ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдері. Әлем тілі мәртебесі бар тілдің коммуникативтік дәрежесі де жоғарылап, бекітіле түседі; бұндай тіл Ұлттық тіл, Ұлтаралық тіл, Этносаралық тіл шекарасынан шығып, әлем тілі тобына енеді. Нақты мағына жағынан қарағанда әлем тілі мінсіз, идеалды, белгілі бір жағдайларда байқалатын мүмкіндікке ие жиынтық дегенді білдіреді, сондықтан әлем тілін дербес меңгерген субъект болуы мүмкін емес.

**Әлемнің тілдік бейнесі** ағыл. language world view - нақты бір *Тілдік қауымдастықтың Санасында* тарихи қалыптасқан және әлем туралы түсініктердің *Тілде* бейнеленген жиынтығы, ақиқатты концептуалдаудың тәсілі.

Әлемнің тілдік бейнесін қайта жаңғырту - қазіргі лингвистикалық семантиканың аса маңызды мәселелерінің бірі; нақты бір *Мәдениет* үшін негізгі болып саналатын, әлемнің тілдік бейнесінің бір үзгі болып саналатын концептілер, әлем туралы түсініктердің тұтас жүйесі қайтадан калпына келтірілуде (қара. *Сана-сезім, Тіл және мәдениет, Тілдік сана, Тілдік сана-сезім*).

**Әлеуметтік алғышарттар** ағыл. socialconditions - Тіл қолданылатын нақты тарихи жағдайлар: Қоғамның әлеуметтік құрылымы, Әлеуметтік өзгермелілік, Мәдениет пен білім берудің деңгейі, әлеуметтік-демографиялық жағдайлар, тілдік мінез-құлықтағы айырмашылықтар және т.б.

*Әлеуметтік алғышарттар* Қоғамның, Этностың, Ұлттың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси даму деңгейіне әрдайым тәуелді (қара. Әлеуметтену, Әлеуметтік желі, Демография).

**Әлеуметтік лингвистика** (фр. linguistique - лат. lingua язык) ағыл. sociolinguistics - тіл әлеуметтануы, әлеуметтанушылық лингвистика, әлеуметтану тіл білімі, лингвоәлеуметтану.

Тіл және қоғамның өзара себепті байланысын, тілдің қоғамдағы қолданылу ерекшеліктерін, әлеуметтік айқындылықтағы, нақтылықтағы тілді зерттейтін *Тіл білімінің бір тармағы*.

Қазіргі кезде әлеуметтік лингвистика өзіндік зерттеу әдістері, зерттеудің бірнеше бағыттары бар дербес ғылым ретінде қарастырылады:

*Диакронды әлеуметтік лингвистика vs Синхронды әлеуметтік лингвистика, Қолданбалы әлеуметтік лингвистика vs Теориялық әлеуметтік лингвистика, Эксперименталды әлеуметтік лингвистика vs теориялық әлеуметтік лингвистика; Макроәлеуметтік лингвистика vs Микроәлеуметтік лингвистика;* айқын көзге түсетін тілдік құбылыстарды (оның ішінде Жарыспалылық) зерттейтін ингерентті әлеуметтік лингвистика; жасырын тілдік құбылыстарды зерттейтін (мыс., *Гендерлект*) адгерентті әлеуметтік лингвистика.

Әлеуметтік лингвистиканың нысанасы, тұтастай алғанда *Қоғам, Микроәлеуметтік қауымдастық*, тілді/тілдерді пайдаланушы нақты адам (тілдің иесі), тілдің қоғамға тәуелді екендігін барынша айқын танытатын маңызды тұстар, қасиет-сапалар мен қарым-қатыстар.

**Әлеуметтік лингвистика зерттеулерін ұйымдастыру** (фр. linguistique < лат. lingua язык) - қойылған міндеттерді тиімді және сапалы шешуді, зерттеушінің (зерттеу ұжымының) жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

**Әлеуметтік лингвистика зерттеулерін ұйымдастыру:** а) жұмыстың қажетті түрлерін айқындауды және олардың сабақтастығын; ә) қажетті материалдық және қаржылық көздерді есепке алуды; б) жұмыстың жекелеген түрлеріне, тұтастай алғанда зерттеуге шығындалатын мерзімді талдауы; в) орындаушылардың еңбегін реттеуді; г) қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалану үшін зерттеу ұжымы мүшелерінің өзара іс-қимылын үйлестіруді қарастырады. Әлеуметтік лингвистика зерттеулерін ұйымдастырудың техникалық ұстанымдарының (тәсілдердің сабақтастығы, жабдықтар мен техникалық құралдарды пайдалану) және кезендерінің (зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру сатыларына қарайтын рет-тәртіптің кешені) принципті мәні бар. Әлеуметтік лингвистика зерттеулерін ұйымдастырудың дайындық кезеңі, жедел кезең және нәтижені жинақтау кезеңі деп аталатын кезеңдері бар. Дайындық кезеңінде Әлеуметтік лингвистика зерттеу бағдарламасы әзірленеді, оның негізінде зерттеудің барша үдерісін басқарудың (жұмыстың уақытша, желілік кестесін қоса есептегенде) негізгі құжаты - ғылыми-зерттеу жұмысының жоспары жасалады, ақпаратты жинау үшін жабдықтар (Сауалнама, бланкілер, карточкалар, хаттама-күнделіктер), сондай-ақ Сауалнамашы мен Сұхбат жүргізушілер үшін нұсқаулар, жаднамалар,

жіктеушілер және т.б. дайындалады. Әлеуметтік лингвистика зерттеулерін ұйымдастырудың жедел кезеңінде әлеуметтік лингвистикалық бастапқы ақпаратты жинау жүргізіледі, Өрістік зерттеу зерттеуді ұйымдастырушы және атқарушы топтарды жасақтау, техникалық құралдарды әзірлеу, орындаушыларға тапсырмалар беру, Іріктеу жиынтығына енген адамдармен байланыс орнату жұмыстары жүзеге асырылады, сауалнама парағын толтыруының дұрыстығы мұқият қадағаланады. Нәтижені жинақтау кезеңінде ақпаратты өңдеу, талдау, қорыту орындалады, ұсыныстар дайындалады (қара. Әдіснама, Әлеуметтік лингвистика әдістері, Сауалнама жүргізу, Сұхбат).

**Әлеуметтік лингвистикалық аймақ**, (фр. linguistique < лат. lingua язык) ағыл. sociolinguistic zone - белгілі бір аумақтардағы нақты әлеуметтік, этникалық, саяси, мәдени-тұрмыстық, табиғи-географиялық жағдайлар мен ахуалдарға байланысты тіл өмірінің барынша дәл сипаттамасын беру үшін В.А. Виноградов, А.И. Коваль және В.Я. Пархомский енгізген термин.

**Әлеуметтік лингвистикалық аймақ** Коммуникативтік ортаны біріктіретін аса ірі және әдетте, барынша тұрақты дербес тұтастық дегенді білдіреді. Мыс., Батыс Африкада әлеуметтік лингвистикалық аймақтың 3 түрі бар: 1) ішкі (судандық); 2) жағалаудағы (гвинеялық); 3) орта (ормандық). Судандық аймақ үшін мұсылман дінін берік ұстанатын, ірі көлемді халықтар (йоруба, хауса) Тілдерінің беделі жоғары, әртүрлі деңгейде этникааралық қарым-қатынас үшін Жергілікті тілдерді кеңінен пайдалану (Лингва франка, қала Койнесі, облыс пен елдің койнесі), ресми тіл мәртебесіне ие еуропалық тілдермен қатар ірі көлемді тілдер мен аймақтық қарым-қатынас тілдерінің негізінде Стандарт тілдерінің (ауызша және жазбаша түрлерін) тән. Гвинеялық аймақ үшін жауап алушы бұрынғы мемлекеттер тілдерінің (француз, ағылшын) жоғары беделі, коммуникативті салмағы, олардың негізінде пиджин-тілдердің, әрі қара Креол тілдердің (этникааралық коммуникация үшін), Элита арасында Этникалық тілдердің ұмытылуы және толық жоғалуы сипаты бар (қара.Әлеуметтік желі, Ресми тіл, Тіл мәртебесі, Тілдік қауымдастық).

**Әлеуметтік лингвистикалық өзгермеліліктер** (фр. linguistique < лат. lingua язык) ағыл. sociolinguistic variables - әлеуметтік және жағдаяттық Жарыспалылықтың бір белгі бойынша ажыратылатын тіл жүйесі элементтері (А.Д.Швейцер пікірі). Әлеуметтік лингвистикалық өзгермеліліктер ретінде жекелеген тілдік бірліктерді және олардың фонетикалық, грамматикалық және басқа да жарыспаларын, сондай-ақ тілдік жүйелерді (Код) атауға болады.

Әлеуметтік лингвистикалық өзгермеліліктер лексикалық, фонетикалық деңгейлерде айрықша көзге түседі (У. Лабов), грамматикалық және т.б. қатарларда да байқалады. Мыс., орыс тілінде сен және Сіз есімдіктерінің әлеуметтік жағдайға байланысты қолданылуы; тілдегі гендерлік айырмашылықтар әлеуметтік лингвистикалық өзгермеліліктердің көрінісі бола алады (қара. Әлеуметтік өзгермелілік, Гендерлект, Жарыспалылық, Кодтардың алмасуы, Корреляциялық талдау; Социометрия, Статистикалық талдау, Тілдік өзгермелілік).

**Әлеуметтік өзгермелілік** англ. social variable - Тіл практикасы арқылы реттелетін сөйлеушінің Әлеуметтік сәйкестілігінің (Жас мөлшері, әлеуметтік

тап, Гендер, этникалық қатыстылық) аспектісі (қара. Әлеуметтік лингвистикалық өзгермеліліктер, Әлеуметтік сәйкестілік. Гендер сәйкестілігі, Девиантты, Сәйкестілік, Тілдік өзгермелілік, Тілдік сәйкестілік).

**Әлеуметтік психолінгвистика** (грек, *psyche* жан + *фр. linguistique* - лат. *linguistique* - лат. *lingua* тіл) ағыл. *sociopsycholinguistics* - *Тіл білімі*, әлеуметтану және психология ғылымдарының түйісінде тілді қоғамдық құбылыс ретінде қарастыратын аралық пән (қара. *Әлеуметтік лингвистика, Теориялық әлеуметтік лингвистика*).

**Әлеуметтік шындық тіл** ағыл. *language as social reality* - әлеуметтік шындық тіл белгілі бір тілді тарихи тұрғыдан нақты пайдаланушыдан тәуелсіз өмір сүретін жүйе болып табылады. Сонымен қатар әлеуметтік шындық тіл осы тілдің өмір сүруіне тікелей тірек болатын Әлеуметтік топтан бөлек кете алмайды. Мыс., қазақ тілін әлеуметтік шындық тіл деп атауға болады, өйткені қазақ тілінің өмір сүруіне тірек болатын, осы тілде сөйлейтін Этникалық топ бар; сонымен қатар қазақ тілі жекелеген, нақты адамдардың дүниеге келуіне немесе қайтыс болуына қарамастан өмір сүре береді (қара. Тіл және қоғам, Тілдік қауымдастық, Тілдің әлеуметтік лингвистикасы).

**Әмбебап тіл** ағыл. *universal language* - Ортақ тіл ұғымымен бірдей (Жасанды тіл, Халықаралық тіл).

Әртілділік көрсеткіштері - әлеуметтік-экономикалық, саяси, географиялық факторларға байланысты тілдердің бөлінуінің сандық көрсеткіштері; осыған сәйкес нақты бір аумақта тұратын әртүрлі этникалық топтардың Көптілділік дәрежесін айқындауға болады (Дж. Гринберг, С. Либерсон). Әртілділік көрсеткіштері әрқилы тәсілдер арқылы айқындалады, мыс., біртілді таразыланбаған әдіс, біртілді таразыланған әдіс, кездейсоқ сөйлеуші әдісі, кездейсоқ әңгімелесушілер әдісі және т.б. (қара. Әдіснама, Әлеуметтік лингвистика әдістері, Кодтардың алмасуы, Қостілділік).

**Әліпби** ағыл. *alphabet* - белгілі бір жазуда қабылданған, бекітілген ретпен орналастырылған әріптер жиынтығы. Әліпби *Тілде және Мәдениетте* бірнеше қызмет атқарады, ең бастысы – әліпби арқылы тілдегі сөздің дыбыстық бет-бейнесі беріледі.

**Әмбебап тіл** ағыл. *universal language* - Ортақ тіл ұғымымен бірдей (Жасанды тіл, Халықаралық тіл).

**Әртілділік көрсеткіштері** - әлеуметтік-экономикалық, саяси, географиялық факторларға байланысты тілдердің бөлінуінің сандық көрсеткіштері; осыған сәйкес нақты бір аумақта тұратын әртүрлі этникалық топтардың Көптілділік дәрежесін айқындауға болады (Дж. Гринберг, С. Либерсон). Әртілділік көрсеткіштері әрқилы тәсілдер арқылы айқындалады, мыс., біртілді таразыланбаған әдіс, біртілді таразыланған әдіс, кездейсоқ сөйлеуші әдісі, кездейсоқ әңгімелесушілер әдісі және т.б. (қара. Әдіснама, Әлеуметтік лингвистика әдістері, Кодтардың алмасуы, Қостілділік).

**Бағдарламалау шілдері** ағыл. *programming language; algorithmic language* – алгоритмді (формалды) тілдер; «адам - компьютер» жүйесінде қолданылатын, ақпаратты компьютерлік өңдеуге арналған, Жасанды тілдердің бірі.

**Бағдарламалау тілдері** арнаулы бағдарлама түрінде жүзеге асырылады.



Олардың төмендегідей деңгейлері бар: а) әліпбилік деңгей; әріп, сан, әралуан таңба, нышан, математикалық және логикалық іс-әрекет, көмекші сездер сияқты қарапайым бірліктердің жиынтығы; ә) есім, нышандық тізбек, сөздердің компьютерлік аналогтары деңгейі; б) сөйленіс, атаулардың предикативті емес қисындастыру деңгейі; в) оператор, нұсқау көрсетілетін синтаксистік құрылым деңгейі; г) мәтін немесе бағдарламалар деңгейі (қара. Ақпараттық тіл, Әлем тілдері, Интерлингвистика).

**Байқаушы парадоксы** (трек, paradoxes күтпеген, әдеттен тыс) ағыл. observer's paradox - У. Лабов ұсынған бұл терминнің мағынасы: тілдік ұжымды лингвистикалық зерттеудің мақсаты жүйелі бақылауда болмаған жағдайда адамдардың қалай сөйлейтіндігін (ал бұндай мәліметтерді тек жүйелі бақылау арқылы алуға болады) анықтау болып табылады. Байқаушы парадоксы құбылысты жеңудің негізгі жолы – Әлеуметтік лингвистика әдістерін:

Сауалнама жүргізуді, Кірістірілген байқауды, Тестілеуді және т.б. - ұштастыра пайдалану (қара. Әлеуметтік лингвистика деректерінің шынайылығы, Әлеуметтік лингвистика зерттеулерін ұйымдастыру, Сенімділік, Сыпаттымық).

**Басым тіл** ағыл. *dominant language*. Әлеуметтік тұрғыдан басым топтың тілі. Нақты бір тілдік мәнмәтінде коммуникативтік қуаттылығы айрықша жоғары тіл (қара. *Мозаика елдер, Үстем тіл, Экзоглос мемлекеттер, Эндоглос мемлекеттер*).

**Билингв** (лат. *bi...* екі(ден) + *lingua* тіл) англ. *Bilingual* - Қостілді адам ұғымымен бірдей (қара. Амбилингв, Амбилингвизм, Билингвизм, Біртілді адам, Біртілділік, Диглоссия, Көптілді адам, Көптілділік, Қостілділік, Семилингв, Семилингвизм).

**Билингвизм** (лат. *bi...* екі(ден) + *lingua* тіл) ағыл. *bilingualism* - Қостілділік, Полилингвизм ұғымдармен бірдей (қара. *Көптілділік, Қостілді адам*).

**Бихевиоризм** (ағыл. *behaviour* іс-әрекет) ағыл. *behaviourism* - 1. Позитивті әлеуметтану ғылымындағы бағыт; оның негізіне іс-әрекеті және сыртқы ортаның ықпалына вербалды жауабы бақыланатын тұтас жиынтық ретінде адамның, жануарлардың мінез-құлқын (оның ішінде адамның *Тіл практикасы* да) түсіндіру енеді.

Бихевиоризм ХХ ғ. 20-ыншы жж. қарқынды дамыды. Жалпы лингвистикада бихевиоризм - *Тілдің мәні мен қызметін ағзаға сыртқы ортаның ықпалына ағзаның вербалды және эмоциялы реакциясының жиынтығы ретінде айқындау*. Бихевиоризм ІІ. Блумфилдтің, дескриптивті лингвистика өкілдерінің (Б. Блок) еңбектерінде, семиотикалық теорияға (Ч.С. Моррис), прагматизм теориясына (Ч.С. Пирс), ішінара трансформациялық-генеративті грамматикаға (Н. Хомский) қатысты тұжырымдарда көрсетілген (қара. *Антипозитивизм, Әдіснама, Позитивтілік*).

**Білім ортасы** ағыл. *educational context* - білім мекемелерінде (мектеп, жоғары оқу орны және т.б) Тілді пайдаланушылармен ұдайы қарым-қатынас жасаймай-ақ тілді үйренетін (кейде жасанды) орта (қара. Ана тілі, Бірінші тіл, Қостілді білім, Қостілді білім типтері).

**Білім тілі** ағыл. language of education - өңірлік немесе ұлттық деңгейлерде бастауыш және орта білім беру құралы ретінде пайдаланылатын тіл (қара. Қостілді білім, Қостілді білім типтері).

**Бұқаралық ақпарат құралдары** ағыл. mass media - қысқартылған нысаны БАҚ; *Массмедиа* ұғымымен бірдей. БАҚ қатарына баспасөз (газет, журнал) телерадиохабары (радио мен телевизия), интернет (ақпараттық агенттіктер, интернет-басылымдар) жатады.

*Тілдік жоспарлау субъектісі* ретінде БАҚ *Тілді қалыптандыру, Тілді нормаландыру* үдерістеріне елеулі әсер етеді, идеологияның, Тіл идеологиясының таралуына ықпал жасайды (қара. *Мультимедиа, Тілдік жоспарлау объектілері*).

**Біртілді адам** ағыл. monolingual - Монолингв ұғымымен бірдей; бір тілді меңгерген адам (қара. Билингв, Билингвизм, Біртілділік, Көптілді адам, Қостілді адам, Қостілділік, Монолингвизм).

**Біртілді қауымдастық** ағыл. monolingual community - бір Тілді пайдаланатын Тілдік қауымдастық (қара. Біртілді адам, Біртілділік, Көптілділік, Қауымдастық, Қостілді қауымдастық, Қостілділік, Микроәлеуметтік қауымдастық).

**Бірінші тіл** ағыл. first language - 1. *Қостілді адамның* тілдерді дербес (онтогенетикалық) тұрғыдан меңгерген мерзімі бойынша бірінші тіл. 2. Функционалдық тұрғыдан бастапқы (артықшылық берілетін) *Үстем тіл* (қара. *Ана тілі, Басым тіл, Екінші тіл, Тіл онтогенезі, Тіл филогенезі*).

**Варваризм** (грек, barbaros бөгде; жатжерлік) англ. barbarism - тілді пайдаланушылардың тілінде ұдайы қолданылатын, алайда тілдің лексикалық құрамына енбеген, фонетикалық тұрғыдан бейімделмеген, тілді пайдаланушылар бөгде сөз деп танитын, өзге тіл сөзі немесе сөз тіркесі. Мыс., ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын «значит, давай, мешать ету, дворға шығу» қазақ тілі үшін варваризмдер болып саналады (қара. Кірме, Байырғы сөз).

**Гендер** (ағыл. gender жыныс) ағыл. gender - нақты тілдік категория болып есептелмейтін (кейде мәдениеттің концептісі ретінде қарастырылатын), алайда тілдің нысандары мен мағыналарын өзбетінше танытуға қабілеті жоқ әлеуметтік/әлеуметтік-мәдени жыныс түрі.

Әлеуметтік философияда, әлеуметтануда, тарих және саясаттану ғылымдарында гендер әлеуметтік жынысты биологиялық жыныстан (*sexus*) саралап ажырату үшін пайдаланылады. Лингвистикалық тұжырымдама бойынша жыныс гендердің мәдени жағынан ұғындырылады, бейнелеуіш құралдарының көмегі арқылы *Дискурс практикасында* нақтыланады.

Гендерлік зерттеулер тіл білімінде пәнаралық мәртебеге ие (қара. *Әйел тілі, Гендер лингвистикасы, Гендер сәйкестілігі, Гендер стереотиптері, Гендерлект, Ер адам тілі және әйел тілі, Сексизм, Тілдегі гендерлік асимметрия, Тілді феминистік сынау*).

**Гетероген тілдер** (грек, hetero басқа + genes біртекті емес) ағыл. *heterogeneous languages* - туыстас емес, сондықтан бір-біріне ұқсамайтын тілдер. Мыс., қазақ тілі (түркі тілі) және орыс тілі (славян тілі) гетерогенді тілдер ретінде жіктеледі (қара. *Гетероморф түйдер, Гомоген тілдер, Тілдік*

**әулет, Тілдік жағдаят, Тілдің туні).**

**Графика** (грек, *graphike* - *grapho* жазамын, сызамын, сурет саламын) ағыл. *script* - 1. Жазу таңбаларын, әріптерін сызу; заттардың бейнелерін тұтас сызықтармен, үзік сызықтарын сызу өнері; сондай-ақ осы өнер туындысы. 2. *Тіл білімінің* жазу (*Әліпби*, графика) туралы саласы; ол дыбыстар мен әріптердің арақатынасын және оларды жеткізу жолдарын зерттейді (қара. *Графикалау, Кирилл әліпбиі, Жазба тіл, Жазбасы жоқ тіл, Латын әліпбиі, Латындандыру*).

**Дәнекер тіл** ағыл. *mediator language* – екі немесе одан да көп Этникалық топтардың қарым-қатынасы үшін пайдаланылатын тіл, бірақ бұл ретте тілдердің ешқайсысы да Ана тілі мәртебесінде емес. Макродәнекер тіл (ол атқаратын қоғамдық қызмет саны жағынан барынша ауқымды) және микродәнекер тіл (бір немесе бірнеше қоғамдық қызмет атқарады және жекелеген әлеуметтік топтарға қызмет етеді) деген түрлерге бөлінеді (А.Е. Карлинский, М.М. Михайлов, В.А. Чернышев).

**Дәнекер тілге** феодалды Еуропадағы латын, Латын Америкасындағы отарлау кезеңіндегі испан тілі мысал бола алады (қара. Аралас тіл, Әлемдік тіл, Дін тілі, Креол тілдер, Қостілділік, *Lingua-franca*, Пиджин, Тіл-эталон, Хапықаралық тіл, Ұлтаралық қарым-қатынас тілі).

**Демократтандыру** (грек, *demos* халық + *kratos* өкімет + *қосымша* - ландыру) ағыл. *democratization* - Тілдер және Мәдениеттің дамуын дәйекті, сабақтасты түрде реттеу, тұрғындардың басым көпшілігінің мүдделері заңды екендігінің құқығы \ Дискриминация тетіктерін қамтамасыз етеді (қара. Оқшаулау, Плюрализм, Сегрегация, Тіл идеологиясы, Тіл саясаты, Тілдік заңнама, Тілдік жоспарлау, Тілдік құқық, Шоғырландыру).

**Диаспора** (грек, *diaspora* шашырау) ағыл. *diaspora* - 1. Тарихи тұрғыдан өсіп-өнген жерінен тысқары тұратын *Этностың* (ұлттың, халықтың, ұлыстың, этникалық қоғамдастықтың) бір бөлігі. 2. Бір-бірімен өзара, сондай-ақ тарихи туыстас Этноспен (егер бар болса) қарқынды байланыс орнатқан *Этникалық топ* жиынтығы (А.А. Степанян). 3. Қандайда бір қолайсыз жағдайлардың күштеуі салдарынан өзінің бастапқы тарихи аймағынан еріксіз қоныс аударылған топ, халықтың бір бөлігі. Бұндай топта, әдетте, қорлану, өкіну, арман ету, аңсау, сағыныш сезімдері болады.

Г.М. Мендікұлованың мәліметтері бойынша, тек 800000 қазақ диаспора болып саналады, ал Қазақстанмен шектес аймақтарда, әртүрлі тарихи кезеңдерде Қазақстаннан алынып, Ресейге, Қытайға, Өзбекстанға берілген жерлерде тұратын қазақтар *Ирредентаны* құрайды (қара. *Диаспора тілі, Диаспоралық экзоген тілі, Диаспоралық эндоген тілі, Дивергенция, Интерференция, Тілдердің дивергентті дамуы*).

**Диаспора тілі** (грек, *diaspora* шашырау) ағыл. *diaspora language* – Этникалық топтың бір бөлігінің тарихи түптөркіні бар елден сыртқары жерде - басқа елде тұратын, Негізгі ұлт тілімен салыстырғанда, тілді пайдаланушыларының саны аз ұлт өкілдерінің тілі; олар негізгі ұлт тілі қалыптасқан, мерзім және кеңістік бойынша шектелген мемлекеттің аумағында негізгі ұлт өкілдерімен қатар емір сүреді. Диаспора тілі деген ұғымның

анықтамасы, айқындалуы бір-бірімен және түптөркін еліндегі Этноспен қарқынды байланыс орнатқан (және оны үзбей жалғастырып келе жатқан) этноқауымдастықтың жиынтығы ретіндегі Диаспора түсінігіне тікелей қатысты. Түптөркін елінің шекарасынан сыртқары қалыптасқан диаспора тілінің қолданылу аялары мен қызметі тарылады. Әдетте, диаспора тілі күнделікті тұрмыстық қарым-қатынас тілі, мерзімді басылымдар, радиохабарлар тілі, көркем әдебиет, Интернет сайттарының және т.б. тілі ретінде өмір сүреді. Түптөркін елінен ұзақ уақыт бойы сыртқары дамыған диаспора тілінде интерферентті белгілер (кірме сөздер, фонетикалық өзгерістер және т.б.) пайда болады. Мыс., Қытайда, Моңғолияда, Түркияда тұратын қазақ диаспорасының қазақ тілі, орыс Эмиграциясының алғашқы толқыны диаспорасының орыс тілі. Бұқаралық ақпарат құралдарының кеңінен таралуына, Интернационалдандыру және Жаһандану үдерістеріне байланысты диаспора тілі мен негізгі тілдің арасындағы алшақтықтар бәсеңдейді деген болжамдар бар. Диаспораның экзогенді тілі және Диаспораның эндогенді тілі деген түрлер ажыратылады (қара. Ирредента, Мажоритар тіл, Миноритар тіл, Негізгі тіл, Ұлт, Этникалық тіл).

**Диаспораның экзоген тілі** (грек, *diaspora* болу) ағыл. *exogenous diaspora language* - Қазақстаннан тыс жерде аумақтық-мемлекеттік құрылымда Негізгі ұлт тілі, Мемлекеттік тіл, Ресми тіл, Мажоритар тіл болып табылады. Қазақстандағы диаспораның экзогенді тілдері қатарына абазин, абхаз, авар, адыгей, әзірбайжан, албан, алтай, армян, башқұрт, белорус, болгар, бурят, венгр, ғағауыз, грек, грузин, даргин, ингуш, кабардин-черкес, қалмық, қаракалпак, қарашай-балқар, қырғыз, коми-зырян, коми-пермяк, корей (юкчин және менчхон диалектілері), құмық, лак, латыш, лезгин, литва, таулық мари, молдаван, монгол, мордовалық мокша, далалық мари, мордовалық эрзя, неміс, ноғай, осетин, парсы, поляк, пушту, румын, орыс, серб, словак, табасаран, тәжік, татар, тат, тува, түркімен, удмурт, өзбек, ұйғыр, украин, финн, хакас, хорват, шешен, чуваш, чех, эстон, якут (саха) тілдері жатады (қара. Диаспора, Диаспораның эндоген тілі, Жергілікті тілі, Ирредента, Негізгі тіл).

**Дискурс** (фр. *discours* сөйлеу, сөз сөйлеу) ағыл. *discourse* - 1. Сөйлеу, нақты *Мәтін*; ол табысты *Коммуникация* үшін әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлар ескеріле отырып, айтылудың және мақсаттық толыққандылығы арқылы қарастырылады; дауыс ырғағына, интонацияға және т.б. белгілерге сәйкес мәтін материалдарын ұйымдастыру.

**Екінші тіл** ағыл. *second language* - 1. *Қостілді адамның* бала кезінде, өзбетінше дербес түрде үйренген тілдерінің екіншісі; рет-тәртібіне қарай *Бірінші тілден* кейін меңгерілген тіл. Мәселенің осы мағынасында екінші тіл *Ана тіліне* сәйкес келуі де, сәйкес түспеуі де мүмкін. 2. *Қостілділік* жағдайында *Тілдік құзыреттің* деңгейіне қарай екінші тіл - басымдығы жоғары *Үстем тілге* косымша тіл. Мәселені бұлайша түсіндірген ретте екінші тіл ана тіліне сәйкес келуі де, сәйкес түспеуі де мүмкін. 3. Оқу орындарында оқыту-үйрету ретіне қарай екінші тіл - екінші шетел тілі, *Тіл-мақсат* (қара. *Басым тіл, Дәнекер тіл, Негіз тіл, Тіл меңгеру деңгейі*).

**Еуропа тіл қоржыны** – *Тілдік төлқұжатты, Тілдік өмірбаянды, Тілдік*

*мағлұматты* қамтитын құжаттар жинағы.

Еуропа тіл қоржыны жеке адамның әртүрлі тілдер бойынша *Тілдік құзыретін*, басқа мәдениетпен, басқа тілдермен байланысын бағалауға мүмкіндік береді. Тілдік құзыретті бағалау үшін Еуропа Кеңесі қабылдаған терминдер пайдаланылады.

Еуропа тіл қоржынының міндеті - тілдерді оқып-үйренуге және мәдениетаралық қарым-қағынас тәжірибесіне барлық деңгейде де қолдау көрсету; сондай-ақ Еуропадағы қазіргі тілдерді меңгеру саласында бірегей білім беру кеңістігінің қалыптасуына ықпал ету. Еуропа тіл қоржыны жас мөлшеріне карай үш топ үшін әзірленеді. Еуропа тіл қоржынын пайдалану арқылы оқушы (үйренуші) өзінің *Тілді меңгеру деңгейін* еуропалық нормалармен салыстыруға, білімі мен дағдыларын жетілдірудің оңтайлы, әрі тиімді әдістерін айқындауға, өзбетінше жұмыс түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Әр елде Еуропа тіл қоржынының өз нұсқалары қабылданады, мыс., ресейлік нұсқа Еуропа тіл қоржынының бір бөлігі болып саналады, оны Еуропа Кеңесі жобасының шеңберінде Швейцария үлгісі бойынша, Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті дайындаған (қара. *Екінші тіл, Коммуникативтік құзірет, Тіл-мақсат*).

**Жазба тіл** ағыл. *written language* - жазба дәстүрі бар, жазуы бар **Тіл**; жазбаша тілге тән сөздер мен сөйленістерді қолдану ерекшеліктеріне ие тіл. Жазба тіл мемлекет дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болады, сөйтіл, тілдің барша ресми қызметімен міндеттерін жазба тіл атқарады. Мыс., орта ғасырдың бастапқы тұсында латын жазуы роман, герман, кельт халықтары үшін тең дәрежедегі жазба тіл болды. 11 ғ. бастап славян халықтарында байырғы славяндардың жазба тілі - көне славян тілі пайда болды және ол кең өріс алды. 1917 ж. бастап бұрынғы КСРО аумағындағы бұрын **Жазбасы жоқ тіл** болған 50 шақты тіл Жазба тілдерге айналды қара. **Әліпби, Графика, Жаңа жазба тіл, Көне жазба тіл, Тіл қызметі**).

**Клише** (фр. *cliche*) - нақты бір сөйлеу жағдаятында, қарым-қатынаста ойды, бағалауды жеткізу үшін қолданылатын, дайын сөз орамы. Тілдік табиғаты жағынан клишеге тілдік *Стереотип*, штамп, фразеологизм, сондай-ақ әр адамның өзі ұнатып, жиі қайталап айтатын сөз орамы жақын келеді.

Клишенің басты міндеттерінің бірі – *Сөйлеушінің Әлеуметтік топқа қатыстылығын таныту* (қара. *Арго, Гендер стереотиптері, Жаргон, Жастар тілі, Қарым-қатынас әлеуметтік лингвистикасы, Социолект, Сөйлеу актісі*).

**Коммуникант** (лат. *communicare* қарым-қатынас жасау) ағыл. *communicant* - *Коммуникативті актіге* қатысушы вербалды //бейвербалды қарым-қатынасқа қатысушы (*Сөйлеуші --► Тыңдаушы*; жазушы --► оқушы (жазған адам --► оқыған адам), жіберуші --► қабылдап алушы, *Адресант --► Адресат*, продуцент --► *Реципиент*) адамдар және қоғамдық институттар (үкімет, партиялар, фирмалар) коммуникант бола алады (қара. *Дискурс, Коммуникативтік жағдаят, Коммуникативтік орта. Коммуникация, Сөйлеу актісі, Сөйлеу іс-әрекеті*).

**Коммуникативтік акт** (лат. *Communicatio* хабарлама, хабарлау және

*actusis* - қимыл) ағыл. *communicativeact* - нақты *Коммуникативтік жағдаяттың* шеңберінде *Коммуникацияның* бір мәрте жүзеге асырылуы (кара. *Адресант, Адресат, Әлеуметтік лингвистикалық аймақ, Дискурс, Коммуникант, Коммуникативтік орта*).

**Коммуникативтік жағдаят** (лат. *Communicatio* хабарлама, хабарлау) ағыл. *communicativesituation* – *Коммуникацияны* жүзеге асыру жағдаяты, жағдаяттың өзгермелі сипаттарынан тұрады; бұл сипаттар: *Сөйлеуші, Тыңдаушы*, қарым-қатынастың мақсаты, қарым-қатынастың реңкі (ресми, бейтарап, достық), қарым-қатынас құралдары (*Тіл, Диалект, Ым-ишара тілі* және т.б.), қарым-қатынас тәсілдері (ауызша, жазбаша, интернет және т.б.), қарым-қатынас орнатылатын орын, коммуникативтік актіге қатысушылардың арасындағы қарым-қатынас.

**Коммуникативтік құзырет** (лат. *communicatio* хабарлама, хабарлау) ағыл. *communicative competence* – нақты әлеуметтік-мәдени жағдаятта тілді пайдалану нормаларын білу. *Коммуникация* сәтті, табысты болу үшін грамматиканы білу жеткіліксіз. *Сөйлеуші* қарым-қатынастың қағидалары мен нормаларын меңгеруі, *қандай жағдайда, не туралы, қашан* және *кіммен* қалай *Қарым-қатынасты* өткізуді білуі қажет. Мыс., әртүрлі *Конситуация* барысында *Сөйлеу әдебінің* әралуан нысандарын (айталық, алғыс білдіру, көңіл айту және т.б. кезінде), төменгі және жоғарғы *Стильді* дұрыс, икемді қолдана білу *Сөйлеушінің* коммуникативті құзыретін танытады (кара. *Әлеуметтік жарыспалау, Әңгіме талдау, Жарыспалылық, Құзырет, Мәдени сенделіс, Мәдениетаралық коммуникациядағы кедергі, Сөйлеу этнографиясы, Тіл-жарыспа, Тілдік қабілет, Тілдік құзырет*).

**Коммуникация** (лат. *Communicatio* - *communicare* байланыстыру, қарым-қатынас жасау, ортақ ету) ағыл. *communication* - Қарым-қатынас терминімен бірдей; белгіленген таңбалар жүйесі арқылы қоғамдағы адамдардың ақпарат алмасуы (жіберу және қабылдау). Коммуникация вербалды таңбалар (Тіл) және бейвербалды құралдар (паратілдік құралдар, Ым-ишара тілі) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Коммуникация Адресанттан Адресатқа ақпаратты жіберу мен кодтаудың бір бағытты үрдісі ретінде, Коммуниканттардың бірлескен іс-әрекеті ретінде қарастырылады. Коммуникация функциялары: қатынастық, ақпараттық, қоздырғыштық, координациялық, түсіну, эмотивтік, ықпал ету және т.б. (Әлеуметтік лингвистикалық аймақ, Дискурс, *Коммуникативтік акт, Коммуникативтік жағдаят, Коммуникативтік орта, Коммуникация, Паралингвистика, Паратіл, Тілқызметі*).

**Контент-талдау** (ағыл. *content* мазмұн, мән) - мәтіннің және басқа да ақпарат көздерінің өзіндік (мазмұндық) сипаттамаларын анықтау және бағалау әдісі.

Сандық және сандық емес (сапалық) контент-талдау аталады. Сандық емес контент-талдау жұмсалып жиілігіне қарамастан мәтіндегі мазмұн модельдерін анықтау, мазмұнның сапалық модельдерінің түрлерін белгілеуге бағытталған. Сандық контент-талдау ауқымды *Мәтіндерге, Бұқаралық ақпарат құралдарына* (хаттар, бұқаралық үгіт-насихат құралдары, хаттамалар және т.б.)

жасалады.

**Контингент** (лат. *coniingens icontingentis* түйісетін, үлестің, есебіндегі) – бірыңғай әлеуметтік сипаттамаларға ие адамдардың жиынтығы (қара. *Әлеуметтік топ, Басты жиынтық, Тілдік қауымдастық, Іріктеу*).

**Компаративтік лингвистика** (лат. *contrarius* қарама-қарсы + фр. *linguistique* -лат. *lingua*тіл) ағыл. *contrastive linguistics* - конфронтативті лингвистика; ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу мүддесінде негізінен екі тілдің материалдарын салыстыратын лингвистикалық бағыт (екі тіл арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар туралы білім салыстырылатын тілдердің біріне оқытып-үйретудің оңтайлы стратегиясын құруға мүмкіндік береді) (қара. *Интерференция, Қателерді талдау, Салғастырмалы лингвистика*).

**Көптілді адам** ағыл. *polyglot- Полиглот* ұғымымен бірдей; бірнеше тілді меңгерген, білетін адам (қара. *Біртілді адам, Көптілділік, Қостілді адам*).

**Көптілділік** ағыл. *multilingualism* – жеке адамның немесе қоғамның екі немесе одан да көп тілді қолдануы; *Мультилингвизм, Полилингвизм* ұғымымен бірдей. Көптілділік Қазақстан, Ресей, Үндістан, Таиланд және т.б. көптеген елдерге тән (қара. *Әртілділік көрсеткіштері, Диглоссия, Қостілділік*).

**Көпұлтты тіл** ағыл. *polinational language-Тіл-жарысна*; ұлттық тұрғыдан біртекті емес тіл, ұлттық тұрғыдан сәйкестілікке ие емес тіл, яғни бір немесе бірнеше ұлт (ұлттық-мемлекеттік қауымдастық) *Ұлт тілі, Мемлекеттік тіл, Ресми тіл* ретінде қолданатын тіл.

Көпұлттық тіл бірегей әдеби тіл нормаларының бір түрі болып табылады (мыс., ағылшын тілінің американдық стандарты). Көпұлттық тілге жататындар: Ұлыбританиядағы, АҚШ-тағы, Канададағы, Австралиядағы, Жаңа Зеландиядағы ағылшын тілі; Франциядағы, Бельгиядағы, Канададағы, Швейцариядағы француз тілі; Германиядағы, Австриядағы, Швейцариядағы неміс тілі; Испаниядағы және Латын Америкасының көптеген елдеріндегі испан тілі; Португалия мен Бразилиядағы португал тілі. Бірнеше ұлттық-мемлекеттік қауымдастыққа (мыс., Ресей Федерациясы республикаларында, ТМД-ға мүше мемлекеттерде) бірдей қызмет ететін орыс тілі де көп ұлттық тіл ретінде қарастырылады (қара. *Сәйкестендіру, Тіл қызметі*).

**Креативтілік** (ағыл. *creative* шығармашылық - лат. *creation* жасау) ағыл. *creativity* – *Сөйлеуші* мен *Тыңдаушының* жаңа сөздер мен сөз тіркестерін емін-еркін, шектеусіз көлемде қолдануы және тусінуі.

Көптеген *Сөйлеу оқиғасы* мен жағдаяттарының алдын ала анықтығы мен нормалығына қарамастан сөйлеуші *Сценарийді* қайталап қана қоймайды, сонымен қатар өзара жаңа әңгіме желісін түзеді; бұрынғы дайын тілдік нысандармен қатар жаңа сөйлемдерді шығармашылықпен сақтап қана қоймайды, тілті оларға өзгерістер енгізеді.

**Қарым-қатынас** ағыл. *communication, interaction* *Коммуникация* ұғымымен бірдей.

**Қарым-қатынас әлеуметтік лингвистикасы** (фр. *Linguistique* - лат. *lingua* *язык*) ағыл. *interactional sociolinguistics* - *тікелей пайдалануда (бетне-бет отырып әңгімелесуде), мәнмәтіндегі тілді және қарым-қатынастың* (мыс.,

Кодтардың алмасуы, Кезектілік *әңгімелесуде*), Үндемеу және т.б.) аралуан сипаттамаларын зерттейтін, Әлеуметтік лингвистиканың бір тармағы. Әдетте, қарым-қатынастың әлеуметтік лингвистикасы арқылы Сөйлесушілердің арасындағы қарым-қатынасты зерделеу үшін тілдің нақты әлеуметтік-мәдени Конситуациялардағы игерілу тәсілдері, тіл мен Сәйкестіліктің, Мәдениетаралық коммуникациялық өзара қарым-қатысы, тілмен Биліктің, Тілдегі гендерлік асимметрияның және т.б. байланысы талданады (қара. Әлеуметтік психолінгвистика, Социометрия, Сөйлеу актісі, Сөйлеу этнографиясы, Тілдік қоғамдастық, Этнолінгвистика).

**Қауымдастық** ағыл. *community* – тарихи тұрғыдан тұрақты әлеуметтік байланыстар және қарым-қатынастар бойынша топтасқан, қайталанбас ерекшеліктері бар екендігін танытатын тілдік, этникалық, мәдени және т.б. белгілерге ие адамдар жиынтығы. Қауымдастықтың үлгілері - ру, тайпа, отбасы, қауым, Ұлыс, Ұлт (қара. *Микроәлеуметтік қауымдастық, Тілдік қауымдастық*).

**Қостілді адам** ағыл. *bilingual* - *Билингв* ұғымымен бірдей; екі (немесе бірнеше) тілді меңгерген адам. Қостілді адамның тілдерді білу, меңгеру деңгейі әртүрлі дәрежеде болады. Кез келген жағдаятта, қызметтің әр алуан саласында екі тілді тең дәрежеде қолдана алатын қостілді адам үшін *Амбилингв* аталымы, екі тілдегі *Тілдік құзыреті* толыққанды қалыптаспаған адам үшін *Семилингв* термині пайдаланылады (қара.. *Амбилингвизм, Диглоссия, Біртілді адам, Көптілді адам, Қостілділік, Семилингвизм*).

**Қостілді білім** ағыл. *bilingual education* - оқыту екі тілде жүргізілетін білім беру жүйесі (тілдердің бірі білім алушының *Ана тілі, Бірінші тілі* болуы да, болмауы да мүмкін). Мақсаттарына қарай қостілді білім беру (екі тілде де немесе тілдердің бірінде *Тілдік құзыретке* қол жеткізу) деген сөз; ал көлеміне қарай қостілді білім беру оқу бағдарламасының көлемі бірдей немесе оқу бағдарламасында тілдердің біріне артықшылық беріледі деген түсінікті қамтиды. Сонымен қатар қостілді білім беру білім алушының тілі мен оқыту тілінің ара салмағына қарай (білім алушының тілі оқытудың тіліне сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді), тілдер арасындағы әлеуметтік-мәдени арақашықтыққа қарай (тілдердің бірі *Диалект, Тіл беделі, Тіл мәртебесі* арасында айырмашылықтар болуы мүмкін) ажыратылады (қара. *Басым тіл, Екінші тіл, Көптілділік, Қостілді білім типтері, Қостілділік, Үстем тіл*).

**Қостілділік** ағыл. *bilingualism* — *Билингвизм* ұғымымен бірдей; жеке адамның немесе қоғамның екі немесе бірнеше тілді меңгеруі, қолдануы. Қостілділіктің бірнеше түрі бар: дербес көптілділік - нақты бір этностық жекелеген мүшелердің екі тілді білуі және пайдалануы, сондай-ақ бұқаралық қостілділік - этностың көпшілігінің екі тілді білуі және пайдалануы; басқаша айтқанда, дербес қостілділік жеке адамның қабілетіне байланысты; бұқаралық қостілділік ұжымда пайдаланылады. Аймақтық қостілділік – елдің белгілі бір аймағы, ауданы тұрғындарының екі тілді білуі және қолдануы. Ұлттық қостілділік - елдің нақты бір этносының екі тілді білуі. Табиғи қостілділік - екі тілді пайдаланушылардың бір-біріне



тікелей ықпалы нәтижесінде екі тілді меңгеруі және қолдануы.

**Құзырет** ағыл. *competence* - сөйлеу барысында қолдану мүддесінде тілді үйренген адамның алған білімінің, тілді үйрену барысында қалыптастырған білік-дағдыларының жиынтығы, білімі мен білік-дағдыларын қолдана білу қабілеті (қара. *Коммуникативтік құзырет, Тілдік құзырет*).

**Латын әліпбиі** (лат. *Latinus* латын) ағыл. *Latin script* - көне римдіктер пайдаланған және әлемдегі мыңдаған *Жазба тілдер* әліпбиінің негізі болған *Әліпби* және *Жазу*. Латынша грек жазуынан бастау алады және б.э. дейінгі VII ғ. пайда болған деп есептеледі (*Кирилл әліпбиі* мың жарым жыл кейін жасалған).

**Масс-медиа** (лат. *mass* жаппай, бұқара + *media/medium* құрал) ағыл. *mass-media* - *Бұқаралық ақпарат құралдарымен* (БАҚ) бірдей: баспасөз, кино, телевизия, бейне және ұнтаспалар, үнпарақтар, жарнама, радио, Интернет және т.б. (қара. *Мультимедиа*).

**Мәдениет** ағыл. *culture* - адам жасаған, сондай-ақ қоғам дамуының белгілі бір деңгейіне тән рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы.

Мәдениет ұғымы *Тіл*, салт, дәстүр, наным-сенімнің, құндылықтар мен салттардың, көркемөнер жетістіктерінің барша жиынтығы ұғымдарын қамтиды. Кей реттерде *Мәдениет* ұғымы *Өркениет* ұғымының синонимі ретінде жұмсалады (қара. *Акультурация, Инкультурация, Қосалқы мәдениет, Мәдени код, Мәдени сәйкестілік, Мәдени сенделіс, Мәдениетаралық коммуникация, Мәдениетаралық коммуникациядағы кедергі, Постструктурализм, Структурализм, Тіл және мәдениет*).

**Мәнмәтін** ағыл. *context* - 1. Мәтін шарттылығы, қандайда бір сөздің немесе фразаның мағынасын нақтылауға, түсінуге мүмкіндік беретін шағын мәтін. 2. Нақты тілдікбірліктің ауызша және жазбаша сөйлеуде қолданылуының әлеуметтік орта, қарым-қатынас жағдаяты.

**Мемлекеттік тіл** ағыл. *official, statelanguage* - белгілі бір мемлекетте *Сәйкестіліктің*, біртұтастықтың рәмізі, белгісі ретінде қабылданатын *Тіл*; белгілі бір мемлекеттің аумағында таралған, айрықша саяси-құқықтық (заң дәрежесіндегі) мәртебесі бар тіл; нақты бір елдің тұрғындарының ұлттық құрамына қарамастан мекемелер мен ұйымдарда, сот ісінде, құқық қорғау органдарында, білім орындарында іс қағаздарын жүргізу үшін міндетті тіл; «мемлекеттік және қоғамдық өмірде айрықша маңызды функцияларды атқаратын» («Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы») қоғамдық қызметі кең ауқымды тіл; егемен мемлекеттің лингвистикалық тәуелсіздігінің негізгі белгісі (Б. Хасанов).

Мемлекеттік тіл мемлекеттіліктің басқа да рәміздерімен (ту, елтаңба, әнұран) теңбе-тең дәрежеде мемлекеттің Конституциясы және Тілдер туралы заң арқылы заңды түрде бекітіледі.

«Мемлекеттік тіл - елтаңба, ту, әнұран сияқты мемлекеттік нышан».

Сонымен қатар әлемдегі практика көрсетіл отырғанындай, федерациялық мемлекеттерде екі немесе одан да көп мемлекеттік тілді қолдану тәжірибесі бар. Мыс., Швейцарияда төрт мемлекеттік тіл болса (неміс, француз, итальян,

ретороман), Бельгияда екі мемлекеттік тіл (финн және швед) пайдаланылады. Ағылшын тілі 114 аумақта (яғни, мемлекеттер мен олардың қарамағындағы аумақтарда) мемлекеттік тіл немесе ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде қолданылады. Испан тілі 27 елдің, француз тілі 24 елдің, португал тілі 12 елдің мемлекеттік тілі.

**Метатіл** (грек, *meta* кейін, соң) ағыл. *metalanguage* - **Тіл білімі** зерттейтін тіл - объектіні (нысанын) сипаттайтын **Тіл**; екінші қатардағы тіл (қара. **Әдіснама, Әлеуметтік лингвистика**).

**Монолингвизм** (грек, *monos* бір, тұтас +лат. *lingua*тіл + қосымша-изм) ағыл. monolingualism – Біртілділік ұғымымен бірдей (қара. Билингвизм, Біртілді қауымдастық, Қостілділік, Біртілді адам).

**Мультилингвизм** (лат. *Multum*көп + *lingua*тіл) ағыл. **multilingualism** – **Көптілділік** ұғымымен бірдей.

**Мультимедиа** (лат. *Multum* көп + *media* орталық, шоғырлану) ағыл. *multimedia* - компьютердің көмегі арқылы ақпарат алмасудың әралуан ортасын, құралдары мен тәсілдерін интерактивті ретте шоғырландыруға мүмкіндік беретін технологиялар. Мультимедиа бейнемен, дыбыспен, **Мәтінмен** жұмыс істеуге мүмкіндік береді, өте ауқымды ақпарат қорын сақтау, онымен танысу, пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді (қара. **Бұқаралық ақпарат құралдары. Масс-медиа**).

**Негіз тіл** - оқушының бастапқы тілі (**Ана тілі** болуы міндетті емес), оның негізінде *Екінші тілге, Тіл - мақсатқа оқыту жүргізіледі* (қара. *Қостілді адам, Қостілділік, Өткінші тіл, Өтпелі тіл, Тіл меңгеру деңгейі, Тіл - эталон, Фосилдану*).

**Негізгі тіл** ағыл. *indigenous language* - отарлауға, бодандыққа түскенге дейін өз жерімен үздіксіз тарихи байланысы болған, **Мәдениетті**, салт-дәстүрді, тілді сақтауға, дамытуға және жас ұрпаққа беруге ұмтылатын (негізгі) халықтың **Тілі**.

**Халық санағы** кезінде негізгі тілді өзінің басты (негізгі, ана тілі) ретінде керсетеді. Негізгі тіл ұғымының аясы **Негізгі ұлт тілі** түсінігінен тар.

**Сана-сезім** ағыл. *self – consciousness* - тілге, зияткерлікке, дене шымырлығына, жеке басына тән ерекшеліктерді, әлеуметтік-этникалық және кәсіби қатыстылығын, қоғамдық қарым-қатынастардағы орнын, **Менталитетін**, мақсат-мүдделерін, адамгершілік бет-бейнесін, мінез-құлық уәжін және т.б. жеке адамның өзінің сезінуі және бағалауы.

**Сауалнама** ағыл. *questionnaire* - **Сауалнама жүргізудің** негізгі құралы, сауалнама парағы, зерттеудің бағдарламалық мақсаттарына байланысты сұрақтардың құрылымды - жүйелі түрдегі жинағы.

Сауалнама бірнеше бөлімнен тұрады: кіріспеде сауалдарды берудің мақсаттары мен міндеттері түсіндіріледі; сауалнама жүргізетін ұйымның атауы көрсетіледі; сауалнаманың құпиялылық дәрежесі нақтыланады.

Негізгі бөлімде зерттеудің мақсат-міндеттерінен туындайтын **Сауалнама сұрақтары** топтастырырылады.

**Социум** (лат. *socium* жалпы, ортақ, бірлескен) – **Қоғам** ұғымымен бірдей (қара. Әлеуметтік алғышарттар, Әлеуметтік рөл, Әлеуметтік сәйкестілік,

Әлеуметтік топ, Қоғамның әлеуметтік құрылымы, Тіл әлеуметтануы, Тіл және қоғам).

**Сөйлеу актісі** (лат. *aktus* - іс-қимыл) ағыл. *speech act* - **Адресаты** бар, Белгілі бір қоғамның әлеуметтік-тілдік мінез-құлқының қағидаларымен реттелетін, алдын ала ойластырылған, мақсатты, нақты бір сөйлеу жағдайында **Сөйлеуші** айтатын, **Тыңдаушы** қабылдайтын сөйленіс.

**Сөйлеу әдебі** ағыл. *speech etiquette* - **Тіл практикасының** ұлттық, өзіндік ерекшеліктерге ие қағидалары; бұл ережелер әңгімелесушімен «сыпайы, биязы» байланыс жасауға (байланысты орнату, оны қолдап отыру, байланысты тоқтату) қоғамтарапынан бекітілген қалыпты нысандар мен тілдік бірліктер жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

**Сөйлеу іс-әрекеті** ағыл. *speech activity* - хабарламаны берудің және қабылдаудың **Тіл** арқылы жеткізілетін, **Коммуникативтік жағдаятқа** байланысты белсенді, мақсатты үдерісі (И.А. Зимняя); адам қызметінің маңызды бөлігі (А.А. Леонтьев); ауызша, жазбаша нысандарда немесе ауызша-жазбаша нысанда жүзеге асырылатын, сөйлеу іс-әрекетінің негізгі (*Айтылым, Тыңдалым, Оқылым, Жазылым*).

**Стереотип** (*грек, stereos* қатаң + *typos* таңба, *із*) ағыл. *stereotype* - тым айқын **Айрықшалану** арқылы сипатталатын және жағымсыз құбылыс ретінде бағаланатын **Әлеуметтік лингвистикал өзгермеліліктер**.

**Төзімділік** ағыл. *tolerance* - басқа адамның өмір салтына, тіліне, мінез-құлқына, әдет-ғұрпына, сезіміне, көзқарасы мен пікіріне, діни сеніміне шыдамдылық.

Этникааралық төзімділік және тіларалық төзімділік деген түрлер аталады (қара. *Сәйкестілік, Тілдік бейтараптылық, Бінтымақтастық*).

**Түпнұсқа мәтін** ағыл. *authentic/original text* - түпнұсқа туынды, сондай-ақ туындыдан ешбір өзгертусіз алынған шынайы мәтін.

**Тілдік қабілет** ағыл. *language ability, aptitude* - **Тілдік қауымдастық** мүшелерінің **Тілді** меңгеруін, қолдануы мен баламалы түрде қабылдауын қамтамасыз ететін адамның туа бітті немесе өмір тәжірибесі арқылы қалыптасқан психикалық функциясы.

**Тілдік құзырет** ағыл. *language competence* - 1. Тілдік құзырет **Коммуникативті құзыреттің** бір бөлігі; **Конситуацияның** ерекшеліктеріне, **Сөйлеуші мен Тыңдаушының** арасындағы қарым-қатынастың сипатына, мақсатына қарай тілдік құралдарды әдепті және баламалы түрде қолданудың білік-дағдылары. 2. Өз **Этносының** тілін және **Екінші тілді** меңгеру.

**Ұлтаралық тіл** - бір мемлекетте тұрған әртүрлі ұлт өкілдерінің өзара қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланылатын **Тіл**. Ресей Федерациясының құрамына енетін республикаларда орыс тілі **Мемлекеттік тіл мәртебесіне** ие, сонымен қатар ұлтаралық тіл болып табылады (қара. *Аймақтық тіл, Әлемдік тіл, Мемлекеттік тіл, Ресми тіл, Тіл мәртебесі, Ұлт тілі*).

**Ұлттық тіл** ағыл. *national language*. Ұлттың *жалпы тілі*. 2. Бір мемлекеттің аумағында қоғамдық өмірдің саяси, әлеуметтік және мәдени салаларында шоғырландыру қызметін атқаратын тіл.

**Халықаралық тіл** ағыл. *international language* - әртүрлі мемлекеттер

халықтарының қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ететін тіл. Халықаралық тілдің түрлері - табиғи **Ұлттық тіл**, ол нақты бір халықтың қарым-қатынас құралы және халықтар арасындағы қарым-қатынас құралы қызметін қатар атқара алады; жасанды халықаралық тіл, ол халықтар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін арнайы құрастырылған коммуникативті жүйе, табиғи тілге ұқсас түр.

**Ым-ишара тілі** ағыл. *sign language* - ым мен ишара жасауға (кинетикалық) негізделген коммуникативті жүйе (кинетикалық тіл).

Ым-ишара тілінің екі түрі бар: 1. Қарым-қатынастың көне жүйесінің белгісі, ырымы. **Ана тілінің** сөздерін ымдау, ишаралау арқылы немесе әріптерді жеке-жеке атау арқылы жеткізіледі (саусақ әліпбиі арқылы таңбаланады).

**Ынтымақтастық** ағыл. *solidarity* - адамдар арасындағы әлеуметтік жақындықтың немесе арақашықтықтың дәрежесі, топтық қауымдастық сезімі (қара. *Төзімділік, Тілдік бейтараптылық*).

**Этнолингвистика** (грек, *ethnos* халық, тайпа + фр. *linguistique* - лат. *lingua* язык) ағыл. *ethnolinguistics* - лингвистикалық бағыт; ол халықтың ұлттық **Мәдениеті мен Менталитетін** бейнелейтін тілдік құралдар мен нысандарды, **Әлемнің тілдік бейнесіндегі** ұлттық белгілерді танытушы, жеткізуші ретіндегі тілді, **Тіл мен мәдениет** арасындағы қарым-қатысты, сондай-ақ тілдің қолданылуы мен **Тілдің дамуындағы** лингвистикалық және этникалық факторлардың өзара ықпалын зерттейді.

## 1.6 Тілді деңгейлік меңгеру білігі мен дағдысын тексеру мақсатында орындалатын диагностикалық тест өрнектері


Диагностикалық тест – білім алушының тілді білу қабілетін және тілді деңгейлік меңгеру білімін, білігі және дағдысын анықтау үшін қажет.

Диагностикалық тест тапсырмалары коммуникативтік сұрақтар арқылы анықталуы тиіс: интерактивтілік, практикалық, мазмұндық және т.б.

Тест тапсырмалары оқушының сөздік қорын, грамматиканы меңгеру қабілетін, белгілі бір деңгейді игеру білімі, білігі, дағдысын анықтау мақсатында құрастырылады.

### *Коммуникативтік тапсырмалары*

(тапсырмалардың ауызша және жазбаша түрлері)



Мұғалім әрбір білім алушыға осындай тапсырмаларды орындату арқылы оның жеткен жетістігін немесе білімінің төмендігін, деңгейлік білігі мен дағдысын бақылай алады.

*Диагностикалық тест* – оқушының бағдарламаға сәйкес тілді деңгейлік меңгеруін және деңгей көрсеткішін білу үшін аса маңызды.

*Бақылау нысаны:* қарым-қатынас, іс-әрекет.

*Негізгі бағыт:* сабақта берілген оқу материалдарын қайталау және бекіту.

Мұғалім білім алушының тілді қай деңгейде меңгергенін анықтау үшін лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тест тапсырмаларды ұсынып, білігі мен дағдысын, білімін анықтап, одан кейін жетістікке жету мақсатында оқу материалдарын кеңейтіл беруге әрекеттенуі керек.

### *Тестер құрылымы*

Тест тапсырмалары көп деңгейлі құрылымда қарастырылады: (A1-ден B2-ге дейін) Мұндай тест тапсырмалары деңгейлер арасындағы айырмашылықтарды анықтауға және деңгейлер бойынша білімін толықтыру

үшін қажет. Әрбір бетте белгілі бір деңгей тапсырмалары беріледі және бағаланады. Мысалы, бірінші бетте - А1, екінші бетте - А2 және т.б.

Сондай-ақ жазбаша орындалуға тиісті тест тапсырмаларымен бірге 5-7 минуттық ауызша әңгіме жүргізілуі тиіс, оның негізі *айтылым* түріндегі ауызша сөйлеу дағдысын анықтаумен байланысты. Ол «*мұғалім + білім алушы*» диалогы арқылы орындалады.

Үшінші тапсырма: қысқаша 5 минуттық шығарма (эссе, мазмұндама) жазу. Ол - білім алушының жазбаша сөйлеу дағдысын тексеру мақсатында орындалатын тапсырма түрі.

Тақырыбы: «Қандай елде тұрасың?», «Қайда оқисың?», «Қазақ тілін неге үйреніп жүрсің?» т.б.

1. Оқушының тілдік деңгейін анықтау үшін тест сұрақтары «қарапайымнан күрделіге» дейін ұстаным негізінде берілуі тиіс.

2. Матрица тест тапсырмасы берілген бетте беріледі (сол жағында тапсырма, оң жағында үш жауап берілуі керек).

Соның ішінде екі тест тапсырмасы негізгі, яғни білім алушы осы деңгейді меңгергені не меңгермегенін анықтайды. Білім алушының білім деңгейі осылайша жылдам анықталады.

### ***Уақыт жылдамдығы***

Әрбір тест сұрағына 1 минут берілуі керек. Уақыт мөлшері - 20 минут.

Дұрыс жауапқа «V», ал қате жауапқа «X» баға беріледі.

А1-А2 деңгейі – 20-30 балл;

В1 – деңгейі – 70 балл;

В2 – деңгейі 120 балл.

Бұл балдық жүйе деңгейлік білімін анықтайды және болашақта ауызша және жазбаша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін қажет. Тілді меңгерудеңгейін анықтау үшін әр беттегі көрсетілген балл жиынтығы жеткілікті.

Егер оқушы А1 деңгейін анықтауға берілген 30 балдың 20-25-ін жинаса, жалпы білімі осы деңгей үшін толық жеткілікті.

***Диагностикалық тест тапсырмаларын орындаудың негізгі мақсаты – оқушының тілді қай деңгейде меңгергенін анықтау (А1 деңгейінен В1+В2 деңгейіне дейінгі білім).***

Мұғалім сыныпта оқушының қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік игеру білімі, тілдік дағдысы мен білігін анықтау мақсатында диагностикалық тест тапсырмаларын орындатады. Ол осы тапсырмалар нәтижесі арқылы белгілі бір шешім қабылдауы тиіс.

Бұл бөлімдегі тест тапсырмаларының үлгілері мен баяндау деңгейін өрнек ретінде алуға болады. Үлгі ретінде беріліп отырған тест тапсырмалары

«қарапайымнан күрделіге» дейін ұстанымында құрастырылған. Ал бұл тапсырмалар тілді қандай деңгейде меңгергені ғана емес, сондай-ақ әр деңгей арасындағы меңгерілмеген материалды қосымша толықтыруымен де байланысты болуы мүмкін.

Тест тапсырмалары білім алушының тілді игеру деңгейін анықтау және бағалау үшін пайдалы болуы тиіс:

A1 – 20 сұрақ      A2 – 20 сұрақ,  
 B1+ B2 – 30 сұрақ      Барлығы: 70 сұрақ.

Диагностика –зерттелуге тиіс нысанды немесе тілді меңгеру білігі мен дағдысын анықтау туралы алдын-ала ақпарат алу тәсілі.

Тестік материалдар (лексикалық және грамматикалық) мына мазмұнда құрастырылуы мүмкін:

A1 – деңгейі үшін

1. Сөйлеу әдебі түрлері 2. Сәлем! Сәлеметсіз бе? 3. Мен / менің 4. Не істеу керек? (етістік) 5. Қашан? (кеше, бүгін т.б.) 6. Атау, ілік септіктері. 7. Қалай? 8. Аты (есімі) 9. Ұлты 10. Оқушы (мұғалім) 11. Аты-жөні, тегі 12. Жалғаулықтар 13. Зат есім: ана, әке, бала 14. Қайда? 15. Етістік:бару/келу, иә/жоқ	1. - «Алло!» - Сәлеметсіз бе?	а) Аман-есенмін. в) – Сен бе? с) – Армысың!
--	----------------------------------	---

**Өрнек: А 2- деңгейі**

- 1.Қашан?(апта күндері, ай, жыл).
2. Барыс септігі (Мектепке, оқуға, сыныпқа).
3. Қалау рай (оқығым келеді).
4. Тәуелдік + Ілік септігі (менің кітабым).

5. Етістіктер: отыр, тұр, жатыр, жүр.
6. Жіктік жалғауы.
7. Сын есім (үлкен, кіші).
8. Кімдер? (достар, балалар).
9. Етістіктер: ұнау/ұнамау
10. Интенция: алғыс айту, кешірім сұрау.
11. Ол, сол есімдіктері
12. Уақыт: мезгіл, уақыт сағат.
13. Сын есімдер: жылы/суық.
14. Етістіктер: оқу, тыңдау, жазу, айту.

**Өрнек: В 1 – деңгейі**

1. Табыс және жатыс септіктері.
2. Қайда? Нені? Кімге? Неге?
3. Етістіктер: білу, орындау.
4. Жіктік, көптік, септік (ілік, барыс, табыс, жатыс).
5. Қанша тұрады?
6. Сағат неше?
7. Сын есім: кең, тар
8. Бағасы қанша?
9. Зат есім: жаз, күз, қыс, көктем.
10. Сөйлем құрылымы: Менің білгім келеді.
11. Етістіктің шақтары
12. Есімдіктер: мына/мынау, ана/анау
13. Сан есімдер

**Өрнек: В2 – деңгейі**

1. Есімдік: өз (өзім, өзіңнің, өзіңіздің).
2. Септіктер: шығыс/көмектес
3. Етістіктері: жуу, сүрту, шомылу, жүзу
4. Сен – саған, мен – маған, ол – оған
5. Синтаксистік құрылым: Егер..., онда
6. Жалғаулар: себебі, өткені, сондықтан, бірақ
7. Үстеу
8. Көсемше/Есімше
9. Себебін білу: не үшін?
10. Етістіктер: оқып жүр, жазып отыр, тыңдап тұр, сөйлеп жатыр.
11. Меніңше, менің ойымша

*Тест тапсырмалары үлгісі қазақ тілінде берілді, ал орыс, ағылшын тілдері бойынша тапсырмаларды мұғалім құрастыруы керек (оқу материалдары оқулық және оқу бағдарламадан алынуы қажет).*



**Өрнек:**

<b>A1 – деңгейі</b>	<b>Тапсырмалар</b>	<b>Жауабы</b>
1. Бұл кім? Бұл не? Кім? Не?	1. Бұл кім? Бұл - ... Бұл не ? Бұл - ...	а) Бұл – оқушы. в) Бұл – достар. с) Бұл – кітап.  а) Бұл – мұғалім. в) Бұл – қалам. с) Бұл – құстар.

**Үлгі:**

**A1 – деңгейі**

.	- ... - Бұл – кітап	Бұл кім? <input type="radio"/>	Бұл не? <input type="radio"/>
.	Менің атым ...	Оның аты ... <input type="radio"/>	Сіздің атыңыз ... <input type="radio"/>
.	... тегі – Асқар	Менің тегім ... <input type="radio"/>	Оның тегі ... <input type="radio"/>
.	- Халің қалай? - Рақмет. Өте жақсы. Сенің...	Сіздің <input type="radio"/>	Оның <input type="radio"/>
.	Мен ... оқыдым.	Кітап <input type="radio"/>	Журнал <input type="radio"/>

Бір сұрақ	Үш жауап варианты беріледі
-----------	----------------------------

Барлығы: \_\_\_\_\_ балл

Шығарма (мазмұндама, эссе ) нәтижесі:

Тақырыптың

аты \_\_\_\_\_

Мектебі \_\_\_\_\_  
 Білім алушы \_\_\_\_\_  
 Күні \_\_\_\_\_  
 Тілі \_\_\_\_\_

### Нұсқаулық

Тапсырманы орындау уақыты – 20 не 30 минут.

Сөздік қолданылмайды (мүмкін қолданылады, ол мұғалімнің ұйғарымымен шешіледі).

Сұрақты білмесең, белгі қойма.

### Өрнек

1	Мен _____	ОҚИМЫН 	ОҚЫҒАНМЫН 	ОҚЫДЫМ 
---	-----------	---	--	---

### Мұғалім үшін

Лексикалық, грамматикалық минимумдарға берілген тапсырмалар нәтижесі:

A1	A2	B1	B2	
----	----	----	----	--

### Мұғалім мен оқушының ауызша және жазбаша сөйлеу тіліндегі сұхбат үлгісі

#### Оқылым.

Сөйлеу жағдаяттық тапсырмалар.

1 – тапсырма. 1. Досыңның туған күні, оған қандай құтықтау сөз айтар едің ? Әңгімелеп бер.	а) Аяз ата келеді. в) Саған денсаулық тілеймін . с) Мен сені туған күніңмен құттықтаймын .
2–тапсырма.	а) «Ет – сүт» дүкенінен сатып ал.

Ас тағамдары қай дүкенде сатылады? Көмек берші.

в) «Азық түлік» дүкеніне бар.  
с) Мен сүт сатып аламын.

### ***Жазылым***

1 – тапсырма. Сөйлеу әдеби түрлеріне (алғыс айту, танысу, сәлемдесу, телефонмен сөйлесу) сұрақ – жауап түріндегі 2 реплика (ресми түрде) жаз.

### ***Тыңдалым***

СД-дискіден тыңдау. Мұғалім сөзін тыңдап тапсырмаларды орындау.

#### **1 – тапсырма.**

- Сенің атын кім?
- Менің атым – Інкәр.
- Сенің аты-жөнің кім?
- Әлібек Мырзаәлі.
- Қоңырау соғылды.
- Жүр, кеттік.

Олар қай жерде әңгімелесті:

- а) көшеде
- в) мектепте
- с) әуежайда

### ***Айтылым***

**1 – тапсырма.** Мұғалім бастау репликасын айтады, ал сен жауап репликасын айтасың.

Бұл тапсырманы орындау үшін диалогқа қатыс.

- Сенің отбасың қайда тұрады?
- 
- Жасың нешеде? Қайда оқисың?
- 
- Бүгін аптаның қай күні?
- 
- Не ішесің? Не жегің келеді?
- 
- Рақмет!
- 
- Сау бол!

Ауызша сөйлеу нәтижесі:

---

Мұғалім: \_\_\_\_\_

Диагностикалық тест тапсырмаларын орныдау арқылы сынып оқушыларының тілді білу, меңгеру деңгейін анықтап, нәтижесінде білім алушыларды екі деңгейге шартты түрде (әлсіз және әлді) топқа бөліп, оқыту аса маңызды.

Сынып оқушыларының тілді меңгеру қабілетіне қарай деңгейге бөлу сабақтың тиімділігін, олардың қызығушылығын арттырады.

Тапсырма құрылымы негізгі оқулық материалдарынан (мысалы, А1 және басқа деңгейлер үшін жазылған оқу-әдістемелік құрал) алынады және сол негізде сұрақ пен жауап түріндегі үлгілерден тұрады.

### **1.6 Лингводидактикалық бағдарлама**

Лингводидактикалық бағдарлама-тілдерді шет тілі ретінде оқытатын мұғалімдердің негізгі құжаты.

Мұғалім лингводидактикалық бағдарламаны (А1 – А2, В1 – В2 деңгейлер үшін) ресми бекітілген типтік және оқу бағдарламасына сәйкес құруы керек, ол яғни мұғалімнің жеке жұмыс жоспары ретіндегі құжаты болып табылады.

Бұл бағдарламаның мұғалімнің өзіндік оқыту бағдарламасы ретінде дайындалуы қажет. Бағдарлама оқушыларға білім беру, оның нәтижесін бағалау, білігі пен дағдысын қалыптастыру мақсатында құрастырылады.

Оқытудың мақсатына сайлингводидактикалық бағдарлама жүзеге асырылады. Сондай-ақ бұл құжат мұғалімнің тілді оқыту біліктілігінің көрсеткіші және оқыту нәтижесінің өрнегі түріндегі өзіндік жетістігін бақылау үшін де қажет.

#### ***Бағдарлама құрылымы:***

1) Оқулықта (бағдарламада) көрсетілген тақырып мазмұнына қатысты қысқаша ақпарат беріледі.

2) Ауызша және жазбаша сөйлеу білігіне қойылатын талаптар сипатталады;

3) Оқу материалдары: іріктелген лексикалық-грамматикалық минимумдар, терминдер және қиын сөздер түсіндірмесі беріледі;

4) Оқу-кәсіби аяда берілген материалдардың сипаттамасы қамтылады.

Бірінші бөлім түрлі аяларда (әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби т.б.) қатысымдық құзіретін қалыптастыру мазмұнын қамтиды.

Онда:

1. Интенция түрлері: 1) амандасу, танысу, алғыс айту т.б.; 2) ақпарат алу: сұрақ-жауап (оқиға, пән т.б. туралы); 3) өзінің ойын білдіру (бағалау, пән, оқиға т.б. туралы).

2. Қарым-қатынас құруға арналған материалдар: диалог, сөйлеу жағдаяты, шағын топиктер қамтылады.

*Оқушылар бағдарламада қарастырылған тақырыптар мазмұнында келесі коммуникативтік міндеттерді шешуі тиіс:*

**Үлгі:**

1. Өзі туралы: балалық шақ, мектеп, отбасы және хоббиі.

2. Отбасы: Ата-ана, туыс (аты-жөні) т.б.

3. Хоббиі: музыка, спорт және т.б.

**Сөйлеу білігіне қойылатын талаптар**

*Монолог айту:* монолог тақырыбы әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық аяларды қамтуы тиіс.

Мәтін көлемі: екі немесе төрт сөйлем, екі не төрт жаңа сөз.

Таныс емес сөз: 1% -пайыз.

Оқу техникасы: 1 минутта екі немесе төрт буын, 1 секундта екі не төрт (бұл келесі деңгейлерде кеңейіп отырады) сөзді оқу.

*Диалог айту:* белсенді тақырып (аялар бойынша).

*Диалог көлемі:* екі немесе төрт реплика (сұрақ және жауап).

Таныс емес сөз: 1% -пайыз.

Сөйлеу қарқыны: екі не төрт сөз.

*Диалог:* лексика және функционалды грамматикадан құрылуы тиіс (*A1 – A2 деңгейлері үшін*).

**Оқылым**

*Оқу түрі:* оқылымның төрт түрінде орындалуы тиіс.

*Мәтін түрі:* бейімделген немесе түпнұсқалық шағын мәтін берілуі қажет.

*Оқу уақыты:* 5-10 минут.

**Жазылым**

Ұсынылатын мәтін: хабарлама, ақпараттық мәтін, хабарландыру, хат үлгілері т.б.

Әдеби нормаға сәйкес 3-4 сөйлем жазу.

Грамматика: функционалды грамматика (тек қана өрнек түрінде беру, академиялық грамматика керек емес), деңгейлерінде *A1 – A2* актив грамматика, ал *B1 – B2* актив және пассив грамматика түсіндіріледі.

Мысалы: шақ формасы: а, е, й – *Мен барамын/келемін, сөйлеймін.*

*Бармақпын, барармын* – түрінде берілмейді.

Екінші бөлімде оқу-кәсіби аялар бойынша коммуникативтік күзiрет мазмұнының сипаты берiледi.

Бiлiм алушы бұл салада келесi коммуникативтiк мiндеттердi шешуi және орындауы тиiс.

1. Кәсiби пәнге анықтама беру.
2. Оның қызметi және пәннiң өзiндiк ерекшелiгiн айқындау.
3. Нысанның құрамын сипаттау.
4. Тәжiрибе және сараптама.
5. Сапасы мен саны.
6. Салыстыру (басқа пәндермен).
7. Анықтама беру.
8. Терминдер тiзбесiн құру.

Оқу кәсiби аяларда сөйлей әрекетi түрлерiне үйрету үшiн арнайы кәсiби тақырыптарды iрiктеу қажет. Мұғалiм оқу сөздiгiне енетiн терминдердi тақырыбына қарай анықтайды. Мысалы, Типтiк оқу жоспарларында көрсетiлгендей информатика пәнi бойынша апталық жүктеме 1 сағат болса, аптасына 2 жаңа термин (лексикалық минимум) ал физика, химия мен биология пәнiне апталық жүктеме 2 сағаттан берiлсе онда 4 жаңа термин (лексикалық минимум) анықталады (әр сабақ үшiн 2 жаңа термин берiлуi тиiс).

### ***Қосымша материалдар:***

1. Түсiндiрме (синоним, лингвомәдениеттаным) оқу сөздiктерi.
2. Лексикалық минимумдар: әлеуметтiк-тұрмыстық, әлеуметтiк мәдени және оқу салаларын қамтитын сөзтiзбесiн түзу үшiн қажет (әр деңгей үшiн).

### ***МҰҒАЛІМГЕ ЕСКЕРТУ!***

Мұғалiм типтiк бағдарламаға сәйкес сабақ санына қарай берiлетiн сағат саны мен аптада өтiлетiн тақырыпқа қатысты (егер аптасына 2 сабақ, 2 сағат өтiлетiн болса, онда әр сабақта екi жаңа сөз өтiлуi керек) сөздер тiзбесiн құрып, оқу сөздiгiн құрастыруы тиiс. Ал мәтiн iшiндегi сөйлемдер құрылымында кездесетiн пассив сөздердiң (ең негiзгi) қарапайым түсiндiрмесi берiлiп, терминдер сөздiгi құрастырылады.

**1.** Лингводидактика бағдарламасында мына әдiстер мiндеттi түрде әр деңгей үшiн сипатталып және сабақты қолданысқа ие болуы тиiс:

Тура

Аудиолингвалды

Оқылым

Аудиовизуалды

Коммуникативтiк-функционалды

## Дизайнерлік

### 2. Заманауи техникалық құрал жабдықтар:

- 1) CD – дискілер
- 2) Шағын экран
- 3) Бейне және аудиожазбалар
- 4) Ұялы телефон материалдары
- 5) Диафильм
- 6) Кинофильмнен үзінділер
- 7) Ұлттық арна материалдары.

Білім алушылар кәсіби пәндерден белгілі бір терминдерді білуі маңызды және әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени аяларда қарым-қатынасқа түсу үшін арнайы анықталған лексикалақ-граматикалық минимумдарды ескеруі қажет.

Мұғалім пәнді толық меңгерту үшін мәтінді ана тілінде түсіндіріп (бір сабақ бойы), тақырыпқа қатысты терминдер және қиын сөздердің түсіндірмесін бере отырып, шағын диалог, ойын түрлерін ұйымдастырып, білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

### Өрнек:

<i>Сол жақ</i>	<i>Оң жақ</i>
1) Мәтін мазмұны беріледі 2) Мәтіндегі терминдер мен қиын сөздер курсивпен не бояумен беріледі	Терминдер Қиын сөздер түсіндірмесі

## ҚОРЫТЫНДЫ

Елбасының «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын әлемдік білім кеңістігінде өзін еркін сезінетін, бәсекеге қабілетті, танымы мол, жан-жақты толық жетілген және мәдениетті тілдік тұлғаны қалыптастыру мақсатындағы құжат деп қарастыруға болады. Оған себеп – IT-технология, ақпарат ағыны, киберкеңістік кез келген тұлғаның танымдық және білімділікке апарар жол екендігіне көз жеткізе отырып, оны басшылыққа алу қажет.

Олай болса, үш тілде білім беру еліміздің жаһандану заманында дамыған елдер қатарында өзін еркін сезініп, басқа ұлттармен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін арттыратын құбылыс екені анық.

Кез келген тіл бір ұлттың, бір халықтың намысы, сана-сезімі, оның өйткені және бүгінгі тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениеті болғандықтан тіл тұтас халықтың болмыс-бітімі екенін әрбір саналы адам түсінуі тиіс.

Осы орайда айтқымыз келетіні бүгінгі адамзаттың алдына қойылып отырған өзекті мәселе кәсіби шеберлігі, мәдениеті, терең танымы мен білімділігі жоғары тұлғаға даярлау болып табылады.

Ендеше бүгінгі жас ұрпақ өз ана тілін игеруі арқылы туған елінің тарихын, рухани құндылықтары мен төл мәдениетін ұғынып, санасына таңып өседі. Ал орыс тілі Қазақстан халқы үшін ұлтаралық қарым-қатынас тілі, үшінші тіл-ағылшын тілі жаңа технологияларды (компьютер технологиясының) халықаралық бизнестің және инновацияның тілі.

Еуропа елдерінде қостілді және көптілді тұлғаны қалыптастыру, тілдерді меңгерту бағытында нәтижелі зерттеулер мен теориялық, әдістемелік еңбектер жарық көріп, жетістіктерге қол жеткені жөнінде біраз мәлімет берілді.

Әлемдік білім беру жүйесінде көптілділікті қалыптастыру, мектеп оқушылары мен студенттердің бірнеше тілде емін-еркін, ашық сөйлесуі қалыпты құбылысқа айналған. Себебі тілді меңгерудің деңгейлік стандарты, оқытудың белсенді әдістері, ең бастысы ана тілінен басқа тілдерді оқытуды қай сыныптан бастайтынын нақты белгілеп алған.

Алайда қазақстандық білім жүйесінде көптілді білім беру мәселесі жөнінде біраз іс-шара атқарылғанымен, халықаралық көптілділік моделі терең зерттелмегені байқалады.

Заман талабына сәйкес көптілді білім берудің халықаралық іс-тәжірибесіне сүйене отырып, тұлғаның тілдерді меңгеруі үшін оның ойлау қабілетінің дамуын, ой-өрісінің, тілді қабылдау психологиясының, яғни есте сақтау қабілетінің жақсаруына, мәдени құндылықтарын меңгерту арқылы жетуге болады. Бұл жағдай «мәдениет-таным» сұхбатына ене алатын тілдік тұлғаны қалыптастырады.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан бері бүкіл әлем кеңістігінде өмір сүріп жатқан елдермен саяси-экономикалық, мәдени және бизнес саласындағы ынтымақтастығын арттырады. Осы үдерісте еліміздің ресми қарым-қатынасын кеңейту, мейлінше жақындастыру мақсатында тіл білудің мән-маңызы күн санап арта түсуде. Ал тіл жержүзіндегі халықтардың рухани қазынасы және ұлттық құндылығы.



Ана тілінің құндылығын, бай қазынасын зерттеп жүрген ғалымдар баланың ерте жастан өзінің төл тілінде білім алып, оған сусынын қандырып, мәдениетін бойына сіңіріп, жасөспірім жасқа жеткенге дейін сол тілінде сөйлеуі арқылы ғана басқа тілдерді еркін меңгере алатынын ғылым негіздеді.

Барлық адам баласы өз ана тілін қадірлеп, ата-анасының, ата-бабадан келе жатқан тіл байлығын дамытып, білім алып, тәрбиелі тұлғаға айналуы - өмір заңдылығы екені өзінен өзі түсінікті.

Біздің ойымызша, ана тілі-ең құдіретті, ең қасиетті тіл. Шыр етіл дүниеге келген сәби бір тілмен ғана қалыптасады, яғни ол - туғанда біртүлді. Ал қостілділік пен көптілділік болу уақытпен келетін құбылыс.

Бұл ретте осы ұғымдарды әлеуметтанушылар мен психологтар, тіл мамандары зерттейтіні белгілі жайт. Олардың пайымдауынша, ең алдымен ана тілінде білім беріп, содан кейін ғана басқа тілдерді үйрете бастау керектігін дәлелдейді. Бұл пікірлерге отандық және халықаралық деңгейде бірнеше тілдерді меңгерту мәселесіне қатысты ғалымдар еңбектерін зерттеп, талдау барысында көзімізді жеткіздік әрі қолдадық.

Қазіргі заманғы ғылым мен инновациялық технологиялар, ақпарат кеңістігі кеңейген кезде үш тілді оқыту мәселесіне байланысты жазылған ғылыми еңбектердің көбісінде «билингва», «көптілділік» ұғымына байланысты теориялық жағынан дәлелді ғылыми пайымдаулар мен болжамдар баршылық.

Алайда тілдердің айырым белгілері, әсіресе қазақ тілділер үшін қай тіл екінші тіл, қай тіл шет тілі деген терминдер толық қарастырылмағаны, сондай-ақ қазақ тілінде үштілділингва тұлғасын қалыптастырудың әлеуметтік және психолингвистикалық жағынан жан-жақты ғылыми тұрғыда қазақ тілінде зерттелген еңбектің жеткіліксіздігі байқалады.

Бұл тұрғыда Еуропалық Кеңестің қабылдаған ресми құжаттарынан өрнек алу қажет деген ойдамыз.

Осыған орай белгілі лингвист ғалым Ш.Құрманбайұлы өз ойын былайша дәлелдейді: «Қазақтар да, өзге этнос өкілдері де осы елдің көркеюін шынымен ойласа, ең алдымен қазақ тілін оқып, мемлекеттік тілдің төңірегінде топтасуы керек. Ал қалған тілдердің барлығын біз шет тілі ретінде мақсат-мүддемізге, қажеттілігімізге және қабілет-қарымымызға қарай ерікті түрде үйренуіміз қажет. Медиктерге латын, музыкантқа итальян мен латын, шығысқа баратын дипломатқа сол елдің тілін, түріктанушы ғалымға көне және қазіргі түркі тілдерін оқығаны тиімді емес пе? Сол себепті тілдерді үйрену қажеттілікке, нақты мақсатқа сай болса, сол елдің ер азаматы да ұтары сөзсіз». Ағылшын, қытай, неміс, испан, орыс және басқа тілдердің барлығы да біздің балаларымызға шет тілі ретінде оқытылуы керек.

Мәселен, ағылшын тілін пән ретінде бастауыш сыныптан кейін орта мектепте жаппай оқытқан дұрыс.

Елімізде үштілді білім беру мәселесі қызу талқылану үстінде. Біздің ұсынып отырған еңбегіміздің негізгі тақырыбы - осы үштілділік мәселесіне қатысты ғылыми ұсынымдар төңірегінде болмақ.

Осы тақырыпқа қатысты бүгінгі күнге дейін жарық көрген ғылыми еңбектерді, оқулықтарды, мақалаларды зерттеп, талдама жасау барысында

Елбасының үштілділік туралы ресми орындарда сөйлеген сөздерін, сондай-ақ қоғам қайраткерлерінің, лингвисттердің, ғалымдардың, әлемдік деңгейдегі көптілділікке қатысты теориялық, практикалық негіздегі нақты айтылған пікірлерін талдай отырып, өзіндік ой-пікірлермен, ұсынымдар жиналды.

Үш тілде білім беру жүйесінің келешегі мол. Басты мақсат - мектеп оқушыларына тілдерді сапалы деңгейде меңгерту үшін жайлы жағдай туғызу. Бұл тұрғыда оқушының білімді, білікті болуына тікелей әсер ететін, оқытатын, олардың коммуникативтік дағдысын қалыптастыратын, сөйтіл тілді жақсы меңгеріп шығуға мүмкіндік жасайтын тұлға – ол мұғалім.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері қазақ тілін ана тілі, екінші тіл және шет тілі ретінде оқытуға байланысты тіл үйренушілердің қызығушылығын арттыруға, белсенділігін дамытуға арналған оқулықтар, оқу құралдары жарық көрді. Ол еңбектер психолингвистикалық интеллектуалды-эмоционалдық, әлеуметтік лингвистикалық және лингводидактикалық негіздерге сүйенген жаңа әдістемелік зерттеулердің нәтижелерінің жиынтығы.

Қазақ тілі – Қазақстанда тұратын барлық адамдардың мемлекеттік тілі ретінде мектептерде толыққанды, түбегейлі және терең оқытылып, күнделікті қатынас тілі болы тиіс.

Орыс тілі – ұлтаралық байланыс, қарым-қатынас тілі ретінде елімізде маңызды рөл атқарып отыр. Әлемдік ресми алты тілдің қатарында саналатын орыс тілін меңгеру, көрші елмен тату-тәтті өмір сүріп, осы тіл арқылы ғылымға жол салу күн тәртібінен түскен емес.

Бұрынғы Ресей империясының құрамында болған елдермен қарым-қатынас жасауда да олармен саяси-экономикалық, ынтымақтастықта да бұл тіл маңызды қызмет атқаруда.

Үшінші тіл – ағылшын тіл бүкіл дүниежүзіне кең тараған тіл. Ол - АҚШ, Ұлыбритания және т.б. елдерінің ресми тілі. Оны меңгеру – әлемдік ақпаратқа еркін енудің кепілі.

Көптілді тұлғаны қалыптастыру үшін жүйелі, тыңғылықты білім беру арқылы білім кеңістігінде білікті және коммуникативтік дағдысы орныққан, өзінің қабілетін барынша таныта алатын, бірнеше тілді меңгерген жастарды жетілдіру – бүгінгі күннің талабы.

### ***Әдістемелік ұсыным мынадай маңызды мәселелерді қамтиды:***

- 1) отандық және шетел ғалымдарының ғылыми-теориялық және әдістемелік еңбектеріне талдама жасалды;
- 2) мектептерде үш тілді білім беру мақсатында жүзеге асырылуға тиіс әдістемелік ұсынымдар берілді;
- 3) сынып оқушыларының оқытылатын тілдерді (Т2-Т3) қай деңгейде игергенін тексеру мақсатында диагностикалық тестік тапсырмаларды орындайтын анықтамалық құрастырылды;
- 4) көптілділік пен көптілділік және әдістемелік терминдер жайында лексикографиялық тізім жасалды.

Отандық ғалымдардың зерттеу еңбектеріндегі ана тілі (Т1), ресми тіл (Т2) және әлемдік тілдің (Т3) еліміздегі стратегиялық мақсаттылық үдерісіндегі артықшылығын сипаттаған ғылыми ой-пікірлері бір арнаға топтастырылды.

Үштілділік - уақыт талабы екендігі, ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыратынын дәлелдейді. Олардың пайымдауынша, қазақ және орыс тілдері – ұлттар арасындағы қарым-қатынас тілі, ал ағылшын тілі халықаралық деңгейдегі коммуникация жасау тілі. Мектептер мен ЖОО-да міндетті оқытылатын тілдер елдер тарихын, мәдениетін, әдебиеті мен өнерін танып-білуге, осы тілдерді практикалық тұрғыда меңгеруге мүмкіндік береді деген ұстанымға негізделеді.

Қоғамдағы әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдайға қарай жоғарыда аталған тілдерді және өз елінің ұлттық тілі қазақ тілін саналы түрде толық игерген жан-жақты білімді де білікті маман даярлау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ал мұндай мамандық иелері әлемдегі әлеуметтік – экономикалық жағдайда еркін қарым-қатынасқа түсе алатын, өзінің кәсіби деңгейін, жеке адамдармен мәдени, ғылыми көзқарастарын жеткізе алатын психалингвалды тілдік тұлға болып қалыптасады.

Екінші (Т2) және (Т3) тілді үйрену білім алудың, сол арқылы мәдениетаралық түсіністікке жету, әлемде болып жатқан саяси, мәдени, әлеуметтік және экономикалық жағдайлар туралы ақпарат ала білу мен өзінің ойын жеткізу құралы ретінде тілдік тұлға үлкен мүмкіндікке қол жеткізе алады.

Үштұғырлы тіл мәселесін зерттеген еңбектер де үш тілді (мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ресми қарым-қатынас тілі орыс тілі және ағылшын тілі), оқытуға байланысты негізгі ой-түйіндер талданды. Алайда алдағы уақыттарда көптілдік білім беру туралы іргелі еңбектер жазылып, тәжірибелер жинақтала түсуі тиіс. Бұл зерттеу еңбектерінде Т1-Т2 тілдерінің, яғни қостілділіктің негізгі аспектілер әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық және жалпы білім беру бағытында жетілдіріле түскені абзал.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, Ақорда, 2012 жыл 14 желтоқсан. <https://www.akorda.kz>.
2. Хасанұлы Б. Языки народов Казахстана: от стратегии молчания и стратегии развития (социопсихолингвистические аспекты). – Алматы: Орда, 2007. – 384 с.
3. Мемлекеттік тілді үйрету жодары: теориясы мен тәжірибесі, Ғылыми әдістемелік семинар материалдары. – Астана, 2004. – 15 б.
4. Қазақстан Республикасындағы этнолингвистикалық жағдаят: бүгінгі мен келешегі. – Астана, 2009. - 444 б.
5. Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.akorda.kz>.
6. Букетов Е.А. атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің авторлық ұжымы «Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді дамыту Тұжырымдамасы».
7. Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар». Әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2009. – 61 б.
8. Айтбайұлы Ө. Рухани жаңғыру тілден басталады. Ана тілі газеті, №34, 22-28 тамыз, 2019 жыл.
9. Қунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы, 2010. – 344 с.
10. Пассов Е.И., Кузовлева Н.Е. Основы коммуникативной теории и технологии иноязычного образования: методическое пособие для преподавателя русского языка как иностранного. – М.: Русский язык, 2010, – 560 с.
11. Щукин А.Н. Методика обучения речевому общению на иностранном языке: учебное пособие для преподавателей и студентов языковых вузов. – М.: 2009. – 366 с.
12. Ибраева Ж.Қ. Психоллингвистика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 126 б.
13. Жетписбаева Б.А. Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде орындалып, педагогикалық ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Теоретико – методологические основы полиязычного образования» тақырыбындағы жазылған диссертациясының авторефераты, Қарағанды 2009. - 46 б.
14. Нығметұлы Д. Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты(1991-2015жж.) тақырыбына жазылған философия докторы (Phd) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияс. Қарағанды, 2018.
15. Оразбаева Ф. «Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі». – Алматы, 2000. – 7 б.
16. Қадашева Қ. (авторлар ұжымы) Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі. Монография (теория, әдістеме, оқу сөздіктері) – Алматы: «Кантана - пресс», 2012, - 408 б.

17. Аханова Д.Х., Алдашева А.М., Ахметжанова З.Қ., Қадашева Қ., Сүлейменова Э.Д. Ресми-іскери қазақ тілі. Бірінші деңгей. Екінші деңгей. Үшінші деңгей. –Алматы: «Арман-ТВ», 2002 – 1 книга. - 408 б.
18. Бекітілген терминдер жинағы. Жалпы редакциясын басқарған Ш. Құрманбайұлы. Құрастырушылар: С. Сәлемов, Г. Азанбаева, Астана, 2012. - 384 .
19. Күзекова З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы: оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 180 б.
20. Протасова Е.Ю., Родина Н.М. Многоязычие в детском возрасте. -3-е изд. – СПб, 2013. – 5 с.
21. Мадлен Е. Наши трехязычные дети (Русский язык вне России). – 3-е изд. –СПб, 2013. – 173 с.
22. Балыхина Т.М. Методика преподавания русского языка как неродного (нового): учеб.пособие. Изд.2, испр. – М.: РУДН, 2010. – 7 с.,- 188 с.
23. Петрикова А. Основый межкультурной дидактики. – М.: Русский язык, 2015. – 301 с.
24. European Commission EACEA Eurydice Key Data on Teaching Languages at school in Europe Edition. – 2017, Luxembourg: Publicatons office of the European Union Report.
25. Maulen E.Our trilingual children. – 3<sup>rd</sup>. ed. – st. Peterburg; 2013. – 95 p.
26. Baker C. Encyclopedia of Bilingualism and Bilingual Education. Matter, 1998.
27. Gabriel Fisher «Quartz» Ren Research Center 2015. USA.
28. Procedia // Foreign Language teaching: a problem in Turkish education. A.Oktau. – Ankara, 2015.
29. PELC Journal//English Language Teaching Turkey: Policy Changes and their Implementations. Jasemin Kirköz. - 2007.12.09.
30. МК РИ онлайн газета// «Как будут выбирать второй иностранный язык в школах». – 1 сентябрь, 2015.
31. Второй обязательный иностранный язык: хорошая идея или мучение? Activity education, 2018, 26.
32. Татаренко А. Агенство LETA, 2017.
33. Chinadaiiy city of Beijing Most Chiness kidslearn English just for entrance exams. 14.11.2013.
34. «The Japan Times» газеті, мақала авторы / Nikotsuboуа, 2017/2 қазан.
35. Japan info. How is English Taught in Elementary Schools in Japan?/ 2015, 1 october
36. Китайгородская Г.Л. Интенсивное обучение иностранным языкам. Теория и практика. – М., 1992.
37. Федотова Н.Л. Методика преподавания русского языка как иностранного (практический курс). -2-е изд. – СПб: Злотоуст, 2016. С. – 192.
38. Fernando Cerezal Sierra, Universitat de Aleola, Spain.
39. Кулубина Н. В. Зачем, что и как читать на уроке: Методическое пособие для преподавателей русского языка как инностранного.- СПб: Златауст 2015. С. - 224.

40. Counselling – learning in Second Languages. Illinois. Apple River Press, 1976. article author, Curray.
41. Gattegno article author Teaching Foreign Languages in Schools, The Sillend Way New York City: Educational Solutions.\
42. Finocchiro, M., Brumfit, C The Functional – National Approach, New York, 1983, 4: Oxford University Press.
43. Jakobson R. – FALTISC. Language distribution issues in bilingual school Clevedon: Multilingual Matters, 1990.
44. Journal for Research Sckalars and Professionals of english Language Teaching // Ms. V.Safya Stridurga 2018, vol.2.
45. Krashen, S.D., Terrell, T.D. The Natural Approach.
46. Council of Europe. Common European framework of reference for languages blarning, teaching, assessment Language policy unit Strasbourg, 2001. – 9 p.
47. Петрикова А., коллект. моног. Основы межкультурной дидактики. – Москва, 2015. – 376 с.
48. Universiti of Illinas at Orbana-Champaign, may, 1992.
49. Activityedu. Второй обязательный иностранный язык: хорошая идея или мучение?/ 26 октябрь, 2018.
50. Эрик Шмид. «The New York Time».
51. Research on multilingual acguisition. In Senoz/Jessner, 2000.
52. Moromodules. Джилл Кернер Морс – Spain.
53. Paul Nation, Asian EFL journal Viktorua University of Wellington New Zealand.
54. Байниязова Ж.Т. Қазақ лексикографиясы: біртiлдi оқу сөздiгiн түзудiң ғылыми негiздерi. Ғылыми диссертация. Алматы, 2008.
55. Малбақов М. Шағын тiлүйренiм сөздiгiнiң минимум құрамы туралы// Тiлтаным, 2008, №1
56. Дронов В.В. Лингво-культуроведческие аспекты формулирования языкового сознания иностранных студентов в процессе изучения русского языка. Учебн.пособие. –М.: РУДН, 2008. – 347 с.
57. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолнгвистических терминов/ Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2008. -392 с.
58. Ипполитова, Т. В. Словарь социологических терминов (глоссарий): учебно-методическое пособие/ Т. В. Ипполитова, З.К.Картова, Н.П. Шевелева. - Петропавловск : СКГУ им. М. Козыбаева, 2015. - 125 с.
59. Түсіпқалиева Р. Қазақ лексикографиясы: екітілді шағын сөздіктердің құрылымы: филол. ғыл. канд. дисс.:10.02.02. - Алматы, 2007. – 126 б.

## 1-қосымша

### 5-сыныпқа арналған лексикалық-грамматикалық минимумдар өрнегі

I тоқсан –86 сөз					
Отбасындағы дәстүр мен мерекелер. М.Мақатаев. «Тоқта, балам, атаң келеді артыңда!»					
№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
		балалық	зт	163	<b>Мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғау</b>
2.	2	шақ	зт	567	
3.	3	ата-ана	зт	2122	
4.	4	жәрдем	зт	399	
5.	5	күлкі	зт	403	
6.	6	қария	зт	365	
7.	7	дәстүр	зт	1402	
8.	8	қонақжай	сн	67	
9.	9	мерейтой	зт	279	
10.	10	ие	зт	9430	
11.	11	ауызбірлік	зт	38	
12.	12	нәресте	зт	169	
13.	13	зейнеткер	зт	179	
14.	14	көпбалалы	сн	36	
15.	15	сағын	ет	493	
16.	16	құрметте	ет	452	
17.	17	бесік	зт	511	
18.	18	бақытты	сн	267	
19.	19	тәрбиелі	сн	183	
20.	20	амандас	ет	323	
21.	21	сүйінші	зт	130	
22.	22	мәпеле	ет	55	
23.	23	жай	ет	554	
24.	24	тамашала	ет	146	
25.	25	таңдан	ет	329	
26.	26	шілдехана	зт	58	
27.	27	шығар	ет	4593	
28.	28	сондай	үс	1097	
29.	29	төрлет	ет	7	
Мектеп өмірі. Әдепті бала – арлы бала. Б. Соқпақбаев. «Менің атым Қожа» повесі (үзінді)					
№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
30.		ар	зт	666	<b>Мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу</b>
31.	2	жағымсыз	сн	293	
32.	3	ес	зт	675	
33.	4	лақтыр	ет	752	
34.	5	алда	ет	904	
35.	6	мінез-құлық	зт	490	
36.	7	көшбасшы	зт	489	

37.	8	баға	зт	1960
38.	9	дайындық	зт	724
39.	10	зерек	сн	98
40.	11	мазақта	ет	49
41.	12	үлгі	зт	3132
42.	13	өтірік	сн	871
43.	14	еріншек	сн	58
44.	15	емтихан	зт	269
45.	16	белсенді	сн	824
46.	17	ұрлық	зт	244
47.	18	айналыс	ет	813
48.	19	уәделес	ет	23
49.	20	төбелес	ет	48
50.	21	көшір	ет	955
51.	22	өтін	ет	540
52.	23	кейіпкер	зт	1180
53.	24	бауырмал	сн	46
54.	25	тапсыр	ет	1001
55.	26	тиянақты	сн	79
56.	27	ізден	ет	269
57.	28	еңбек	зт	13259
58.	29	қалжың	зт	323
59.	30	әділ	сн	620

**Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі.**

**Жан-жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар**

№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
60.		аққу	зт	321	<b>Лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану</b>
61.	2	аққайың	зт	13	
62.	3	аю	зт	766	
63.	4	қырғауыл	зт	98	
64.	5	жыртқыш	зт	193	
65.	6	жабайы	зт	306	
66.	7	құрлық	зт	325	
67.	8	арқар	зт	71	
68.	9	қанат	зт	1184	
69.	10	қарағай	зт	238	
70.	11	қауырсын	зт	132	
71.	12	қонжық	зт	88	
72.	13	өрмеле	ет	126	
73.	14	қақпан	зт	95	
74.	15	мүйізтұмсық	зт	32	
75.	16	шың	зт	262	
76.	17	тұмсық	зт	710	
77.	18	тіршілік	зт	1318	
78.	19	итбалық	зт	39	
79.	20	айлакер	сн	74	
80.	21	қорқақ	сн	230	
81.	22	қон	ет	772	
82.	23	тиін	зт	273	



83.	24	жиде	сн	16
84.	25	көпжылдық	сн	18
85.	26	батпақ	зт	167
86.	27	түлкі	зт	1074

**II тоқсан–66сөз**

**Ежелгі көшпелілер мәдениеті.  
Тұмар ханшайым туралы аңыз**

№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
87.		шаруашылық	зт	462	<b>Сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, орынды қолдану</b>
88.	2	жүк	зт	649	
89.	3	тұрақ	зт	2246	
90.	4	бейне	шл	196	
91.	5	дерек	зт	1757	
92.	6	тұрмыс	зт	1313	
93.	7	қыстау	зт	717	
94.	8	азық-түлік	зт	613	
95.	9	мал	зт	2205	
96.	10	мекен	зт	1027	
97.	11	күздеу	зт	8	
98.	12	арба	зт	473	
99.	13	қазан	зт	1199	
100.	14	ханшайым	зт	54	
101.	15	ханзада	зт	34	
102.	16	жайлау	зт	520	
103.	17	керуен	зт	264	
104.	18	көктеу	зт	16	
105.	19	әшекей	ет	208	
106.	20	сауда	ет	1842	
107.	21	көшпелі	сн	476	
108.	22	садақ	зт	204	

**Су – тіршілік көзі.**

**Ә.Тәжібаев. «Сырдария» өлеңі**

№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
109.		арық	зт	197	<b>Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану</b>
110.	2	таяз	зт	46	
111.	3	нөсер	зт	76	
112.	4	тартыл	сн	726	
113.	5	қамыс	зт	264	
114.	6	жағалау	зт	594	
115.	7	дария	зт	179	
116.	8	шағала	зт	112	
117.	9	тұзды	сн	54	
118.	10	шипалы	сн	45	
119.	11	арна	зт	488	
120.	12	толқын	зт	586	
121.	13	баяу	үс	278	
122.	14	құра	ет	221	

123.	15	тасы	ет	1486
124.	16	ернеу	зт	34
125.	17	пайдалан	ет	5283
126.	18	шаш	ет	546
127.	19	суар	ет	251
128.	20	жайылым	зт	307
129.	21	қаз	зт	402
130.	22	ағыс	зт	441

**Әлемдегі ірі кітапханалар.**

Абай Құнанбайұлы. «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңі

№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
131.		оқырман	зт	972	<b>Болымды, болымсыз етістіктерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану</b>
132.	2	кездес	зт	3750	
133.	3	тізімде	ет	17	
134.	4	сирек	сн	470	
135.	5	қанағат	зт	152	
136.	6	шол	ет	99	
137.	7	мұқаба	зт	64	
138.	8	тақтайша	зт	67	
139.	9	қор	зт	650	
140.	10	бөлім	зт	2816	
141.	11	тап	зт	285	
142.	12	кітапхана	зт	2634	
143.	13	рақым	зт	109	
144.	14	тіркел	ет	165	
145.	15	зерде	зт	67	
146.	16	пайда/бол	зт	142/108133	
147.	17	қайтар	ет	561	
148.	18	тапсырыс	зт	462	
149.	19	мекенжай	зт	703	
150.	20	жуық	үс	975	
151.	21	тек	үс	111	
152.	22	сөре	зт	155	

**ІІІ тоқсан –9бсөз**

**Денсаулық – зор байлық.**

«Ең үлкен байлық» ертегісі

№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
153.		дәулет	зт	146	<b>Қалау рай,жекеше түрі: Мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану</b>
154.	2	ақуыз	зт	56	
155.	3	итмұрын	зт	34	
156.	4	күш-қуат	зт	70	
157.	5	түшкір	ет	46	
158.	6	кұрам	зт	2918	
159.	7	өнім	зт	2822	
160.	8	көмірсу	зт	47	
161.	9	шұбат	зт	117	
162.	10	зиянды	сн	217	

163.	11	жұқпалы	сн	79
164.	12	күнделікті	сн	74
165.	13	сергек	сн	104
166.	14	зор	сн	2179
167.	15	ірімшік	зт	126
168.	16	ескерт	ет	814
169.	17	жалық	ет	187
170.	18	қуыр	зт	86
171.	19	нашарла	ет	691
172.	20	сау	сн	640
173.	21	сезін	ет	847
174.	22	жұмыртқа	зт	417
175.	23	май	ет	722
176.	24	тұтын	ет	298

**Менің Тәуелсіз Қазақстаным.**  
Қ. Сарин. «Тәуелсіздік» өлеңі

№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
177.		жетістік	зт	987	<b>Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану</b>
178.	2	отар	зт	324	
179.	3	қойнау	зт	1366	
180.	4	ата-баба	зт	477	
181.	5	дүниежүзі	зт	430	
182.	6	зәулім	сн	86	
183.	7	береке-бірлік	зт	43	
184.	8	еркіндік	зт	476	
185.	9	әкім	зт	1904	
186.	10	тату-тәтті	сн	152	
187.	11	ұрпақ	зт	603	
188.	12	егеменді	сн	327	
189.	13	дамы	ет	6059	
190.	14	таңба	зт	790	
191.	15	таныт	ет	1281	
192.	16	сипат	зт	1838	
193.	17	мойында	ет	145	
194.	18	өлке	зт	1269	
195.	19	елшілік	зт	221	
196.	20	аманат	зт	202	
197.	21	ресми	сн	1253	
198.	22	кұрсау	сн	89	
199.	23	жарияла	ет	1997	
200.	24	киелі	сн	275	

**Аспан әлемінің құпиялары.**  
Жұлдыздар туралы аңыздар, ертегілер

№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
201.	1	қараңғы	сн	525	<b>Қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және</b>
202.	2	шокжұлдыз	зт	26	
203.	3	қашықтық	зт	313	

204.	4	құсжолы	зт	1	<b>жазба жұмыстарда орынды қолдану</b>
205.	5	жылт-жылт	ел	24	
206.	6	қыстыгүні	үс	35	
207.	7	ұсақ	сн	502	
208.	8	әне	ес	351	
209.	9	шырақ	зт	442	
210.	10	көкжиек	зт	135	
211.	11	темірқазық	зт	41	
212.	12	бақыла	ет	1669	
213.	13	таңғажайып	сн	127	
214.	14	аңыз	зт	871	
215.	15	бағыт	зт	3077	
216.	16	жұлдызшы	зт	15	
217.	17	жетіқарақшы	зт	10	
218.	18	шолпан	зт	101	
219.	19	жүйе	зт	5034	
220.	20	тұтыл	ет	19	
221.	21	қозғал	ет	785	
222.	22	теңел	ет	41	
223.	23	шексіз	зт	403	
224.	24	жаздыгүні	үс	35	

**Компьютердің тілін табу – өнер.**

Ы.Алтынсарин. «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі

№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
225.	1	парақ	зт	478	<b>Жазба жұмыстарында хабарлысөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру</b>
226.	2	пернетақта	зт	37	
227.	3	желі	зт	594	
228.	4	орнат	ет	1528	
229.	5	енгіз	ет	2511	
230.	6	ғаламтор	зт	262	
231.	7	дербес	зт	1467	
232.	8	тегін	зт	725	
233.	9	ақылы	сн	84	
234.	10	байланыс	ет	2230	
235.	11	шапшаң	үс	169	
236.	12	хат	зт	2512	
237.	13	жібер	ет	5740	
238.	14	алмас	ет	196	
239.	15	бағдарлама	зт	4592	
240.	16	көмекші	зт	420	
241.	17	тінтуір	зт	4	
242.	18	қабілет	зт	1890	
243.	19	қарым-қатынас	зт	1478	
244.	20	шам	зт	371	
245.	21	сондықтан	шл	4836	
246.	22	сұрақ	зт	4727	
247.	23	күпиясөз	зт	3	
248.	24	жүкте	ет	232	

**IVтоқсан – 76сөз**

**Қазақстандағы ұлттар достастығы.**  
М.Мағауин. «Бір атаның балалары» (үзінді)

№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
249.	1	ақылдас	ет	251	<b>Жазба жұмыстарында сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру</b>
250.	2	баспасөз	зт	761	
251.	3	бейбітшілік	зт	593	
252.	4	белгі	зт	3869	
253.	5	бірлес	ет	995	
254.	6	негіз	зт	7596	
255.	7	қазақша	үс	431	
256.	8	дос-жаран	зт	32	
257.	9	төзімді	сн	8	
258.	10	аударыл	зт	597	
259.	11	құрыл	ет	2607	
260.	12	пейіл	зт	133	
261.	13	мүше	зт	2676	
262.	14	ортақ	сн	967	
263.	15	жетім	зт	1345	
264.	16	өкіл	зт	3812	
265.	17	пана	зт	170	
266.	18	салтанатты	сн	199	
267.	19	төраға	зт	1365	
268.	20	тұрақты	сн	1599	
269.	21	ұжым	зт	603	
270.	22	келісім	зт	1934	
271.	23	шеш	ет	3486	
272.	24	ынтымақ	зт	244	
273.	25	іс-шара	зт	415	

**Ұлы Дала табиғаты.**  
Қ. Мырзалиев. «Табиғат – жаратылыс пернесі» өлеңі

№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
274.	1	тегіс	сн	188	<b>Жазба жұмыстарында лепті сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру</b>
275.	2	самал	зт	136	
276.	3	жазық	сн	334	
277.	4	көрініс	зт	1400	
278.	5	бұғы	зт	138	
279.	6	шырша	зт	383	
280.	7	аласа	сн	248	
281.	8	қысым	зт	664	
282.	9	ылғал	зт	67	
283.	10	балауса	зт	29	
284.	11	жартас	сн	215	
285.	12	сарқырама	зт	55	
286.	13	өзгеше	үс	1104	
287.	14	қалдыр	ет	2415	
288.	15	жұл	ет	455	
289.	16	қазына	зт	585	

290.	17	құйын	сн	158		
291.	18	қоңыз	зт	147		
292.	19	тасбақа	зт	295		
293.	20	кірпі	зт	209		
294.	21	бақбақ	зт	39		
295.	22	жұпар	зт	79		
296.	23	байтақ	зт	159		
297.	24	құмды	сн	95		
298.	25	жазира	зт	30		
		<b>Ер есімі – ел есінде!</b>				
		Ғ. Мүсірепов. «Қазақ солдаты» романы (үзінді).				
<b>№</b>	<b>№</b>	<b>Лексикалық минимум (актив)</b>	<b>СТ</b>	<b>Абсолютті жиілік</b>	<b>Грамматикалық минимум</b>	
299.	1	есім	зт	2119	<b>Жазба жұмыстарында лепті (бұйрықты) сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру</b>	
300.	2	ардагер	зт	310		
301.	3	әскер	зт	1786		
302.	4	бітір	ет	3068		
303.	5	марапатта	зт	336		
304.	6	ержүрек	сн	114		
305.	7	ерлік	зт	1019		
306.	8	майдан	зт	865		
307.	9	ұран	зт	312		
308.	10	тағзым	зт	87		
309.	11	соғыс	зт	2809		
310.	12	жаралан	ет	55		
311.	13	жау	зт	1452		
312.	14	бірде	үс	456		
313.	15	жауынгер	зт	632		
314.	16	дұшпан	зт	362		
315.	17	белгісіз	сн	445		
316.	18	ересек	сн	309		
317.	19	ешқашан	ес	680		
318.	20	ұмытыл	ет	57		
319.	21	атау	зт	5632		
320.	22	кенеттен	үс	57		
321.	23	жара	зт	725		
322.	24	алау	зт	96		
323.	25	отансүйгіш	сн	50		
324.	26	оқиға	зт	2501		

## 6-сыныпқа арналған лексикалық-грамматикалық минимумдар өрнегі

I тоқсан–86сөз					
Отан отбасынан басталады.					
М.Әуезов «Абай жолы» романы, «Қайтқанда» тарауы (үзінді)					
№	№	Лексика (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум Мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану
		туыс	зт	595	
2.	2	асық	ет	763	
3.	3	жауапкершілік	зт	869	
4.	4	намыс	зт	609	
5.	5	береке	зт	447	
6.	6	ағайын	зт	579	
7.	7	бір-бірі	ес	1021	
8.	8	бастал	ет	1139	
9.	9	аяқтал	ет	1166	
10.	10	қатал	сн	353	
11.	11	сезімтал	сн	77	
12.	12	өзімшіл	сн	62	
13.	13	отбасылық	сн	711	
14.	14	еркеле	ет	131	
15.	15	қолда	ет	4922	
16.	16	түсін	ет	5113	
17.	17	пікірлес	ет	197	
18.	18	ескер	ет	1423	
19.	19	шәкірт	зт	742	
20.	20	тіле	ет	55	
21.	21	шағын	сн	3369	
22.	22	үйрет	ет	3739	
23.	23	тәрбиеле	ет	1855	
24.	24	үйлен	ет	427	
25.	25	шыда	ет	463	
26.	26	нағашы	зт	239	
27.	27	ал	шл	8393	
28.	28	өнеге	зт	815	
29.	29	жасырын	ет	299	
30.	30	түс	ет	8712	
31.	31	хабарлас	ет	363	
32.	32	қайт	ет	5669	
Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі.					
Ә.Дүйсенбиев. «Бәтіңке, шұжық, балқаймақ» өлеңі					
33.	1	жергілікті	сн	1879	
34.	2	айырмашылық	зт	704	
35.	3	тыныс	зт	262	
36.	4	қора	зт	456	
37.	5	бақташы	зт	72	
38.	6	қармақ	зт	176	
39.	7	шұжық	зт	92	
40.	8	балқаймақ	зт	16	
41.	9	жент	зт	26	

42.	10	кептеліс	зт	11
43.	11	отшашу	зт	29
44.	12	тынық	ет	258
45.	13	ауылдық	сн	402
46.	14	қалалық	сн	410
47.	15	жидек	зт	88
48.	16	ойын-сауық	зт	134
49.	17	дайын	үс	997
50.	18	шымыр	сн	61
51.	19	нәзік	сн	380
52.	20	бейімдел	ет	250
53.	21	хауыз	зт	13
54.	22	шулы	сн	25
55.	23	тыныш	сн	345
56.	24	қарбалас	үс	16
57.	25	күні-түні	үс	42
58.	26	епті	сн	76

**Таулар сыры.**  
М. Мақатаев «Мен таулықпын»

59.	1	асқар	сн	540
60.	2	етек	зт	621
61.	3	көшкін	зт	32
62.	4	сел	зт	174
63.	5	нүкте	зт	664
64.	6	көтеріл	ет	1587
65.	7	биіктік	зт	527
66.	8	тік	сн	204
67.	9	әдемілік	зт	108
68.	10	бұзыл	ет	761
69.	11	тастақ	сн	38
70.	12	кенді	сн	28
71.	13	орташа	сн	521
72.	14	үңгір	зт	368
73.	15	қарлы	сн	50
74.	16	үгіл	ет	2
75.	17	мұздық	зт	200
76.	18	жолық	ет	258
77.	19	белгіле	ет	2111
78.	20	шіркін	од	299
79.	21	алақай	од	175
80.	22	тайғанақ	сн	10
81.	23	абайсызда	үс	31
82.	24	өрле	ет	363
83.	25	жота	зт	349
84.	26	шоқы	зт	36
85.	27	гүріл	зт	16
86.	28	біресе	шл	392

**Реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану**

**II тоқсан – 66 сөз**

**Қуаткөзінүнемдейбілемізбе?**  
Б.Сүлейменов «Күннен келген адам» кітабы (үзінді)



87.	1	қуат	зт	796	<b>Өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану</b>
88.	2	ылғи	үс	347	
89.	3	сұраным	зт	19	
90.	4	көмір	зт	540	
91.	5	өндіріс	ет	2917	
92.	6	жап-жарық	сн	32	
93.	7	жан	ет	847	
94.	8	өш	ет	304	
95.	9	балауыз	зт	19	
96.	10	жалға	ет	1971	
97.	11	жетеле	ет	336	
98.	12	соқ	ет	2443	
99.	13	отын	зт	289	
100.	14	жұмса	ет	685	
101.	15	жылыт	ет	104	
102.	16	есептеуіш	зт	17	
103.	17	шығын	зт	491	
104.	18	тұрғын	зт	2635	
105.	19	тұтынушы	зт	592	
106.	20	күй	ет	296	
107.	21	қап	од	50	
108.	22	мазмұн	зт	2321	
<b>Астана – мәдениет пен өнер ордасы.</b>					
<b>Ә.Ысқақ. «Күн ұлымын»</b>					
109.	1	ұйымдастыр	ет	2132	<b>Болымды, болымсыз етістіктерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану</b>
110.	2	көрермен	зт	216	
111.	3	шырқа	ет	190	
112.	4	шетелдік	сн	1158	
113.	5	отандық	сн	480	
114.	6	ауыстыр	ет	739	
115.	7	көріктендір	ет	13	
116.	8	мәдени	сн	1308	
117.	9	ұзындық	зт	632	
118.	10	тыныс-тіршілік	зт	81	
119.	11	нышан	зт	152	
120.	12	өнерлі	сн	159	
121.	13	кезек	зт	1586	
122.	14	іскери	сн	28	
123.	15	жаға	зт	771	
124.	16	әкімшілік	зт	1356	
125.	17	сәулетті	сн	63	
126.	18	шаһар	зт	245	
127.	19	саяси	сн	3568	
128.	20	рухани	сн	1466	
129.	21	алақан	зт	397	
130.	22	жарыс	зт	796	
<b>Қазақстан қорықтары.</b>					
<b>Ө.Тұрманжанов «Қарлығаш, дәуіт, жылан»</b>					
131.	1	аң-құс	зт	176	<b>Етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ)</b>
132.	2	ну	зт	100	

133.	3	шөлейт	зт	102	<b>қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану</b>
134.	4	молай	ет	92	
135.	5	таутеке	зт	17	
136.	6	сазан	зт	45	
137.	7	бекіре	зт	40	
138.	8	суыр	зт	38	
139.	9	қамысты	сн	4	
140.	10	бұлақтай	сн	3	
141.	11	өсіп-дамы	ет	3	
142.	12	кесіртке	зт	36	
143.	13	құнды	сн	492	
144.	14	алуан	сн	1125	
145.	15	қорықша	зт	24	
146.	16	дәуіт	зт	65	
147.	17	жар	зт	253	
148.	18	мекендеуші	зт	12	
149.	19	құры	ет	141	
150.	20	көлем	зт	2898	
